

84(Қаз)  
M37

# Мәшіүр-Жүсіп



Мәшіүр-Жүсіп

K 23  
M 37

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

# Мәшһүр – Жұсіп

Шығармалары. 2 том.

Павлодар, 2003 ж.

Павлодар-Ертіс өнірі этно-мәдени зерттеулер бағдарламасы  
бойынша (2001-2004 ж.)

Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. Павлодар к.:  
“ЭКО”ФӘФ, 2003. — 384 бет.

Кітапта Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының бұрын еш жерде жарияланған төл туындылары: өлеңдері, рауаяттары, дастандары топтастырылған. Бұрын қолдан жасалған “ақ тандактардың” кеселінен ежелгі Шығыс дәстүріне сүйенген бай қазына: ескі араб әрпімен жазылғандықтан да, танылмай, белгісіз күйде түрлі мұрағаттарда шаң басып жатып қалған ұлғілер салыстыра зерттеліп, оқырман назарына ұсынылып отыр. Кітап- қазақ әдебиетін әлем әдебиеті дамуымен өзектестікте зерттеп пайымдағысы келген филолог мамандар, сондай-ақ жалпы поэзияны сүйіп оқитын зерделі калың көпшілік үшін бай материал көзі.

**Редакциялық алқа:**

Арын Е. М., Кирабаев С., Құсайынов А.К.,

Мәшһүр-Жұсін Қ.П.(жауапты редактор), Қасқабасов С. А.,  
Нұргалиев Р., Әбусейітова М.К., Негимов С., Дәүлітов С.,  
Жұсіпов Н.К., Жұсіпов Е. К..

**Пікір жазғандар:** А. С. Еспенбетов – Шәкәрім атындағы  
Семей мемлекеттік университеті профессоры, фил. ғыл. докторы;  
Д. Үсқақұлы – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінін профессоры, фил. ғыл. докторы.

Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп  
құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші – Ертай Қуандықұлы

Жұсіпов – фил. ғыл. кандидаты.

С. Торайғеров

атындағы ПМУ-дің  
академик С.Бейсембаев

атындағы ғылыми

**KITAPХАНАСЫ**

## I. Аңыз өлеңдер

### Сүлеймен мен Ібіліс

Құдайдың құлшылығы бізге парыз,  
Жалғанда күтылмасақ болар карыз.  
Пайғамбар тақ Сүлеймен бір күндерде  
Аллаға бір сез айтып қылды арыз:

- Жын-пері адамзатқа қылдың еркін.  
Билеттің арзан қылды дүние-мұлқін.  
Ұшқан құс, жүгірген аң жел мен судың,  
Жараттың бір жүзікте қылдың кілтін!

Жер алыс үйден шығып жүрмегенге!  
Бар нәрсе жоқ сыйылды көрмегенге!  
“Берді”, - деп-патшалықты ойламаймын,  
Биілгін бір шайтан лағын бермегенге!

- Ежелден жүрген шайтан қисық жолға,  
Жақсылық қылған емес ешбір құлға.  
- Ол итті билегенмен не қыласың  
Ойлайсың болады деп неге тұлға?!

- Сен мені қойдың жұртқа патша сайлап,  
Алдыма салып жүрмін бәрін айдал!  
Биілгін Ібіліс лағын берсөн маган,  
Тас қылдың қойсам деймін мықтап байлап.

- Муафік [1] тақдырыма [2] емес сөзін,  
Жетпей түр бұл араға сенің көзін.  
Шайтанды босатпастан қойсан байлап,  
Жүрерсің өле жаздал аштан өзін.

- Жараттың оны неге өуел бастан,  
Атамыз адамзатқа қылдың кастан.  
Сенен бір сұрағаным билігін бер!  
Қояйын оны байлап, өлсем де аштан!

- Үшырып алып келсін: бүйір желге!  
Қоймасын, тығылса да көрден-көрге!  
Қалжырап өзиң аштан дағдарарсың  
Таба алмай ас пен корек ішіп-жерге.

Бүйирды сонда желгे: “Алып кел!” - деп,  
Үйткыған самал тұрды, жел үлдеп,  
Ұшырып ап келген сон, байладап салды:  
-Ал, малғұн, тырп етпестен жата бер! - деп.

Шайтанды байладап қойды пентке (винтке) салып,  
Азаппен кинайын деп, өшін алып.  
Әртүрлі ерік берген пендесіне  
Құданың құдіретіне қайран қалып!

Ақыл малда, көрік-шырай көмейде екен,  
Бұл сөзді ешкім бекер демейді екен.  
“Еңбексіз халал емес ішкен асн,-деп,  
Тағамды патшалықтан жемейді екен.

Базарға тоқып зәнбіл [3] сатады екен,  
Ас қылып сонан корек татады екен.  
Өзінен онан басқа жемей тағам,  
Сабыр қып аш та болса, жатады екен.

Бір себет талдан тоқып қолына алды,  
Сатып тамақ алуға базар барды.  
Базарда қыбырлаған жалғыз жан жоқ,  
“Бұл қалай кеп болды?!”-деп қайран қалды.

Бос қалған шаршы базар, көше, сарай,  
Келеді жан-жағына қарай-қарай.  
Жандыдан жалғыз жүрген қарға да жоқ,  
Құданың құдіретін көр, болды қалай?!

Тамаша көз жіберді әрбір жакқа,  
Қызығар бір пенде жоқ мал мен бакқа:  
(Қылып түр тәнірім оны сынамаққа!)  
Жан біткен үй ішінде – мешітте отыр,  
Құбылаға қарап, жылап жалғыз хакқа!

Ешкімнің ойында жоқ дүние жалған,  
Безіпті үлкен-кіші- бәрі малдан.  
Біреуге-біреу үндеп, тіл қатпайды,  
Дүниенің жұмысынан бәрі қалған!

Жылаулы бір құдайға жанның бәрі,  
Отырған шарт жүтінің жас пен көрі.  
Ешкімнің еш нәрсемен жұмысы жоқ,  
Көзінен тақ Сүлеймен көрген, өні!

- Алушы зәнбілімді болмады жан,  
Шықпастан алды отырып үйлерінен,  
Бұ не сыр, жұртқа тұскен не күн болды?!  
Кұдая, білдірсейші, қалдым ғой таң?!

-Нандың ба, көріп, маган көзіңменен?  
Сен жұртты көрме бірдей өзіңменен.  
Жұмыстан қалды бүгін соның бәрі,  
Өзіннің еркін айтқан сөзіңменен!

Мәнісін мұның саған айтам енді,  
Бұларды өз қалпына кайтар енді!  
Әркімге әрбір түрлі іс қылғанда,  
Тұртқілеп: “Бол-бол!” - дейтін шайтан еді.

Біреуге ол, біреуге бұл жұмыс салып,  
Тұртқілеп ерікке қоймай тыныш алып.  
Шайтанды өзің байлаг қойғаннан соң,  
Байланды бүгін, істен бәрі қалып.

Шайтанның адамзатқа достығы- қас,  
Мұрнына дәрі иіскетіп қылады мас.  
Ерікті шайтан құлға бола алмаса,  
Алданып бұл дүниеге бүрмайды бас.

Отырған бір орнынан бұлар тұрмас,  
Бас қосып бір-бірімен кенес курмас.  
Бейхықмет[4] ешбір нәрсе жаратпадым,  
Шайтансыз, асылы, дүние дүние болмас.

Таң қалып тақ Сүлеймен құлді дейді,  
Кұдайдың шеберлігін білді дейді:  
- Менікі ойлап тұрсам, бекер екен,  
Малғұнды босатайын енді!-дейді.

Шайтанды халас қылып қоя берді,  
Адамдар топ-топ болып жүреді енді.  
Ұмтылды өзді-өзінің шаруасына,  
Ду болып қыза берді базар енді.

Қылады біреу шаруа, біреу сауда,  
Аң атып мергендікпен біреу тауда.  
Дүниеде көп жұмысқа жарайды екен,  
Бостан бос қалмайды екен шайтан жау да.

Ғазазіл болып малғұн қалған екен,  
Билігін дүние ісінің алған екен.  
Дүниеде адамзатты аздырмакка ,  
Әркімге әрбір киял /хиял/ салған екен.

Бәтшагар соның үшін жүрген өлмей,  
Шара не басқа түссе, пенде көнбей?!

Жалғанда әрбір түрлі қылған істін,  
Аласар: он-терісін пенде білмей.

Тұспесін алдауына пенде не ғып?  
Жүрген соң дайым андып қойдай бағып.  
Құдайым ракым(рахым) айлат фазылына алған,  
Пендересін өзі сақтап алар қағып,

Белгілі көрініп түр көзімізге,  
Бек анық болуга аян өзімізге.  
Бозбала, бекер ғой деп болма мұнқір-(мәнқір),  
Кітаптан көрін айтқан сөзімізге.

Фибрат ал болып жүрген болыс-биден,  
Жалғанда әрбір басқа түскен күйден.  
Мал шашсан, ұлықтыққа партия боп,  
Табылар екі жұз сом-елу үйден!

Бір ниет ой ойласан егер дінге,  
Тартам деп хак жаратқан тұзу жөнге.  
Беруте хак жолына қылып һеммәт-  
Табылmas елу үйден екі теңге!

-Осылай болып біздің заманымыз,  
Құрып түр бұған хайла амалымыз.  
Жалғанда арманда боп біз барамыз,  
Бір жерге тұрактамай табанымыз!

Бұл Мәшіүр Бұхар барған, Қокан барған,  
Ойы бар: кетсем деген онан да арман.  
Түлеген акку құстың қанатындаі,  
Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалған.

1914 ж.

## ЫҚЫЛАС СҮРЕСІ

Құдайға шексіз шүкір, сана сансыз  
Өлім хак, ол келеді бір күн ансыз.  
Алланың бірлігіне тәсбих айттар  
Жаралған кули ғалам жанды-жансыз.

Баршасы зікір етер есім сәтін,  
Әрбірі, әр Лағызда айттар атын.  
Құранда сүре “ЫҚЫЛАС” аятында  
Білдірген құдіретімен өз сипатын.

Осылайша бұл сүренің фазылы бар  
Құранның тәпсірінде айтылар.  
Құранда фазыл болған уақиғасын  
Имамдар осы түрде қылады изһәр.

Қырық жасында Пайғамбарға уәхи келді,  
Кәпірге дағуат ет деп Ҳақ бүйірды.  
“Аллаң бір, ҳақ Расулін таны!” - деп,  
Меккенің кәпіріне хабар берді.

Кәпірлер Расулге айтты:  
- Иа, Мұхаммед,  
Көресін пұттарымыз әр түрлі зат.  
Сен-дағы Құдайыңның асыл затын  
Біздерге мағлұм етің әйлә қыл жат.

Өзінің құдіреті мен Жаббар қуда  
Жіберді бұл сүрені Хабибына.  
Пайғамбар кәпірлерге жауап берді,  
Дәлелдеп бұл “ЫҚЫЛАСТЫ” барлығына.

“ЫҚЫЛАС” – деп, бұл сүреге қойылған ат,  
Оқыса ықыласымен өркім сөзін.  
Хакына жаһаннамның оттарынан  
Ол құлдың бар денесін қылар азат.

Бағызы магрифат дүр бұл сүренің  
Оқыса ықыласымен өркім сөзін.  
Бір Құдай ол пендеге магрифат ғып,  
Махшарда Рәсүл қылар оның жанын.

Сөмат деп бағзы айтты және  
Бір кісі окуды әдет етсе ғана.  
Жоламай ол адамнан шайтан қашып,  
Жақындаі мәғар етпес әркез оған.

Бағзилар: “Нұр сүре”- деп, айттар мұны,  
Бір кісі әдет етсе күндіз-түні.  
Алланың фазылы бірлән ол пендениң  
Көніліне Раушан болып толгай нұры!

Құранның үшбу сүре нұры дүрлар  
Бұл сөзді тәпсирлерде қылған изһәр.  
Үш рет ықыласымен айтса оны,  
Бір Құран оқып шықкан сауабы бар.

Құрмет қып, кім оқыса аузына алып,  
Өлгенде қабірі тұрар раушанданып.  
Қарангы қабірінде осы сүре  
Жарқырап тұрар дейді шамша жаңып.

Көнілі кәпірліктен қауіп ойласа,  
“Иманым аман болсын!”- деп ойласа,  
Дүниеден ислам дінмен сапар шегер  
Ауызын мұны окудан бос қоймаса.

Белгілі төрт мұшаррап перште бар,  
Әрбірі, әрбір іске дайын тұрар.  
Алланың әмірімен бұл сүрені  
Әркайсысы маңдайына жазыпты олар.

Жеткізе алман, жетіліп айтып мұны  
Артықша бұл сүренің қасиеттерін.  
Мұбарак Лафзымен баян еткен  
Расулдің білдірейін хадистерін.

Миграждан келгеннен соң Расул барып,  
Асхабқа сөйлегені аузына алып.  
Мұшаррап перштенің зікір еткен  
Естідім тәсбихтерін күлақ салып.

Ат қойып “Ықыласң деп бұл сүрені,  
Тұрады таспих етіп, айтып оны.  
Осыны көп оқыған үмбетіме  
Сауабын бағыштайды оның бері.

Алла айтты:

-Иа, Мұхаммед, бұл бір хабар  
Көресің көп Мұхарраб періште бар.  
Әуелден ақырға дейін бәрі тегіс.  
Таспих ғып бұл сүрені айтады олар.

Сол үшін тапсырамын мұны оған,  
Фазылым түсер, махшарда оған.  
Иа, достым, бұл сүрені көп оқыған  
Сауабын бағыштаймын үмбетіне.

Махшарда мойнына алған жаралған жан,  
Болғанда әркім өзі қалы бірлән.  
Бұл құлым пендelerдің Саттары боп,  
Асады дәрежесі бар ғаламнан.

Дүниеде фазыл болған төрт кітап бар  
Зәбур мен Тәурат, Іңжіл, Құран олар.  
Сипатын бір Құдайдың зікір еткен-  
Олардың баршасында бұл сүре бар.

Бір рет кім оқыса шын ниетпен,  
Сол болар тілегіне барып жеткен.  
Айтылған Зәбур, Тәурат, Іңжіл, Құран  
Сауабы жазылады қатым еткен.

Мигражда Расул барған жаннатқа еніп,  
Не түрлі тамашаның бәрін көріп.  
Расулге сол жаннattan ұшырасты,  
Алдынан Идрис нәби қарсы келіп.

Расулге Идрис айтты:

- Ей, шірәдар,  
Өлгендे пендelerге көп түр қатер.  
Жан ашу, қараңғы көр, ғазап қабір  
Таразы, кисәп, сүәд, рузи, махшар.

Расул айтты:

-Осының бәрінен өтіп,  
Жаннатта сіз жүресіз сайран етіп.  
Айтылған қатерлерден құтылдыныз,  
Мәңгілік мұратына кәміл жетіп.

Расулге, Идрис айтты:  
- Жаннатта едім,  
Айтылған қатерлердің бәрін көрдім.  
Сүйтсе де сізге үмбет болмадым деп  
Арман ғып талай рет ойлап едім.

Идриска, Расул икрам айтты сонда:  
- Сайрандан жұмақ ішін жүрсің мұнда.  
Білдіріш маган соны, мақсатың не  
Үмбеті Мұхаммедтің болуында?

Расулге Идрис айтты:  
- Болсаң тындар,  
Жаннатта бос түр қанша жақсы орындар.  
Кірмекке көнілім соғып жақындасан,  
Мынадай сөзді маган айтады олар.

Дейді олар:  
- Кіреміз, - деп, - келменіз сіз,  
Мұхаммедтің үмбетіне несіп бізбіз.  
Келгенше ол Расулдің үмбеттері  
Еш адам кіре алмайды бізге әркез.

Мен айттым:  
- Мұхаммедтің сіз үмбетің  
Көрмestен қайdan түсті бар һиммәтің?  
Қай түрлі құлшылықпен мұны тапқан?  
Сіз маган білдір - дедім - шарапатын!

Айтты олар:  
- “Ықылас” атты бір сүре бар,  
Кімде-кім көп оқыса салып ихрап,  
Солардың кіретұғын орны –осы,  
Жұмада және көпшен оқығандар.

Олардың таудан үлкен сауаптары,  
Айтуға таусылмайды жауаптары.  
Махшарда көп халықтар жиналғанда,  
Фазылымен кіргізеді біздерге оны.

Және бар Пайғамбардан бір хикаят  
Оны да баян етіп айтайын жат.  
Бір күні Алла Расулі асхабымен  
Мәжілісте отыр еді жасап сұхбат.

Жәбрәйіл Ҳақ өмірі келді жетіп,  
Расулге бұл сөзді айтты хабар етіп.  
Иеменде сахибы дәүлеті бар жақсы адам  
Дүниеден үшбу күнде кетті өтіп.

Төрт жұз мың көктен енген періште бар,  
Сап түзеп бәрі тегіс түр қаз катар.  
Иа, Расул, жылдам барып имамдық ет,  
Баршасы бұл мәйітке жаназа оқыр.

Пайғамбар Жәбрәйілге айтты және  
Қанша жол екі арамызың айтшы маған.  
Жәбрәйіл Рәсүлге айтты жеті жұз тәш  
Жол деңгі шақыр Ямин Мәдинаға.

Пайғамбар: “бісмиллә!” деп атып түрді,  
Жәбрәйіл жер тамырын тартып түрді.  
Пайғамбар періштелерге имам болып,  
Барлығы ол мәйітке намаз қылды.

Сүхәл ғып Жәбрәйілдан сұрады Расул:  
-Осынша гиззат тапқан қалайша бұл?!

Аспаннан намазына Мәлік түсті,  
Аллага қай қызметі болып қабыл?!

Жәбрәйіл Расулге айтты:  
-Иа, пайғамбар,  
Мен сізге мәлім етіп айтайын жар.  
Күрметке, міне, осындай ие болад  
“Ықыластың тірлігінде оқығандар.

Сол үшін бұл дәулетті Алла беріп,  
Намазын періштелер оқыды келип.  
Алланың уағдалы өмірімен  
Сауық қып, сайран етер, жаннатқа еніп.

“Ықыластың қунде оқысан он мәртебе,  
“Аятул күрсінің оған қоса және.  
Пайғамбар катарында орын берер,  
Махшарда кәләм етіп Алла, әне!

Ол құлға риза болар бір Алламыз.  
Шайтан әм мәғер етпе оған өр кез.  
“Кәһфің деген сахаба нәфіл еткен  
Дәлелдеп хадиспенен айтылған сөз.

“Ықылас” атты бұл сүрені әркім көріп,  
Оқыса ниет қойып көніл бөліп.  
Дүниеде ризығы көп болады,  
Фазылы мен берекетін Алла беріп.

Құр қалмас бұл дәулеттен көршісі де  
Ол-дағы азап көрмес жокшылықтан.  
Сүрені көп оқыған себебі үшін  
Ол құлды жарылғасын Жаббар хактан.

## II. Тұспал өлеңдер

### Соқыр, саңырау және жалаңаш

Жалғанда таптай бір жар жалғыз жүрдім,  
Кез болмай мен иеме далаға үрдім.  
Айтқанмен көп соқырға кім нанады,  
Дегенмен жұрт көрмеген бір іс көрдім.

Болғанмен жүрген жерін мидай тақыр,  
Таусылу жүре берсөң бар ғой акыр.  
Болғаннан дүние- дүние әуел акыр,  
Бір үшеу жолдас болып келе жатыр.

Дүрбіден біреуінің өткір көзі,  
Көрмейді дәнемені сөйтсе де өзи.  
Қырағы құмырскадай нәрселерге,  
Онан үлкен зорлардан жоқ боп сөзі.

Мұлтік жоқ құмырсканы көруінде,  
Сұрасан түгел айтып беруінде.  
Онан басқа нәрседен түк көрмейді,  
Кемдік жоқ жер-су басып жүруінде.

Кұлағы тарс бекіген саңырау бірі,  
Өлі емес, дені сап-саяу, өзі тірі.  
Дауысын дүнгірлеген естімейді,  
Кұдайдың соқтықса да көк пен жері.

Өзінде өшің болса, саңырауға ұрын,  
Ұрынбасан, білмейсің оның сырын.  
Сыбырлап жасырып айтқан құпия сөзді,  
Естиді құлактыдан өбден бұрын.

Жалаңаш киімі жоқ енді бірі,  
Ашылып көрініп тұр ұят жері.  
Етегі сүйретіліп келе жатыр,  
Жаға-жен жоқ болса да, ол өнірі.

Суреті адамға үқсаған, мінезі анға,  
Бұл үшеуін көрген сон қалдым таңға.  
Дүние толды десем де жалған емес,  
Тозаң бұрқ-бұрқ, жол үсті толып шанға.

Үшеуі айрылмастан қосқан басты,  
Бір жасап жалғандағы өмір жасты.  
Елсізде көріп көзім тоймасын ба,  
Сокыр, саңырау, бір тұттай жалаңашты.

Дәнене жоқ маңайында жалғыз кара,  
Бір сайын өздеріне тиген дала.  
Елсізде үшеуіне кез болған жан,  
Бет-аузы кетеді де болып жара.

Жалаңаш киіміне тап береді,  
Байкамай онда соқыр шап береді.  
Бас салып керен, саңырау сабап-сабап,  
Еріксіз-ақ киімінді ап береді.

Бой бағып мен анадай алыс түрдым,  
Бұлардың не қылғанын көзben көрдім.  
Не қылып, үшеуінің, не койғанын,  
Әр жерде әнгімеғып, кенес құрдым.

Соқыр айтты:

- Мен анық түрмyn көріп,  
Бір адыр қол келеді сейіл құрып.  
Саны сонша өзінің пәлен мың!- деп,  
Бұлінді өз-өзінен құдай ұрып.

Онда санырау дүрілдеп келді жетіп:

- Дауысын тұрмын,- дейді,- мен де естіп.

Ана екеуі айтқан соң жау жетті деп,

Жалаңаш жаман қорықты есі кетіп:

-Бұл жерден біз қашпасақ тұра көшіп,  
Бір қуылса, сонымызға бұл жау түсіп,  
Менің құрғыр қызығып етегіме,  
Ұзынын қоймайды ғой алмай кесіп!

Соқыр тұр:

- Көрдім мен,- деп,- міне,- келді!

Санырау тұр:

- Құлағым,- деп,- дыбыс берді!

Жалаңаш тұр, жан қөярга жер таба алмай:

-Айрылдым етегімнен мен,- деп,- енді!

Бұлар тұр даурығып осы сөзде,  
Құдайдың құба жоны құла түзде.  
Ес көріп, осыларды кара тартқан,  
Ойласақ, шайнам ғақыл жоқ қой бізде.

Не көрді, дәнeme жоқ үш албасты,  
Жалаңаш “жаун деген сон тұра қашты.  
Жөнелді ес жоқ, түс жоқ одағайлап,  
Жол берсе, кірер еді жердің асты.

Үшеуі шығып кетті елден безіп,  
Қашумен жау жеттілеп тау-тас кезіп.  
Қарны ашып, қалжырайтын мезгіл болды,  
Тұніліп, тіріліктен күдер үзіп.

Елсізге бұл үшеуі шығып кетті,  
Арада бірнеше түн, күндер өтті.  
Әуре боп бір үш ақымақ қаңғып жүр деп,  
Кім бұған даярлайды шай мен етті?!

Бірталай таныс болды көріп жерді,  
Бұлардың сыйағасын аштық берді.

“Пәлі, біз мұнша неге бүліндік?”,- деп,  
Бірінен айдалада бірі көрді.

Санырау айтты соқырға :

- Кылдың, -дейді,
- Ойлағаның осы еді, тындың!-дейді.
- Көрінбекен нәрсөн көрдім деумен,
- Айдалага қаңғытып қырдың!- дейді.

Соқыр айтты санырауға:

- Емес пе ең сен,
- Демеп пе едін дауысын естідім мен?!
- Көрмесем де көрдім деп женіп жүрген,
- Емес пе едім белгілі бекбике мен?!

Жалаңаш айтты:

- Екі ит не еттің?-дейді,
- Алып шығып елсізге кеттің!- дейді.
- Бірін көрдім, біреуін естідім деп,
- Зәремді алып тұбіме жеттің!- дейді?

Онда екеуі шап берді жалаңашқа:

- Табылса ортак боласың даяр асқа.
- Елден бұрын алақтап тұра қашып,
- Нен бар еді сонда артық бізден басқа?!

Жалаңаш екенінді жұрт көріп тұр,  
Мені алар деп келсе жау қылдың ғой кор.  
“Етек -женім ұзынн,- деп мактанасын,  
Кім жоқ, етек-женің қай жақта жүр?!

Өнірменен тауып-ақ жаға-женді,  
Жұртқа айтсайшы сонан соң “етек кенді”.  
Киімің жоқ үстінде тонайтұғын,  
Жау алғанда, алады сениң ненді?!

Жақ-жақ болып үшеуі қылды керіс,  
Ауыр тилі бұларға енді жүріс.  
Басы жұмыр пенде боп жарапған соң,  
Білгеннен, білменнен өтер бір іс.

Көп сөйлеп қызыл тілім болып тұр ій,  
Бардан-жоқтан сөз қылып, шертемін күй.  
Жолаушы өткен - кеткен паналайтын,  
Бұларға кез болыпты кең сарай үй.

Бұл үйге кіріп келсе бұл үш батыр,  
Дәнене жок, бір мұжліген жемтік жатыр,  
“Аш атасын танымасң- деген сөз бар,  
Аузына не тисе де балдай татыр.

Бір жемтік тақыр тиді болып қалған,  
Талай қарға-құзғындар ауыз салған.  
Ауыз жарыр еті жок бір ку сүйек,  
Ұшқан құс, жүтірген аң қорек алған.

Елсізде кез ғып құдай душар еткен,  
Болмайды аш, душар боп бұған жеткен.  
Құста сұнкар, болмаса анда арыстан,  
Кем шығар бұл жемтіктен татпай кеткен?!

Сатусыз табылған соң бостан-босқа,  
Қылута ортақ кимайды қас пен досқа.  
Кететін көрінген ит бір кеміріп,  
Бір жатқан ортақ жемтік ит пен құска.

“Құс пенен жоқпыз ба,- деп,- бір ит құрлы?!”  
Кешкен соң бастан заман қылыш-қылыш,  
Сактаулы сырбазының етіндей-ақ,  
Бас салды көрген соң-ақ бұл үш сорлы.

Тұяқты арыстандай серпіп салып,  
Жегендей жаңа тоят қолдан жарып.  
Кенелді емін-еркін тип қолға,  
Бас салып бір жемтікті ортаға алып.

Жерге ет жоқ ауыз жарыр, ал кемірді,  
Тас, ағаш шайнағандай ол темірді.  
“Қарыны қайғысызыздың токң,- деген бар,  
Жеуменен емін-еркін құп семірді.

Жарасып енді қалжың-оыйндары,  
Ашық боп бір-біріне қойындары.  
Ыңқылдал тойғандықтан жүре алмайды,  
Жуандап бордакы иттей мойындары.

Көріспін бір жемтікті жұрт пен елдей,  
Ойына онан басқа дәнене келмей.  
Зорайды денелері өсіп әбден,  
Жуандап, күжрейісін, болып пілдей.

Өлгенше жеуден аузын тыймас болды,  
Еш досқа, туысқанға кимас болды.  
Соншама семіздігі шектен асты,  
Отырған үйлеріне сыймас болды.

Бұл дүние бір күн базар, бір күн мазар,  
Болам деп әр күн базар, содан жазар.  
Әзі бай, өз үйінде өзі батыр,  
Үй түтіл, сыйып жүрді жалғанға азар!

Ойда жок шығуға үйдің есігінен,  
Жалғаның тырп етпеске бесігінен.  
Кеткенін шығып не ғып білмей қалды,  
Бір жапсар үйдің титтей тесігінен.

Ушеуі басын қосып келген бірден,  
Сөз есті жиһан кезіп жүрген ерден.  
“Есіктен сыймаймыз гой!” - деп жүргенде,  
Иненің жасуындай шықты жерден.

Жөнелді бір қайырылып тілге келмей,  
Болдырып тұрып қалды шаппай, желмей.  
Есіктің бар- жоғын да байқай алмай,  
Кеткенін кайдан шығып қалды-ау білмей!

Жолаушы жатқан өтіп, бұл бір- тесік,  
Шығады мыннан біреу тауып есік.  
Біле алмай қайсысынан шығарымды,  
Болып тұр мұны айтудан тілім кесік.

Келмейді тіпті шыққым, салса өзіме,  
Көрініп екеуі де тұр көзіме.

Жүрген соң оз тілімді өзім алмай,  
Сүйсіп құлак салсын кім сөзіме?!

Бұл сөзге тұсірейін түстей жорып  
Тұсірмесем, шаршайсың дымың құрып:

“Біз үйден кетпейміз”, - деп отырғанмен,  
Ажал тұр алдымызда бізді күтіп.

Десеніз, бұл кай тесік, өлім жолы,  
Тұрсың ба көзін барың көрмей соны?!  
“Өлім жолы иненің көзіндей”, - деп,  
Аятпенен айтып тұр құранда оны:

С. Торайғыров  
атындағы ПМУ-дің  
академик С.Бейсембаев

атындағы ғылыми

KITAPXANASI

“Кім тұрар өзін-өзі тыйып?” - деген,  
“Жалғанды кету киын қыып” - деген.  
“Өлім жолы иненің жасуындаі,  
Түйе болса, кетеді сыйып!” - деген.

Бәрі де келген жанның кетіп жатыр,  
Не пайда бұл жалғаннан өтіп жатыр.  
Үш үйкесаса ойда жоқ бір тесіктен,  
Қанша керуен шұбырып өтіп жатыр!

Басты бір көтеру жоқ, үйкесасып,  
Оятар еріксіз бір күн үйкесінде ашып.  
Бар бол, жоқ бол, айқасып сол тесікпен,  
Бір қалындық ойнарсың қол үстасып.

Манағы үшеуді кім еді болған жолдас,  
Ондай болып бас қосса ешкім онбас!  
Бірі хырыс дүние еді, көзі соқыр,  
Болған онбас соқырмен айлас, мұндаас.

Хырыс дүние кеткен соң көзді жауып,  
Оңай емес енді алу жолды тауып.  
Халықтың гайыбын көргөтеп бек қырағы,  
Бір алуға бетінен итше қауып.

Керек істі көрмейді өз басына,  
“Соқыр” - деп, салдым соны сөз басына.  
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,  
Жұқтырап соқырлығын жолдасына.

Күн ашылды, көрінер енді бойын,  
Асықласаң өзір түр, міне, тойың.  
“Керен саңырау- дегенім- құлағы жоқ” -  
Таусылмайтын үшін жоқ ұзын ойың.

Бәрін өзім білдім деп жүреді сол,  
Жан жоқ бол ақыл, ойға өзінен мол.  
Өз жанынның пайдасын естімейді,  
Естір болса, жүріс бар- бір сапар жол.

Бұл сөзімнің балы бар, уы аралас,  
Ойлаймысың бір іске деп жарамас?!

Келіп пе едің жалғанға киім киіп,  
Тумап па едің анадан сыр жалаңаш?!

Сыбағана тұрған жоқ, киім тиіп,  
Бәрін тастап кетесің бір жерге үйіп.  
Жұрт есіркеп үш кат бөз орамаса,  
Киімің жоқ, кететін тағы киіп.

Бірталайға санасан келді жасың,  
Шөпке тұрған қырау ма баста шашың?!  
“Ұзын- деумен етегім!” - өтті өмірің,  
Ойда жоқта тіпті тұттай жалаңашың!

“Менікі!” - деп менгеріп бұ жалғанды,  
Келтірем деп ыңғайға ойға алғанды,  
Көрінгеннен қызғанып алып қашып,  
Талай көрдің дәнене жоқ, құр қалғанды!

Дүниекордың болады екі бауыры,  
Санырау, соқыр, жаңғырыққан күнде даулы.  
Күнде үрейі үшады зәресі жоқ,  
Қызылбас пен қалмақтай боп өз ауылы.

Қаламның жарып ішін, ұшын кесіп,  
Кигізген қара сәзге киім пішіп.  
Заты -Аргын, нәсілі- қазак, ұраны- алаш,  
Көпееев- фамилиясы, Мәшіүр -Жүсіп!

1906 ж.

### Нәпсі аждаһа

Дүние, ойлай берсем, жалған дейді,  
Әркімді әлекке тек салған дейді.  
Дүниені өле-өлгенше қуып-қуып,  
Ауызы аңқыып [құр босқа] қалған дейді.

Хикаят сөз бастайын өуел бастан,  
Бұл күнде жүйрік кайда таптан аскан?!  
Сөзімді құп тыңдайтын ғазиз болса,  
Хикаят сөз жазайын біраз дастан.

Заманды жылдан-жалға қуландырды,  
Бойынды алтын-күміс буландырды.  
Келгенде жұз-тоқсанға бір өлім бар,  
Көзінді әлі-ақ бір күн суландырды.

Дүниеден неше-неше өтті-ау жандар,  
Құдайдан зар жылайды қорықкандар.  
Кеудемде тұрлі-тұрлі уақиғам бар,  
Айтайын, тыңдасаныз, жарандар!

Өтіпті бізден бұрын мұрсалдары,  
Дүниеден өтпеймін деп соның бәрі.  
Қызығы бір күнгідей болмайды екен,  
Патшалық, такта турып, курсан-дағы!

Арасы — топырак пен алтын, күміс,  
Ағаштың бәріне де бітпес жеміс.  
Біреу-бай, біреу-жарлы, біреу-кәріп,  
Дүниені жаратқан жоқ тіпті тегіс.

Алтыннан жер астында кімге пайда?  
Дүниеде ажал келсе, болмас айла,  
Болмағың жақсы-жаман Құдіреттен,  
Шөп шықпас, су жүрмесе терең сайға!

Біз-тұлкі, ажал бүркіт қоймайтұғын,  
Нәпсіміз- бір аждана тоймайтұғын.  
Күнәмымыз- мықтап тиген ол- бір киім,  
Нәрсеге одан басқа болмайтұғын!

Тіліміз- өткір қылыш қойған қайрап,  
Жұтады отыз тісің, нәпсің шайнап.  
Тамырың алтыс екі-жіп секілді  
Бекітіп дүниені қойған байлап!

## Толқын

Пәленің басы-хазірет мешіт бакқан,  
Ораза, намазшылар оған жаққан.  
Заман түрін танымай әуреленген,  
Мерт болар арыстандай Айға шалқан.

Әр тұста қылыш-қылыш заман өтті,  
Су тасыды, көп толқын қайда кетті?  
Кеткен толқын өз-өзінен кете берсін,  
Желмен қуып, толқынды толқын жұтты.

Дария ағызған өркімді толқын айдал,  
Ер басына күнелтпек бір сал байлап.  
Толқын жайын билмеген қырсықтылар  
Салы суға кетпекші, соры кайнап.

Өтіп кеткен толқынды күтпегендер,  
Жоқтап, көксер зейіні жетпегендер.  
Қандай жақсы дәуренмен өмір сүрер:  
Салы суға бұзылып кетпегендер.

Бұрынғыны көксеумен ауыз ашпа,  
Тозығы жеткен жолға аяқ баспа!  
“Мен баяғы болам!”-деп, әуреленген  
Жансыз жарымеспенен араласпа!

Алла адамды жаратты артық зерек,  
Өзгеден ерекше қып окшау бөлек.  
Ақылыңа сыйғанды алып ұста-дағы,  
Ақылға сыймағанды қылта керек.

“Баяғыда болыпты Адам-ата,  
Мен— адаммың: сол болдым!”- деу зор қате.  
“Оқу бар, молда барн,-деп, алас ұрып,  
Уыз жаста болдық қой көп миқата.

### Күндіз бен түннің айырмасы

Жалғаның тозақ пенен бейіші бар,  
Бір күн тыныштық, кей бір күн кейісі бар.  
Кейісі тозақ болғанда, тыныштық- бейіш,  
Міне, осындай муафық келісі бар.

Таң атып, күн шықкан соң, тыныштық қашар,  
Бай, жарлы,- бәрі отырмай, тыптырласар.  
Жоқ жүрер кешке шіп-жер аукат үшін,  
Бай да отырмас: “Бар ғой,-деп,- ораза ашарн.

Дені сау жан талпынып қыбырласар,  
Білінбей кімнің байы, кімнің нашар.  
Біреу өзін бұктырып жер түбіне,  
Біреу өзін әуре ғып аспанға асар.

Ақшалы бай журеді төмен бұғып,  
Қолдан кетсе бір тын, жаны, жаны шығып.  
“Көрінген жан бір нөрсе сүрайды гой!”-  
-Деуменен өзін-өзі інге тығып.

Елден-журттан дүниесін қашырганы:  
Өзін-өзі түнекке жасырганы.  
Кедей байдан тіленіп борыш алғаны:  
Өз-өзінен дарға асылғаны.

Бұ дүние құтқармайтын тозақ болды,  
Бейнеттіге, құрғыр, күн ұзак болды.  
Дамыл, тыныштық бір жанда болмаған соң,  
Есебі күндіз өзі тозақ болды.

### Тұн қандай?

Тұн болса, алар тыныштық біраз жатып,  
Шаршағаннан сілесі әбден қатып.  
Қол-аяғын үйқы жау жіпсіз буып,  
Серейтіп алып соғар табандатып.

Бай, жарлыға,- бәріне бірдей үйкы,  
Жым-жырт болар күндізгі үйкы-түйкы.  
Жан біткен жерге жамбас (жанбас) жабыстырап,  
Жалғызы жоқ күндізгі қиқы-жиқы.

Үйкыменен болады бәрі де мас,  
Мастықленен жастыққа қояды бас.  
Тұн-бейіші жалғанның: білген жанға,  
Тағы мұнда және бар бір дәурен жас.

Көстанысың қез болса көш-жөнекей,  
Сүйіп алсан, суырылар тұл-көмекей.  
Түсін ашпай қояйын ендігісін,  
Ағызбайын аузыңнан құр слекей.

Мұнан да бар қасында жақын тозақ,  
Қоймаганмен не керек атын тозақ.  
Екі көңіл бір жерден шықпаған соң,  
Әр мінезі замабірир, қатын тозақ.

Мақал бар: “Бай жұмакты алар сатыпн.  
Онан соң көзге тусер, таңдай атып.  
“Қыздың байы- жылқын, - деп айтпады ма,  
Жылқы жокқа- күлкі жок: қалар жатып.

Адамзаттың арқауы мал боп кетті,  
Мал біткен соң, желкелер жал боп кетті.  
Ойын менен құлқіден жұтап бұл жұрт:  
Қыздар-кемпір, бозбала шал боп кетті.

Бұл құнде ойын-құлқі қалды жастан,  
Туганға-той, өлгенге жұрт қалды астан.  
Қыз қайсы, кемпір қайсы,- белгісі жок,  
Шыға ма, ұрсаң дыбыс, кара тастан?!

Қыз деген тұруши еді көзі құліп,  
Сырынды ішіндегі айтпай біліп.  
Түйеше құр қанқиган бойы бар да,  
Ойы жок шеккен жерде қатады өліп.

Жан біткен құр қакып қалды ағаштай,  
Басында әр моланың тұрган тастай.  
Бозарып- тозған ескі шүберектей,  
Куарып, қатып, сынып қалды-ау жастай!

Болады қуыршақтай құр киңген,  
Көркі қайда- көруменен көз сүйінген?!  
Жан біткен бұл заманда болды терек,  
Қайын, тал қайда көрдің басы иілген?!

Кетесін: “Не көрдім?”- деп, ай, өмір жас?!

Жатсан, үйкі- жұмысын; оянсан- ас!  
Не керек- болғаныңмен- болат (полат), құрыш,  
Оты бар – болмаған соң бір шакпақ тас?!

Жан қайда қайнап тұрган көзінде оты?!

Қант үшін қақсан өткен сайрап totы.  
Тас табылса, қылмас ем қуды керек,  
Орыстың тұрса-дағы андып соты!

Жүйріктің алу үшін ашы терін,  
Тер шықкан соң тарқатар іштің шерін.  
Гүл жұзді, шырын сөзді наз ниннан,  
Сөз қозғап, кептірейік көңіл кірді.

Қапалық , шығарайын сені күшп,  
Болайын мен қыршын жас, қайта туып.  
Береді кім тазалап, жуып аппак,  
Алмасам көнілім кірін өзім жуып?!

Белгілі жоқ екені жұртым-едім,  
Болып түр білгіштігім- менің мінім!  
Тікенсіз ғұл, заһарсыз бал болған ба,  
Көнілімді көтерсейші, жақ пен тілім!

Жерде бір жан қылмады мені керек:  
“Сен неге боласын,-деп,- мұнша зерек?!”  
Ағаштың жеміс берген өзі-ақ едім,  
Емесім белгілі еді менің терек.

Жоғары көтере алмай қалдым басты,  
Иттікленен (итлікбенен) өткізіп өмір-жастан.  
Жемісіме қызығып бала-шага,  
Алып жеуге – жіберіп тұрды тасты.

Жемісімді түсірді таспен атып,  
Әркім аукат кешірді пұлдан сатып,  
Бағар-кағар жанашыр жоктығынан,  
Жаз(иаз) шілдеде сарғайдым мұздап катып.

Күміс тенге қалтада, қапта-көмір,  
Қанжар болмас- төс балға көрмей темір!  
Қадірлі иттен құны кем айырбаста  
Қос жүген, қос атпенен өткен өмір.

Толып жатыр ортүрлі іште жара,  
Табақ кайда тартылған саған дара?!

Жан біткен екеу ара, үшеу ара,  
Ісіне Тәнірім қылған бар ма шара?!

Жабығып, жабырқама, көңілім, жасып,  
Озінді тұншықтырма өзін басып!  
Алсайыш аузың дәмін, сөйлеп біраз,  
“Биыл (бигыл) жыл, болакейге- басып-басып”

Ерігіп үйде отырып, пысады ішім,  
Болсайышы тіліме ие отыз тісім!  
Сактауға адамға айтпас сырды шіміе  
Барады күші асканнан, жетпей күшім!

Шерімді тарқата алман айтып сөзбен,  
Ай басын қосар екен қай күн бізбен?!

Дыбыс жоқ ләм-мим деген ауыз тілде,  
Телеграмма, телефоным көзге-көзбен!

Айда- бас бар, ауыз бен тіл бола ма,  
Өз тілің өзіне жау ел(зіл) бола ма?!

Бейпіл жас ағып козден жылауменен  
Сай-сайдан ағып дария сел бола ма?!

Мен ғашық уыз жаста болдым Күнге,  
Күн қашан тілінді алып, жүрген жөнгө?!

Нәрсеге пайдасы жоқ болып құмар,  
Килігіп неше қабат қалдым түнге.

Бойыма бір сіңбеді асым тараپ,  
Құрғыр, күн батып кетіп, қалды харап.  
Жете алмай Күн артынан қанша қуып,  
Қадалып қала қалдым көкке қарап.

Тұрумен көкке қарап көрдім Айды,  
Аймен ойнап асықты, алдым пайды.  
Телмірш Ай бетіне қарауменен,  
Онан басқа нәрседен көзім тайды.

Ай-аспанда, мен жерде болдым құмар,  
Құмарлықтан емеспін көзді жұмар.  
Тұн болса, үйқым қашқан соң, үйыктатын -  
Кітап қарап, актарып, тактыйм тұмар.

Анда-санда көрініп қалады Ай,  
Ай көрінсе, болады көнілім жай.  
Жердегі, не көктегі Айға құмар  
Қылып қойған, жараткан Құдайым-ай!

Кадалумен карасам мен құмартып,  
Аспандағы Ай нұры өседі артып.  
Толып жүрген қазактай жай қарасам,  
Жабыланып тұрады кірбің тартып.

Менің көнілім әрқашан Айда болған,  
Өзге жүлдyz, кәне, Айдай қайда болған?!

Сүйегіммен кетеді өлсем бірге,  
Он бесімде бұл мінез пайда болған.

Жұмысым жоқ аңқиған ауыз, тілде,  
Ұстасумен кетеді қолым белде.  
Шығармаймын сыртыма, біледі шім,  
Айдын көнілі қалты жоқ анық менде.

Анық байқап карасан, Айда жұз бар,  
Кәдүлті адамдай екі коз бар.  
Тіл мен ауыз бар-жоғы есеп емес,  
Көнілден-көнілдерге (көніллерге) тілсіз сөз бар.

Екі көніл арасы- қара жол-ды,  
Күндіз-түн катынасады онды-солды.  
Болған үшін басында мұң менен зар,  
Бір күн қылдай жінішке, бір күн толды.

Мұнда отырып мен толсам, Ай солады,  
Екі басы иіліп, жай болады.  
Салы суға кеткендей, мен-зен болып,  
Жай үшып, баяу тартып, жай қонады.

Ашылса, өз-өзінен үйқым шайдай,  
Бөгеліп нашарлансам, тартқан жайдай.  
Ай толып аспандагы шараланып,  
Көркейер он төртінен толған Айдай.

Басына түспегендер таныс емес,  
Жел тұрса, улдейтін қамыс емес.  
Арамыз болғанменен жер мен көктей,  
Екі көніл арасы алыс емес.

Бұлт бар өркеш-өркеш мұнарланған,  
Көніл бар көктегі Айға құмарланған.  
Мендей бұлт, көрінбей, бетін басса,  
Тұлқідей бүркіт алған, жұмарланған.

Мен- жерде тырп етпейтін темір қазық,  
Бір жолғыр койдым қадам мидай жазық.  
Бұлттан бір серпіліп түссен қөзге,  
Болады бір көргенім- мың жыл азық.

Дәрі емес-шшпек, жемек маган тамак,  
Жемеймін мен ас салып қылып табак.  
Болады айлық азық, жылдық үнем,  
Жүзіннен алып қалсам жалғыз сабак.

Күмарым менің жастан - ғылым, білім,  
Айтпасам да бұл сырды біледі елім!  
Су ішсем ауыздықтан, қанар мейірім,  
Сол үшін басқа сөзге бармас тілім.

Не түсер көктегі Айды алғанменен,  
Шын болмас, айланбан, жалғанменен.  
Күдер үзіп, тұңыту жоқ қой менде,  
Ала алмай оны тағы қалғанменен.

Телмірдім тек күнбатыс Айға қарап,  
Мен Айға телмірмеймін жайға қарап.  
Асық ойнап, пай салдым Ай болсан да,  
Алатұғын отырмын қайға қарап.

Мен жидым азаптанып асықты елден,  
Көп алдым сыбаганы күн мен желден.  
Бір пай бермей кетпейсін, әуре болма,  
Пайым бар алатұғын ауыз, тілден.

Болмаса, арықтайсың құрып қаның,  
Таларсың алшы түссе, қойған “ханынн.  
Пайдың құны түбінде жан болатын,  
Құтылар пай берумен менен жаның.

Құдайдың мейірі тасып қылған тойын,  
Шаттықпен(шадлықпен) өткізейік қылып ойын.  
Көніллін желпінетін бір жұмысы-  
Хырарыт ғарызия құшті қойын (құйын).

Отырып өз-өзінен көнілім соқты,  
Ішпей-жемей, өзімен өзі тоқ-ты.  
Деген сон: “Онда улаз мыһириан,  
Көргім келмес бейіште тіпті жоқты.

Жағадан сап еткен сон қалдым сасып,  
Ешқайда жүре алмастан аяқ басып.  
Ұзын жас жасауменен боп қалдым кез,  
Құтылам мен акланнан қайда қашып?!

Арман не кетсе басың мұндай жолда,  
Созса қол жетпейтін тас жатса қолда?!  
Харап жыр иа менен боп бір атпақ,  
Саламу сол атсал болсан сонда.

“Дүшпанға таба болмай, құлқі- досқа”,  
Муафық қағидага болсаң нұсқа.

“Мұсих мұхамул болам деп жүрген жандар,  
Тінүйін мен Зафадай қалса босқа.

Аузың тұшыр қызғалдақ басын шалсан,  
Алабота оттама, маған салсан.  
Кегарайға бауырынды төсеуменен  
Зарип иғырыптан әмір алсан.

Мұндай махыраб табылса түзеп жүзін,  
Онан атып қала алмас ешкім өзін.  
Азан төкір кирадет сәлемі жок,  
Кірісерсің намазға сәждесі ұзын.

Әл-ақ жок боп қаларсың тіл менен жақ,  
Қашан жоқ боп қалғанша қымылдап бак!  
Мейман болып тойыңа келіш тұрмыз,  
Көңілтіміз бар тоюда, жарым-Хак!

Болмаған соң жалғанда көнілдер (көніллер) шат,  
Жес жейтүғын шаттықтан (шадлықтан) ариды ат,  
“Кім алады өзімнен басқа?!”-дедін,  
“Арық болса,- дедің ғой,- өзіме сат!”

Такатымды так қылды- қолда жоктық,  
“Бай-бір жұттық, батыр бар бір-ақ оқтық”.  
Хатырымды бір есен (пір ишан) қылмай Алла,  
Сатқаным сол- көніліме берсөң тоқтық!

### III. Сапар өлеңдері

#### Ташкент сапары

Жіпттер, өлмеймін деп , қапы (ғапыл) қалма,  
“Іздеген табылмас!” –деп, ойыңа алма.  
Жетеді ақыр бір күн іздегенге  
Құдайды бір жаратқан естен салма!

Ертеңмен дүйсенбі күн атқа міндім,  
Араға сол бір конып Шатқа келдім.  
Кеудеме Құдай өнер берген шакта  
Бетіне ак қағаздың атша желдім.

Онан Семізбұғы- қорық (құдық) қондым,  
Жүре алмай сол бораннан төрт күн тұрдым.  
Өзіме тәнірім өнер бергеннен соң,  
Жерлерде мен осындай кеңес құрдым.

Бет қойдым онан шығып Ерейменге,  
Бергендей тамақ тауып кедей кімге?!  
“Құрт болған сиыр етін жеймін десен,  
Тұс!” –дейді, сөйлес қылсан қол әркімге.

Қаракесек, Сүйіндік- жайладым тел,  
Бес баласы Мейрамның- дария көл.  
“Құрт болған сиыр етін жеймін!” - десен,  
Бозбала, қыс болғанда, Ереймен кел!

Жолымда қала берді Байбек аулы,  
Неше жыл Кәрібаймен болған даулы.  
Намаздыгер, намазшам арасында  
Аралап өте бердім тамам тауды.

Бір ниет талап ойлап міндім атқа,  
“Барсам,-деп,-иншалла, зиаратқа!”  
Жағдайсыз ауылдарға мен қона алмай,  
Тау асып, барып жаттым Қарашатқа.

Қонакка жок ел екен жайы, қүіл,  
Құрысын: қарын-әйнегі, шымнан үйі.  
Мейманға төбесімен тік тұратын  
Қоскелді: жаңа болыс Баймен үйі.

Үй екен әр нәрсесі салтанатты,  
Келіні - ас қылатын қолғанаты.  
Баласы-біреуінен біреуі артық,  
Әлікей жас мырзасы Керей атты (атлы).

Керейден сол бір нияз алдым тенге,  
Тиын жок қара күреш онан өнгे.  
Құданың құдіретіне карасанышы,  
Бел асып шығып кеттім дөннен-дөнгө.

Мәшіүрдің қараңыздар қызығына,  
Бір түрлі жүрісінің бұзығына.  
“Тәуекел, Тағала Алла, өзің бер!”-деп,  
Жыланды барып қондым мұжығына.

Атқа-шөп, самаурын готов етті,  
“Адам, - деп- талип ғалымң- сыйлап күтті.  
Тік тұрды үй-шімен теп-тегіс (тіпа-тегіс),  
Кұдайым күтпина алып рақым етті.

Мұжыққа болдық конак тұл білмеген,  
Кәріп (гарыб) бас тіршілкте не көрмеген?!  
Құданын құдіретінін шеберлігі-  
Не білсін үйде жатып, жол жүрмеген?!

Жұма күн конып шықтым Дауылбайдан,  
Жүре алмай серке сойды жүрген жайдан.  
Бәрінен ерте құдер үзген бір ел:  
Қант, қаймак, кара шай, сары майдан.

Шай іштім ертең келіп Жылқыбайдан,  
Мезгілсіз жаман уақытта шықтым қайдан?!  
Сүйіндік, айналайын, сенен кетіп,  
Көже мен құтылмадым такты шайдан.

Онан соң барып қондым Сексенбайға,  
Қандырды қос самаурын қойып шайға.  
О дағы: “үш тенген – деп нияз берді,  
Қалған жок қарап тіпті босқа жайға.

Салғасын тұзу жолға Тәнірім бізді,  
Аяқ-кол, сегіз мүше, біреу көзді.  
Баласы Баймен қажы-Бекмұхаммед,  
Айтайын әнгіме қып онан сөзді.

Үйіне келіп тұстім, уақыт-бесін,  
Құдайым түгел (берсін) өр бір несін.  
Қуандық-Сүйіндіктің бір үйі екен,  
Айтайын, жұрт бледі оның несін?!

Жібермей сол екі күн конак қылды,  
Жайымды жүрген-турған сұрап бүлді.  
“Тұрсаныз Қараөткелде келіп тұр!”-деп,  
Бір ашке және үш тенге ақша берді.

Қайрадым сол арада жолдасымды,  
Тапсырдым бір Құдайға мен басымды!  
Айрылып ел-жұрттымнан, болсам кәріп,  
Құдайым көрер ме екен коз жасымды?!

Бауырсақ, қоңыр шолақ елемеген,  
Жалғанда, ауыз байғұс, не жемеген?!

Құлболды, қош-аман бол, кайран жүртүм,  
Көтеріп көп назымды еркелеген.

Жақсыбай- дұға қылдым-қажы орнына,  
Жасырып кететүғын мен сорлы ма?!

Бір тенге баласынан болды нигам,  
Келмейді тамам Айтбай сөз формына!

Саһурат конак қылды ертіп келіп,  
Фылымның тәрбиесін о да біліп.  
Бір тенге қырық тиын нияз қылып,  
Жөнелтті керек-жарап нәрсе беріп.

Қалтама ақша түсті сегіз тенге,  
Жібердім мен көңілімді молдық кеңге.  
Құданың құдіретіне сүйенген соң,  
Бел асып құннен-құнгә шықтым дөнге.

Күтінбей үйден жайсыз шыға қалдым,  
Мұнымен Қараөткелге тұра бардым.  
Сапардың лауазымы қылайын деп,  
Сол жерде керек-жарап алдым.

Қараөткел қаласында үш күн жаттым,  
Әр жердің мен осындай дәмін таттым.  
Жер-таға шегедей- мұз боп қалып,  
Атымды ақша беріп тағалаттым.

Тұтатса мерген білте, шаклақ шағып,  
Бір Құдай оккагар бол, өзің қағып.  
Периште, қағаз, сия қылма шығын,  
Тұра алман мен аузымды тіпті бағып!

### “Той” - деген соң

Жылым-қой, алпыс алты- түрган жасым,  
Ағарған көп сөйлеумен сақал-шашым.  
Жүруден аяқ-қолым жалықса да,  
Кез екен домаланып жатпай басым.

Керску бара қалдым қаласына,  
Көп бас қосқан жанталас арасына.  
Паромның душарластым тап өзінде,  
Ол Нажмалдин хазіреттің баласына.

Жан екен өзіне де Құдай берген,  
“Құтылмас- деген сөз бар,- иман ерден!”  
Ұшырастық Үркер айдың тоғысындаі,  
Танысып, шүркүрасып көрген жерден.

- Жігіттер, бір шабыстан танба!- дейді,  
- Бұл кісі келсе, бөгеп қалма!-дейді.  
-Күнінде олай-бұлай қырық өтсе де,  
Бір тын мұнан былай алма!- дейді.

Біліскең жан емеспіз бұрын көріп,  
Елжіреп іші-бауырым кеттім ерін.  
Аруағы атасының желеп-жебеп,  
Тұр екен өзіне де Құдай беріп.

Атандым жұртқа Мәшһұр құлын жастан,  
Сөзім бар алты алапқа болған дастан.  
Беретүғын құлына Ием Жаббар  
Үйіп-төгіп береді әуел бастан.

Дүниес-базар: құрылған ісі-сауда,  
Құс торда күн кешкен, балық-ауда.  
Бұл хазірет Бұхардан келіп әуел,  
Бірер жыл тұрақ қылған Баянтауда,  
  
Сонда біз бала екенбіз табан бесте,  
Алдына алып, жүгінтіп ерте-кеш те.  
Ағузы бісмілланы үйретіпті,  
Дүр тасы бұл қалған сол біздің [есте].

Сонда мен Шар кітаптан алдым сабак,  
“Бітта микуанемң –деп, бекем шығыс қа[лап].  
Садапқа дүр төгіліп, орнын тауып,  
Өмір-азық, таусылмас, болды тамақ.

Сонан соң мен көркейдім қандай болып,  
Ағарып ашпақ атқан таңдай болып.  
Аузыма ағузы бал боп жұғып,  
Күні өтіп үймелуемен шыбын қонып.

Бұл сөзді әшкерелеп халқыма айттым,  
Әр жерде қосып атын қалам тарттым.  
Бұрынғы (мұрнағы) жыл-айында марапазан (жарапазан),  
Басына бір жұма (жұмға) күн барып қайттым:

-Атаңның шәкіртімін, атым-Мәшіүр,  
Сен жақсы боп туған соң ашыл[сын] сыр!  
Тәнірі берген айрылма бір қалпыннан,  
Осы жақсы аталған қалпын[да] жүр.

Естідім: жазғытурым қылышсың той,  
Екі өгіз бен сойыпсың жетімек қой.  
Колы ұзындық белгісі- той-тамаша,  
О да бір Құдай бергенabyрой гой!

Кетесің кезеңдессен бір шалдырмай,  
Анау-мынау жаманға сыр алдырмай!  
Тойыңа шақырыпсың атын атап,  
Қаржау менен Құшіктен жан қалдырмай!

Жұрттың басын қосыпсың жиын-тоймен,  
Талаптанып зорайыш үміт оймен:  
“Қалай маған бостан-бос құр келеді,  
Біреу жетек, келер-деп,- біреу қойменн.

... “Той”- деген сон, келіскен желе-шаба,  
Тайлы-таяқ, қалмастан бала-шаға.  
Өлшеп қолдан қойғандай- үш шелектен  
Қымызы бар ішінде бір-бір саба.

Жілік салдың сабаға үш кез актық,  
Сырттан санап тыныңды біз де шактық.  
Қалай жүйрік саудаға өткерилген,  
Тиын артық жібермей қылған сактық,  
  
Тұбі Қаржас- Қазықбай шығарды үнін:  
-Үйден ал,-деп, балаға арнап құлын.  
Ішіл-тышып жөнелді Қаржау, Қүшік,  
Бірде-бірі шығармай бұзау тілін.

Үйректей жүзіп, қалқып қаздай ғана,  
Өз қылышы өзіне аздай[ғана].  
Тағы онымен қоймайды еркелікті:  
-Түк алмастан өткіз-деп, жаздай ғана!

Кім біліпті мұндаіын мұнан бұрын,  
Қаржау менен Құшіктің білдік сырын.  
Енді менің- билгенге айып емес,-  
Теріс айналып кетуім, қарап қырын!

1924 ж.

## IV. Арнау-жоктаулар

### Миркамалалдин ишанға

Пірлерден зат едіңіз тиген назар,  
Тамаша жүрген жерің болған базар.  
Қасиет кәріптікten (ғарібліктен) пайыз тауып,  
Тәбіб болдың дауасыз дерпті жазар!

Бүйрықты тұз несібе адамды айдар,  
Барады күн-күн өтіп, жыл мен айлар.  
Табылар, барсан қайда іздегенмен,  
Пайыз абад патих абадтай шәриф жайлар?!

Жастықта сіз де, біз де көрдік оны,  
Дариға, сондай жайлар енді кәне?!

Парат саледе наурыздама той тамаша,  
Фажап- жай Бұкараның рүкістаны.

Кәпір мен мұсылманның шекарасы,  
Әдептік, барша пақыр бұкарасы.  
Көрінер – көз үшінан сағымданып,  
Арық пен мешіт- күллі мұнарасы.

Күмбезі Миргараптың тұрған қатар,  
Перште сипатты жан сонда жатар.  
Көкалдаш- айналасы толған базар,  
Әдемі- көптігінен басың қатар.

Ұшырайды көп пәлеғе дүние жиган,  
Болады мұнан халас нәпсі тыйған.  
Басына- дүйсенбі күн- ат базары,  
Аузында дарбазаның (даруазаның)- хазірет имам.

Медресе: мұфти, қазы,- бәрі молда,  
Ақ күміс- ұстаганы- алтын ділда.  
Сенбі күн таңертенгі зиаратқа  
Шайхы, молда, Шалдат хан жып Алла.

Тамаша таңғажайып әрбір жері,  
Таркайды барсан сонда, іштің шері!  
Жойбарлық махалласы- өншең қожа,  
Фажап жай Бұхараның үштен бірі.

Бұхара- қылсам сейл базарына,  
Ерлердің болсам душар назарына!  
Басында қолым жайып тұрсам барып,  
Хазірет имам Қазыхан мазарына!

Басына құшактасам барып туын,  
Әулие катар жатқан буын-буын.  
Гүл бусруех Баһауалдин сейілінде,  
Қант салған ішсем дүние хауыз (жүзі) сұын!

Арман жоқ көрсем барып тамашасын,  
Басында әр мазардың оқып ясин.  
Насихат мадақлардың сезін естіп,  
Ағызсам екі көздің қанды(қанлы) жасын!

Несін боп Бұхараның сұын татсам,  
Бұқ түсіп бір хыжырада жалғыз жатсам!  
Нанын жеп, Бұхараның сұын ішіп,  
Армансыз болар едім аштан қатсам!

Тамаша көрген жанды таң қалдырған,  
Таңданып қарағанда, көз талдырған.  
Шаршы базар шаһардың ортасынан  
Атақты Фабдолла хан там салдырған!

Қадамжай мешіт махалла – жердің асты,  
Ондай жан бұ жаһанда табылmas-ты!  
Өң түгіл, тұске кіrmес мекенжайды  
Барған соң Тәнірім айдал, аяқ басты,

Білдік пе оның қалірін біз ол шақта,  
Жұтрып жүрді көніл әрбір жаққа.  
Айрылмай тіс-тырнакпен жабысар ек,  
Кәнеки, бір көрінсе осы уакта!

Тұн болса, көше бойы жакқан панар (фонарь),  
Бихисап толып жатыр тамашалар.  
Сахарада ат орғаны (үрганы) ғарышқа жетіп,  
Жер жарып һу, зікірімен диуаналар.

Нануайлар айғай салып, деп: “Ыстық (нисих) нан!”  
Табылып бір көшеден мың түрлі жан.  
Оқиды хош әуезбен кетіп һошы,  
Жұма күн мешітлерде “Мышной хуанн.

Ермегін еріктірмес: кітап қолда,  
Сол шығып матағаның, болсан қолда.  
Молданың сабак алған бірі болып,  
Дүниеден өтіп кетсөн жатып сонда!

Дүниенің ойға алмастан көбін-азын  
Құдайдың кім таусар қысы-жазын?!

Оқысам мен, ол Бабай - паровоз да,  
Бейсенбі (быһсенбе) күн ол ерте таң намазын!

Откен күн, жүрген жерлер ойға түсіп,  
“Барсам,-деп,- тағы айналып!”- көніл көшіп,  
Елтімес, дұғаныздан қылған үміт  
Құрық кол бибзағыт Мәшіүр-Жұсіп (Иосиф).

## Мәшіүр-Жұсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоктауы

Бісмілла- сөздін басында  
Көрдім бір қасірет жасымда!  
Опасыз дүние, а, дариға,  
Жан атам өтті, жаранлар,  
Иманы жолдас қасында!  
Сапар да қылды дүниеден  
Алпыс жеті жасында!  
Арманым ште көп болды-ау,  
Кептігі сондай- дерт болды-ау!  
Жан тапсырған уакытында  
Бола алмадым қасында!

Халайық, бір сөз қозғайын.  
Сұннеттен асып озбайын!  
Асылық сөйлеп Аллаға  
Шаригат сөзін бұзбайын!

Қарадан туып хан болған,  
Көргендерге таң болған!  
Арманда кеткен кешегі  
Хан атамды қозғайын!

Қозғамай қайтіп тұрайын,  
Күйікке не гып шыдайын?!  
Айтып болмас іс болды-ау  
Қалайша сабыр қылайын?!  
Мен Құдайға жылайын!  
Сөкпеніздер, жамағат,  
Кішкене жоктап сөйлейін!  
Арғынның жалғыз шырайын!

Бұл Арғынның ішінде  
Бар ма еді атамыз сынды(зәшінді)?!  
Айтып бір тамам қыла алман  
Қылып бір кеткен ісінді!  
Өлшеусіз қылып жаратқан  
Ақыл, бір қуат күшінді!  
Жібектен арқан есілді,  
Талай түйін шешілді.  
Сүйіндіктің баласы  
Салқынында саялап,  
Еркінше шауып көсілді.

Уа, дариға, жан атам,  
Дүниеден кетіп қалған соң,  
Сонша нөубет кесілді!  
Адастым гой ақылдан  
Жиярмын қайтіп есімді!  
Өткіздім ғой бұл жаста  
Жылаумен ерте-кешімді!  
Қасірет оты дау жанып,  
Өртеген жүрек, ішімді.  
·Көзімнен акқан қанды жас,  
Ертеден-кешке ағызып,  
Алайын сенен өшімді!

Ата-тегін сұрасан,  
Артық бір туған Анай-ды,  
Қаржастың қасқа мангаз[ы]  
Анайдан өніп тарайды.

Жасынан-ақ сөзге енген,  
Ойлаған жерден кез-келген,  
Заутекен, Дайыр, Тайтеке  
Артын болжап қыз берген.

Қалай мақтап айтсам да,  
Айтуға Аның жарайды.  
Анайдын үглұ - Мырзагұл,  
Олардан қалды үлгі жол.  
Құданың берген нәубеті ең,  
Бәріне бірдей болды мол!  
Қарадан ханға тәңеліп,  
Пәленше ханның тұсында  
Бек болып дәурен құрды сол!  
Байлығының кемі жок,  
Бектігінің міні жок,  
Тегіс бірдей ер жеткен,  
Бір өзінен алты үғыл (ұл)!

Құдайым берген несілті,  
Көгеріп арты өсіпті.  
Алты үглұның отауы  
Бір арада түсіпті.  
Қонған жері той болып,  
Қотан толған қой болып,  
Мазардай болып ордасы  
Ыргалып зорға көшіпті.  
Алты келин бір жерден  
Ағарып басы көрініп,  
Ақ маралдай керіліп,  
Тұрғанына жарасып,  
Қалкы (халкы) бір жұр қыр асып.  
“Бұ жердің аты айтуға:  
Ақкелін болсын!” -десілті.

Алты үглұның шіндегі  
“Тәті мырзан ғатанған  
Ат-айғырын ниаз қып,  
Қожалардан бата алған.  
Сүйіндіктің үглұнан  
Мырзалығын асырып,  
Едіге биден бата алған!

Ойлап тұрсам, ағалар,  
Асыл бір еткен газиздін  
Атасы менен бабасы.  
Байтық пенен биліктे  
Калмаган екен катараптан!

Төп атам баласы:  
Байқосі(Байкеш), Кошек (Күшк)- Үшқасіа,-  
Бірінен-бірін айрып,  
Қыла алмаган еш басқа!  
Байқосі(Байкеш) үрган жыныста  
Орта жұашы билері  
Жалғыз аудың соң сойлең,  
Ант қылған аудың ашпаста!

Абылай ханның асында  
Үш жұлап басы қосылған.  
Тәтпұлты Байқосі  
Бұлбұлтайын сайдраган,  
Бұластай ағып қайнаган'  
Екі иниңен шамшырақ  
Сөйтегенде жайнаган  
Коре алмаган күншілдер'  
"Жүрмелер!" - деп, қарғаган.

Ты менен көтеге шет болып,  
Өтіп кете қалыпты-ау  
Оты-қырықда жеткей-ак,  
Шаңбағтар сондай тым жаста!  
Өт атасы Шорекем  
Ағадан жетім қалыпты  
Ешкіннен гаяшт үйренбей.  
Аудына Құдай салыпты  
Жасынан кірп бистике  
Үлпі мен жасы таныпты.  
Аудынан дүрлер тогызп.  
Шам-шырагы жалыпты!

Қайран мениң жан атам  
Ата-баба аруатын  
Құдайым қалап берген сон,  
Бұлжыттай үстап қалыпты!

Байлық пенен биліктे  
Олардан ешкім аспады.  
Қанша бір дәulet бітсе де,  
Сонда асып-таспады!

Үзілмей келген асыл тек!  
Үзілмей келген асыл тек!  
Айта алмас ешкім бекер деп.  
Уа, дариға-ау, жан атам  
Өзінің тұсында, заманда  
Бәрінен келіп асканы!

Халайық, мұным дұрыс па,  
Шаригаттан бұрыс па?!

Сүйкіті болған жан атам  
Иман жүзді (иүзлі), шырайлы,  
Мұсылман тұгыл бір туган  
Атасы баска орыска!

Ен алғаш дуан ашқанда,  
Қазакқа низам шашқанда,  
Дуанбасы Шон болып,  
Шорекем сонан он болып,  
Тайында атқа қосылып,  
Айткан сөзі он болып,  
Қатарға кіріп сол жаста,  
Құдайым қалап ол баста,  
Он төрт жасар күнінде  
Сайланған (сайланған) еken болысқа!

Құдайым қалап туғызған,  
Құдайым қалап туғызған!  
Лайық қылып орынға!  
Дабысың кеткен жасынан,  
Рұм менен Қырымға!  
Ата-бабан жұрт аскан,  
Кем жері жоқ-ты бұрыннан.  
Хандай(Қындей) еді-ау жан атам,  
Ішімде кетті-ау көп қапам!  
Елі-жұрттым (жұрұттум) келгенде,  
Мұншылығым көргенде,  
Мендейн зарлы-мұнұлыға  
Үндемей қалу орын ба?!

Жасында кірген жарыска,  
Кеткен бір даңқы атысқа!  
Көленкен түсті көп жерге  
Аяғы алыс қанша елге?!

Бәріне бірдей болғаның  
Ағайын-Алаш танысқа!  
Ішім бір даулат жанады,  
Жалыны жүрегімді шалады,  
От түскендей қамысқа!

Қапыца кетті-ау, жан атам,  
Ойламаған орында!  
Бұйрық бір жетсе, агалар,  
Болжалсыз өлім алыс па?!

Абылайдан шықкан асыл зат  
Кенесары хандарға  
Жасында жолдас болғаның!  
Алашқа мырза атанып,  
Онда бір дәурен күрганың!  
Билік айтып, жол бастап,  
Ерлік етіп қол бастап,  
Куандық пенен Сүйіндік,  
[Қа]ракесек-Қарқабат,  
-Мейрамның басын қосқанда,  
Көзге жеке көрініп,  
Топтан жалғыз бөлініп,  
Жеке кара болғаның!

Аспанда жарық жұлдыздай,  
Мандайға біткен құндыздай  
Ханның болып еркесі,  
Арғынның болып серкесі,  
Толған айдай толғаның!  
Көрдіңіз бе, жамағат,  
Жан атамнан айрылып,  
Дүниеншің кызық нәубеті  
Опасы жоқ бол солғаның?!

Фақыл мен ғылым бірдей боп,  
Бойынан бәрі табылған.  
Өзінің айттар сөзінен  
Жоқ еді жері жанылған.

Тұл менен хатқа жүйрік бол,  
Алтынды қылыш тағынған.  
Россияның ұлығы  
Көруге жүзін сағынған.  
Не шешен, жүйрік ділмарлар  
Жан атам, сенің қасында  
Бәрінің аузы жабылған!

Мұхит-дария суындағы  
Факылы терең мол еді.  
Патшага өуел барғаны  
Елу бесінші жыл еді.  
Аққошқар, Шынғыс, Ыбырай-  
Бәрі де өншең данышпан,  
Тәттімбет пенен Секербай  
Бірге ілесіп барыскан.  
Бәрінің болып көсемі,  
Токталмас тілге шешені  
Аскан бір жері сол еді.

Пенденден беті қайтпады,  
Қашан бір өтші кеткенше,  
Адамға сырын айтпады!  
Ханқожа, Аблыз төре мен  
Патша таққа мінгенде,  
Екінші барып қайтқаны!  
Көзге бір сонда көрінген,  
Жан емес сөзден сүрінген.  
Газеттерге басылып,  
Шаһарлы жұртқа білінген!  
Патшаның тұрып алдында  
Сұраған өмбе (hәмме) сөз онан.  
Тайсалмай жауап айтқаны!

Күдайым қалап жаратқан,  
Жұртты аузына қаратқан.  
“Әмір, мағұрап жүргізіп,  
Шаригат сөзіп таратқан-  
Аркада сондай ерлер!”-деп,  
Боздал келген не ғазиз.  
Парсы мен Фъижмыр(Кашмир), ғарабтан.  
Сөлдесін(салласын) катем(кітам) ораған,

Қасиеті кардай бораған,  
Көрге ғашық жүзіне  
Балқып бір айтқан сөзіне  
Кожа, молда, ишандар  
Келген сол өрбір тарагттан!

Сондай бір келген ғазиздің  
Құрметін биліп жол еткен.  
Дүние малын аямай,  
Әлхам ықсан (хасан) мол еткен.  
Дәлалит қайыр көп қылып,  
Ат пенен атан байлатып,  
Қоралап қойды айдатып,  
Кіре-кіре малменен  
Керуендей қылып жөнелткен!  
Көріп-касер, мұсәпір  
Кайырымен күнелткен.  
Сырдан келген қожа да  
Атажан, сенің колыннан  
Кем шығар алмай құр кеткен?!

А, дарига-ау, жан атам,  
Мұндай қайыр ықсанды  
Ілгергі-соңғы жақсыда  
Онан бір басқа кім еткен?!

Жан атам еске түскенде,  
Ішім бір оттай күйеді.  
Өзі тірі күнінде  
Жығылғандарды түргышып,  
Қысылғандарды сүйеді.  
Келген бір қожа, молдалар  
Ырғап, жырғап жөнелген,  
Қатарлап тізіп түйені.  
Айғыр мен кошкар бір бөлек,  
Үйрлеп салып, айдаткан-  
Бауыры сүтті биені!

Біраз маукым басайын,  
Хикаят жүртқа шашайын!  
Сөкпеніздер, халайық,  
Біраз гана сөйлейін:  
Жад (иад) қылып Жаббар Иені!

Патшаға ауыз тілдескен,  
Тең құрбыдан ерте өскен,  
Сырттан сүйк жүрсе де,  
Губернатор бастықтар  
Корсе бір жүзін, елдескен.  
Еш ұлық сөзін бұзбаган,  
Адаммен дүшпан болмаган.  
Сөйлесіп кеткен ұлықтар-  
Шақырып бәрі: “Кел!”-дескен.  
Өлмейтін адам тұра ма,  
Отпейтін дүние бола ма?!  
Бұл опасыз дүниеде  
Ойлап тұрсам, ағалар,  
Мәңгі сұын кім ішкен?!

Өтіп кетті жақсылар,  
Кешеде журген атамыз!  
Атамыздан айырылып,  
Асқар таудай болды ғой,  
Басымда қайғы, қаламыз!

Бауыры сүйк кара жер-  
Бұжүрген жанның бәрін жер!  
Дем таусылған күнінде  
Біз-дағы бір күн жетеміз.  
Күйгенімнен сөйлеймін.  
Не болғаным білмеймін.  
Пендершилк, ағалар,  
Кешіргей Құдай қатеміз!  
Үй ішінде жақсылар,  
Өтін бір кеткен ғазизға  
Қабыл да болғай батаңы!

Асылы нұрдан жаралған,  
Құдайым сүйіп қалаған,  
Дәulet күс қонған басына,  
Қызыр бір келген қасына.  
Қайран менің жан атам  
Туган бір шакта анадан  
Аузына жұрты қараган.  
Хан болып тудың қарадан!  
Мінезің мен қылышың,

Көркін менен сипатын,  
Факыл, бак, ғылым, дәuletін-  
Қалыпқа құйған гауһардай  
Әр пендеге жараган!

Жан атам еске түскенде,  
Оттай бір даулап жанамын,  
Ортеніп кетіп барамын.  
Айтсаншы, жұртым, жамагат:  
“Қалайша сабыр кыл?!”-дейсін,  
“Жыламай кайтіп тұр?!”-дейсін.  
Мендейін зарлы көрдін бе,  
Айрылған гауһар-данадан?!

Қайран менің жан атам  
Патшадай болған жерінде.  
Тел-тентек коймаған  
Билеген қанша елінде!  
Найбатлы болған орысқа,  
Қылғаны келген дұрысқа!  
Тұқірігі жерге тұспеген,  
Басынан бағы көшпеген.  
Дүниенің түзеп низамын  
Дуанбасы күнінде  
Фаламнан озған алаяқ,  
Озып шыккан Алаштан.

Патшаның келіп баласы  
Сибирский губерния  
Бас қосқан жиын жерінде  
Патшаның келіп баласы  
Жиылған сібір халқына  
Омбының толған даласы.  
Сол араға бармаган,  
Қасқа мен жайсаң қалмаған.  
Қазактың сонда жиылған  
Не түрлік маңғаз сарасы!

Құданың берген бағында,  
Артық бак конған шағында  
Қайран менің жан атам  
Әр түрлі өнер (хонер) еткені-ай!

Өзі тендес жақсының  
Борінен озып кеткені –ай!  
Фақылының сондай данасы,  
Бак берген артық бар құдай,  
Бола алмас адам енді ондай!

Ақкошқар, Бидан, Жанайдар,  
Жайықбай үглы Ыбырай,  
Жанайұглы Жантөре  
Некербек, Неке- Момыннан,  
Әлібек, Мұса-Атығай,  
Уәлихан үглы хан Шыңғыс-  
Шықкан бір тегі Абылай.

Бұ жақтан марқұм Секербай,  
Шыныбай төре, Шалтынбай-  
Бәрінің болдың басында-ай!  
Жұзіктің гауһар тасындаій,  
Сонда бір қылған өнерің  
Айта алман теріп қалдырмай!

Үмтылған-жастай- өндірден,  
Берік болған- жібек, кендірден.  
Сөйлеген шакта халайық  
Аузына карап телмірген.  
Қара атының үстінде  
Неше түрлі ойын қып,  
Өнерін жұртқа білдірген!  
Екі стакан қымызды  
Баласына патшаның  
Торсықтан құйып бердірген.

Қарсы алдында құс салып,  
Үш кабат үйрек ілдірген.  
Қайран менің жан атам  
Сондай мәжіліс ойында,  
Бас қосқан қалың жиында,  
Владимир баласын  
Ерітіп айткан сөзімен,  
Үйір қылып өзімен,  
Хош қылып көңілін құлдірген!

Айдынды шалкар төніздей,  
Фақылы жазық кең еді.  
Қазактан туды десе де,  
Патшаларға тен еді.  
Аузына дұға құйылған,  
Айткан сөзі ем еді!

Неше жақсы өтпеді,  
Неше жақсы кетпеді?!  
Өзімен тұстас жақсының  
Бірі болса, бірі жок,  
Қай пендे өткен міні жок?!  
Сонда да көбі кем еді!  
Айтсаншы, жұртым, халайық,  
Асылыққа тәубе қылайық!  
Қатарласқан жақсыда  
Айналайын, халқым-ау,  
Атамнан аскан кім еді?!

Өзгеше туған ер едін,  
Халқының камын (гамын) жер едін!  
Бір біз емес, бар еді  
Алаштың үгелі – Аргынға  
Атажан, сенің керегін!  
Көленкелеп отырған  
Құлады менін тірегім!  
Айдынды шалкар көл еді,  
Дүшпан аспас бел еді!  
Ай батқандай қылдың да,  
Аластырып жөнедін!

Бұ Сібірдін патшасы  
Жолығып сізге өткені-ай!  
“Бұкара жүрттың камы үшін  
Омбылағы ұлыққа  
Келейін барып!” - деп едін.  
Қайтейін, тірі тұрмады-ау  
Бір сапар барып келгенше!  
Сағынып сонша асыққан  
Дін-мұсылман баласы  
Алтын жүзін көргенше!

Пайғамбар кеткен: “Үмбетң-деп,  
Үмбетінің қамын (ғамын) жеп.  
Сондай-ақ балам деместен,  
Айналайын, жан атам:  
“Халқым!”-деп, кетті-ау өлгенше!  
Несіп бір тартып тұр еken,  
Алланың әмірі зор еken!  
Жұлдыздың (жұлдызының) шықкан (шықған) нашіне  
Оңалмаған жол еken.

“Кетермін биыл!”-деп еді,  
Арманы ште көп еді.  
Өз арманын ойламай,  
Жұрт жабдығын жеп еді.  
Өз басына ойланған  
Еш жұмысы жоқ еді.

Ойланып барған жолында  
Мұндай да болды-ау сонында!  
“Тағдырға (тақдырга) табдил жоқн,- деген,  
Ойлап бір тұрсам, мол еken.

Қыс-қыстауың- Ақкелін,  
Ашы бір судың саласын.  
Аскар тауға тенедін  
Жердің бір жазық даласын.  
Алаканмен аялап,  
Көленкенмен саялап,  
“Қанаттыға қактырмай,  
Тұмсықтыға шоқытпай”,  
Еркелетін жүргіздін  
Сүйіндіктің баласын!

Ерте ойландың, бітпеді,  
Бітуге сәті жетпеді.  
“Куандық пен Сүйіндік-  
Егіз туған екі елдін  
Косайын басын,- деп едің-  
Біріктіріп арасын!”

Алланың әмірі күшті ғой,  
Ажалдың желі есті ғой!

Бұзып кетті дал-дал қып  
Арғын үглы Мейрамның  
Жел жағында панасын,  
Ығындағы қаласын!

Жазылтмас көнілім жарасы,  
Жан-жакка, жүртім, карашы!  
Қамкорда мұндай корғанды...  
...Алды-артынан туысқаннан  
Жалғызына шалдырмай,  
Күбылып гүл-гүл жайнаған.  
Жүртқа мүшкіл (мішкіл) сөз келсе,  
Ақ сұнкар құстай таранып,  
Жан-жағына каранып,  
Құрылған жа[қ]тай кезеніп,  
Қызыл тілі безеніп,  
Бұлактай ақкан, қайнаған,  
Дін ісіне басшы (башчы) боп,  
Сардар қаһар арыстандай,  
хәмметке белін байлаган!  
Қайсыбірін айттайын,  
Атажан, енді кайттайын!  
Ақыреттің жабдығын  
Күнбұрыннан сайлаган!  
Атажан, сенің тұсында  
Айдынды көлдей көрінген  
“Ақкеліннің даласы.

Рум менен Мысырдың  
Біреуіндей көрінген  
Отыз үйге жетпейтін  
Баянның бір аз қаласы!  
Арғын үглы Мейрамның  
Құдайым берген бағына  
Ығында едін қаласы,  
Сыртында едін панасы.  
Орта жүзде жеті арыс  
Өз тұсында, атажан,  
Арғынның болдың ағасы.  
Алтынды сауыт каттаудың  
Жыртылды гой жағасы!

Таласпаган бағына,  
Құдайым берген шағына,  
Ұлы жүз: Үйсін өрдегі,  
Кіші жүз-Алшын төмөнгі-  
Бұл үш жүздің баласы!

Дін шырагын жандырдын  
Баянаула тауына!  
Медресе, мешіт салдырдын  
Ғылымға пішкен холланы  
Әр жүрттан жиып алдырдын!  
Бал, шекер тамып сөзиңнен,  
Нұр балқып раушан жүзіннен,  
Жүргітын бір мейірін қандырдын!  
“Жүргт астын- деген жақсыны  
Жарыса сөйлеп келгенде,  
Ақылынан тандырдын!

Кетпеген бағын басыннан,  
Озгеше болдын жасыннан!  
Ескен жедей екпінін  
Тасты ерітпі балқытқан!  
Козғалмас кара жер еді,  
Ағызып судай қалқытқан-  
Екпіні жауган жанбырдын.  
Уа, дарига-ау, жан атам  
Хақтан өмір жеткен соң,  
Несіппі күні біткен соң,  
Опасыз пөни дүниені  
Артына мүнша неге қатырдын?!

Жайлабан жерің, ата жан,-  
Шыбынды көлдің копасы.  
Атаммен еді-ау, агалар,  
Бул дүниенін опасы!  
Озепімді өртеді  
Атамның кайғы, қапасы!  
Маган да (маганан) болды бұл дүние  
Сықылды қостын (құстын) хакасы (хапасы).  
Көріл-касер, міскінге  
Кең еді-ау қандай аркасы!

Бір біз емес, халайык,  
Жетім қалған сықылды  
Сүйіндіктің баласы,  
Жақсы-жаман баршасы!

Қайран менің жан атам,  
Күнінде сөйлеп оқыған,  
Калам Шариф құранды!  
Фалымнан ғалым тастамай,  
Дін мүшкілін(мішкілін) сұранды.  
Мың-мың қытып айдаған  
Торылы мен қытанды!  
Жетім-жесір, кәріптер (гариблар)  
Кайырымен (хайырымен) жұбанды!  
Жылтаган мұнұлы, мұсәпір  
Жан атамның тұсынан  
Жасын бір тыйып, уанды.  
Дүниенің толған теңізі  
Атам бір кетіп қалған сон,  
Орта бір түсіп суалды!

Бір Алладан тілеген,  
Өнері жоқ-ты білмеген.  
“Әмір, Мағруғң- айтқаны,  
Көңіліне мақтан кірметен.  
Аруак-ата жар болып,  
Мұнұлдар келіп түнеген.  
Кем-кетік, нашар, сорлының  
Атажан, сенің тұсында  
Хақысын ешкім жемеген!

Кісінің көңілін жыклаған.  
Бала айтса да, үнатып,  
Дегенінен шыклаған!  
Мұсылман пендे баласын  
Еш тиітей көңілін ауыртып:  
“Мынауың былай!”- демеген.  
Тел-тентек білместі  
Насихатпенен жөндеген!  
Бұ қазактың ішінде  
Откен-кеткен жақсыла  
Баршасы түтел табылып,  
Атажан, сізлей келмеген!

Өтіп бір кеткен атамның  
Жер жок-ты даңқы бармаған!  
Дүние ақырет ісінен  
Кытмаган өнер қалмаған.  
Бір шеті- Бұхар, Самарканд  
Бір шеті- Ірбіт, Мекемжар  
Орынборым-Сібірде  
Асыты бар ма алмаған?!

Дүниеден өтіп кеткенше,  
Басынан бағы таймаған!  
Сау күнделігі қалпындей  
Ақытынан танбаған!

Дүние бағын сұрасан,  
Тайы қысыр қалмаған!  
Тайлағы [жок] бота салмаған,  
Жасауыл майор, полковник,  
Наград: медаль, орденнен  
Қалды ма шен атам алмаған?!

Ақырет бағын сұрасан,  
Ишан, кожа, молдада  
Құлак естір жерлерде  
Некен-сақ болмаса,  
Кемде-кем-ак аз шығар.  
Атамнан дүние алмаған?!

Бұл опасы жоқ дүние  
Кімдер (кімлер) дейсін қалмаған?!

Дін-исламның туындей,  
Сүйіндіктің корғаны.  
Мейрамның орта жерінен  
Шамшырак болып тұрганы!  
Алдынан шықсын иманы,  
Қаза қытмай оқыған:  
Ораза, намаз, құраны!  
Діталат жер көп қылған  
Садака, зекет, құрбаны.  
Алдына келген тар жерден  
Бейшара, кәріп, мұнтыға  
Ракым, шапағат (шапқат) қылғаны!  
Перштегер кайтарғай

Мейрбан (мәһірман) болып Құлайым!  
Хандай еді-ау жан атам  
Кысылып келген мұктажға  
Жақсы-жаман деместен,  
Дертіне дуа болғаны!

Дін ісін артық күзеткен,  
Дәuletін ондал түзеткен.  
Садақа, зекет бергізіп,  
Өлгенге хатым қылғызып,  
Шарифат ісін жүргізи,  
Көркейтіп дінді безеткен!  
“Қазадан бұрын өлді!”-деп,  
Арманда жұртым деменіз.  
Орда[да] Шыңғыс хан өткен,  
Орманбеттей (Ормамбеттей) би өткен,  
Кайран менің жан атам  
Тұғырда сұнкар түлеткен!  
Құданың досы (дос-ты) Мұхаммед,  
Бұл опасыз дүниеде  
Арманына кім жеткен?!

Керекуден жөнелші,  
Азар деп зорға кеткені-ай!  
Ондағы дос-жар (дошчар) ағайын,  
Жібермей құрмет еткені-ай!  
Құдадан әмір болған сон,  
Таусылар демі Омбыда  
Шактылы уақыт жеткені-ай!  
Тәһараты бойында,  
Тәңір ісі болып ойында.  
Айналайын, жан атам,  
Жайнамаздың үстінде  
Сәждеде жатып өткені-ай!  
Қожа, молда, дұғагөй-  
“Сөлем!” -деп, барша халқына,  
Бала-шага, үй іші,  
Қалған бір жұрты- артына,  
Бұрынғы түсіп калпына:  
“Аллан, “Аллан-деуменен  
Жаңылмай түл кеткені-ай!

Қайран менің жан атам  
Мінезі жұмсақ мұләйім-  
Қырмызы - қызыл жабектен!  
Ойлаган ойың кең еді-ау-  
Оралған арал, тұбектен!  
“Жанымға батты!” - демедін,  
“Науқасым қатты!” - демедін.  
Уақыты солай болған соң,  
Ақырда (ахырда) кетті-ау себеп бол,  
Қазага келген сүм дерттен!

Несіл болған өз бағын,  
Қолдан бір кеткен аруағын!  
Губернатор-генерал  
Справедливый государь  
Секретный қағазбен:  
“Спокойно жеткіз!” - деп,  
Тәрбилип, құрметлеп,  
Денесін асыл жөнелткен!  
Генерал-губернатордың хақынан  
Фылахинан айтылған сөз  
Губернатор Князков,  
Ертерек болған Горшаков,  
Кашрит пенен Докумил,  
Онан соң Гришов (Коршов), Казнаков  
Мешеринков мұнын алдынан  
О да кеткен тұрмай көп!  
Бұ патшаның жұртынан  
Бар ма екен мұндай генерал (жандарал)  
Ерлік пенен білімнен?!  
Бәріне мұндай болған жок!  
“Губернатор Степной,  
Колпоковский генерал  
Спокойно дельнер!” - деп,  
Мұндайды қашан көріп ек?!

Бек тыныш дело (тыныш диле) кіргізін,  
Ұлық та болса, жарықтық;  
“Жалко!” - деп, аяп, илген!  
Қадірін танып газиздің  
Қазақтан бетер күйінген!

Олай-быладай қалдырмай,  
Сол арага қойдырмай.  
Тең жөнелткен жерине!  
“Тә[н]ір жарытгасынн-көп айтып,  
Сүйишик талқы сүйінген!

Переводчик касында  
Жіптің асыл сарасы!  
Ешмұтаммед Шекіұтты  
Хан штандын батасы.  
Үш жүш жүргіп билеген,  
Абылтай хан-арғы бабасы'  
Ұлықта жакын болғаны,  
Сүйюмди болып тұрғаны-  
Фақытының артық танкесі'  
Кысылшан келген тар жерде  
Атама юлтан достығын  
Хан штандын, қарашы!

Жетіп келте сүйегі  
Үштан бір дәулет күсынтай!  
Оліп асып приден  
Басқага пары косытмай,  
Бар еді кімнің есінде.  
Болады деген осмынтай”  
Құданын сүйінген күлгіна  
Едін бір таухи косылған’

Басқасын артық күтушин  
Інетеп (пынғатап) күрмет етуши!  
Омыздан кіймай алдырыған  
Үстілін қалды тұтагай!  
Бак күсынан адасып,  
Заманынан бүтін гүсенді  
Кіспі ішеп қырға келеді,  
Шахареттын иштан, молласы”  
Кенпеде откен атамның  
Иманын болғай ялласы!  
Үш Карибра, Қоктебе  
Он екі жаткан Қазыттык  
Ак ордасы бүймітпі.  
Көрі той кайран күткесі!

Қайда кетті, жарандар,  
Қайран менің жан атам,  
Сүйіндіктің тұлғасы!

Хак жарылқап күнәсын (кенесін),  
Рақметің мол Алла шын,  
Раббым, өзің оңдашы!  
Шапагатшы пайғамбар  
Досын(достын) ирөр шаһариар.  
Атама болып медет жар (иар),  
Үмбетінді қолдашы!

Өзгеше болған бағынды  
Айта алман, ата-ау, шамалап!  
Жетіл бір келдің тіріндей,  
Қақ жарып дуан аралап.  
Жолдағы көрген жан біткен,  
Қозыдай шулап маңыраган:  
“Қазактың ханы кетті!”-деп,  
Баршасы бірдей зарлаган.  
Жүргізбеген шанасын,  
Жол үстінде камалап!  
Кәріп-қасер, кем-кетік  
Жақсылық кімнен дәметіп,  
Жанына қысым келгенде,  
Барап бір қайда паналап?!

Кеше атамның тұсында,  
Малсыздар байып малданды.  
Әркімнің тауып ақылын,  
Жоқ қылған дау-шар жаңжалды!  
Достары сырттан сүйини;  
Зер қадрін білмеген,  
Жамандар босқа күйініп,  
Сүйіндіктің баласын  
Тоздырмай тұрған ісіне,  
Сұқтанып әр жұрт таңданды!  
Ажалға қайрат, өнер жок,  
Еш нәрсе қолдан келер жок,  
Нұрым, Иса Бадишов  
Тілеулем болған жолыңа,-  
Олар да жаман сандалды!

Бішірмей кетпің ішінде,  
Көргенінді түсінде.  
Келемін деген сөзіне,  
Зар болып басқан ізіне,  
Балалар мен ағайын  
Алданып босқа қам қалды!

Жан кеткен сон денеден,  
Халқына карай үшканы!  
Нұр болып қылған амалы(ғамалы),  
Кор қызы болғай қүшканы!  
Керекуден-Хұсайын  
Естіл жолын тосканы!  
Ниеті бірге болған сон,  
Тәңірінің о да тосканы!  
Достары қылған шүкірлік:  
“Денесі қолға келді!”-деп,  
“Кетпеген, бақыты өнді!”-деп.  
Асыл сондай шаһбазды  
Кемітер қандай дүшпаны?!

Шектім бір ката жасымда,  
Арылмас қайғы басымда!  
Ниеттес бірге достасы,  
Тілеуі бірге бастасы.  
Көзінен көріп өткізген  
Тар жерде болып басында,  
Шыныгыс бір сұлтан касында!  
Қандай халменен өткенін,  
Шаһидлікке мұафік  
Таһаратпенен кеткенін,  
Фариблікте сәждеде  
Таусылып демі біткенін,  
Ла-ила, илла, Алла!-  
Тілінде жары еткенін,  
Алишынбай үглы Қакабай  
Ақылын о да жия алмай,  
Көзінен жасын тыя алмай,  
Айтып бір келген осында!  
  
Бісімлладан сөз басы,  
Агады тынбай көз жасы.

О да осылай сөйлеген  
Міржақып еді-ау жолдасы!  
Жұман да жазған қалдырмай,  
Онын да сөзі осындай:  
-“Әлде қандай өтті?”-деп,  
“Қай халменен кетті?”-деп,  
Оған бір қапа болмашы,  
Иманы-деп біл,-жолдасы!  
Сабак альп оқуга  
Перште болғай молдасы!  
Қайран менің жан атам,  
Январьдың (гинуардың) первый басында,  
Бейсенбі күні бесінде  
Халайықтың келіп ішінде  
Жерге бір тиді-ау жамбасы!

Сүйегін үйден шығарған,  
Көтеріп қауым-карында.  
Енді мұндай Арғынға  
Көрмек түгіл көзіңмен,  
Түгел боп туған асыл зат  
Естүте де табылmas!  
Мыңдан аса жылып,  
Жаңбырдай болып көз жасы.  
Бетінен саулап құйылып,  
Тегіс бірдей шулаған,  
Жылаған сонда кәрі-жас.

Екі мыңға жақын адамның  
Бәрінің болып есі жоқ  
Сонша жанның ішінде  
Жыламаған кісі жоқ.  
Ақылынан айырылған,  
Қайғымен бәрі зар қылған,  
Дейсің бе соның бәрі мас?!

Мереке болды-ау бү жұртқа  
Денесі өткен газиздің  
Ұшқандай жетіп келгені!  
Тіріден артық болды гой  
Ен аяғы өлгені!

Россияның ұлығы  
Ондай жерде босатып,  
Жіберер ме еді өнгені?!

Жұз жылқы, жұз қой, он түйе,  
Әдейі ыскат садака  
Қабірге дат сарп қылған,  
Сыйытқа бес жұз тенғені.  
Қабыл болғай баршасы:  
Кожа, молда, кәріпке  
Аямай малды бергені!

Естіген пенде жылған:  
Сүйіндіктің ішінде  
Айдынды туы құлаған!  
Артында қалған ағайын  
Шүкірлік қылған бұл іске,  
Баршасын білп Құдадан!  
“Арты жақсы болғай!”-деп,  
“Бұзылмай, орны тұргай!”-деп,  
“Үзілмей келген кәрі аруақ (аруах)  
Атаға қонған артық бақ  
Сәкенжанға қонгай!”-деп,-  
Жұрт болып тілеу сұраған!

“Иншалла, Сәкен тартқандай  
-Атасының салтына!”  
Құдайға шүкір қылайық:  
Жарастықты баланы  
Қалдырыған оның артына.  
Фылым мен ғақыл, парасат  
Міне, сыйып келген лайықты  
Жақсылардың қалпына!  
Өлі емес әлі, тірідей  
Атамның аруақ бақты(бақтысы)  
Сүйіндіктің халқына!

Алты жыл бұрын өзінен  
Өтіп бір кеткен дүниеден  
Тетелес туган інісі.  
Жарасқан ұнап келісі,  
Жас күнінен бір болған  
Тұрысы мен жүрісі.

Берекелі болғай-ды,  
Біраз күн аман тұргай-ды  
Дұғағөй болып артында-  
Аужан, Иса мырзалар-  
Ендігі қалған тірісі.  
Уа, дариға-ау, атажан  
Жылағаннан пайда жок;  
Қылар да бұған хайла жок,  
Құдіреттің болды бір ісі!

Жұрт болып: Сәкен тілеуін  
Бір Құдайдан сұрайды:  
“Көп тілеуі-көл”, - деген,  
“Бак берсе, Тәңірім, онай-дың,  
Біләл, Жәми балалар,  
Көкірегінде сана бар,  
Жасынан көрген жетімдік.  
“Атам барда жетім бе ек?” -  
Деп қайғырып мұнайды.  
“Атажан, мені артында  
Тапсырып кімге кеттің?” - деп,  
Кәбішжан қатты жылайды.

Есен(асан) бір болғай хисабы,  
Бейштеп болып төсегі!  
Кайда кетті, жараңлар,  
Арғынның жалғыз(иалғыз) көсемі,  
Мейрамның жүйрік шешені?!  
Қожа, молда, аксақал,  
Айтқаны келсін, амин:  
“Өзі болып иманды (иманлы)  
Оналар арты!” –деседі.

Шөкем мен Құсан, Токқожа,  
Жасынан бірге жүріп ен,  
Не кызығын көріп ен!  
“Бұл не?” - деген күн болды-ау,  
Атам бір қайда (қынан) кешегі?!

Жұрт болып шулап айтады:  
“Сәкенжан, басың көтер!” - деп.

“Көтермесен басынды  
Жұдеп бір жұртың кетер!”-деп.  
“Сен басынды көтерсек,  
Атанның аруак бактысы  
Жар болып медет етер!”-деп.  
Көптің аузы дуалы  
Халықты болмас бекер деп.  
“Енді сен жүріп тұрмасан,  
Атаңың жолын кумасан,  
Әлдекімнің аузына  
Қарап тұрсақ, катты күн,  
Сонда бізге ғазиздің  
Өлгениңен киын өтер!”-деп.

Тілеймін, халқым, сізлерден  
Бізге де камқор болыныз!  
Жетімдік бізге түсіп тұр,  
Көз қырын салып тұрыныз!  
Пайғамбар көрген жетімдік,  
Құдадан қайтын, ағайын,  
Қылған бір қызмет мұныныз!  
Үй ішінде жылаған  
Кожа, молда, аксакал,  
Өтіп бір кеткен ғазиздің  
Рухына дұға қылышы!

## Мұқыш Жұпарұлы

Алашка күйінші болған қаза,  
Айырылып манатынан асыл таза.  
Қайғылы, кам көңілді, жолдастардың  
Өлеңмен көңілін аулап, салған аза!

Сарғайтты мынау қаза саналы ерді,  
Келтірмей кемеліне кеменгерді!  
“Жұрсін,- деп, - жұрт аузында,” - қылдым кеңес,  
Боштаев Жұпарұлы Мұқыш ерді.

Еді ғой есіл Мұқыш ердің ері!  
Қазактың касқа жайсан қеменгері!  
Бір жүрген жанына ерген жолдастарға  
Бар еді көкейкесті талай жері!

Қалірлі қадір тұннің - кешесі еді,  
Семейдін, жүрген жері, көшесі еді.  
Секцияның бастығы, казак туы,  
Сов.нар.сот. сотының мүшесі еді.

Кіршіксіз таза еді ғой аккан судай,  
Сымбатты, кияпatty, мойны қудай.  
Ауызға ерте ілініл, көзге түскен,  
Алаштың ордасында жасыл тудай.

Талай жан шыдай алмай бәзектеген,  
“Біреуге ерте, біреу кеш-кезек”-деген.  
“Қазасы неден болды?”-деушілерге:  
“Дерт алды: жүқпалы ауру-сүзек”,-деген.

Мешін жылы, октябрь, қыс басында,  
Ұзармаган өмірдің қысқасында,  
Ойламаган орыннан жетті-ау тағдыр  
Қыршын жас – отыз алты-дер жасында!

Көктерек – Аягөздің бауырында,  
Қазанның қаба сокқан дауылында.  
Тоғыз күн ауырып жатып, дүние салды,  
Жанахмет – Сәрсенбінің ауылында.

Жоктаймын Алаш білген азаматты,  
Сенделткен қайғысымен жуық, жатты.  
Тал түсте күн батқандай боп қалған сон,  
Аргын тұгыл, Найманга катты батты.

Үндерде не жаксы: -Құран үн!  
Тұндерле не жаксы: -Қадір тұн!  
Жанаша октябрьдің сезізінде  
Шарапатты, данкы зор- жұма күн!

Басылған Құдіреттен мөр таңдайына,  
Жұрт нанған жанған жарық шамдайына!  
Ер болды сөз боларлық ел аузында,  
Қазактың сыймай кеткен мәндайына!

Үнаткан орыс, казак адамдығын,  
Белге қуат, көңілге күш боп, тығын.  
Керекті, дер күнінде өлгендігі-  
Қазакка каза болды бір зор шығын.

Жоқ екен-өткен өмір қайтып келмек,  
Бір бос сөз, жол қыскартар емес ермек.  
Шаһбаздың қылған ісін, өткір күшін,  
Міндепті-кейінгіге айтып жүрмек!

Мұндай гып шығара алмас қолдан еккен,  
Шұбар төс, шыңжыр балак,-дегдар тектен.  
Арғынның сау ері(сәуірі) боп, ат аталған,  
Куандық, шығып еді, Сүйіндіктен.

Еш ұста жасай алмас соғып қолдан,  
Келтірген Құдай патша жасап молдан.  
Шақталып шығып еді мұлтіксіз боп,  
Күлік пен туған егіз Айдаболдан!

Бабасы Төлебайға бақ қараған,  
Тұыпты Едіге, Еламан бір анадан.  
Тұрынбай, онан: Бәзіл, Боштай туып,  
Уақытында асып өткен хан, карадан.

Ол Боштай болып өткен дуанбасы,  
Хан болған өз тұсында кара басы.  
Құнінде дуанбасы ажал тапқан,  
Дер кезі- отыз жеті -қыршын жасы!

Баласы Хұсайынға кезек келген,  
Болыс боп он жетіде кенеске енген.  
Аяғы өмірінде бір таймаған (таймастан),  
Тигізген атқан оғын-болған мерген!

Хандармен қатарласқан кара басы,  
Күнде той, күнде жиын болған қасы.  
Көріне болыстығы бірге түскен,  
Өзі өлгеніше, жетпістен асып жасы.

Асылдың жұрнағынлай кенересі,  
Көп болған аталас пен енелесі.  
Әкесі Жұпар ерте жастай өлген:  
Бұл Мұқыш-Хұсайынның немересі!

Ажал бір-күткармайтын қанды қақпан,  
Жұлдыздай жоғалады бір-ақ аккан!  
Менгеріп бірнеше жыл халқын бағып,  
Жұпар да болыс күнде қаза тапқан.

Хұсайын-Сүйіндікте: ел ағасы,  
Болыстың бір үйе зде первый басы.  
Мұқышты Павлодарда берді оқуға,  
Кезінде он үш-он төрт жас шамасы.

Екі жыл оқу оқып сонда тұрды,  
Өзі құрбы баладан озық болды.  
“Мынау адам болатын бала екен!”-деп,  
Сүйініп көрген жанның көңілі толды.

Толқынын замананың ойына алып:  
“Шығар-деп,-осы балам топты жарыпн ,  
Кіргізді гимназия мектебіне,  
Семейге ертіп өзі алып барып.

Семейде бірнеше жыл өмірі өтіп,  
Оқуын гимназия тамам етіп.  
Хұсекен қыз айттырып алып берді,  
Баланың үйленгенін қуаныш етіп.

Бірталай бұл ортада заман өтті,  
Оқуды бұл жақтағы тамам етті.  
Университет: зан ғылымын оқу үшін,  
Петрбурға баруға жүріп кетті.

Бақ, аруақ тұқымына қонған күшті,  
Талпынып бала құстай шарыққа үшты.  
Барған сон Петрбурға қайтпай тіпті,  
Юридический факультет, соған түсті,

Хұсекен ажал жетіп, бұл жақта өліп,  
Баланың оқудағы көңілін бөліп.  
Бара алмай бірер жылдай тоқтап қалды,  
Арқаға аман-есен қайтып келіп.

Қатыны алғашқы алған және де өлді,  
Опасыз жалған құр көңілін бөлді.  
Мағлұм, Жәми Мұса үглы Шормановтар  
Қалыңсыз, дәнене алмастан қызын берді.

Бастапқы қатынынан бір үл қалды,  
Бала қып нағашысы қолына алды  
Қыз алдым деп алданбай, сырт айналмай,  
Тағы да университет Қазан барды.

Казанда бірнеше жыл қалды жатып,  
Ғылым менен білімнің дәмін татып.  
Бітіріп университет, келді кайтып,  
Бұлтсыз жаркыраған таңдай атып.

Бұл қашан бұл жалғанға мойнын бүрді,  
Әр қайда жақсылармен мәжіліс құрды.  
Мың тогыз жұз он жеті жыл ішінде  
Семейге өз еркімен барып тұрды.

Төңкеріс туып заман ойлы-қырлы,  
Қаңбактай домалантып қыр мен сырды,  
Ақырған аюменен бөрі алысып,  
Сандалтып бірін-бірі жаман қырды.

Жүрісі, тұрысы мен болып (дәрі) ірі,  
Іі әбден жетіп шыққан болмай сірі,  
Халқы үшін жанын кешіп қылды қызмет,  
Жігіттің катардағы болып бірі.

Дүние өтер: біреу күліп, біреу жылап,  
Бак, дәурен қолға тұрмас, болып сынап.  
Үш жұз төрт жыл тоғыз ай дәурен сұрген  
Романов жалғыз күнде тактан құлап.

Алай-тулей заман боп, үйкі-түйкі,  
Бак пен тақтың бұрынғы кетіп сиқы.  
Асыл Мұқыш тұп-тұзу түтел жүрді,  
Заман болып тұrsa да қиқы-жиқы.

Танытуға ел-жүртка жана тұрды,  
Жеке кара қасқайып Мұқыш жүрді.  
Комитеттер ашуға Павлодардан  
Жүрт аралап Семейден Мұқыш келді.

Нашарлар қой орнына көгенделген,  
Жақсы қалып, жамандар неге өлмеген?!

Мұқыш келип тенгеріп азды-көпке,  
Залымдарды еркіне жібермеген.

Азулының ұлытып ұлықтарын,  
Жүрт құлғендей қойғызып былықтарын.  
Болысқаның нашарға еске түссе,  
Ұмытпастай бар еді-ау қылықтарын!

Жұрген жері көгерді, жайлау болды,  
Қазакқа бір мыкты аркан байлау болды.  
“Күрьыттай бас қосатын бір жер бар!” - деп,  
Халық ішінде көп кеңес сайлау болды.

Көрініп жұрт көзіне бір мінді атқа,  
Жазылды Мұқыш аты әрбір хатка,  
Баруға құрылтайға даярланып,  
Сайланды көп ішінен депутатка.

Болды ма, болмады ма- о да кетті,  
Сөз болып жұрт аузында бір ретті.  
Мың тоғыз жүз жылында және он сегіз  
Казактың тұнғыш соты ашты бетті.

Қажырлы оған керек адап кісі,  
Өзін-озі бағута жеткен күши.  
Ішпейтін-жемейтүғын періштедей,  
Жалғанмен кеткен тіпті болмай ісі.

Отырарлық ер ме еді от басында,  
Пенде ақысын - бекіген жұтпасына.  
Хак қалап, халық үйғарып ұнатқан соң,  
Председатель сайланды сот басына.

Дәл сол жылы тәңкеріс тагы болды,  
Керенский құлады, псми құрды.  
Меншевик, большевик боп ат атанип,  
Большевик хұқіметі орнап тұрды.

Езілген жұрт әркімнің табанында,  
Біле алмай жақсысын да, жаманын да,  
Қазак соты танытып орнатылды  
Тенідік тиіп, большевик заманында.

Мұқыш соттың жұмысын жүргізгені,  
Әділдігін алашқа билізгені.  
Бұзакы, бұзғыштарға тыю салып,  
Жылтаулыны қуантып құлғізгені.

Тұзуліктің заманы оянды ма?!

Бұзылғандар әдетін коя алды ма?!

Майқы, Танаш, Башанды, -бидайықтай,  
Куырып барды Мұқыш Кояндыға!

Жұрт көзіне көрініп шықты дәнге,  
Калшиып қарысканды салды жөнге.  
Қарекесек халқының ұрылары  
Тығылды сасқанынан іннен -інгे.

Ақ жолын әділлітің орындаған,  
“Жан бар-ау!”-деп, жасқанып қорынбаған.  
Беделі мен ажарын керек қылмай,  
Тұзулұқ, туралықтан бұрылмаған.

Аяғын әділдікке анық басты,  
Бет алдынан жын шайтан үркіл қашты.  
Қояндыла алдымен алды қолға  
Үрлікта жалықпайтын Жалықбасты.

Жалықбаста: Кенгіrbай, Танаш еді,  
Тұпсіз, тексіз, туысы талас еді.  
Жуансынған зор кеуде ұры басы,  
Мақай болыс Кенгіrbай баласы еді.

Аты-шұлы, атағы жұртта шыққан,  
Еш ұлықтан жасқанып емес ыққан.  
Қан жылатып, нашарды зар енцетіп,  
Пара менен үрлікты қабат сокқан.

Жұрт алдында бадырайтып мінін тапкан,  
Алдымен абактыға соны жапкан.  
Солдатпенен жөнелткен Семейге айдал,  
Сұранса да қанша жұрт тұс-тұс жактан.

Өзіне бет берген соң патша құдай,  
Ешбір жан дей алмаған: “Мұнын былай!”  
Ақаев, Шәкөрім мен Нармамбеттер,-  
Алдына бәрі бірдей келген сұрай.

-Тимендер, токтатпандар, барсын!-деген.  
-Үйкісі абактыда қансын!-деген.  
-Нашарлар кеп тлесе, босатайын,  
Кедей келіп сұранып, алсын!-деген.

Керек қылтып келмеген жалғыз кедей:  
“Кеткеніне тойдық,-деп,-ішпей-жемей!”  
Терезениң тубінде кедей біткен  
Шулап алғыс бергені бұ күнгідей.

Кедей сорлы бір ашты сонда көзін,  
Танығандай боп қалды әркім өзін.  
Мыңнан біреу қалмақшы танып зорға:  
Дүние[нің] бір ретіне келген кезін.

Қазактың бақытсыздық жерін қара,  
Не қылса, Тәнірім қылды, бар ма шара?!

“Сібірге қожамын!”- деп, Колчак келді:  
“Менен асар жан жок,-деп- жеке кара!”

Дүрілдетіп карағанды жанған оты,  
Жабылды сөне қалып казак соты.  
Күн туып залымдардың пайдасына,  
Енді ешкімнің жүрмейтін болды ходы(хоты).

Іс ынғайсыз болғанын жетік білді,  
“Қыла алман-деп,-халқыма қызмет енді!”  
Анау-мынау пәледен қағас болып,  
Семейді тастай беріш, елге келді.

“[Боз]інген, Бозайғырдай” -бұ да бір күй,  
Баяғы қайда кетті “әліф” пен “би”?!

Үйінде бір жаз, бір қыс бұғып жатып,  
Салдырыды өзіне арнап бір ағаш үй.

Көп ұзамай тезінен Колчак құрды(құрыды),  
Советтің үкіметі қайта тұрды.  
Тыю, токтау салуга бұзғыштарға  
Қазактың тағы да ашып, сотын құрды.

Шешениң көпке ортақ кой тіл мен жағы,  
Жүйрік ат, шешен жігіт- елдің бағы.  
Семейге шакырылды өткен қыста:  
Сайланып председатель сотқа тағы.

[Тура]лық тұзулікпен кеттің кайда,  
Бермендің жолдасына сен де пайда!  
Ағаш үй шала-шарпы кала берді,  
Семейге барды Мұқыш өткен майда.

Соттың первый человек басы болды,  
Алтысында отыздын жасы болды.  
Үйде отырмас қу аяқ бұзғыштардың  
Абактысы отының басы болды,

Тұні туды залымдардың Құдай атқан,  
Суыр болды пысықтар інде жатқан.  
Ақсакал, қажекендер закот болды,  
Ел арапап, дау даулап, арын сатқан.

Алдына нашар жылап барушы еді,  
Залымдарды жамбасқа алушы еді,  
Баязид, Әшім, Мәлік, Әбужүсіп,  
Слейш қалта қарап қалушы еді.

Бұрылмай Еламанның шатасына,  
Аға тұғыл, қайыспай атасына.  
“Бұкасын қасқыр жеген катындық!” -  
Мың байдың айттар сөзім батасына.

Түйе боздап келеді ботасына,  
Қылыр болған, қонағым, жатасын ба ?!  
Қонак конса, ботамды ит-құс жейді,  
Мен сиейін қонақтың батасына.

Алай-түлей залымды үйттің-бүйттің,  
Бұзғыштарды түтінге ыстал үйттің.  
Батасында қабылдық жоқ шайтанның  
Құдай-сорлы жаратқан кедей иттің.

Кайран Мұқыш, өмірің қысқа болды,  
Дүшпаныңа дегенің досқа болды.  
Өзі өлсе де, жақсының аты өлмейді,  
Ақ қағазда атағың нұсқа болды.

Қазактың бала болып соты туды,  
Өрістетіп жайылттай пысық қуды.  
Сот ісін толыктырып, көркейтуе  
Кайрат қып, Мұқыш белін бекем буды.

[Ор]талық сотының Семей-жайы,  
Сот алдында теңбе-тең жарлы-байы.  
Аудандық соттар ісін басқаруга  
Қолға алды былтыр өткен июнь айы.

[Сем]ей мен Қарқаралы дуан барды,  
Істерін тексеруте қолына алды.  
[Кы]змет қылмай жай жатқан судьяларды  
Каталешке жасатып жауып салды.

Жуандар жінішкерді болып қылдай,  
Жақсыға-күн, жаманға-дәл бір жылдай!  
Ешкімнің карамады ажарына  
Таныстық, жолдастығын керек қылмай!

Одан қайтып түзеді Семей сотын,  
Күштілерден нашарлар алды схотын.  
Қара жерден жүргізді қайықтай қып,  
Туралық, түзуліктің пароходын.

Қаракшы, ұры, залым қойдай ықты,  
Қайда кетті бұрынғы батыр, мықты?!

Әділет пен (ғадалат пен) акылды көркейтуге  
Өскемен, Зайсан жакқа- солай шыкты.

Жүрген-тұрған жұмысы бәрі бапты,  
Көрген-білген аңырайып шулап қапты.  
Сүзек деген бір пәле душар болып,  
Жетісу өлкесінде каза тапты.

Айттым не, айтпадым не ендігісін,  
Өлімнің кім біледі ерте-кешиң?!

“Құдай раҳмат қылсын-деп, - асыл ерге!”  
Бір дуа естігендер қылу үшін!

Жанғырықкан аза тұтып тау мен тас та,  
Қамықлаған жан жок-ты алты алашта.  
Алғашқы қатынынан қалған ұлы  
Оқып жүр, дәл осы күн он бір жаста,  
Бұ дүние өз қалпына бір қайтады,  
Талайды қамықтырып мұнайтады.  
“Сонғы алған Жәмиқызы Ракиладан  
Екі қыз, бір үл бар!”-деп, жүрт айтады.

Опасыз сүм жалғанға сен не дерсің,  
Уайымнан дәнеме өнбес, кой, жүдерсің!  
Жетім-жесір, жас қалған балаларға  
Жасаған Ием көркем сабыр берсін!

Тұғырдан ұшып кетті дәулет құсы,  
Көрген-бакқан қызығы –болды өз тұсы.  
Мұқыштың, марқұм болған, ел-жұртына  
Өмірі, өз әлінше қызметі осы.

“Айтты,-деп,-айыпта[ма] –мұның несін?!”  
Құдай өзі мұсіркеп: “Құлым!”-десін!  
Өлді, тапты Құдайын өлғен адам,  
Айтайын қалғандардың қылған ісін.

Адам аз, дүние толған жын мен пері,  
Есіл ер жүре алмады-ау аз күн тірі!  
Еді ғой кеше Мұқыш алаш білген-  
Қазактың кайратты, адал қызметкери!

Қызметін көрмей қалды-ау қазақ және (жана)!  
Қызығын көре алмады-ау қатын-бала!  
“Бар” –деп, балап болмайды, “Жоқ!”-деп санап,  
Ағайын артқы қалған жайы азғана.

Мұқыштың өлгениңе Алаш күйді,  
Мақал бар: “Халық сүйгенді Құдай сүйді!”  
Шуларсын, күніренерсің, күнелтерсің:  
Бір жазда Жанқозыға екі оқ тиді.

Біреуі-Торайғыров алдында өткен,  
Қайғырған бұған- дағы қазақ біткен.  
Екеуі тізе қосып, бас қоса алмай,  
Қысқа боп өмір жасы, жедел кеткен.

Бұл Мұқыш Өрге барып дүние салды,  
Аяқөз, Қектеректе ажал алды.  
Жадағай мұныменен кала берсе,  
Демей ме: “Алтын қеуде қайда қалды?!”

Ойыма жаңа түсті сөздін расы,  
Найманның көзбен көрді көрі-жасы!  
Хат жазған телеграммен көңіл айтып,  
Назаров-жүрген бірге жан жолдасы.

Почтамен кайта-қайта қағаз салып,  
Кадірін білгендіктен өбден танып.  
“Келуші қыс ішінде болса азamat,  
Семейден кайтады,-деп,- сүйекті алып!”

Үш кісі алты атпенен мұнан кетті,  
Жолдагы ел бет қайтармай, сыйлап күтті.  
Есмахан Бекейханов жолдан тосып,  
Бір түрлі естен қалмастай құрмет етті.

Семейге ертіп өзі атып барды,  
Тындармай сүйк боран, атпақ карды.  
Бейсеке- Семейтаулық -Есіркепов  
Бұларды тіке тұрып күтті алды.

Назаров тұрган өзі хабарланып,  
Мұқышқа қылған еңбек жанын салып.  
Жанахмет Сарсеновқа бүйрық жазған:  
“Семейге тез жетсін!”- деп, - сүйекті алып!”

Таусылмас бұл кенесім жаз бер қысқа,  
Әркім-ақ әуес етіп алар нұсқа.  
“Көктерек алдырмады сүйекті!”-деп,  
Жанахмет күр салбырап келді босқа.

Дейсіндер: “Қаны басқа!”- мына орысты,  
Білгенге орыс емес, шын ырыс-ты.  
Назаров Жанахметке ашуланып,  
Тактайды тепклиеумен қатты ұрысты.

-Смотри, мен көзінді оям! –дейді,  
-Қалай тыныш, алдырмай жай, қоям! -дейді.  
-Пәлен күннен қалдырмай, жеткіз мұнда,  
Көзінді жогалтамын, жоям!”-дейді.

Зәресі Жанахметтің жаман кетті ,  
Назаров, міне, осындаі қылық етті.  
Арага бір түнетпей, күн-түн қатып,  
Семейге келді сүйек осы ретті.

Шуласып орыс-қазақ сонына еріп,  
Назаров өзі бас боп, бірге жүріп,  
Фаббасов Халел де бар-өншең жастар  
Егіліп жылауменен су боп еріп.

Өзімен бастас, жолдас жүрген бірге,  
Кайғырып, камығысып Мұқыш ерге.  
Төрт шақырым жерге шейін шыгарып сап,  
Жөнелтті осылайша сүйекті елге!

Демендер Назаровты “діні басқа”,  
Не керек дін басқалық жар жолдаска?!

Бір түгл мұсылманның мынын алман-  
Баспа-бас Назаровқа айырбасқа.

Открыто Назаровтан бүйрық алып,  
Есмахан, қылған еңбек, Бөкейханов.  
Теміржан Субековтың үйіне ше[йін]  
Сол жерден қайтқан өзі әкеп салып.

Бұл сүйек жер түбінен келді қайдан,  
Аманат алып беріп койған жайдан.  
Көтеріп тәбесіне, қылды құрмет  
Тік тұрып атын білген Аргын, Найман.

Әркім-ақ хабар тауып құлактанды:  
“Ел гой,-деп, Жанқозыны,-жакты, жанды!”  
Ортаға бір түнегпей, көміп тастап,  
“Топырақ салам!” - деушілер құр(ы) қалды.

Тұнінде сәрсенбінің Мұқыш келді,  
Апарып бейсенбі құн жерге көмді.  
“Топырақ салам!” -деушілер әр рудан  
Тұс-тұсынан жұма құн анда (сонда) келді.

Мұсаның ақ сақалды Садуақасы,  
Жетпістен осы қунде аскан жасы.  
Баянаула халқынан бас боп келген,  
Жұсіпбек - Құдай берген бел баласы.

“Мұқыш ердін сүйегі келед”- десіп,  
Әркім-ақ даярланған жабдық жесіп.  
Қойтасқа сәрсенбі құн келіп құлап,  
Бармастан қайтып кеткен Мәшінүр-Жұспі.

Келеді өрбіп жаңа сөз сарасы,  
Көбі-кейін, бұл әлі-аз ғанасы,  
Бөтен ру адамы быттай тұрсын,  
Құр қалған Еламанның айналасы.

Бар Құдай пана болып фазылына алсын,  
Ілтипат пендесіне назар салсын!  
Қалған-құтқан сөз болса айтылмаган,  
Тере беріп қайтеміз, кетсін, барсын!

Бір Алла Мұқыш ерге раҳмат етсін!  
Бақ, аруак ұрпағына қайта бітсін!  
“Көп сөз-көмір,-мақал бар,- аз сөз-алтын”,  
Ұзартпай енді сөзін тамам етсін!

Ісіне Тәнірім қылған шара бар ма,  
Ем қылса, оңалмастай жара бар ма?!

Ақ үрпік балапандай үядағы  
Бакташы болсын Ием балаларға!

Саны-төртеу: маңызды екеуі- ірі,  
Өсіп алса, таниды бірін-бірі!

“Орнында бар оңалар!”- деген бар ғой,  
Аман тұрса осылар, Мұқыш тірі!

Құдіреттін ісіне кінә қойма,  
Күнде жасты төгіттіп, көзінді ойма!

“Хақ ісіне қарсылық жарамайды,  
Жасытумен өзінді-өзін жойма!”

“Бір тумак бар болғанмен, жоқ бір жүрмекн,  
Пани дүние жолдас боп бүл кімге ермек?!

Шүкірлік қыл Құдайға, келтір тәубе,  
“Алдансын!”- деп, жұбаныш берген ермек.

1921 ж.

## V. Сырласу ұлғілері

### Ғашық жігіт сөзі

Өтіпті Хасен бірлан ол Ҳұсайын,  
Сайраған бұлбұл құска мен ұқсайын( ұсайын).  
Құлак сал, ау, жамағат, кенесіме,  
Азырак өлең шырқап, өн қосайын.

Ағалар, білгенімді аянбайын,  
Өленге желіп, жортып аяндайын.  
Сағынған ғашық жарын (иарын) бір кәріппің (ғарыбытын)  
Өлеңін бес-алты ауыз баяндайын.

Аяттан сөз қозғадым ақындықпен,  
Барады-ау өтін күнім ғапылдікпен (ғапылдықпен)!

Онаилап киын сөзді қаламменен.  
Қапалы көріп басым пакырлықпен.

Сөкпеніз, ау, жамагат, өлеңімді,  
Білемін ақыр бір күн өлерімді!  
“Сары алтын қап түбінде жайға жатпасн,  
Құрбылар, көрсетейшн өнерімді.

Уаларыз фаршына- басқан ізін,  
Тықылып үжік рашан жүзін.  
Кеуден бар: ләм нашрихлік сүрік,  
Қос анар- жүйке құртқан екі бізін.

Фірухурихан (дарқан) мұрындарын,  
Улатмидин ғисын болған көзін.  
Сықылды биазы ал нұр ақша бетін,  
Каал жауғар жіпке тізген мағына сөзін.

Беріпті көрік нығыметін аямай-ак,  
Құдайға жаккан құлсын сенін өзін.  
Дүние-ай, заманымда болып тұрын,  
Қылмас ем көзге сүрме басқан ізін.

Уалтин уалызытун- сенін басын,  
Уалтил зайдыш сүмбіл (сінбл) шашын.  
Айдай бол он төртінші көрінесін,  
Тұған ай бір жаңадан- қигаш касын.

Алланың Калам Шариф аятынан,  
Келірдім осылайша сөздің нәшиң.  
Замандас құрбыларым естісін деп,  
Құранның қылдым баян мағынасын.  
Бар болса қате жері, айып етпе,  
Ағалар, сынап мені не қыласың?!

Мен жаздым үшбу сөзді перизатка,  
Сипатын тағайындал жазып хатқа.  
Алтын үй: су (сүр) шыныдан терезесі,  
Есіргі кіріп-шығар- алтын қақла.  
Көйлегі- жасыл атлас- жұз теңгелік,  
Камзолы бес жұз теңге бар хисапқа,  
Оқалы кебіс мәсі- алпыс сомдық,  
Жарасар кәмшат бөрік шаһизатка.  
Ішігің бір мың теңге пат құндыздан,  
Тыстаған алтын арқау ұнамакқа.

Сыртынан нүр сипатын көріп тұрсан,  
Бозбала, жарамай ма қанағатқа?!

Гүл жұзді (иұzlі), шырын сөзді (сөzlі), ай, карагым,  
Айтамын осылайша жамағатқа.

Ай, қалқа, алма мойын, ақық(ғакық) иек,  
Қыпша бел, мәрмәр аяқ, алтын сүйек.  
Іңжу тіс, қымырғыпхып, шекер ліблік,  
Сөйлемдім: тілім-тактай, тісім-тиек.

Сөйлесем сайрап, бұлбұл, карагыма,  
Қиғаш қас, өрік (дірмік)-нон қабағына.  
Аккүдай айдын көлге қанат салған,  
Үнасқан гауһар бұғақ сағағына.

Шырағым, мен алыска кеткен шақта,  
Бойына шшкен асын тарады ма?!

Сағымша сәулеленген сәру бойлым,  
Мактауым, айт, көніліне жарады ма?

Мен жаздым осы сөздіперизатқа,  
Жақсыны кім қияды бөтен жатқа?!

Аршын тәс, алма мойын, ай, ділбірім,  
Зейінінді (зынынды) салынтында үшбу хатка.

Сен мені басқамен тен көремісін,  
Мен бастасам, сонынан еремісін?!

Егер де жүрттын бөрі бір жақ болса,  
Бірігіп меніменен жүремісің?!

Көнілді бүтін ұста, ала болма!  
Анық бол-тағайынды, шала болма!  
Тұрып қал не болса дабір сөзбенен  
Біреудің тіліне еріп, бала болма!

Қалканы менің көнілім сағынғандай,  
Емеспін осы сөзден жаңылғандай.  
Жақсылықтың Құдай бергенарқасында  
Іздесем: "Аты қызн,- деп, табылғандай.

Анадан кім туады сендей болып,  
Жап-жарық екі бетінкүндей болып.  
Әрине, саған-дағы табылады,  
Муағық дәл табылмас мендей болып.

Бозбала мынадай да дүкен кұрысын ,  
Білмеген жігіт жайынқыздар кұрысын!  
Азырақ алдыңызға бәйіт айтып,  
Аз ғана қандырайынқұлак құршын.

Сөйлейін Ай форымды асыл текті,  
Жамандар өз жайынабылай (булай) тұрсын.  
Жаксының құннен (құнден)-күнге артып бағы,  
Жаманды жөн білмеген Құдай ұрсын!

“Уаң лығылы халықхығым” -  
Мінезің бұл аятқа тұғыр болсын!  
Сөйлейін: бек ләzzатты лебіз (лыфыз) кәріл (ғарыб),  
Ағалар, көнілінізге тұра қонсын!

Туралап сізге айтуға бата алмаймын,  
Мойнына артып койдым сөздің борышын?!  
Жиылып, қыз-бозбала, ойна да күл,  
Қапалы(хапалы)кәріппердің(ғарыблардың) көнілі толсын!

hyахи әлмід бірбір, Құдайым,  
Ғашықтық (ғашықтық) жүргегіме салды уайым!  
Аятын “Құлнұ Алланқылып далил,  
Көңілімде бішп жүрмін хақ не дайым.

Кә-алтир қыздағы шіркін жаным,  
Орнықпас бұжалғанға көңілім жарым.  
Қапалы болып жүрген мен бір кәріл,  
Қосылмай көк жүзінде(иүзінде) Құн мен Айым.

Қалқаға әуел биыл кағаз жазып (иазып),  
Барамын азып-жүдеп құн-құн сайын.  
Бар Құдай мақсатыма (мыксұдыма) жеткізбесе,  
Баянсыз (файсансыз) бұл дүниені не қылтайын?!

Жаратты қыс пен жазды төртке фасыл (фәсл),  
Заманым түрленесің қызыл-жасыл!  
Жігітлер, күр тірілік неге керек,  
Жалғанда болмай кетсе мақсат хасыл?!

Болғанда қыздар лашын, мен-бидайық,  
Ай, дүние-ай, қыз-дария, мен- желқайық.  
Болғанда сен-гауһар тас, мен-асыл тас,  
Коспады екеумізді, не қылтайық?!

Сен - алма бакшадағы, мен- бұлбұл құс,  
Қасында мекен қылдым биылғы қыс.  
Құдай-ау, жақсылармен жанастырғыл,  
Қылмағыл аяқ жакта кіріс-коңыс!

Шығады сөз мәнісі жақсы жайдан,  
Келтірдім мен дәлилді (улилді) әлдекайдан.  
Қандырып сусыныңды сөзімменен,  
Ағалар, өлеңменен тисін пайдам!  
Сұранып құрбыларым отырғанда ,  
Айтқаным жарамайды “Әри-ай”-дан!

Бастасын жақсылықка Құдай бізді,  
Жігітке бір мерекекелген кезді.  
Әлеумет, алдыныңға кез келген сон,  
Сөйлейін қызды мактап біраз сөзді!

Қара өлең карапайым әркім сөйлер,  
Жақсы адам әділ тұрса, халқын билер.  
Көңіліңе аят пenen далил салсам,  
Мағынасын білген адам күйін күйлер.

1874 ж.

## Мәшһүр- Жүсіптің өлер шағындағы сөзі

Жылым-қой, биыл жасым- жетпіс үште,  
Өң түгіл, маған жалған жоқ қой түсте.  
Откіздім мен өмірді босқа шаршап,  
Салумен ақ қағазға шимай кесте.

Жабысты он бесімде өлең маған,  
Тұстеніп Өлеңші ата, кона алмаған.  
Бектергідей босқа үшып, болдым арық,  
Бау ашпай көр балапан түк алмаған.

Көрінгенге- мен қызыл болдым тұлқі,  
Талайдың жаналанған тымак, бәркі.  
Баяғыда болдың не, болмадың не,  
Отырмыз көрген жанға болып күлкі.

Қыран боп іле алмадым акқу, казды,  
Өмірімде көрмей өттім жылы жазды.  
Көздің сүйн үшумен, соған мәз боп,  
Белшеден кешіп жүрдік батпақ сазды.

Көзтәниспен жауласқан жаттай болдық,  
Апрель, май болмадық, марттай болдық.  
Өзен, көлденбір жүзіп су ше алмай,  
Ауыздықпен су шікен аттай болдық.

Бақ құсы маңайласпай басымызға,  
Шаршадық жатқыза алмай қасымызға.  
Қаниша талап, бос шаршаша далақ-далақ,  
Үшырадық өзіміздің тасымызға.

Омір бойы үшырамай бізге молдық,  
Табысмыз, көп болса, ат пен тоңдық.  
Әкемізді өлтірген жаудай болды:  
Кедейлік, кемтаршылық, қыска қолдық.

Құдайымбұла өсірді өзі бағып,  
Жалғанның қызығынан шетке қағып.  
“Өнер алды-қызыл тіл”-деғенменен,  
Беталды шаба бердім текке лағып (ұлағып).

Ерте азиат болғанмен алымсызбын,  
Әйел болсам, құн, пұл жок, калыңсызбын.  
Қоға тартып көлден көп көргенім жок,  
Ол жағынан жағдайсыз салымсызбын.

Құлақ естігенді көз бір көрмек: “Баяғы Нух Пайғамбардың заманында дүние жүзін топан су қаптады. Тау-таудан қырық кез асты”, - деуші еді. Былтыр өткен 1928 жылы январьдан бастап “Науқан”-деғен шығып, байлар жиган-терген мал-мұлқімен суга кетіп, толқын жұтып, мал да құрып таусылып, бай да құрып таусылып, тып-типыл болды. “Бір тамшыдан жиыста-жиыла дария болмак, //Бір пұлдан жиыста-жиыла дүние болмак”. Байлардың ешкімге беруге көзі қимай жинаған мал-мұлқі дария болып, өздерін гарық қылды. Бір пұлдан жиылып, үйліген дүние өздерін тұншықтырды. Кедейлер сусыз шұқанақ еді. Тасыған дария бөлініп-бөлініп бытырап, әр шұқанақта қалды.

Құн жайлатаип, жаудырған қызыл туы,  
Откен жыл төгілген кез майдың шуы.  
Тау-таудан қырық кез асып биектігі,  
Қаптады дүние жүзін топан сусы.

Кеме кайда, жұрт мінді салын байлад,  
Ағызды қоймай ерікке толқын айдал.  
Су жұтты, катты толқын тұншықтырды,  
“Салы суга кеткен” көп: соры кайнап.

Алай-түлей үйтқыған боран соғып,  
Көп жылқы науыт болды боранға ығып.  
Талай жұтқа болмаған жарықтықтар  
Шыбын-шіркей, быт-шыт боп, кетті шығып.

Қалмады іске татыр ірі кісі,  
Осылай болады еken тағдыр ісі.  
Құдайдын Құдайлыштепен қылған ісін  
Көзімен көреді еken тірі кісі.

Кедейге үлес болды күнан мен тай,  
Теп-тегіс болып типыл құрыңды бай.  
“Дүние-кезек” –деген сөз акқа шығып,  
Бәрін қылған өзіңсін, Құдайым-ай!

Құдай үрып, бай біткен кері кетті ғой,  
Жиган дүние түбіне бір жетті ғой!  
Құлак бұрын шықса да құр салбырап,  
Соң шыққан мүйіз өсіп ер жетті ғой!

Істің бәрі Аллаға аян болды,  
Сөйлеушігे әнгіме баян болды.  
Көзі кимай жинаған бай дүниесі  
Өзіне жылан менен шаян болды.

Бір тамшыдан су жинап дария етті,  
Тұзу қарап ешкімге бұрмай бетті.  
Жел тұрып, толқын катты тулап соғып,  
Жиган бай өзі гарық болып суға кетті.

Шұқанакта су қалды болса-бөлек,  
Маңызы жоқ; береді кімге түнек?!

Ну орманды өрт алып, тып-типыл боп,  
Бұтаксыздан сопайып қалды терек.

Ей, Мәшһүр, туа қастас болдын баймен,  
Бай көрінсе, қашушы ең қолат саймен.  
Байдын түбі боларын біліп мұндай,  
Сөйлесіп қойғансың ба бір Құдаймен?

Онаң сонғы бір қасын- қожа, молда,  
Олармен елдеспелің бұрын-соң да.  
Жамандал бас-басына өлең жазып,  
Жазған сөзің әр жерде жүрді қолда.

Қажы мен ишандарды түйрөй шаныштын,  
Бәрінен бойыңды аулак салып қаштын,  
Аза бойын тік тұрып осылардан,  
Арапшы жек көрсетер бар ма албастын?!

“Осымен бәр[i] бірге-деп- катын бала”,  
Үйір-шүйір болмадың оған және (жана).  
Бұ жалғанда үйлеспей ешкімменен  
Жүртка: “жынды” – дегізген Ҳақ-тағала.

Ерігіп қаламыңды колға аласын,  
Сұнгіп, жүзіп кетуге қорғанасын.  
“Өтіз өлер, болмаса арба сынар”, -  
Деуменен айран-асыр тан қаласын.

Мың тоғыз жұз, миңе, отыз бірінші жыл,  
Жылқы кетті, қой келді, мұны ырым қыл!  
Қойдан коңыр заманды бір көрмексін!  
“Кой анасы-бестен”, -деп, - бусайшы бел!

Жылан- жылыс, өткіздік жазды, қысты  
Жылқы жыл сапырылысып жүрт жүрісті.  
“Құлағын естігенді көз бір көрмек!”  
Көресің- өлмегенін, қой -дұрысты.

Өлмегенге- бір дәурен кезек тимек,  
Пенде асығып, аптығып, пісіп, күймек.  
Ұрган Құдай пендесін қан қақсатып,  
Құшырланып, құшактап, аяп сүймек.

Мәнгі-баки бұ дүние тұрмак емес,  
Калжыратып шаршатты күнде-нКенесн.  
Өлмеген құл көреді, асықпандар,  
Бұл “Кенес” те таусылып, болар көмес!

Адыра тұл, калды қурап қара шанырак,  
Кетті ғой әлде кайда иесі анырап!  
Тірі кісі табыспак бір-біріне:  
Қойдай манырап, қозыдай шулап, жамырап.

Жүрт көрді-Құдай ісі оңайлығын,  
Қысы-жазы тығын жок, күнде шығын.  
Пенде асығып, жеткенше тарығады,  
Құдай өзі көрсетпек-Құдайлышын!

Шайтанмен-ел, Құдаймен жат болды ғой,  
Сол себепті жұрт біткен ғад болды ғой!  
Көк пен жердің- не пайда- кендігінен,  
Жақсылық, тынышлық деген қат болды ғой!

Кедейшілік- болар ма мұнша киын,  
Ойын-құлқі, ас пен той, қалды жиын.  
Естігенің: жаман сөз, сүйк хабар,  
Жұмыртқадай шайқалар күнде миын!

Ертең емес, шын сөз ғой, Құдай-қаулы,  
Қайда барсан, жұрт болған ғаддың аулы.  
Құдай жұп қып жаратқан екі түрлі,  
Ішінара табылмақ һудтың қауымы.

Бас таласты Құдаймен- басты, малды,  
Соларға боп пәленің қақ қарсы алды.  
Кейінгіге қисса қып сөйлеу үшін,  
Аман-есен қалдырған абыйыр (абур) қалды.

Бұл құлақ естігенді- көз бір көрмек,  
Не нәрсе әуел бастан егіз келмек.  
Кейінгіге мылжындал, былшылдауға  
Табылды заманада бізге де ермек.

Естіген бір сөз еді құлын жастан,  
Танбадай, жоғалмайтын, тасқа басқан.  
“Қошқардың ені үзіліп түседі”, -деп,  
“Өліпті, -деген сөзді- қасқыр аштан”.

Естіген тегіс мұны жас пен көрі,  
Жүре бер нанбағаның әрмен ары!  
“Қошқардың ені қай күн үзіледі?”  
-Деп жұр ғой акқан, танған жұрттың бәрі.

Деп жүрміз: “Құдай бар!- деп, бір,-деп,-күшті!”  
Сол сөз де болып кетті-ау дәл екіүшты!  
Анық көңіл бекиді қараарланып,  
Құдайлық, тан қалғандай, көрсетсөз істі!

1931 ж.

## VI. НАҚЫЛ ӨЛЕНДЕР

### Бес қымбат

“Ең әуел керек нәрсе иман” - деген,  
“Ақырет істеріне (ишиларына) инан!” - деген!  
“Құдай кешірер!” - дегенмен, іс бітпейді,  
“Иман шартын білмесе, есен(ибан)” - деген.

“Екінші керек нәрсе- ғақыл” - деген.  
“Ғақылсызда таупық жағы (шагы) такыр!” - деген.  
“Аз іске ашууланып, дінін бұзар,  
Иманын көпірлікке сатар!” - деген.

“Үшінші қымбат нәрсе- сабыр!” - деген,  
“Сабырлысы мұратын табар!” - деген.  
“Әр істе сабырсыздың тәубе-зорлық,  
Сабырсыздық басқа пәле салар!” - деген.

“Төртінші, қымбат нәрсе шүкір” - деген,  
“Нығыметке шүкірсіздік-күпір!” - деген.  
Жаткан жерден: Құдай кешр! - деген-корлық,  
“Себеп іздеп тұра жолмен жүгір!” - деген.

“Бесінші, қымбат нәрсе-әдеп” - деген,  
Әдепсізде иман тұруға жағап!” - деген.  
“Көпірлік- әдептіде тұрмағандай,  
Әдеп деген махаббатқа себеп!” - деген.

### Киянат

Жақсы қызы бозбалага пар болғандай,  
Жігіті душар болса, жар болғандай!  
Тені емес бір жауызға (пасыкка) берсе егер (агер),  
Көнілі көтерілмей, зар болғандай!

Ғұмыры қызықлықтан зайды болып,  
Мысалы кен дүниесі тар болғандай!  
Жетпейтін тәстігіне көп жамандар  
Өлтінде әлдекандай таң болғандай!

Сатылып кейбір қыздар кете баар,  
Бағасы ғазиздікі мал болғандай!  
Қожасып: “Мал бердім!” - деп жаман шіркін  
Жайы бар: байқап тұрсан, пан болғандай!

Бейшара өздігінен жол таба алмай,  
Фазиз бас ауырланып даң болғандай!  
Көрініп көріп халі тұра алмас ем,  
Бір міскін халық ішінде жан болғандай.

“Бұзылды пәленшениң қызы” - десе,  
Өзіне көрінеді ар болғандай!  
Көлденең ағайындар үнатпайды,  
Хакқа соның үшін лаң болғандай!

Жұрт қалып осылардың обалына,  
Секілді алушыға мал болғандай!  
“Жалғанда қорлықпенен өттім ғой!” - деп,  
Көзінен аккан жасы кан болғандай!

Көндіріп ғаділдікті жүр ғой қазак,  
Көніл қайда жарқ етер шам болғандай!  
Келе ме осы ісіміз дұрыстыққа,  
Көркіңе көрінсе де, зар болғандай!

Адамды мал орнына жұмсауымыз  
Бір емес, бар қазакқа ғам болғандай!  
Қай күні бұл киянат тоқталады,  
Бір емес, халық ішінде сан болғандай?!

Иа шариф[ат] , иа низамға дұрыс та емес,  
Қазактың қағидасы зан болғандай!  
Бұл сөзім біреуте емес, көпке бірдей,  
Қажеті кімге болса, сол алғандай!

Мысалы, кіші(кеше) болса- ангартканым,  
Осы хал өз басында пар болғандай!  
Тен болып екі зайып қосылса егер,  
Арман не, ол уақытта, а, дарига-ай!

## Даусыз дерт

Ағайын барды күндең көре алмайды,  
Жок болса, жомарттық қып бере алмайды.  
Кәнеки, бермегенің сол емес пе,  
Білмеген-білген тілін неге алмайды?

Екі көз бір-біріне дүшпан болып,  
Болса да қандай жақын сене алмайды.  
Ұрысса қатын-бала әлдекандай,  
Үйіне бір-бірінің ене алмайды.

Өмірі итжығыспен бара жатыр,  
Белгілеп бірін-бірі жеңе алмайды.  
Көлденең ағайындар дәлелат қып:  
“Бұзылма сендер бүйтіп!” – дей алмайды.

Бастаса пайдалы іске біреу шығып,  
Сонына көмек беріп ере алмайды.  
Мал беріп жамандықты сатып алып,  
Берсе де жақсылықты тек алмайды.

Арада бұзықшылық өрті жанса,  
Құйса да топан сүйн, сөне алмайды.  
Әуре боп, бірін-бірі жоғалтам деп,  
Татулық, ынтымаққа келе алмайды.

Дау десе, жаны құмар бейшараның,  
Онымен ешбір нәрсе өне алмайды.  
Аударып ақ пейілін бұзықтықка (бұзықлыққа),  
Жүре алмай тузулікпен, оналмайды.

Береке кәсібінде болмаған соң,  
Түзеліп еш шаруасы оралмайды.  
Біреуі біреуінен артық болса,  
Бір-бірін үтиппатпен тен алмайды.

Дүшпаны сырттан болған жесе-дағы,  
Онда да тізе қосып келе алмайды,  
Жамандап бірін-бірі мұкатса да,  
Ешкімнен: “Мұның жөн!” – деп, шен алмайды.

Майда бол, жігіт болсан, тал жібектей,  
Жақсы емес қатты болу тікенектей.  
Үйлімің болса-дағы үшан-теніз,  
Пайда жок; өз халқында қызмет етпей!

Көрген мен көрмегендे көп парық бар,  
Ашылмас(з) жігіт адам сыннан өтпей!  
Лайықсыз ерсілікке арандама,  
Әр істің мазмұнына көзің жетпей!

Фибрат ал: жақсыларға жақын жүріп,  
Қаша ғер жамандардан аулак шеттей!  
Не нәрсе талаптансан табылады,  
Опа жок; ер жігітке жапа шекпей!

Самалы (мысалы) әрекеттің (харекеттің) сол сықылды,  
Алмассың егінді орып, тұқым сеппей!  
Пайданды жақсы болсан көпке тигіз,  
Жатырқап еш адамды сыртқа теппей!

Кезінде кезең жерден қосылып қал,  
Бәйгеге ұлы дүбір қалма ілікпей!  
Максаты асыл (хасыл) болып ойындағы,  
Алла һәм ер тілегін мақұл еткей!

Түгелі кемесіне мініп шықкан,  
Үйлімің тәлиптерге (тәлиblerге) нұрын төккей!  
Аз біліп, көпке ғашық болғандардың  
Ләzzаты таңдайынан жүрер кетпей!

“Қанағат, көп білдім!” - деп, айтпа өнерге,  
Көре бер басқалардың азын көптей.  
Жасында қалсан мәкұм, сан согарсың,  
Куарып курай болып, қалма көктей!

Шалқайып үйде жатсан, дәнeme жок,  
Сарп етіп жытна дейін(дыйбын) малды төкпей!  
Таппасан дертке дауа, ғазизларым,  
Надандық дауасы жоқ ауыр дергей!

## Бұлақ көзі

Шығады: “асыл-тастан, өнер-жастан”,  
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.

Мысалы ғылым таппак сол секілді:  
Бұлактың бітіп жаткан көзін ашкан.

Жігітке талаптанған жүз мын раҳмет,  
Әркайда сен білгенің ырзық шашкан.  
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,  
Салса егер түзу жолға – болса адаскан.

Халық үшін жанын киып шыққан болса,  
Қайырлы әр қадамы болсын басқан!  
Көрсетіп тар орында таудай қайрат,  
Құтқарса мұктаждықтан, болса аласкан!

Қазақ қор болар ма еді, көп болса егер,  
Шаһбаздар осы айтқандай өнер асқан?!

Немене бұл күнгі хал ойлап тұрсақ,  
Жақсы жоқ өз басынан пайдасы асқан!

Азырақ дәulet біткен кісі болса,  
“Мен баймын, сен кедей!” – деп, мал санақсан.  
Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,  
Жігіт жоқ өнерпазбен бір жанасқан!

Үмітсіз (немматсыз) байланамыз, бәрі надан,  
Мұхираб сан жәрдемнен аулак қашкан.  
“Анау артып, мен кейін қалам ба?” – деп,  
Өзімен-өзі күншілдікпен құр таласқан.

Молдалар пайдалы іске уағыздамай,  
Керексіз ұсақ сөзбен бакасласқан.  
Құзғындей қызыл көрсे баар жетіп,  
Кісіні көрсे билер бір дауласқан.

Бойында әділдігі ұмыт қалып,  
Билікке сөз сөйлей мә жаза алмастай?!

Уа, Алла, көзім көрді мұның бәрін  
Наныңыз жалған демей, шын растай!

## Өнерпаз

Өнерпаз қара жерге салар қайық,  
Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып.  
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,  
Жастықта сайран етер болып ғайып.

Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы,  
Аяғын бір күн қылдан кетер тайып!  
Басынды тауға да сок, тасқа да сок,  
Отырып қалмай үйде қыңырайып.

Жүргеннен тіпті қарап- пайдалырак,  
Бір әріп (харып) сөз үйренсөн, кітап жайып.  
Тамінъдан тама берсе, дария болар,  
Кетпей ме ақырында бір молайып?!

Қылжактап екі ауылдың арасында,  
Не пайда жүргендеріннен құр сорайып?!  
Бас болып, өнер білсөн, тіпті жақсы,  
Тамаша болдың жігіт таңгажайып.

...Білгеннін жүрген жері- бәрі жарық,  
Жоламас кем-кетіктік оған айып.  
Бұларды айту- бізден, ұстай-сізден,  
Ынғайлы, үлгі аларлық тұрсан лайық.

Көзіңе көрінгеннен гибрат алсан,  
Ғаламға болдың өзің- Еділ-Жайық.  
Дариядан көз жеткісіз өткізетін:  
Боласын өзің- кеме, өзің қайық.  
Қызға айтып келейіндерге байқатамыз,  
Тұс ашып, сол солай деп не қылтайық?!

## Мешіт зары

Бір мың тоғыз жұз және он үште жыл,  
Жылдың атын биылғы сиыр деп біл.  
Он тәрті апрельдің сөйлеген сөз  
Мешіт пен медреседен бір шыққан тіл.

Корлықта тұрғандығын көзім көріп,  
Аяумен өз әлімше ішім еріп.  
Салғаным ногай, казак құлағына,  
Қолына балалардың жазып беріп.

Мешіт пен медресе түр болып көріп,  
Барады сөйлемесем ішті жарып.  
Құдай үйін тұтқан сон мұнша қорлап,  
Кәне, айтшы, біз онамыз кайда барып?!

Сонда мешіттің хал тұлімен сейлегені:  
- Медресе, мешіт болған менін атым,  
Бас косар ішімде жоқ жамағатым.  
Хал тұлім зарланып, қан қақсайды,  
Естіп өт: құлагың бар азаматым!

Деуші еді мені бұрын: “Құдай үйі”,  
Бас қосып шүлгұшы еді мырза-[біи].  
Нанына кайыршының қапшық болып,  
Мінекей, бұл шағында тұрған күйі.

Салмасан әуел баста, кім бар зорлар,  
Қол жайып кожа-молда жайды торлар.  
Бірі-имам, бірі азаншы болу үшін,  
Тиынға жанын сатқан дүниекорлар.

Біздерде көрмейсіндер кім тұрғанын,  
Адамның анық әуре антурғанын.  
Мешітке кайыршылар нанын жинап,  
Медресе кой кора боп, мал тұрғанын!

“Мешіт” -деп, “медресе”- деп, неге салдын?  
Қамайтын орны ма едік хайуан малдың?!  
Боктығын жинайтүгін үйі ме едік,  
Құрт жиган диуана мен сокыр шалдың?!

Ешкім жоқ шын көңілмен Алла[ға] ғашық,  
Жалғанға жан киюға бәрі машық,  
Жансыз біз неден мұндай жазалымыз,  
Кор қылды таптап бізді өнкей пасық!

Емеспіз тіріге-үй, өліге-там,  
Түн болса, саулап бізде жанбайды шам.  
“Бар ма-деп, бізді қарап тексеруші?”  
Түр ғой-деп,- көріп көзі іске (ескі) жобам!

Жазалы қылған мұндай Құдайым-ай?!

Корлыққа көре тұра, шыдайын ба-ай?!

Кәуіріңе нашлизы дом қылмай бізді,  
Босатып запас ерікті қойсайшы жай!?

Бір жан жоқ жамағат боп жиылатын,  
“Құдай бар, құлдық бас!”-деп, сыйынатын.  
Қорладың дін исламның ғаламатын  
Желкеннен келді кезің киылатын!

Әртүрлі қылды тұрақ бізді албасты,  
Сескеніп адам түгіл, шайтан қашты.  
Жиылған Баянтауда ногай, казак,  
Қылдыңдар бізді мұнша аяқ асты!

Жоқ емес, бәрінің де бар ғой малың,  
Бас қосып бір кісіше жас пен шалың.  
Осынша ногай, казак көп народсың,  
Ішінде Құдайды ойлар жоқ па жаның?!

Иесіз, елсіз тұрган біз бір жетім,  
Қаллырган жетімдікте Құдіретім!  
Қорланып бүл тұрыстан, назалымын,  
Үялып жұртқа қарап жоқ қой бетім!

Арызымыз ақ патша[fa] жете алмайды,  
Жетсе, бізді бүйтіп қор ете алмайды.  
Мына күйде тұрганда қожа-молда,  
Бізді басқан албасты кете алмайды!

1913 ж.

## Көрінбес

Көрінбес өз көзіңе, тіпті өз бойыңа:  
“Өзімді- өзім білемін!”- деуді қоюыңа.  
“Өзімді- өзім білемін!”- деп ойласаң,  
Аласқан айдалаға бүл бір диуана.

Көк пен жер айдай ғалам көрген көзі,  
Еш уакта көре алған ба өзін-өзі?!

“Кол аясы тұта алмас өз білегін” -  
Деген бар бұрынғының мақал сөзі.

Ыңғайшыл дөнгеленіп келсе жолдас,  
Алданған оны дос деп, өр кез онбас.  
Малдандың-ак, алдандың, айткан сөзін,  
Ыңғайыңа көшкеннен күн бұрын қаш!

Анық досың (достың) ғайыбынды айтқан жүзге (иүзге),  
Жанашырды жоқ деп біл онан өзге.  
Қақ мандаиды дүшпанның жалғандағы-  
Мактагышы өзінді көзбе-көзге!

Ақыллы(ғақыллы) адам акымақтан сілкер қолды,  
Даярлап өз ғайыбына ашар жолды!  
Сырттан айтпай, ерсі ісін көзіне айтса,  
Қайда бар жанашыры онан онды?!

Ақымақ адам хаклықты теріс көрер,  
“Жаның бәрін бірдей”-деп, тегіс көрер.  
Ақылсыздар білмейтін өз пайдасын,  
Хаклық сөзді зор ауыр сөгіс көрер!..

### Төрттағандар

Біреу -өлі, біреу тірі: “Ал” мен “Бердің”,  
Мал қашты уысынан һөмматлы ердің.  
“Шық бермес Шығайбайға” тұрактады,  
О дағы біліп : “ал”-ды берген жердің.

\* \* \*

Ай- қаранғы, күн- бұлт: түн деменіз,  
Біреу-жарлы, біреу-бай: күн деменіз!  
Ата тілін алмаған арам ұлды  
Аузы түкті кәпірден кем деменіз!

Ай- қаранғы, күн- бұлт: түн деменіз,-  
Біреу-жарлы, біреу-бай: күн деменіз!  
Ата тілін сыйлаған халал ұлды  
Хұтпа ұстаган молладан кем деменіз!

### Өлең және қара сөз ғибраты

Сонымен бұ жалғаннан өттің, кеттің,  
Мақсатқа, өуре-пенде, қашан жеттің?!

“Ас табылса, -дегендей,- дос табылmas!”

Бірі болса, бірі жоқ болып кеттің!

Бір соны жер қалған жоқ-шиыр, тебін,  
Қайда барсан, көрсетіп әркім ебін!  
Жоқ болғаны- жалғанда жаман екен,  
Аузыңың, сөгер кісі, тіккен жібін.

Аспаннан жаңбыр болып жаудың-жаудың,  
Сарқырап сай-сайынан тас пен таудың.  
Құрғатып кептіретін күншуақ жоқ,  
Болған соң ортасында қалдың даудың.

Аққан суды құйып алатуғын- ешкімде тубі бүтін ыдыстың жоқтығынан, су қалпынан асып кетіп, арнасының өзін бұзып дал-дал қылды. Ақпайын десе, Құдай жаратқан бұлактың көзі; ағайын десе, қалай ағарын, қалай баарын білмей аң-тан. Аң-тан болатуғыны- мынау замана тиғир (тифир) тауыпты, халық-жүрттың ортасынан опа қашыпты. Ол опа қашканда, жалғыз қашкан жоқ, сахилықты, өміруат, адамгершілікті ертіп алғып, үшеуі бірге ілесіп шығып кетіпті. Бұл үшеудің орнында үш нәрсе қалыпты: опа орнына- мунафиқлық [1], сахилық орнына- сарапты, мәрауат орнына - хұсұлдық [2]. Бұрынғы акқу мен каз отыратуғын көлдердің басында карға, сауысканнан басқа дым жоқ. Бұлбұл жүретуғын бау-бакшаларда көзі шегір ұзақтан басқа күс жоқ. Есіл Ай мен Күн қатарымен жарыса жүретуғын аспан кекте бұлттан басқа қалған дәнeme жоқ. Бұрынғы уақытта ас пен тойға жүрт өншең дүлшілін қосушы еді. Енді ас пен той болса, алтын коңырау, атлас жабу жапқан есектерін құлақтарын салпаңдатып, үялмай алғып барып қосып жатыр.

Халықтың жақсысының өнері- зорлық, жаманының өнері-үрлік. Бұл екеудің қолынан келмейтуғын жамандардың өнері өтіріп болып, қара пұл үшін жаңын сатып, тірінің түгін қоймай жұлып, өліктен кебін дәметіп, жақсы арын сатып, жаман жарын (иарын) сатып, шешен сөзін сатып, ата-ана үл мен қызын сатып, ишандар Құдайға қылған құлшылығын ғаямдардың назарына сатып, молдалар оқыған оқуын шартық қошқар, шынжай тайға сатып, [айырбастап кетті]. “Ал”-“Бер” деген сөзі екі ағайынды болушы еді, сонын “Ал” дегені өліп, “Бер” дегені тірі қалып, “Бар”-“Жоқ” деген екі ағайынды болушы еді. “Бар” деген сөз өліп, “Жоқ” деген сөз тірі қалып. Бұкара жүрт қой мысалды, хакімдер қасқыр болып, екі даугер шырылдаған бақа, билер оны жыландаі сорып, бар малынан айырылып, жоқ жаңынан айырылып. Біреу қасқырдай жан-жағындағысын талап, біреу иттей көрінгенге көзін сүзіп, босағадан босаға қалдырмай андып; біреу тұлқідей құйрығын бұландастып, біреу мәймундай[3] көрінгенді еліктеп, біреу жыландаі сыртынан жылтырап; шінен зөрін төгіп, кейбіреуі қабыршағы жоқ балықтай колға тұрмай жылпылдаپ, біреу қарғадай- ауыздан ішіп,

арттан түсіп қалғанды әлдеқандай андып; біреу сауысканша шықылыктап, өсек ғылымына мәһір[4] болып, сау жылқының арқасын тесіп канатып; біреу күйкентайдай тышканға төніп, ертеннен кешке шейін алған бір тышканы жок, текке әуре болып; кейбіреу тауыктың коразындаи қокиланып, тұмсығындағысын тәж деп мактандып; кейбіреу тауыстай-иненің жасуындай касиеті жок, өзін-өзі базарға салып; кейбіреу тырна сықылды: “Басқаныма жер ойылып кетеді!”-деп, өзін-өзі әлдеқандай ауыр біліп; кейбіреу окпактай: “Күндіз үшсам көз тиеді!”-деп, өзін-өзі тунекке жасырып; кейбіреу өғіз шағаладай: “Ішсем, көл таусылып қалады!”-деп, текке қанқылып отырып калып, дүниені ішпей-жемей жинап; кейбіреу көк кептердей тамақ үшін көрінгенге құл болып; кейбіреу шыбындаи біресе кантқа конып, біресе ауыздан шілп, арттан түсіп қалғанға да шіреніп конып; кейбіреу келемеж коныздай ат тезегін жинап әуре болып; кейбіреу кекілікше өз атын өзі шакырып, ақымак болып; кейбіреу бөктердің деген құс мысалды- ертеннен кешке шейін жалп-жалп ұшып, бір тынымы жок, андығаны тышкан болып, күнінде жұз тышқан алып жесе де, тойымдығы жок, қанағатсызлығынан арық болып,-замананың халі сондай болды. Адам қалай қылғанда, адам болады?! Осы жогарыда айтылған: үшкан құстан, жүтірген аннан гибрат алып, солардың мінезіменен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, балтуан жолбарыс білекті болып келсе, досы көп болып, дүшпаны жок адамнан осы екеуінін жүрегі, билегі табылады: Бұл екі хайуанның мінезінен шажағат табылады: сұнкар табиғатлы болса. Қазакта макал бар: “Қарға табанымен басып жейді, сұнкар шашып жейді”-деген. Оның мәнісі- қарға: “Біреу көріп қоймасын!”-деп, жалтактап, табанымен басқаны-жасырганы. Сұнкар өзі жегенін мақсат қылмайды: “Басқага пайдам тисін, сарқытымды кім болса, сол жесін!” -деп, жанжағына шашып отырады еken. Сондай болғаны үшін казак макалында бұл сөзіне бар: “Қарға-балшық, сұнкарға-талшық”- дейді. Бұл мінезден сыхауыт табылады. Бал тышатұғын ара қандай үя жасайды?! Қарлығаш бір шөп, бір лайдан қандай шеберлеп үя жасайды?! Адам: “Мен дәнeme білмеймін!”-деп, карап отырмай, өнерге тырысу керек. Қазак макалында бар: “Өнерлі өрге жүзеді!”-деген. Араб (араф) тілінде өнерді “Загыт” –дейді. Мысық бір тышқан алып жесе, аузы-басын сұртіп жаланып, өзін-өзі таза ұстауга қандай тырысады?! Сол үшін онық аузы арам емес, тазалықты. Мұнан гибрат алуға жарайды. Араб тілінде “Нызафит”-дейді. Төрт аякты хайуанда түйе деген малдың ұргашысы ер іздемейді. Иесі колынан шөгерсе, жатады. Эйтпесе ғұмырында еркегін керек қылмайды десе болады. Әлдепті, ибалы болуды мұнан гибрат алуға жарайды. Араб тілінде мұны: “ғафаша”-дейді. Кішкенениң кайраттысы- мысық: өзі кіп-кішкене болып, өзінен зор нөрседен қорық-пайды. Карапты тунек жерге хайуанда корықлай жетіп баратуын-

мысық. Қайратты болуды сонан ғибрат алып білтүе жарайды. Өзінің қаралдысынан ұлкенде құмырсақ көтереді. Әні, һәмматының [5] зорлығы – һәмматлы болуды мұнан ғибрат алуға жарайды. Жігіт адамның қырағылығы бүркітей болсын, зеректігі байғыздай болсын! Жүрісі мәймундай болсын! Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аякты болсын! “Отыз аякты болынн – дегені – басқан ізін білдірмей жүрген, жымын кісіге сездірмейтін болсын дегені. Орнына қарай міnez қылсын: сонда адам болып, адам қатарына кіреді. Біреуді-біреу ит десе ашуланады, өзі ит дәрежесіне жеткен жок. Ит риазытқа, ыстыққа, сұыққа, аштыққа шылдамды болады; иесіне опа қытушы болады. Ас қойса, қоймаса да , қадірлеп күтсе де, күтпесе де, басқа біреудің есігіне телміріп бармайды. Қанша үріп, соқса да иесіне кінә сактамайды. Тұн болса, дамыл таппай үріп, иесінің малына құзетші болады. Қараңғыдағы дыбысты аттан ит бұрын есітеді. Тұн болса, сауысканнан да сак болады. Не үшін? Иесіне құзетші болу үшін! Жақсы кісіге, киімі әдемі кісіге үрмейді. Жаман кісіге, киімі жаманға үрелі. Естілікті- жаман-жұман кісіден есті болады. Қазақ мақалында бар: “Киімі жаманды ит қабады, // Пейілі жаманды Тәңірі табалы”–деген. Ит иесіне болысып, дүшпанға қару да қылады. Сол үшін бұрынғылар айтқан: “ Ит-опа, қатын жапа!” -деп. “Ақымақ өз қүшендесін өзі бағады” –деген, яғни: “Өзін өлтіргүшінің тәрбиесінде болады” –деген.

Адам: “Жақсы мінезді қайдан үйренем?”- демесе керек. Түйе деген майдан ғибрат алуға керек. Түйе сондай зор биіктігін(бийкілгін) ойына алмай, бір тышқанның құйрығына байлап қоя берсе, еріп жүре береді. Өзі қырық құн шөлте шылдайды, көзіне көрінгенде қорек қылып, еш нәрсені талғамай жеп, қанағат қылып жүре береді. Құштілікті кара жердің кемесі десе болады. Қәнгештікті сондай қөнгіш: бала шөгерсе, шөгіп жатады. Тұн болса, байлап салған жерден қозгалмайды. Оның жалғыз-ак құмар нәрсесі тұз болады: тұз жалата берсе, жаны кіре береді. Қазақ мақалында бар: “Түйе тұзға токтайды, // Жігіт қызыға токтайды”, Енді бір мақал: “Тұз десе, түйе токтайды, // Төркін десе, қызы токтайды” –деген.

Жуастықта қойдан қоңыр болу керек. Араб(ғараб) жұрты(иұрты) һәм хош құлқын сипаттығы (ұсығаттығы) адам ініге (неге) ағыным дирлар екен. Оның мағынасы: “қой сықылды”- дегені. Біздің казак жұрты һәм мактаған адамын: “Қойдан қоңыр” –деп сөйлейді. Қойда жуастық (жуаслық) мінез бар. Сол себептен басқа хайуандардан қасиеттігі (хасиаттығы) болды. “Ешкі егіз табады, // Ит сегіз табады, // Шошқа тоғыз табады”. Мұнан да көп табатыны бар: қасқыр қанша күшіктейді, тұлқі, карсақ, мысық- әркайсысы қаншама бала табады. Қой жылына жалғыз-ак қозы табады. Сонда да төрт аяктыда қойдан көп жануар жок. Өзі бір жылда үш түлейді: бір қабат жұннің: “жа-

багы”-деп атайды. Қазак халкы оны қанша пайдастына жаратады: өзінекім, малына жабу; артығын сатып, керек-жарап алалды. Бір түлеген жұнін: “Қозының карын жұні”, - дейді. Оナン текемет басып, қызға жасау қылады, үй ішіне төсениш қылады. Ақ жұнінен аппак кигіз басып, түс кигіз жасайды. Ұшінші түлегенін : “Күзем жұн!” – дейді. Қанша кигіздер басып, онымен керек-жабдықтарының бәрін бітіреді. Жаз отыратұғын кигіз үй, ішкі, тыскы төсеништері мен қыскы үйінің астына төсейтүғын төсениші,- бұлардың бәрінен артылғанын және сатып, керек-жарағын алалды. Қазак жұртын бірсыныра көтеріп, берекелендіріп тұрган-осы кой деген мал. Құрты, майы; қыс болғанда, казақ деген жұрттың отыны-көйдің барлығынан табылады. “Кой дегеніше, қонақ кой” дегені: -“Ол жарықтықты айтып не қыласын?” – деген сөз. Қойдың жұнінен басылған кигіздің бір қасиетін сөйлейік. Кеше казақ жұртында Едіге баласы Шоң би жаз құнінде қанша ең жақсы бас косып, бір кигіз үйде отырганда, жарқ-жұрқ етіп нажағай ойнап, жанбыр жауды дейді. Сонда Шоң би отырган үйдің төбе кигізіне караса, бір санылау тесік жок екен. Қасында отырган әлеуметтен сұрады:

- Осы үйдің екі үзігін ұрлаганға қандай айып саларға керек?-деп, Жұрт дәнeme дей алмады? Сонда Шоң би өзі айтты дейді:
- Дәл осы үйдің екі үзігін ұрлаганға : “Іші тола отырган жанның құнын төле!”-деп бүйырар едім!-дейді.

Отырган жұрт бұл сөзіне көнбей:

- Бұл екі үзік сатса, пәлен кой. Мұнша құнды, мұнша пұлды болатұғын мұның не артықтығы бар?- дейді.

Сонда Шоң би отырып айтты:

- Сендер Құдайдың кай бергенінің калір-қасиетін блесіндер? Құн күркіреп жауып тұр, нажағай ойнап, жарқ-жұрқ етіп тұр. Естіген жанда зәре қалды ма? Аспаннан түсетүғын жайдың оғы тесігі жок бүтін кигізден тіпті өтпейді Дәл осы құнде осы үйдің үстінен жайдың оғы кез келсе, өтетүғын жері жок, кигіздің жұнінің арасынан бытырап-бытырап сіңіп кетеді. Осынша жанды сактап қалуға себеп болған соң, бұл екі үзіктің құны үй тола жанның құны болуга қалай жарамайды?!- дейді.

Отырган жұрт жағасын ұстап, таң-тамаша қалды дейді.

Жапалақ деген құс болады: өзі он жұмыртқа табады. Соның бәрін бірден жарып үшірмайды, екеу-екеуден жарып, бала қыстып үшірыады. “Бәрін бірден жарып бала қылсам, тамақ жеткізе алмаспыш!”-деп, өзі намаздыгерден жогары, бесіннен төмен бір-ак мезгіл үшады. Алса, бір тышкан алалды, алмаса, ала алмай қалғаны. Сонда да құстың семізі болады, себебі- қанағат қылғаннан. Адам қанағатты сонан гибрат алса керек.

Байғыз деген құс бар: кәріптікті (ғариблыкты), бейшараышылықты мойнына алып, таста жатады. Қайда бұзылған ойрана жай болса, сонда жатады, су шпейді, бидай, тары жемейді, аузында көлденен тістеген қылдан да жіңішке жалғыз шөп болады. Оны да жемейді, құр тістеп журсе керек. Қазакта бір сөз бар: “Тұрымтай екеш тұрымтай да тайлы биенің етін жейді” – деген. “Бір тауыққа һәм дән керек, һәм су керекн,- деген. “Бір нәрсені қорек қылыш жетітүғын болсам, сонын теріттінде (тірілдінде) болып, бейнетке калсам керек!-деп, сол үшін ешкімнің көзіне түспейді, жанға көрінбейді. Так Сүлеймен пайғамбарға барша құстар қызметкер құл болғанда, ол келмеген. Соңда Сүлеймен патша:

- Не үшін маған келмейсің?!- дегенде:

- Менің жалған дүниеден ешбір керек қылған нәрсем жок. Сенен не іздеп келейін?-деген.

Бул сөзбенен құлдықтан халас болған. Адам мұны ойлап, шікір қылу керек. Ұшқан құсты торға түсіретін, жүйрік анды орга түсіретін тамақ екен. Жұтқын тамағына ие болған адам торға да түспейді, орга да түспейді. Осы күнгі адаммын деп жүрген адамдардың жауы иегінін астында болып кетті. Ол жау не десеніз- жұтқан тамақ: жалғанда мазакқа, ақыретте-азапқа түсіретін тамақ. Тамақтан тартылған (тартынған) бәрінен халас болады.

## VII. Жетпіс бап

(рауаяттар мен дастандар)

Бірінші бап.

### Мәшіүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны

Ағуз [1] бисмилла [2] бар сөз басында,  
Жатпайды кисық ағаш тез қасында.  
Ла илаһа Илла алла[3] білдім хақты,  
Таныдым бір Алланы бір жасымда.

Екеу деп ойламадым екі жаста,  
Көңіліме төғілген нұр өуел баста.  
Хабибім[4] хак Мұхаммед, дінім-Ислам  
Иманның жөнін білдім басқа-басқа.

Ұшеу деп ойламадым үш жасымда,  
Атамның отыруши ем жамбасында (жанбасында).  
“Жан алла, иа, пірім... алла, hy-hy[5] хак!”-деп,  
Жұғардім жақсылардың ортасында.

Төрт жасқа келіп қалдым сөйтіп жүріп,  
Жұғардім мен атамның сонына еріп.  
Куанған ата-анам, аға-інім,  
Молдаға оқытуға мені беріп.

Бес жаста ауызға алдым: “Бисмилланы!”  
хаптиек құран оқып, білдім мә-ні!!  
Иассауи қожа Ахмет хикметінен  
Көңіліме төгілді нұр хош кәләми[6].

Келгенде алты жасқа алдым сабак,  
Шарх- кітап[7]-оқығаным, панаҳим[8]-хак.  
Парсыға сол мезгілде болдым тәуір,  
Болсам да мен бишара, зейінім[зенинім] шак.

Жетіге енді шықтым желе шауып,  
Оқута кетті менің көңілім ауып.  
Атам сонда ойлады жақсы ниет,  
Беруге ғылымы жақсы молда тауып.

Жетіден өте шықтым, сегізге айдал,  
Барады сол мезгілде ішім қайнап.  
Ғылымы сарф [9] фатеден алдым сабак,  
Хазіретті келтіріп Құдай айдал.

Толғандым тоғызымда томагадай,  
Үмтүлдым, көрсем оқу сарышадай.  
Мұхтасар[10] шарх Габдулла (кабат) бидан оқып,  
Талпындым бала құстай өрге қарай.

Құдай деп соныменен шықтым онға,  
Бір Алла мені салды тұра жолға.  
Аузымнан сөз, қолымнан өнер шашып,  
Кәнеки, тұра алсамшы қолдан-қолға!

Құдайым өнер берген он жасымнан,  
Имамның себеп болған дұғасынан.  
Дүние-ай, өтіп кеттің ойын болып,  
Артық (ортак) түстім тен құрбы, құрдасымнан,

Ақылды мен ойладым он бірімде,  
Белгілі Мәшіүр болдым өз жерімде.  
Сөзге шешен, жауапқа көсем болып,  
Отырдым он екімде жұрт төрінде.

Таянды сол уақытта он үш маган,  
Қас жаман қысылғанда болыспаган.  
Қыран құс, қолға тұрмас болдым лашын,  
Секілді үсынан жана ұстаган.

Он төртке келіп қалдым сөйтіп-бүйтіп,  
Жіберген бір қолдаушы мені тұртіп.  
Қараттым бір аузыма талапкерді,  
Шекіртті үлкен-қіші соныма ертіп.

Шүкірлік, бергеніне, Құдай патша!  
Он бесте шаптым жеке жүйрік атша.  
Бір үйықтап сақар уақыты жатқанымда,  
Кеудеме өлең толған сызған хатша.

Фылым сарф Наху[11], пакидан алдым хабар,  
Көнліме түсті жарық, ей, ағалар!  
Кәлам таухид[12] ғатайд мантық[13] расул [14],  
Парайыз хадис[15] тәпсірлері[16] болған қарар.

Кәнеки, тұра алсамшы шыдалп тілім,  
Сайрадым бұлбұл құстай, болмай гүлім!  
Демедім ашы-тұщы, аға бердім,  
Уай, дүние, қайтып келмес сол бір күнім!

Кім болған біздей шешен қызыл тілге,  
Сөз жаздым үлгі қылып тамам елге.  
Бір дария орнаған соң көтере алмай,  
Ағалар, он алтында шықтым шөлге!

Екі жыл ел ішінде бала оқыттым,  
Атамның бір насихат сөзін тұттым.  
Бейнуда ғұмырымды бекер жойып,  
Он жеті- дер шағымнан сөйтіп өттім.

Он сегіз міндім атқа шыдай алмай,  
Жақсыны жаман менен сынай алмай  
Мейрамның бес баласын араладым,  
Алысқа жас болған соң үзай алмай.

Қуандық, Сүйіндік, Шегендік, Бегендікті,  
Атасы Қарекесек басқа текті.

Сырым, Найман, Таракты, Бәсентиин,  
Атығай, Керей, Уак- көрдім көпти.

Әр жерде жақсылармен болдым таныс,  
Арғын, Найман, Қонырат пен Қыпшак жарыс.  
Орыс, казак, араб, парсы - бірдей билген,  
Бозбала, қалай екен аяқ алыс?!

Он тоғыз, жиырма менен жиырма бір,  
Жагалап жиырма екі қай жақта жұр?  
Көрінбес өткен ғұмыр бір сағаттай ,  
Не ілдім бұ дүниеден, сен мені көр!

Қан жирен тер шықкан сон, күрен болды,  
Ақыл-ой түпсіз дария терең болды.  
Есепке өткен жасты алып едім,  
Баршасы жиырма ауыз өлең болды.

Жігітке жиырма екен – жастың шеті,  
Сол кезде шапса қыльыш, қайтпас беті.  
Шығарым-шықпасымды Құдай блер,  
Тұра гөр тілеулем боп жиырма екі!

Жарасар бозбалага сұлу жирен,  
Дін күтсен, балшық болып аяқка илен!  
Жобасы сол окудың не болады?-  
Білмесен, өзің бала, бізден үйрен.

Окыдың әуел басы әліп биді,  
Жұм менен ха – бір нокаттан және хиді.  
Дәл менен зәл, ран, син менен шин,  
Сәт пен зат, біле білсен, ти мен зиді.

Файын, айын, кәфке, фа менен лам,  
Мим, нон, уау, ләм, әлиф иа-мен тамам.  
Абжат һуаз, хыти, бар қәләмін  
Сағыфаз қарашат тынызына ол зазым.

Онан соң һаптиек бар еже сүре,  
Оларды үйренирсің жүре-жүре.  
Оқытар түркі кітап баспа-жазба,  
Білерсің басын қатып көре-көре.

Қырық парыз, исламда-бес, иман жеті,  
Намаз да анық парыз: біл- он екі.  
Ғұсылда[17]- үш, таһаратта[18]- төрт, таямда[19]-төрт,  
Нифаста[20] хайыз[21] илан бар дүр екі.

Тағы бар: Әмір мағұфф[22], Нәғи мұнқір[23],  
Бірі оның ғылымда дүр, қылым зікір  
Тағы бір және бар уәжіп[24] дін исламда ,  
Қылғанға асани[25], соны қылғыл шұқір!

Сұннәт[26] бар Мұстахабен[27]адаб[28]хәйә[29],  
Харам[30] макруғи[31] мұстәні[32] қылма жия.  
Мұбах[33] деген нәрседен тарт бойынды,  
Тәкәппар ғажап хасты қылма рия[34].

Нәрсеге Мұбах деген қадам үрма,  
Жақсы бол біз секілді , жаман болма!  
Құдай-бір, пайғамбар-ак, құран-шын бил!  
Жолынан шаригаттың мойын бүрма!

Әзәзіл, шайтан малғұн тіліне ерме,  
Көзін жүм, не макұрымның жүзін көрме.  
Қайыр бер, бейшарага, ас пенен тон,  
Дүниеде бір сағатлық ғапыл жүрме!

Ұрлық, өтірік, ойнасты -өнер білме,  
Біреуте гайбат[35] сөйлеп, сырттан күлме.  
Тілей бер құдайыннан өз бағынды,  
Біреудің хакысына көңіл бөлме!

Көнілінде тұт жаратқан құдайынды!  
Сыйлап күт ата-анаң мен жұбайынды!  
Адамға жала жашпа, қастық қылма,  
Махшарда тартпан десен уайымды.

Руза[36] мен намазынды қылма қаза,  
Сактағыл өз бойынды судай таза.  
Мойнына пенде хакын жүктеп кетпе,  
Сабыр кыл келсе пәле, болма наза!

\*\*\*

Аспанның дәл ортасы-Темірқазық,  
Көкті биқ жаратқан, жерді- жазық.  
Еркің барда ерікпей гибадат[37] кыл,  
Ғазірейл өз пейілінен кетті жазып.

Шүкір қыл Алла берген нығметіне,  
Разы бол, берсе каза, құдретіне.  
Мал мен бас, катын-бала,- бәрі дүшпан,  
Дүниенің алданбағыл дәuletіне!

Бұйрығын шаригаттың әр кез қойма,  
Ас жынын, шакырмаған барма тойға!  
Іс қылсан құдай үшін қыл ниетпен,  
Риямен өз ісінді өзін жойма!

Жан қинап хак бұйрығын айлагыл сап,  
Істерден құдай сүймес жүргіл аулак!  
Бозбалалық, бокшылық ғадет қылма,  
Күлкі, сықақ, жел сөзге жоламай бак!

Алданып баяны жоқ дуние малға,  
Ақшага, алтын, күміс назар салма!  
Жалғанда жаманшылық жанға залал,  
Махшарда қаулап тұрған отқа жанба!

Жылқы, кой , ара тұспес, сиыр, түйе,  
Жатарсың жазаң болса, отка күйе.  
Бермейді жәрдем саған катын-бала,  
Болмаса жарылқаушы Жаббар[38] ие.

Жігіттер, айта берсем, таусылмас сөз,  
Бұл жалған бәрімізден өтеді тез.  
Дүниенің қанша жиған,-бәрі қалар,  
Бұйырар ораздыға үш қабат бөз.

Әзәзіл аздырмакқа буар белін,  
Жігіттер, берме қолдан иман гүлін!  
Шамасы гибадатқа келмеген сон,  
Безеген Мәшіһүр Жүсіп қызыл тілін.

Насихат сөз айтамын, салсан құлак,  
Азық ал: барап жерін алыс-жырак.  
Жүк ауыр, женшілте гөр, қылып амал(ғамал),  
Бұл өлім қас пен көзден жакынырак.

Бұл өлім бірдей келер бар мен жокқа,  
Бір күн аш, қанағат қыл- бір күн токқа!  
Қай күн килігерің болжаусыз ғой,  
Құрулы сарыжадай атқан окка!

Сол нәпсі жігітлікте тыйылмайды,  
Дүние қандай тәтті, қылмайды.  
Жисан да дүние малын түк шығармай,  
Үш қабат бөзден басқа бүйірмайды.

Су емес мейірің қанар, дүние- сағым,  
Сөйлеп қал осындайда тұл мен жағым.  
Дүниенің опасызын көзім көріп,  
Бар болса аянбайтын келді шағым.

Көп күнә харап қылар талай ерді,  
Шайтанның нәпсі дүшпан тіліне ерді.  
Алтыннан сарай салсан, пайдасы жок ,  
Бүйірса артық сарай қазған көрді.

Жатарсын мекен қылып кара жерді,  
Багзыға[39] бүйірмайды кебін көр-ді,  
Жанынды әзірейл алыш кетер,  
Қойсан да күзетшіге жұз мың ерді.

Жанынды әзірейл алыш кетер,  
Астында кара жердін зар еңретер.  
Айбатлы Мұнқір-Нәнқүр[40] келсе жетіш,  
Бишара, дәрмені жок пенде не етер?!

Артық бак: қойса халқың таза жуып,  
Кебіндең салып көрге, жіпсіз буып.  
Басынды сол көтеріп алғанында,  
Жүрегін қорқады-мыс мұздай болып.

Ах, дүние, қалса жетіп ата-анаң,  
Жан ауырткан тірлікте қатын-балан.  
Ағайын, жақындасын, тамырласын,-  
Бармайды біреуі де, не дүр шаран?!

Қасына шакырсан да, бармас бірі,  
Қысылар, пенде, жаның-келді жері!  
Пұл беріп: “Мені кой!”- деп, жалынар ғасы,  
Колыңа түспес катқан жарты тері!

Дұниеге келмеді ме ата-анаң?!  
Кәнеки , ардақтаған қатын-балаң?!  
Жалғыздық өз басына тұскеннен сон,  
Бишара болдың сорлы, күнің қаран!

Айтқаным осы емес пе: “Ауыр жол!” деп,  
Сен мұнан құтыласың қалайша ептеп?!  
Періште Мұнқір-Нәнкүр бек айбатлы,  
Сұрайды сонда сенен. “Ман рәббик!”[41] -деп.

Ал, жауап періштеге беріп қара,  
Сүм дүние қандай екен, билдің жана!  
Иманды болсан түсер сонда есіне,  
Жараткан жоктан барғып Ҳак тағала!

Табылmas хасыл, мақсат жан қиналмай,  
Дүниені шағындал жи, көп жинамай.  
“Несіне енді бүгін бөгелдің?!-дер,-  
-Жалғанда кетіп едің мені ойламай!”

Киындық алдыңызда сондай күн бар,  
Атпас таң біз сорлыға, шықлас түн бар!  
Алладан сондай пәрмен жауап келсе,  
Айт маған: “Сонда табар енді нең бар?!”

Фажайып сусағанда көрдім бір ша,  
Ағалар, іш күйгеннен қыламын аха!  
“Мен раббик!”-деген шакта Мәнкүр-Нәнкүр,  
Тілшме жәрдем бергіл, Раббым Алла!

Фылым мен ғамал жолдас оған серік,  
Нидаят[42]жігітліктे таупық беріл.  
Колынан малғұн шайтан халас айлап,  
Нәсіл қыл түзелмекті жолға кіріп!

Бақыт, дөulet сағадат[43] нәсіл айла,  
Көрсеткіл тұғыры жолды жанға пайда!  
Атын бар Faфур[44], Рахым[45]- ғасыларға,  
Ла шарик[46] сениң кебін патша қайда?!

Ла ташти, уа, назира- сенсің раҳмат,  
Білмедім, білшірмедин, сенсің- хамид[47].  
Білемін би шакуне, би намуне  
Болмайды бір Аллаға күфуан ахад[48]

Файыбы шарикни[49] хаири[50] пак дүр затын,  
Ла хаула[51] хаири бар сипатың.  
Өзін ғайып, мекенің мағлұм емес,  
Фаламға заһир[52] болған мың бір атын!

Жараттың фазылыңменен жанның мұлқін,  
Тамұқта түрлі ғазап ашы, шіркін!  
Салсан да кайсысына пендelerді,  
Иа, Раббы, білдір оның нең, бар дүр еркін?!

Еш нәрсе құдіретіңнен басқа болмас,  
Дауалап ойлай берсем, көңілім тұрмас.  
Сиратіл[53] мәуіттен аман сақта,  
Құдайа, қыла көрші иман жолдас!

Раббым Алла, нәбиім[54] – хак Мұхаммед!  
Дінім- ислам: руза, намаз- бізге міндеп!  
Перште Мұнқір-Нәнкүр, менде нең бар,  
Мәзhabым[55] улфа сізден ізгі милләт[56]!

Бар ма ақың алар сенің тағы менде,  
Үмбетімін Мұхаммедке, Хакқа- пенде.  
Арман жоқ онан басқа бұжалғаннан:  
Осылай жауап берсем сол бір күнде!

## **Екінші- он төртінші баптар: “Жер мен көк” қиссасы.**

### **Алла тағаланың көп сипаты барлығы**

Алланың өзі жалғыз, құдіреті кең,  
Бір ғайып аты бар дүр, заһары – мың.  
Таурат, Інжіл, Забурда- тоғыз жүзі,  
Құранда тоқсан тоғыз аты бар шын.

Бір атын біледі екен пайғамбарлар,  
Білмейді онан басқа ешбір жандар.  
Сипаты зат та, ғайрид[57] емес,  
Иа мекен тұрағы жок, ай, жаранлар.

Алды, арты, асты, үсті, он, солы жок,  
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жок.  
Еш нәрсе үқсамайды, ол еш нәрсеге,  
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Жоқ деп біл- бір Аллада – ата-ана,  
Және жоқ деп біліңіз катын-бала.  
Барлығы бір Алланың құдіретінде,  
Ешкімге мұктаж емес Хақ тағала.

Білгіші, есіткіші һәм көргіші,  
Барды жоқ, нажа жоқты бар қылушы.  
Тірік дүр, өлмес қадір, болмас ғажіз,  
Сөйлегуші, не тілесе, ол білгүші!

Серік жоқ, кемшилік жоқ және айып,  
Біле алман Хикмет сырын бізге ғайып.  
Мақал бар: “Аз сөз- алтын”- машайыхтан.  
Сөйлейін бір аз ғана жұртқа жайып.

Кім білер әуел-ахыр хактың сырын,  
Нәрсе жоқ бір өзінен басқа бұрын.  
Ғаламға өзін заһар қылмақ үшін,  
Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын.

Тауыстың мысалында қылды нұрды,  
Қандалға [58]нұрдан болған орнатылды.  
Алдында- ұят-айна: нұрдан болып,  
Құдайға көрін өзін, шүкір қылды.

Ұялып жалғыздықтан аққан тері,  
Сол терден жаратылған иман нұры.  
Бес жолы сәждे қылып, нұр ғалы нұр,  
Бес намаз әуел парыз болған жері.

Құранда бір аят бар бұған дәллі,  
Айтуға айырып бәрін зейінім залил[59].  
“Алла нұр ассамауат уаларзин- деген аят,  
Faфу қыл болса қате, ая, жалил[60].

Көктерде, уа, жерлерде болушы нұр,  
Нұр қылған иа, Раббым Хақ: құдіретін көр.  
“Мысалы мениң нұрым-бір тау!”- дейді,  
Ол тауда нұрдан болған бір қандал тұр.

Ол нұрдан жаратылған қандал анық,  
Бар екен ол қандалда ақ (ат) нұрдан жарық.  
“Файннама каукаб[61]дүррүй,” -деп,  
Бұйырған мадакында: Калам-шариф[62].

Онда бар жаратылған нұрдан ағаш,  
Майы бар, ол ағаштың нұрға жанас.  
Тағы да өз нұрымен өзі жанып,  
Машрик[63], мағриб[64]та емес, тұрған ағаш.

Шын анық: Қандал нұр, жарық та нұр!  
Бір нұрдың жанғандығы- май болып тұр.  
Сол нұрдан бес сәждеге бес нұр болып,  
Сол екен мазкур[65] болған нұр-ғалиы[66] нұр.

Кезгендер хакикатты көп сөйлеген:  
“Тау- дүние, ол-рух қандал” -деп сөйлеген.  
“Көрінген жарық болып көніл,” -деген,  
Әр түрлі әрқайсысы сөз сөйлеген.

Ол ағаш нәпсі(нәфіс) деген құдысия  
Май деген Алла берген медет хия.  
От тимей жанбақтығы –көреметтен,  
Аз ғақыл естуімше алдым жия.

Ол нұрдың бірі-Құдыс, бірі- Ысхад,  
Бірі- заһыр, біреуі- мытлақ білият.  
Нидаят оның бәрі ҳақтан болған,  
Пендересін өзі сүйген қылады шат.

Екінші кітап алған бір кенеске,  
Адам- тау, көкірек қандал: сол емес пе?!

Болғанда жарық иман- ол ағашы,  
Ғақылды оған қосқан май демес пе?!

Бұл нұрды мысал қылған Мұхаммедтен,  
Көкірегін-тау, көнілін қандал еткен.  
Ассалұт, набути жарық болып,  
“Ағаш асылы- мұғжиза [67]май” - деп кеткен.

Әр түрлі имамлардан бар-ды кенес,  
Мен өзім тәпсір білген ғалым емес.  
Сөйледім естуімше үстазымнан  
Естіген көргенменен бірдей емес.

Сонда нұрдың терінен жаратты хак:  
Фаршы[68], құрсі[69], - баршасын: тамүқ, ұжмак.  
Сәулесінен сол нұрдың жаратыпты:  
Рухы, әнбиелер- барша мұтлак.

Көп сез бар мұнан кейін, тұра тұрсын,  
Аз дәурен пенде, шіркін, құра тұрсын!  
Мысалды(мәністі) адамзаттан баян қылышп,  
Бозбала, қандырайын құлак құрышын!

Жаратты кайғыменен жаннын бәрін,  
Барсың ғой сол жиында баршаларын!  
Қандал нұрда пайғамбар рухы тұрып,  
Көрсетті тамам рухка Хак (шын) дидарын.

Фаннау иаратын келді жауап,  
Рух біткен пайғамбарды қылды тауап.  
Басын көрген дүниеде сұltан болып,  
Қолын көрген ғаділ боп, тапты сауап.

Кеудесін көрген жаңлар ғалым болды,  
Әр мүшесі әркімге маглұм болды.  
Сонда макрұм көре алмай қалған жандар,  
Жалған дүние жүзінде залым болды.

Жаратқан бәрінен де әуел нұрды,  
Құдайға жетпіс мың жыл жылап тұрды.  
Суретін пайғамбардың жасаған соң,  
Жұз мың жыл және отырып шүкір қылды.

Жаратты артық қылышп нұрды әне,  
Мақсатым, жаңым құрбан айтқан жерде.  
Үш жұз мың ғаламның жылдардан соң  
Жаратты сонда он екі нұрға перде.

Перденін бірі- құдірет, бірі-қызмет,  
Бірі рахмат[70] болғанда, бірі- минат[71].  
Сағадат, керемет пен ғажап (нәубат) нәбуат,  
Нидаят, шапағат пен рахат, киғбат.

Құдіреттің пердесінде нұр толыпты,  
Он екі мың жыл сонда орнығыпты.  
Қызметте он бір мың жыл мекен қылышп,  
Минатта және он мың жыл тұрыпты.

Рахматта тоғыз мың жыл харар етіп,  
Сегіз мың жыл сағадат (рұқығ ғып) хажатта[72] өтіп.  
Керемет манзилатта[73] он үш мың жыл,  
Нидаятта бес мың жылдай оны күтіп.

Төрт мың жыл Набауатта[74] мекен етті,  
Үш мың жыл рахиғатта[75] тұрып кетті.  
Екі мың жыл нибаттан[76] өткеннен соң,  
Такитына[77] шапағаттың келіп жетті.

Тахитында шапағаттың мың жыл тұрды,  
Үстіне Фарыш төсеп, құрсі құрды.  
Лаухи[78] калам жаннатты жаратқан соң,  
Орынлы, салтанатлы патша болды.

## Үшінші бап.

### Фаршы, Құрсінің баяны

Осылай жаратыпты әуел нұрды,  
Жаратқан тәннен бұрын ақыл-ойды.  
Ерітіп жасыл гауһар сонда ағызып,  
Фаршыны жаратпакқа жарлық қылды.

Көтеріп ол гаршыны суға қойды,  
Ол суды жел көтеріп буга қойды.  
Сактады құдіретімен сонда желді,  
Нұрына Мұхаммедтің ғалам тойды.

Басқышы, тірегі жоқ гаршы қылды,  
Хисапсыз сол гаршыға аяқ берді.  
Саны жоқ мөлшерінің тарау-тарау,  
Сыйғызды бір өзіне талай жерді.

Арасы аяқлардың сондай алас,  
Құс үшса, отыз мың жыл қылып жарыс.  
Жүйрік ат отыз мың жыл шапса, жетпес,  
Кітаптың айтқанынан қылман алыс.

Әр күнде құбылады жетпіс мың жол,  
Жасады алты жүз мың перде оған мол.  
Перште іші толған сәждे қылып,  
Бәрі де болып тұрган Құдайға құл.

Көтерген төрт періште бұйрық алып,  
Бек сасқан көтере алмай қайран қалып.  
Әскері қасындағы сегіз жұз мың  
Су акқан терлерінен шырқайналып.

Құдайга сонда қылған көп миражат,  
Көтерген құдіретімен хасил[80]мажат[81].  
Сонда аккан періштенін терлерінен  
Жаратты бір дарияны баҳыр[82] ухиат.

Үйретті Сұбхан Алла[83] қатимасын[84],  
Сәждеге көп періште койды басын.  
Көтерілді сонда Farshы құдіретімен-  
Орнатты енді күрсі лаухи тасын.

Жасады Зәбіржаттан [85] лаухи тақтай,  
Койыпты сонда жазып мал мен бақты-ай!  
Жаратты одан кейін рух рауан [86]  
Отіпті оның асылын адам таппай.

## Төртінші бап

### Сегіз жұмак, төрт періште баяны.

Жебірейл , Мекайл мен жаратты екеу,  
Исрафил, Фазірайл мен қылып төртеу.  
Бірін-желге, біреуін суға койып,  
Жұмак-сегіз болғанда, тамүк-жетеу.

Жаннаттың бірі-Фадін[87]: нығыметі[88]көп,  
Айтады : “Дарис салам[89] Дарил қырап[90],  
Фирдаус”[91]-деп,  
Жаннат Алмауи[92] қылды, жаннат- Нагім[93].  
Осылай Дарил қарар[94] жарадаған жұп .

Жаннаттың жаратыпты жерін биік,  
Өзгеден ол Фадінді артық сүйіп.  
Бірі -алтын кіргішінің, бірі-күміс,  
Балшығын маски[95]ғанбер[96] қосып түйіп.

Есігін алтын қылды, тысы- иақұт(жақұт),  
Топырағын таза жауһар, жайды бар қып.  
Факықтан-рамкасы бар: гауһар шыны,  
Кірermіз, иншалла, болса бақыт.

Төрт бұлак акты: бірі,- бар-Салсабил[97],  
Кафур[98] тасыным біреуін бил- зәңжабил[99]  
Сүт пен бал, шекер шәрбат сулары бар,  
Фанна [100 ]фиһа тусамма[101]- аят далил[102].

Так құрды, салды төсек ақ, жасылдан,  
Қызыл, көк түрлендірді саф асылдан.  
Не түгел керек десен, сонда даяр,  
Кіреді Құдай жазса, дін мұсылман.

Көктө бар жетінші кат түп ағашы,  
Жұмактың сонда толған айналасы.  
Хор кызы бір кісіге тиер жетпіс,  
Және жетпіс мың қыз бар –сыбағасы.

Пырақ бар: бес жұз жылдық жолды басқан,  
Ер тоқым өңшен абзал асыл тастан.  
Әр түрлі әр мүшесі құбылып түр,  
Тағы бар түрлі нығымат онан басқан.

Тиеді бір кісіге жетпіс шаһар,  
Әр шаһарда жетпіс мың сарайлар бар.  
Бөлмесі әр сарайдың - жетпіс мың үй,  
Әр үйде жетпіс мың тақ асыл баһар.

Әр такытның үстінде жетпіс төсек,  
Көрпе, жастық қанша бар,- қылма есеп.  
Алтын, атлас торғыннан жайып қойған,  
Кұнаһар боп кетеміз пәлен десек.

Әр төсекте отырган бір хор кызы,  
Гауһар тәжді, күн көзді, айдай жұзді.  
Лағыл баде, лептері- шырын, шәрбат,  
Бал мен қант ләzzатындай-сөйлер сөзі.

Қараса егер солар Ай мен Күнге,  
Ай мен күн ұялғаннан болады өнге.  
Тіци бар маржан, жақұт, лұлу иек,  
Хисапсыз шашбауына таққан тенге.

Қолдары хор кызының сым күмістей,  
Таларсың келбетіне көзің түспей.  
Шын мақсат барсаң сонда, табылады,  
Бұл дүниеге-түбі шолак, көрген түстей.

Жұмактың асты да –алтын, үсті де-алтын,  
Ішіне кірген жанның жүзі жарқын.  
Дүниенің бар қағазын жисам-дағы,  
Мен сөйлеп бітіре алман оның калпын.

“Имансыз сол жұмакты көрмес!” -дейді,  
“Бір Құдай имансызды сүймес!” -дейді.  
Бір Алла қаламында аян қылды:  
“Адамдар сегіз түрлі кірмес!” -дейді.

Әуелі бір Құдайға серік коскан,  
Екінші, үрлық қылышп җолды тосқан.  
Үшінші, кісі өлтірген нақақ(неках) жерде  
Төртінші, зинашы дүр, дінге дүшпан.

Бесінші- ел ішінде өсек айткан,  
Алтыншы- күншілшік қып, діннен қайткан.  
Жетінші- затымлар дүр, ракымы жоқ,  
Файбат айтып, әрқашан күнәсі арткан!

Сепізінші , әрдайым арак ішкен,  
Әрқашан жаманшылық күні кешкен.  
Осылар дүр жұмакқа кіре алмайтын,  
Тәубе қылмай, дүниеден, болса көшкен!

Құлая, күнөндердан бізді қылма,  
Құдайға, пенде болсан, қарап тұрма!  
Егер де тайып кетсөн жазатайым,  
Түсерсің жеті тозақ, жайған торға

## Бесінші бап

### Жеті тозақ баяны

Құлдықтан(Колымнан) келсе шамам, аянбайын.  
Азырақ жан барында аянтайын.  
Құданың қаһарынан корыккан үшін,  
Сипатын жеті тозақ баяндайын.

Жаратты ол тозакты қыстып жеті,  
Жаһаннам[103] Жәним[104], Сакыр[105], Сијожіл[106] төрті.  
Надилазад[107] пенен Хатм [108]-тамүк.  
Құйылар жазалының өзіне оты.

Тозактың ғазабы бар тастан қатты,  
От жанып, қайнатады адамзатты.  
Отыны адам мен тас - ол тамұктың,  
Құранда мазкор болған көр аяты.

Құлдық қыл, қалма ғапыл, ай, бейшара,  
Аят бар: “Ууқы һаннас уалхажара” [109].  
Кітаптан бір киссасын естігенде,  
Жүргегім болды қорқып пара-пара.

“Таусылып тозак оты бітпес!”-дейді.  
“Жазалы және жанып кетпес!”-дейді.  
“Тамұгының терендігі сондай алыс,  
Мың жылда тастаған тас жетпес!”-дейді.

Тамұкта бір шұнқыр бар: аты-Палақ[110],  
Сен содан құтыларға қылышы талап.  
Бір тау бар ол шұқырда: аты- Уайл [111],  
Болады оған түскен пенде халак [112].

Сол таудың тасы, жері- бәрі де оттан,  
Тез еken қыздырмағы пароходдан.  
Бір шаһар әлті тауға оттан салған,  
Хисабын біле алмадым қағып шоттан.

Көше бар сол шаһарда жетпіс жұз мың,  
Әр көшеде үйлер бар һәм жетпіс мың.  
Әр үйдің жетпіс мыңнан бөлмесі бар,  
Жараган бәрі де оттан,- бұл сөзім-шың!

Ішінде әр бөлменің жетпіс орын,  
Қайнатар оған кірген жанның сорын.  
Әр орында жетпіс мыңнан жыландар бар,  
Жараган һаммалары соның бұрын.

Фазап бар, заһар, зақым бәрі де анық,  
Жазалы дамыл-дамыл жатар жанып.  
Сол жыланның бір демі шықса титтей,  
Бұл дүние бір сағатта кетер жанып.

Сонда бар жыландардың заһарлысы,  
Бар еken әрбірінің жұз мың тісі.  
Құдая, мұсылманды жолықтырма,  
Не болар соған душар болған кісі?!

Әр түрлі ғазабы бар мұнан жаман,  
Болғанда заһар сусын, закұм-тағам.  
Осындай киындық бар кияметте,  
Күн бұрын сактанып кал, келсе шаман!

Құдай-бір, пайғамбар-хак, құран-біл шын,  
Бұйырған шаригаттың қылса ісін.  
Айтканың ғалымдардың қылсан тұзу,  
Көрмессің, иншалла [113], соның түсін!

Темір аркан болғанда, темір кебіс,  
Темір белбеу, темір тон,-бәрі от тегіс.  
Іші –тысы бәрі де отпен толар,  
Өзінді күткар сонан қытып бір іс!

## Алтыншы бап

### Жеті қат көк баяны

Мұнымен жеті тозақ тұра тұрсын,  
Мұсылман құтылатын камын қылсын.  
Жеті жер, төғиз патак қалай болған?-  
Аз гана сонан Жүсіп кеңес құрсын.

Бар Құдай салды назар сонда суға,  
Су қайнап, айналасы толды буга.  
Бұйнан сол дарияның көкті жасап,  
Білдірді құдіретін жас пен куга.

Ол судан және тасып, кәбік шыкты,  
Сол кәбіктен жеті қат жерді қыпты.  
Сол жерді жеті қытып, және созып.  
Тау мен тас, ағаш, жеміс, қылған шоңті.

Екі күн –жер, екі күн көк жаратты,  
Торт күнде бір- біріне жұп жаратты.  
Бір сағатта қытуға құдіреті бар.  
“Пенлеме гибрат болсын!” - деп жаратты.

Біткен атты күнде - белгілі анық,  
Бітірген құдіретімен Жаббар-Хатық.  
“Фан саиа-ти айамин”[114]- деген аят.  
Көрсеткен осылай деп Калам Шариф.

Әуелгі көкті қылды Зәбіржаттан,  
Аты дүр каза(киха) оның білсөн хаттан.  
Суреті мысалы бақыр періштегер  
Бос тұрар, білсөн, әне адамзаттан.

Екінші көкті қылды бәрі жақұт,  
Аты- қадым[115], ол көктің орны- сахит[116].  
Үшінші көктің атын: “Мағун”[117]-қойып,  
Асылын оның Алла қылған артық.

Төртінші көк жаралған ақ күмістен,  
“Арықтұн”, - осылайша- атын дескен.  
Бесінші жаралған: “Заниқа”-аты,  
Нәрсе емес: аз, көп дейтін өлшеп-пішкен.

Жаралған ақ іңжуден алтыншы көк,  
Ат берген оған Алла : “Рафға”[118]-деп.  
Жетінші көктің аты- “Фариға”[119] дүр,  
Қып-қызыл алтын қылған жылып-теріп.

Қойыпты жеті көкке жеті есікші,  
Өтірік айттар кісі емес, мен өсекші.  
Бәрін[ің] де атын саған баяндайын,  
Шотқа қак: нешеу екен? Кел, есепші.

Исмағұл, Михаил мен Сағдайыл бар,  
Калкайыл, Салсайыл мен Самайыл бар.  
Рафайыл- жетіншіде мекен еткен  
Бәрінен орны биік Жебірейіл бар.

Жетінші көкте ағаш бар, ол- Мынтаха,  
Аят бар: “Әліф, ләм, иасин таһа”.  
Жебірейіл сол арада мекен қылған,  
Астағфирулла[120] Алла ла иллаха, илла Алла.

## Жетінші бап

### Жеті қат жердің баяны

Осылай естуімше өңшен ерден,  
Емеспін соның бәрін өзім көрген.  
Жеті көк, тоғыз палак былай тұрсын,  
Құрайын тағы кеңес- жеті жерден.

Әуелгі жердің аты- Дамқа болған,  
Жел есіп Рих ғакым[121] онда тұрған.  
Жетпіс мын біреуінің арқаны бар,  
Бір Мәлік[122] өр арқанға ие болған.

Ғад қаумын халак қылды сол жемменен,  
Қанша адам қырылыпты көп елменен.  
Бірталай Бошым онда халық көп бар,  
Ісі жоқ обал, сауап ешкімменен.

Екінші жердің аты- “Халдетүрүп”,  
Қаумы бар Тамас атты бір- бірін жер.  
Фазап бар неше түрлі ол орында,  
Нанбасан, “Мұхамедия” кітабын көр.

Үшінші жердің аты болған- Фарқа,  
Шаян бар неше түрлі тарқа-парка.  
Захар[123] бар біреуінде үш жұз алпыс,  
Дүниені бірі шакса, қылар шарқа.

Қаумы бар “Қабыс”-деген өз алдына,  
Жүреді шаяндардың көз алдына.  
Құдайым құдіретімен сактар өзі,  
Тамсанып шыға берме сез алдына.

Төртінші жердің аты: “Жырба” дейтін,  
Ол жерде айдаңар бар адам жейтін.  
Халкы бар өз алдына- “Жалғам”- деген,  
Көзсіз, колсыз, аяқсыз қалын жойқын.

Бұлардың үшіп жүрер бар ғадаты,  
“Малша”екен – сол бесінші жердің аты.  
“Мыхта” атты қаумы бар онын тағы,  
Бірін- бірі жеп қылар харапаты.

Алтыншы жердің аты- Шахынайдос,  
Қаумының аты-Китат, суреті-құс.  
Құдайға құлдық қылар баршалары,  
Дөптері тозағының сонда дүр бос.

Жетінші жердің аты: “Ғажба”,-деген,  
Жер жоқ-ты сегізінші мұнан төмен.  
Мекені Фазазілдің сол арада,  
Қаумы бар “Жытма” атты тізген көген.

### Қап тауының баяны

Жеті жер жаратылды осылайша,  
Бұл сөзім болар кенес жүртқа жайса.  
Қап тауы жаратылды зәмір тастан,  
Бар екен шамасы оның, білгіл қанша?!

Айналған бұл дүниені жеті фасыл[124],  
Өзінің тастары бар өңшең жасыл.  
Дүниеде тау шаһарлар, сыхре қалға.  
Тамыры Қап тауына болар уасыл[125].

Мекайіл бір перште Қап тауында,  
Аспанның, тиғен басы, жактауына.  
Сондай тау құласа да жан сақтарсын,  
Құдайдың тұра келсен (сактауына).

Артында Қап тауының бір-ақ жер бар,  
Дүниедей отыз есе сондай кен бар .  
Жаралған бір түрлі жан сол арада,  
Наммасы тағат қылған, онда нең бар?!

Сөйлейін бір аз ғана хикаятын,  
Құдайдың, караңызлар, құдіретін!  
Артында сол ақ жердің жетпіс жер бар,  
Біріне жаратылған бірі жақын.

Оның тағы артында жетпіс жер бар,  
Кәпірдан жаратыпты деген “Паруар”[126].  
Кенлігі бұл дүниеше жетпіс есе,  
Ар жағында жетпіс жер тағы да бар.

Оның тағы ар жағы- жетпіс мың жер,  
Бәрін алтын жаратқан құдіретін көр.  
Ар жағында Тимеш бәрінің жаратылған,  
Жетпіс қабат дүниедей күмістен жер.

Және бар онан әрі жетпіс мың жер,  
Сол жердің жаратылған бәрі темір.  
Оның аргы жағында қанша ғалам,  
Жаратты перштeler беріп ғұмыр.

Бұлар білмес- Фазазіл кім екенін,  
Адамзаттың тағы да ніл екенін.  
Құдайды-бір, пайғамбарды-хак біледі,  
Не білер: тура жаһил [127] дін екенін.

Онаң әрі жаратқан жеті теңіз,  
Мактүк бар әр дарияда үшан-теңіз.  
Көп ел бар арасында ешкім білмес,  
Онда бар тексеретін біздің неміз?!

Ол елдін кім екенін білмес адам,  
Бұрынғы әулиелер біле алмаған.  
Жаңлық жәберін баһар қылса,  
Ат койған: “Аhlу хикмет [128]” оған тамам.

Көкке үшса, талмайды канаттары,  
Отқа түссе, жанбайды ғадаттары.  
Теңіздерде жүреді суга батпай,  
Әрқашан қабыл болған қажеттері.

## Тоғызынышы бап

### Фаршы, күрсі жаратпағы

Осылай пайғамбардан рауат [129] салған,  
Сөз еді үстазымнан естін алған.  
Кәнеки, тағы бір сөз қозғайын да,  
Алланың жаратқанын тауса алман.

Жеті көк, жеті кат жер-бәрі бітті,  
Ішінде айтылмаған көбі кетті.  
Фаршыны, сол көтерген дарияны,  
Өзінің құдіретімен бөлек етті.

Бірі астында Фаршының Бахыр лаҳият [130],  
Бірін жердің астына қойды таяп.  
Сол дарияның сүйнан қылды бәрін  
Дәлелім бар: бұл сөзге келген аят.

Ал, жаратты аспанға ай менен күн,  
Әуел баста екеуін қылышты тең.  
Айдан алып Жебірейл, күнге беріп,  
Күнге күндіз жаратты, ал Айға –түн.

Жер менен көк жарадалды ма түзу болып,  
Әр түрлі өтіп кеткен макұлық толып.  
Ал, енді Байтул мағмур[131] орнатылды,  
Кетейін онан бір аз кенес құрып.

Жаһанда шаһар да жоқ, үй де жоқ-ты,  
Бостан-бос бүл түл дүние түрған тілті.  
Қағбаның осы күнгі дәл орнына,  
Бір үйді қызыл жақұт орнатыпты.

Құданың құдіретімен біткен екен,  
Топан су көк жүзіне жеткен екен.  
“Суға қарық болмасын!”-деп, перштегер,  
Көтеріп көк жүзіне жеткен екен.

Перште жердің жүзін алып кетті,  
Фазәзіл оттан белбеу буып кетті.  
Құдайға неше мың жыл құлдық қылтып,  
Мұлқіне сегіз жұмақ барып жетті.

Тамамы перштеге патша болды,  
Сол күнде: “Фазәзіл”, -деп ат қойылды.  
Жеті көк, жеті жерді жалғыз үстап,  
Биледі перштені онды-солды.

Қойылты патша Құдай қылтып еркін,  
Беріпті билігіне дүние мұлқін.  
Фаршының есігінде бір жазуды,  
Жиылған көп перште көрді бір күн.

Қорықты перштегер: “Бұл не хал?!”-деп,  
Жазылты: “Көрген пендем, үғып ал!”-деп.  
“Ушбу жүрген мұлқімде бір құлымас-  
-Жазылты- катты қаһар лағынат бар!”-деп.

Перште бәрі тегіс шошып кетті,  
Патшасы Фазәзілге келіп жетті.  
-Фаршыда бір нәрсені көрдік біздер,  
Қорқыстық, дүға қылғыл, тақсыр!-депті.

Фазәзіл сонда тұрып, дүға қылған:  
-Сақта!-деп перштені, қорықканнан.  
Қылмады: “Өзін сақта!”-деп сол уақытта,  
Әр істі жақсы-жаман Құдай қылған.

## Онынны бап

### Адам атанаң жаралып, дүниеге келгені

Бір достым бар, жаратсам керек, соны,  
Жер жүзінде болалы мекен жөні.

Шығындар, періштелер, бұ дүниеден,  
Жаратсам керек Адам қылыш оны.

Жүрген жок: періштелер “Кетеміз!”, -дер,  
-Иа, Раббы, біз не жаздық, паруардігер[132]?!  
Біздер тәсбих[133], таһлил[134]айтамыз гой!  
Жаралса адам үғлы, күнә қылар!

-Шығындар, періштелер, тілімді алыш,  
Фажаппен болған тағат күйер жаныш.  
“Қала инси ағламу уа ма ла тағламун!” [135] -деп.  
Шығарды бәрін тегіс Жаббар Халик[136].

Әүел баста болмағы нұрдан екен,  
Нұр билеп сонын бәрін тұрган екен.  
-Кімнен сені жасайын?-дегенинде,  
Нұр ықтияр топыракты қылған екен.

-Топырактан жаратам Адам!-дейді.  
-Жебірейл, бұйырамын саған!-дейді.  
-Бар-дагы Мағриб, Машрих ортасынан,  
Бір уыс топырақ ап кел маған!-дейді.

Жебірейл жарлықпенен келді жерге,  
Бір уыс топырақ алыш жөнелуге.  
-Не үшін, иа, Жебірейл, келдіңіз?-деп,  
Сонда Жер құдіретімен келді түлге.

-Мен келдім сенен топырақ алмақ үшін,  
Қарнына уысымды салмақ үшін.  
Құданың жарлығымен саған келдім,  
Бір уыс топырақ алыш бармақ үшін.

-Имансыз қыл көпірден жығылады,  
Жаралған жер ортасы қыбыла-ды.  
Бір уыс менен топырақ алыш барып,  
Құдайым ол топырактан не қылады?

-Құдайдың білмен сырын тамам,-дейді,  
Жаратар топырақтан Адам!-дейді.  
Көбейіп Адам үглы тараптап соң,  
Бұзықтық қылар олар жаман!-дейді.

-Аспаннан амал сайын жауған қар ма,  
Не қылса Паруардігер шарам бар ма?!

Кәнеки, Жебіреіл, баян қылшы,  
Оларға обал, сауап нәрсе бар ма?

-Дүниеде Адам үглы жүрер ұзак,  
Сарт, ногай, шұршіт, орыс, өзбек, қазак.  
Егер де күнәсынан тергеу алса,  
Қарныңа салып сениң, қылар ғазап!

-Жебіреіл, олай болса, алма менен,  
Өзімнен жаралған соң, менің денем.  
Тағы да салып маған ғазап қылса,  
Болармын шыдай алмай мұнан тәмен.

Ол менен жаралған соң, балам болар,  
Тегіс жаксы болмаса жаман болар.  
Өз қарнымда балама ғазап қылса,  
Уа, Алла, минох[137]күнім караң болар!

Жебіреіл рахымы көп, кетті қайтып,  
Жіберді Мекайілді жарлық етіп.  
Жер тағы осындай сөз айтқаннан соң,  
О дағы ала алмады бойын тартып.

Онан соң жіберіпті Исрафилды,  
Бәрінен тәмен жатқан жер пакыр-ды!  
Жердің айтқанын естіген соң,  
Тоқтатып, ала алмады, о да ақылды.

Төртінші Фазіреілге келді жарлық,  
Кеңлігі жоқ, мінезі,- бәрі- тарлық.  
Жердің олай-бұлайын тындаастан,  
Фазіреіл салды аямай күшін барлық.

Ортасы Машрик, Мағриб- осы тұсты,  
Фазіреіл ракымсыздай қолы күшті.  
Бір уыс топырақ алған уақытында,  
Қырық кары, жеті кат Жер тәмен тұсті.

Құданың құдіретіне барған алып,  
Қай жұмыс біттейтүғын мұнан қалып?!

-Басында себеп болып алып келсен,  
-Ал!-дейді,- жаңын тағы!- Жаббар Халик.

Жаралған Адам пенде киналмақта,  
Ойласын: “Келдім,- деп,- синалмаққа ”  
“Бөрекелді, ракымың аз екен!”-деді,  
Койыпты Фазірелді жан алмаққа.

Топыракты суға иледі лай қылғалы,  
От өртеп, жел естірді май қылғалы.  
Әртүрлі топырак кости ашы-тұшы,  
Біреуді-жоқ, біреуді бай қылғалы.

Топыракты құдіретімен екі бөлді,  
Бірін отка, біреуін нұрға берді.  
Және де бәрін қосып, сурет қылып:  
-Жараттым абзал(азалы) қылып орнын!-дейді.

“Кунту күзаз махфиян” [138]- келді жауап,  
Суретін тамам қылды қырық күн санап.  
Жатқызды қырық жыл жерде дене қылып,  
Пісірді дене қылып күмға орап.

Жатқызды сахараның даласында,  
Тайфанды Мекке менен арасында.  
Бір күні Фазірел келіп көрді,  
Дарияның жатыр екен жағасында.

Жел есіп кеткен екен ішін тесіп,  
Малғұн жүр күншілдік қып ерегесіп.  
“Егер мұның билігін маған берсе,  
Таза қоймай, алар едім басын кесіп”.

-Іш қуысы, хайласы көп-ті,-дейді,  
-Алдауга жылдам ерер епті,- дейді.  
“Мені бұған каратам!”-лесе Құдай,  
-Уа, Алла, мойын сұнбан!-депті дейді.

Әзәзіл жансыз барып сонда көрген,  
Байқады құр денесін жаткан жерден.  
-Алдауга жылдам түсер жан екен!-деп,  
Адамның жетекшілін сонда білген.

Күдайым өз күдіреті қылған, әне,  
Жасаған қүдірет қолмен үш нәрсені.  
Бірі-Таурат, бірі-Адам, бірі- Фадін,  
Екі жұз жыл кіrmesten тұрды жаны.

-Кір, жан, саған дем алыс бердім ерік!  
Факыл, көңіл, әлham нұр көрік беріп.  
Желкесінен екі жұз жыл айналып,  
Сонда жан қиналумен кетті кіріп.

-Құданың қысымымен кірді,-дейді,  
-Шығарсын қиналумен енді!-дейді.  
-Бисмилла, иа, Раббы, жәрдем бер!-деп,  
- Кірген жерден жан көзге келді- дейді.

Көзіне жан кірген соң, өзін көрді,  
Жаралған топырактан жүзін көрді.  
“Өзінің неден болған жөнін көріп,  
Асылын танысыны!” - деп факыл берді.

Көзден соң мұрынына жан беріпті,  
Жыбырлап сонда мұрын түшкіріпті.  
Аузына жан барған соң, хамд[139] айтып,  
Дегенде: “Әлхамдулилла!”[140] - тіріліпті.

Ирхамгі Күдайынан жауап келген,  
Имамдар мұны айтпақты сауап білген.  
Аяқ, қол, кеуде, бөксе, - жеті мүше,  
Аралап бір шыбын жан бәрін кезген.

Кәнеки, тұра келді: “Бисмилла!”-деп,  
Үстінен каткан балшық төгілді көп.  
Қалыпты сол үстінде тырнақ (сүйек) болып,  
Онан соң бұйырады: “Күдай не?!”-деп.

Күдайым Жебірейілге: “Барсын!”-депті,  
-Ақыл, иман, ұятты салсын!-депті.  
“ Үштің бірі хатқа (жанға) жаарар”, -деген мақал,  
-Адам тандап біреуін алсын!-депті.

Адам таңдал бәрінен ақылды алған,  
Ақыл түрган жеріне иман барған.  
Сол иманның соңынан ұят еріп,  
Үшеуі бір арага орнатылған.

Басына- тәж, беліне камар[141] кости,  
Тұрлендірді киімін ішті-тысты.

“Адам көркі-шүберек”, - деген макал,  
Астына пырақ[142] берді, құстай үшты.

Куантып сонда көңілін сүйіндірді,  
Тазадан өншең асыл киіндерді.  
Жұмакқа перштегер алып кірді,  
Аттарын әр нәрсенің һөм білдірді.

-Басына- тәж, ғамама[143] ора!-дейді,  
-Осылай іззет (ғызат), құрмет жоба!-дейді.  
-Қасындағы жиылған перштеден,  
Аттарын әр нәрсенің сұра!-дейді.

Адамның асып бағы, кеткен үдең,  
Фазәзіл жүр сол құндең, көңілі жүдең.  
Сұрайды әр нәрсені басқа-басқа,  
“Бұлардың, перштегер, аты не?”-деп.

Құдайым білдірмеген өуел баста,  
Перште бірін білемей қалды босқа.  
“ Уа ғалламал адама ал асма-у”[144],  
Құдая, білуші жоқ сенен басқа.

Сонда Адам қалың топты жарып айтты,  
Аттарын әр нәрсенің - бәрін айтты.  
Бәрінен жалғыз Адам ғалым болды,  
Ал, енді перштегер үйге қайтты!

Откізді шаттықпенен айт пен тойын,  
Жақсының жүрген жері- мәжіліс, ойын.  
Халатым- ақыл, әне, ағылым тұра келіп,  
Бәрі де хаш өміріне қойды мойын.

Көрген соң перштегер қалды танға,  
Сайлады сонда Адамды бәрі ханға.  
“Фасжуду лиадама”[145] - аят келіп,  
Бұйырды: “Сөзде қыл,- деп, сонда-адамға!”.

Сәждеге көп перште қойды басын,  
Адамның Құдай артық қылған жасын.  
Фазәзіл мойын сұнбай, тұрып қалды,  
Түсіріп хаш мойнына тауқы тасын.

Бастарын перштегер көтеріпті,  
Фазәзіл бір сүмдыққа килігіпті.  
Қорықканнан перштегер: “Сактай гөр!”-деп,  
Сәждеге және екінші илігіпті.

Фазәзіл болды наумыз[146]сол бір кезде,  
“Ібіліс” –деп, ат қойылды тағы да өзге.  
Сәжденің бірі- парыз, бірі- уәжіп,  
Екеу боп, сол себеплі қалды бізге.

Басына тауқы лағынет жетті дейді,  
Құдайым оған қаһар етті дейді.  
Бір мінез тәкаппарлық қыламын деп,  
Күйліп дәргаһынан[147] кетті дейді.

Ағузу биллах[148] кәрім[149] Рахман [150],  
Корқынышым көп, қыламын ахлу ағлам.[151]  
“Рахман атқа түспен”, -деп, қылыш иағлан (әні һылан),  
Ат қойды сонда өзіне: “Ібіліс шайтан”.

Ағузу биллахы минаш шайтан[152],  
Мұнымды хактан басқа кімге айтам?!  
Калайша Хая аナンы жаратыпты,  
Аз ғана мазмұнынан қалам тартам.

Көздінің, кенес десе, анырмаған,  
Тәубеден жан барында жаңылмаған.  
Адамнан Хая аナンы- алған екен,  
Ішінен сол жақтағы қабырғадан.

Білмейді ауырып жанға батқанын да,  
Көз ашып көрген екен бакқанын да.  
“Қалсын-деп, -білмей”, -төңірім жаратыпты,  
Сол адам үйқылы- ояу жатқанында.

Көзін ашса, касында отыр біреу,  
Жатқанда жалғыз еді, оянса-екеу.  
-Сұрайық билер ме екен жұбайын!-деп,  
Куәлік(ке) перштегер келген төртеу.

Құдайым көңіліне құйып қойған,  
Алланың жарлығына үйіп қойған.  
Көңіліне жақындықтың мейірі түсіп,  
Әуел оның бетінен сүйіп қойған.

-Отырған қасындағы бұл кім?-дейді,  
-Мұнша жақсы көресін неге?-дейді,  
-Аты кім, не себептен койған солай,  
Жақындар бар ма бұған пиғылтың?-дейді.

-Халалым қасымдағы серігім-ді,  
Құдайым тауып берген жерігімді.  
Тіріктен тірік қылып жаратқан соң,  
Аты: “Хая!”,- солай деп ат берілді.

-Дәл ішімнен шыққандай көрем жақсы!  
Бірімізге біріміз ұнамакшы.  
Паруардігер қойыпты жүпты қылып,  
Бір Құдайдан басқадан такты тапшы!

Тұбінде топ(тұп) ағаштың тойы болған,  
Сымбатты екеуінің бойы болған.  
Екеуі қосылған соң серік болып,  
Бірінде- ғақыл, бірінде- ойы болған.

- Иа, Адам, жұбынменен(жұптынменен) тұр жұмакта,  
Өзінді жақсы күтіп, жақсы сакта!  
Ішіп-же, көнілің сүйсе, ойна да құл,  
Жалғыз-ақ жақын барма бидай жакқа!

Жебірейіл хұтпа оқыды, бар дұр аят,  
Маһоры [153] - Мұхаммедке он салауат.  
Хадис бар: “Кулли жәди ләзиз”[154]-деген,  
Қылыпты ойын-құлқі гиши фарагат[155].

Жұмакта Адам, Хая жүреді олар(алар),  
Айтады мадақсына перштeler.  
“Қалайша мұны азғырып шығарам?”-деп,  
Далада жүріп шайтан назаланар.

Жұмактың есіктерін андып тұрды,  
Перште енем десе қақ басқа ұрды.  
Бір Таус сейіл қылып шықкан екен,  
Ібіліске сол арада душар болды.

-Құдайға кайтер едің жүрмес болсан,  
Мен- ғақылшы, біліп ал, білмес болсан.  
Келбетін келген екен армансыз-ақ,  
Тіпті жақсы болар ең өлмес болсан!

- Япырм-ау, немене еді өлім деген?  
- Жан кетсе, қараң сенің күнің!-деген.  
Таусыс келіп жыланға ақылдасты,  
Далада шайтан жүріп күлімдеген.

Жылан сонда жұмақта жүреді екен,  
Жақсы менен жаманды көреді екен.  
Төрт аяқты, шудалы сары атандай,  
Әрге шығып, ой жерге кіреді екен.

- Өлім деген не нәрсе, Тәнірім,?!-деген,  
- Білдірmedі бар Құдай бізге неден?  
Соны білген - өлмestі біле ме екен?  
Біз сонан сұрайық! - деп, бұлар келген.

- Сен өзің бәрін білген өлемісің?  
Қайтсек біздер өлмейміз, білемісің?  
- Жұмақтың ішінде бар өлмеске амал  
Көрсетейін, мені алып кіремісің?

- Ендеше көрсет бізге, жұмаққа жүр,  
Жасырып кіргізейін аузыма кір!  
Таусыс, жылан- шайтанмен ақылдастып,  
Жұмаққа кіріп кетті үшеуі бір.

Бұларды тастап кетті алдаң-сулап,  
Адам жүр: дәулетке мас, аунап-кунап.  
Жылады қастарына келіп шайтан,  
Отірік түкірікпен бетін сулап.

- Сен неге жылайсын?-деп, сұрады Адам,  
- Ай, дүние, өтпей тұрса, осы заман!  
Жан кетсе, дене шіркін қалар босқа,  
Өлмestін лажын қыл, келсе шаман!

Есітіп Адам, Хаяу күйіншті,  
Ібіліс сонда шінен сүйіншті.  
Хаяу ана жетіп келіп сұрайды-мыс:  
- Пакырым, білемісің өлмес кепті?!

Мен айтсан да, екі жас, үқпайсындар,  
Әлі бір күн бұл күнді жоқтайсындар.  
Бидайдын(бұгдайдын) ағашынан жалғыз татсан,  
Өлмейісің, ғұмырында шықпайсындар!

- Сүмдигын мына залым тұтқан екен,  
Ақылы мұның бізден артқан екен!  
Жакласа, бір күн айда жібергелі  
“Жеме!” - деп, бізге сонан айтқан екен.

Барады Хая анатың жегісі кеп,  
Жоламай Адам ата отырды көп.  
Екі үзіп, өзі жеді Хая анатыз:  
-Кәнеки, маған жүқты немене?-деп.

Жемеске өзін Хая тия алмады,  
Енді айтсам, мен пайданы, тіл алмады.  
Көрген соң Хая анаты сондай жақсы,  
Адам да оның сөзін кия алмады.

Екі үзіп сол бидайдан Хая жеді,  
Бір үзіп атамызға алып берді.  
Аузына адам ата салған шақта,  
Шошынып өне бойы дірілдеді.

Еркектен азғырылды катын бұрын,  
Бастан-тәж, мандайдан бак, алды нұрын.  
Екеуі жап-жалаңаш болып калды,  
Басыпты қолдарымен абыройын.

- Бидайды неге аузына салды?!-дейді,  
- Хаяның неге ішіне барды?!-дейді.  
Сасқаннан Адам ата жұта алмады,  
Түйн боп тамағында қалды!-дейді.

Ұялып Адам ата, ол Хая ана,  
Ағаштар жапырағын бермес және.  
- Не үшін дәргаһыма ғасы болдын?! -  
Солай деп айтқан екен Хақ тагала.

Адам айтты:

- Аузыма біреу салдым,  
Кия алмай мен Хаяның тілін алдым.  
“Қатынның тіліне ерген қатын!” -деген,  
Хая айтты:

- Жылан айтқан тілге наңдым!

Жылан айтты:

- Мені алдаң Iбіліс кетті,

Ібіліс айтты:

-Жұмакқа өзі елітті.

Тауыс тағы әтінді бір тісінен,

Бәріне бір құдайдан жарлық жетті:

-Жұмактан әүелі. Адам, сен шық!<sup>1</sup>-дейді,

-Тұруға енді мұнда жол жок!<sup>1</sup>-дейді.

-Екеуіне он қой, бір ат енші бердім,

Кешікпей енді мұнан тез шық<sup>2</sup>"-дейді.

-Иа, Хая, сен бидайды неге жұттын?

Басына пайда етем деп, залал еттін.

Қан көру, бала табу- өз тілеуің,

Қалдын ғой ортасында көп бейнеттің!

Мирас, ғақыл, дінде, сен кем боларсын!

Екеуің бір ереккө тен боларсын.

Сауаптын ерге-мыны, саған- бірі,

Өлгенине өзін-өзін мін боларсын!

Иа, жылан, аяғынды алым қайрып.

Жатарсын жер бауырлап, мойның қайрып.

Көрген жан басынды езіп, алек қытып,

Тастасын екі бөлшп, жағынды айырып.

Иа, Тауыс, бұл кенеске неге қірдің?

Ібіліске жылан менен етші жүрдің.

Дайым сениң тартқаның қүйік болсын,

Кәнекі, сен не пайда мұнан қөрдің?!

Иа, Ібіліс, сен Адамның алдың бағын,

Дамылсыз періштеге құтызармын!

Әбден-ак раҳматымнан наумиц[156] малғұн[157],

Көрмегіт мұнан бытай жұмак маңын!

Жіберді құдіретімен бәрін айдал,

Сәрондит[158] тауына Адам келді жайлап.

Бір тауға Жоууа (Жылда) деген Хая түсіп,

Айырылған бір-бірінен соры қайнап.

Жылан түсті Аспомен[159] деген жерге,

Солтүстікке түсіпти Тауыс бірге.

Құдайға ғасы болып құытмакты

Тілеймін, иа, Раббым хак, бізге берме!

Үш жұз жыл Адам ата жүрді жылап,  
Көзінен акқан жасы- дария бұлак.  
Иа, Раббына замина анқисина  
Зарланды қылыш тәубе, медет сұрап.

Сол күнде қарангыда жүрген еді,  
Ашылды сегіз бейші, жұмак нұры.  
Жазулы Мұхаммедтің атын көріп,  
-Бұл кім?!-деп, сұрады Адам әрі-бері.  
- Бұл менің достым еді сүйер жақын,  
Өзі және сол сенің зұриятын.  
-Олай болса, құнаһым ғафу[160] айла,  
Достың болған Мұхаммед сактап хакын!

Құнаһының Хақ тағала қабыл етті,  
Қарангы дүние жарық болып кетті.  
Шүкірлік екі ракағат намаз оқып,  
Сол памдат, [161]намаз бізге парыз етті.

Ал енді Құдайына шүкір қылды,  
Қанша сөз түтел айтып болмас болды.  
Табысып Фараффатта [162] Хая аңаға  
Сол жерде мақсат тауып, көңіл тынды..

Хая аңа сонда белі мұзға тиілі,  
Тізесі Адам ата сызға тиілі.  
Бір бұлак ақ су ағып, дария түсіп,  
Жаралды сол асылдан балық дейді.

Ит кіндіктен жаралған, мысық өттен,  
Сол себептен адамға жақын еткен.  
Адам ата, Хая аңа қосылған сон,  
Үл мен қыз егіз тауып, бала біткен.

Бір егіздің сынарын біріне қосқан,  
Бір сұлу қыз Қабылмен бір туыскан.  
Соны барып һәбілге қосқаннан сон,  
Қабыл тұрып, һәбілге болды дүшпан.

Ал, екеуі келіспей араз болып,  
Бара жатыр кеңеске ішім толып.  
Бір кеңес әлімсақтан айтсан керек,  
Кіссасын һәбіл, Қабыл қоя тұрып.

Сайрандап тау басына Адам шықты,  
Сол жерде көп перште жиылыпты.  
“Бұл қалай кеп болды,-леп, -маған түсken?”  
Шоныған Адам ата қорқып тіпті.

Әуелде көрген тауды, тасты дейді.  
Қорыққаннан өні жаман қашты дейді.  
Перште Жебірейіл хақтан келіп,  
Жүрегін қолыменен басты дейді:

-Иа, Адам, туар сенен бала!-дейді,  
-Көңілінді Хақтан қылма ала,-дейді.  
-Немене толып кеткен жиылған жұрт,  
Бұрылып оң жағына кара!- дейді.

Сонда Адам көзді оңға салған екен,  
Артына карап, демді алған екен.  
“Оң” дегеннің мәнісі: “бұрын” –деген,  
Бұрын карап, “оң” сонан қалған екен.

Ақ нұры бар, ак рухы бар, ак туы бар,  
Балқытқан кара тасты һәм буы бар,-  
Мұхаммед, Мұстафаның нұры шықты:  
-Бұл кім дүр, жұрттан аскан, иа, біреу бар?!

-Ол сениң зүриатың- Мұхаммед дүр!  
Салауат айтса әркім, шын үмбет тұр!  
-Иа, Раббы, үшбу лостың құрметінде  
Өзімді, әuletімді жарылқай гөр!

Артынан тағы шықты көп нәбілер  
Шаһриар[163], табиғилар[164] һәм уалилар[165].  
Рухы муминларының[166] ак күймді,  
Бәрі де оң жағында орнатылар.

Халикин hya Алладан келді хабар,  
Жаннатты бұлар үшін қылды даяр.  
Куанып Адам ата құлді дейді:  
-Құдая, жан қалғанға шүкірім бар!

Болғаймыз біз, гариблар[167], сол жиында,  
Құдайға, сондай қылса, іс киын ба?!

Өзіміз кім екен біле алмаспыш,

Жалғанда жан өзіміз бір тыныға.

Аркасын бір сипады Құдірет Алла,  
Не хүкім[168] көрсетеді Құдауанда?!

-Кара,-деп,-енді солға!-хабар келді,  
Караса, бір түрлі жан, қалды таңға.

Киімі, өні, түсі-бәрі кара,  
Басшы еken бәріне де Қабыл және.  
Жылайды соны көріп,Адам ата:  
-Иа,Раббы, бізді сонан қылма сана!

Көрмеді еркін қарап, бұларды анық,  
-Жараттым үшбуларға арнап тамүк!  
Хақында Мұхаммедтің барша үмбеті,  
Сактай гөр тозағынан Жаббар халық!

Сол жерде тамам рух жыладылар,  
Сол топта сізлер де бар, бізлер де бар.  
-Аласат бір бакім емес нәжіс,  
Тәніріңіз мен- сізлердің, ай, пенделер!

Шығыпты халақ[169]құлдардан үн:  
-Сен біздің иа, Раббы, тәніріміз-сен!  
-Баршасын Қабыл ал оның қыласыз ба,  
Жіберсем пайғамбарлар кітаптармен!

Шаһадат[170] біз тұтамыз — айтқан сөзің,  
Қыламыз қызыр Жаббар бәлі өзің.  
“Алмасақ уахуал ахидул” [171],  
Сол еken хак мұсылман болған кезің.

Сол күнде хакқа бердің куәлікті,  
-Ал, енді уағданұды бүзба!-депті.  
-Сираттан қашан өтіп алғаныңша,  
Жігіттер, көтергенің ауыр жүк-ті.

Адамнан қанша тұқым бала туды,  
Бірі- пысық, біреуі шала туды.  
Біреу —бай, біреу- жарлы, біреу-мұнлы.  
Жақсылық жамандықты ала туды.

Қабыл тұрып, hәбілді өлтіріпті,  
Қырық күн Адам отырып зар қылыпты.  
Тишен Шиши есімлі бала туып,  
Құдайым жүзін нұрлы келтіріпти.

Баласын Адам сапа жиып алған,  
Бәріне дін үйретіп жолға салған.  
Он кітап келген екен сонда өзіне,  
Өзгесі кетін, орыны Шишта қалған.

-Айтайын, бір насихат, балаларым,  
Естісін өзлеріннің балаларың.

Киямет кайымгаша зұриятыма-  
Бәріне бұл насихат болсын мәлім.

Бірі-бұлдыр дүниеге көңіл қойма,  
Не болдым: құмар болған мені-ойла.  
Жаннатта тұрғанымда ойлаймын деп,  
Ақырда түсіп кеттім терен ойға.

Екінші- катындардың алма тілін,  
Мен алам деп тәрік қылдым жұмақ нұрын.  
Үшінші- не іс қылсан, ойла сонын,  
Мен ойлаймай іс қылдым, көрдім, мұнын!

Төртінші- жөнін білмей, істі қылма!  
Білмей, сірә, іс қылам деп, бұзып алма!  
Бесінші- біреуменен ақылдас қыл,  
Кенессем маған мұндай бала бар ма?!

Кенеспей іс қылам деп, көрдім бейнет.  
Нығыметтеп көне суға кеттім (сондай қалдым) ноубет.  
Үшбу сөз –менен қалған бір өсиет,  
Ұлыңын -ұлы, қызыңың қызына үйрет.

Сізлерге мұнан басқа нені айтайын,  
“Әлиф” мен әуел баста “бині” айтайын.  
Мұхаммед үмбетінің төрт орында:  
Жері бар бізден аскан, соны айтайын.

Әуелі қінөм Меккеде кешілгені,  
Әзелден артық болмас пішилгені.  
Мұхаммед үмбеттері құнә қылса,  
Қай жерде тәубе қылса, шешілгені.

Екінші- хакқа жәрдем тонымылды алды,  
Мын ділда, жұз жылқылық құнымылды алды.  
Мұхаммед үмбеттері ғасы болса,  
Үстіне тәубе тонын жаба салды.

Үшінші- халалымнан[172] мені айырды,  
Күшімді таудан қайтпас жел қайырды.  
Мұхаммед үмбетіне айырылмақ жок,  
Кылса да канша күнахи, - деп жайылды.

Төртінші- жұмакта мен жүргенімде,  
Шығарды бір күнәмен көргенімде.  
Олар дуние жүзінде күнә қылса,  
Бейшке кіргізеді өлгенінде.

## Он бірінші бап

### Жиырма сегіз әнбиенің баяны

Сол Адам ғұмыр(өмір) сүріп мынға жетті,  
Баласы Шишты орнына қойып кетті.  
Беріпті елу кітап Шиш нәбиге,  
Солайша бұл дүниеден олар да өтті.

Дүниеден Шиш өтіпті жеті жүзде,  
Баласы Ануш(Әнес) кірген кеңес сөзге.  
Ануш өтіп, баласы Қинан қалып,  
Адам үглы көбейді сол бір кезде.

Қинан өліп, Михайл(Миһласил)артта қалды,  
Михайлдың тағы орнын Иарид (Ирада) алды.  
Иаридтан хат жазушы Ұйырыс туып,  
Жұмакқа әнерімен тұра (тірі) барды.

Ұйырыс екен өуелі киім тіккен,  
Хат жазып, калам, сия, қағаз біткен.  
Жемеді он алты жыл, үйыктамай,  
Жұмакқа тірі барып, тұра кеткен.

Өзіне беріліпті кітап отыз,  
Дүниеде жыл есебі (хисабы) түрған төрт жұз.  
Артынан Нух пайғамбар қуа шығып,  
Елу жыл ғұмыр сүрген һәм тоғыз жұз.

Нұхтан қалды үш үглы: Иафас, һам, Сам,  
Жарық дүние көрінер даулап жансам.  
Һұд нәби, Салых нәби- олар да өтті,  
Бұл дүние баянсыз ғой, хабар алсам.

Ибраһим өтті және Халиалла,  
Отқа атқан Намард[173] Лагын[174] кәпір сонда.  
Жанар күні:

-Бір де ұстама!-деп,  
Бұйырған отқа сүй деп Құдауанда[175].

Тіл білген жетпіс екі, өнері асып,  
Қалыпты әр түрлі тіл сонан кесіп.  
Ысмагұл, Ыскак туды, онан-Жақып,  
Бірінен шыға келген біреуі асып.

Хазіреті Жакыптан туған Жұсіп(Иосиф),  
Айтады кітаптарда “нәби” десіп.  
Айуб нәби, Шұгайып, Мұса калам,  
Өңшең нәби айтайын желдей есіп.

Колына ол Мұсаның Таурат берген,  
Үмбетін Мұхаммедтің сонда білген.  
-Осының үмбетінен мені қыл!-деп,  
Жылады оқиғасын, көрген жерден.

Өтіпті жұбайымен нарон(Арын), Мұса,  
Келіпті Иошых (Иұшығы), Әлияс оған қоса.  
Колында Забуры бар Дәуіт нәби,  
Айтайын қайсы бірін , -бәрі қисса.

Үмбетін Мұхаммедтің о да білді,  
Кітаптан Забур атты оқып көрді.  
Шаһар салып, Сұлеймен дүниені алған,  
Дәуітке сондай абзал бала берді.

Жел мен құс, каратыпты: пері, жынды,  
Сонда да Мұхаммедті арз [176] қылды.  
Болғанда Хызыр нәби, Жаннан-ғалым,  
Тағы да хакім Лұқман шыға келді.

Аят бар: “Уа ма дүния ғайруха[177] пан”,  
Жігіттер, жалғаны жоқ сөзіме нан.  
Басына патшалықтан мүйіз біткен,  
Нәбиін алып кетті Ескендір хан.

Ғұзайыр, Жерхыс өтті және Рұмия,  
Даниял нәби, Зікірия һәм Иахия.  
Файсаға “Інжіл” атты кітап келіп,  
О дағы өтпеді ме жұртын жия?!

Сөзімді естігендер шын дейтүғын,  
“Кұдайдан басқада көп мін”, - дейтүғын.  
Бағзылар есеп(хисап) қылып санағанда,  
Екі жүз жиырма төрт мың жыл дейтүғын.

Сөйтсе де хисап қылу жарамайды,  
Үшеу деп санаманыз Күн мен Айды.  
“Айтқан бар, айтпаған бар,-Құран шын!-деп,  
Хисабын шын ғалымдар санамайды.

## Он екінші бап

### Мұхаммед ғалайссаламның тұғаны

Өтіпті нәби Мурсал[178] хисабы жок,  
Өніпті сол Ысхактан зүрияты көп.  
Ысмағұл тұқымынан- хақ Мұхаммед,  
Шығыпты жалғыз өзі бір кісі бол.

Нұр келді нәбиі тұған тұқымына,  
Мәқанынан[179] шығып, түсіп мәқанына.  
Құлият[180] Құрайышқа шейін келіп,  
Құйылды Фабдол менен Шұқырына.

Батырдан- Фабдолманап – туды нашым (Әшім),  
нашымда тасыпты нұр онан басым.  
Енді Фабдолманап сау калсын ба,  
Құдай артық жаратқан айналасын.

Тоғыз үлдің кенжесі Фабдолла атты(атлы),  
Жұз түйе қылды құрбан салтанатлы.  
Әмина халал жұпты буаз болып,  
Мәдина, Мекке шаһары нұрга батты.

Атасы тұмасынан бұрын билді,  
Әмина сол құданың нұрын көрді.  
Он жұлдыз, ізгі сағат, сөтті күні,  
Мұхаммед, айналайын, сонда туды.

Анадан тұған шақта сәждे қылды,  
-Құдая, үмбетімді берші!-деді.  
Қағба келіп бас қойды аяғына,  
Шіркеу неше бүт-бұрқан жығылды енді.

Қағбаның төрт бүрышынан дауыс шыкты:

-Бір нәби, Ғаламға нұр келді!- дейті.

“һымша һідім мыйшыр һәм үндизір”-

Бұл аят сонда дәлел ендіріпті.

Тұрыпты бүтхана бол Қағба мың жыл,

Кырылып һалак болған Асхап пен піл.

Меккеден –ай, күн туып Мәдинадан,

Сондай неғып жүлдізы болған он жыл!

Рабигала әуел айында он екі күн,

Күндізде толғатыпты, туыпты түн.

Куанған аталары, аналары:

“Иа, Раббы, бұл не деген сағадат күн?!”

Тұған соң дүниені жарық қаптап,

Болды енді шайтандарды окпен атпак,

Шайтандар енді көкке шықпас болды,

Жерге илеп перштегер кетті талтап.

Мұхаммед, айналайын, жаңға сая,

Жараттың қандай күні, бар Құдая?

-Емізбей емшек сүтін, сақтайын!-деп,

Іздейді емізуши(асыраушы) оған дая.

Бір катын Халима атты сақтап күткен,

Құдайым оның сүтін халал еткен.

Көрмедин ешкім оның былғанышын,

Құдайым әуел бастан тап-таза еткен.

Екі жыл төрт айдан соң атасы өлді,

Жеткенде жасы алтыға анасы өлді.

Сегіз жасқа жеткенде, тақсыр нәби,

Әкесінің әкесі тағы да өлді.

Ағасы Әбутәліп асырап күтті,

Әр түрлі өнерлерден үміт етті.

Сүйікті һәм көрікті, жомарт, ғаділ,

Бұзықлық онда болмас зәра тіпті.

Сөйлесе, каламы бар шекер, балдай,

Жүзі бар сондай сұлу шырын жандай.

Сипаты бұл жалғанда- Жүсіп нәби,

Көрген жан тұра алмайды ғақыл танбай.

Мінезі- қызыл жібек, бек мұләйім,  
Мархамат көріптерге (ғарыпларға) іші дайым.  
Ата-ана һәм бабасы өлгеннен сон,  
Жетімдік сол күндерде болды уайым.

Он екі жасқа жетті Мұхаммедім,  
Болғанда- өзі нашар, өзі- жетім.  
“Беруге бұған қалың малым жок!”-деп,  
Ойланды Әбутәліп шын ниетін.

Нәсілі- Құрайыштан, сондай- таза,  
Жалғанда малсыз болсан, жок-ты маза.  
Жер тамақ, киер киім болмаған сон,  
Болады үйде отырып жігіт наза.

Хадиша-бай набылдың жалғыз қызы,  
Түсінде Мұхаммедті көрген өзі.  
“Мұхаммед туса, соған тиемін!”-деп,  
Ізденіп сол Меккеге келген кезі.

Хадиша сұлу екен көңл ашар,  
Мұхаммед болады оған қашан душар?!  
Жиылған қызметіне тамақ үшін,  
Мекке мен Мәдинада кәріп-касер.

Жалдайды өз алдына піркәншікті,  
Мын бес жұз кара нарға қояр жүкті.  
“Інімді қызметіне жалдайын!”-деп,  
Бір күні Әбутәліп ниет қыпты.

Хадиша келген жерден жақсы күтті,  
Асылды таныған сон күрмет етті.  
-Болаттан ағып түскен құрышым-ай,  
Не жұмыс келгенің, айтшы?-депті.

-Адамды ойламаймын алдайын деп,  
Ойлаушы ем ер міндетін алмайын деп.  
Бір нашар жетім болған бар еді інім,  
Келія ем соны сізге жалдайын деп.

-Нәсілің сениң таза ақ болады,  
Жан шыкса, екі көзің жұмылады.  
Інінді өзі жетім, өксітесін,  
Ол ақың өйтіп алған не болады?

-Акысын жейін деп мен ойыма алман,  
Кайтейін, мұндай күнді Құдай салған.  
Өзіне калың беріп кояр едім,  
Бір тиын болса пұлы ақыға алған.

-Жаратқан тегіңді, артық, һайбатыңды,  
Танимын көрмесем де мен затыңды.  
Кісіге жалдаپ өмірін өксіткенше,  
Мен тауып берейін бір бай катыңды.

- Хадиша, айтқан сөзің солай ма-ай?  
Жауап бер сен, мені өзің сықақ қытмай.  
Бай катын дәuletіне мас болған соң,  
Ініме өзі жетім жолай ма, ойбай?!

Әбутәліп сөзі қатты, білді катын,  
Берменді ол Хадиша шын ақытын.

- Ініңнің айы болсын алты тенге,  
Өзгеден екі есе артық бердім ақын.

- Ініме қалайша ақы артық бердін?!

Сен күшін жас баланын кайдан білдін?  
Отка, суға жұмсама, тегі жас,  
Тагы да жұмысын айт, не бүйірдым?

- Жұмсаймын отын-суға оны не деп?  
Кетпесін жастау бала өні жүдеп.  
Ертен мен жіберемін Шам, Румға,  
Барсын да керуенмен түйеші боп.

Сөйлесіп Әбутәліп задатка алды,  
Үйіне уайым қып ренжіп барды.  
Кеткен соң жалдаپ өзі ылажыздан,  
Көзінен ақырындал жас шығарды.

Макал бар: “Жетпес деген жокка жүйрік”,  
Бір дәмін айдайды гой Құдай бүйіріп.  
Аласы отыр екен Ғатка атты,  
Үйінде пайда үшін үршық үйіріп.

- Құдай-ая, асыл қылдың затымызды,  
“Құрайыш-кінәна” - деп атымызды.  
Жалданды жалғыз інім жалшылықта,  
Бересің кашан біздін датымызды?!

Деп жылап қыз бейшара төкті жасын,  
Не болам ата-анам жок, сорлы басым.  
Көпірге жалшы болды-ау, әттен, дүние-ай!  
Құдайым қор қылмасын ердің басын.

Мұхаммед қайғырады өз күйіне,  
Аяңдап Халишаның келді үйіне.  
-Ренжітпей Мұхаммедті ұстаныз!-деп,  
Тапсырды керуенбасы бір биіне.

Жұқ қойды өңшең таза кара нарға:  
-Жекіріп Мұхаммедке ашуланба.  
Қайтканда сүйіншіге мұны жібер,  
Солай!-деп, тапсырады барша жанға.

Әбубәкір, Әбужаһил басшысы бар,  
Шаһардан керуендер жөнелділер.  
Мұхаммед түйеші бол жөнелгенде,  
Болғандай ақыр заман күйінділер.

-Қарайды жүрттың ата-аналары,  
Баласын шығарып сап қайтар бәрі.  
Мениң жок атам, анам қарап қалар!-  
Деп сонда катты болған қайғы- зары.

-Жалшылық шын болды ма, киген киім?  
Балалар үйінде жүр мениң теңім.  
Қарайды өзге жүрттың ата-анасы,  
Артымнан қарап қалар мениң кімім?!

Жетімлік, көрдім сенен ынтызарлық,  
Киім менен тамактан көрдім тарлық.  
Жетектеп жаяу түйе жөнелгенде,  
Шыкты ғой мениң зықым сонда барлық.

Атамның атасы шыкты бірге,  
Ата-анам қалды шықтай жатып көрде!-  
Зарлығын Мұхаммедтің естігенде,  
Жылапты жан-жануар көк пен жерде.

Төгіпті көп періште көзден жасын:  
“Шынымен күл болды ма ғазиз басын?”  
Фаламның он сегіз мың бәрі күйініп,  
Аспанның, қан толылты, айналасын.

Дүние-ай, сондай сенің күнің бар-ды,  
Эркашан кәріптерге (ғаріптерге) Құдай жар-ды.  
Басына бір ақ бұлт сая болып,  
Жебірейл өзін тұзу жолға салды.

Көп керуен Шамға қарай жүріп кетті,  
Үйіне бір рахибының [181]келіп жетті.  
Алыстан ақ бұлтты қөзі көріп,  
“Бар ғой,-деп,-мұнда әулие!”- үміт етті.

Керуенді сол үмітпен қонақ қылды,  
-Қоста қалған бар ма?-деп сұрап билді.  
-Түйеші келе алмайтын бір жетім бар,  
Жан жок,- деп,- онан басқа!-жауап берді.

-Ендеше о да келсін, шақыр!-дейді,  
-Таусылмас асым толып жатыр,- дейді.  
Ішінде осы топтың болмады ма?  
Пайғамбар ол заманы ақыр!-дейді.

Жетелеп алып келді өзі барып,  
Ақ бұлт басында жүр шыр айналып.  
Жұрттан бөлек бір өзін құрмет қылды,  
“Менің күтер кісім!”-деп, бек шаттанып.

Жоғары өз төріне алып шықты,  
Алдына неше түрлі қызмет қыпты:  
-Егер де сіздер барсан, Шам шаһарға,  
Осыны жұһұдтерден жасыр!-депті.

-Максатым осы еді, көрдім, Құдай!  
Көрменіз сіздер мұны ондай-мұнданай.  
Хакына Мұхаммедтің керуендерді,  
Жіберді бір сыйлап рахиб солай.

Шам шаһар ортасына барып кірді,  
Саудасын енлі керуен қыла берді.  
Базарын жұһұдтердің тамаша етіп,  
Мұхаммед тақсыр барып қарап көрді.

Мұхаммед ол шаһарға кірген екен,  
Бұт борқандар бұзылып қалды тектен.  
Теміршінің темірі балқып кетіп,  
Бір сұмдықтың басын сонда білген екен.

Патшасы осы кепті есітіпті,  
Өзінің ғалымларын жинастыпты.  
Ғалымлар естіген соң, кітап ашып,  
Таураат, Інжіл барлығын актарыпты.

- Меккеден келген болса керуен тәмам,  
Нәсілі ол “Құрайыш кінәнадан”.  
Бәни Хашим[182]тұқымы, ол- Мұхаммед,  
Бар шығар пайғамбары ақыр заман.

Қарасып көп жұһұлдар іздел барды,  
Қайтпакша болды Мекке керуендері.  
-Бір түйеші жетім бар бізде келген,-  
Айтыпты Әбужаһил дін дүшпаны.

Керуендер өстіп елге аяңдаған,  
Жұһұлтер іздесе де, таба алмаған.  
Әбубәкір сол уақытта қапқа салып,  
Тезек терген кісі бол аяңдаған.

Іздел жүрген жұһұлтер оны көрген:  
-Арқалаган арқанда бұл не?-деген.  
-Мұхаммед қабылдағы, тезек емес,-  
Кәпірлер қалжын сөз деп жүре берген.

Кеткен соң Мұхаммедті түсіріпті,  
- Мұхаммед деп айтканың -ол не?!-депті.  
-Жалған сейлеп, кәпірден корыкканынан,  
Құдайға болайын ба дүшпан?!- депті.

-Бәрекелді, Садығым[183], шыншылыңа,  
Иә, Құдай, салшы мені шын жолына!  
Егер де ұжмақ маған несіп болса,  
Алайын өуел сені оң қолыма.

Мұсылман болған әуел Әбубәкір,  
Ал енді Мәдинаға келе жатыр.  
Бір түйе жүк көтермес шабан екен,  
Болғанда өзі- қотыр, жұні такыр.

Шаһарға Мұхаммедті жүргізіпті,  
Әлгі қотыр түйені мінгізіпті.  
Арық түйе сол жерде семіз болып,  
Тамашасын көп жүртқа білгізіпті.

Қарап тұр, ей, халайық, тамашаны,  
Алдырдым тоғызымда томашаны.  
Бұрын жалғыз жүргеген жас бала ғой,  
Тұн қатып келе жатса, адасады.

Жол білмей тұн ішінде көп сандалды,  
Жас бала назаланып, күйіп жанды.  
-Не ғып жүрген жансыз?-деп, жолсыз жерде,  
Алдынан біреу келін үстай алды.

Түйесін ыңғайланды шөгергелі,  
Ойланды қашып жаяу жөнелгелі.  
Перште Жебірейіл жеткен еken,  
Сол салып тұзу жолға жібергелі.

Түйесін алып келіп жолға салды,  
Жер еken он күншілік бір тұн барды.  
Шаһардың қакласына жеткен жерде,  
-Иа, hy! -деп, тақсыр сонда демін алды.

Түйесі мінген шакта қотыр еken,  
Семірді исмағыты(мағызы) оқыр еken.  
“Мұхаммед сүйіншіге келе ме?”-деп,  
Хадиша сыртқа шығып отыр еken.

Мұхаммед жетіп келді, көрді көзі,  
Балқыды қуанғаннан айдай жүзі.  
Сүйіншіге бір түье жүкті беріп,  
Сол еken Хадишаның сүйген кезі.

Бір түье алтын алып үйге барды,  
Аз күнде сонғы керуен келіп қалды.  
Ақысын Мұхаммедтің алайын деп,  
Тұрды да Әбутәлін ойына алды.

- Хадиша, ақысын бер Мұхаммедтің,  
Інімді көп үялтып сен жүдettін.  
Мактандың ынталым бар!”-деп, бізге олайша,  
Сен мүнша таситұғын кімнен өттің?!

- Жоқшылық жарты акылдан айырады,  
Сіздердің бетінді кім қайырады?!  
Алғанмен алты теңге не болады,  
Қай қатын ол ақынша табылады?

- Ағаке, шын хақиқат сөзіме нан,  
Жанымда залал қылып айтпан жалған.  
Тиейін Мұхаммедке менің өзім,  
Табылар іздер болса дүние жалған.

Өзінің ойлап жүрген ісін айтты,  
Он жақта жатып көрген түсін айтты.  
“Сен соған халал жүпты боласын!”-деп,  
Өзінің жорып қойған түсін айтты.

Куанып Әбүтәліп үйге қайтты,  
Сырының ішіндегі бәрін айтты.  
“Киінер киім жок- деп- қүйеу болсам!”  
Ол таксыр қапаланып енді қатты.

Есітіп Әбубәкір сонда келді,  
-Менде бар саған киер киім!-деді.  
Киініп екі жігіт кешке таман,  
-Баралық Хадишаға жетіп,-деді.

-Хадиша әкелсін деп айтқан бізге,  
Бір несіп бергенде түр Құдай сізге.  
Өзі ашық(ғашық) сипатына болып түр ғой,  
Тиеді саған өзі келмей сөзге.

Жақсының асар бакыты күннен күнге,  
Салады қалтасына алты теңге.  
Киініп Әбубәкір үйлерінен  
Екеуі жетіп барған қарсы түнге.

Хадиша үйден шығып амандасты,  
Құдай түр онға бастап екі жасты.  
Сол келген Мұхаммедтің құрметіне  
Шығарып алтын, гауһар шашу шашты.

Тастады үй ішине кілем жайып,  
Мұхаммед жалғыз түнде қалды байып.  
Ал шымылдық, алаша, құрып тәсек,  
Іззеті(ғизаты) бір-біріне болды лайык.

Оқыды Әбубәкір хұтпа ғакд [184],  
Куанып дастарханға шашты жақұт.  
Жігітке Құдай берсе киын ба екен,  
Құралды болып бакыт, алтын тахыт.

Тағам жеп Әбубәкір шығып кетті.  
Мұхаммездің жаһызы катып өзін елitti.  
"Меннэттың [185] түбі- ракат" деген сөз бар,  
Мұратқызың сұлтандың соңғы жетті.

Бар максат мұраттыңды етсөн(айтан) хасыл,  
Сонымен тұра тұрсын бұл бір пасыл.  
Атты[186] нағымда [187] жаңдың құантопсызып,  
Ғашығын максатына қылтыңа уасыл.

Бай болғы Хадишаны алғаннан соң.  
Терілер несіл шағы болғаннан соң.  
Алғазан келер уаҳи[188] шағы болды.  
Жастары қырылос жетіп қалғаннан соң.

Хадишаңдың туылты жәті бала,  
Бесекі-қызы, екеуі- ерек бала  
Фатима, әм Гүсім, Зейнеп, Раюя,  
Касым, Таңыр, Махбуби- гауһар дана.

Бірін-Фаты, екеудің Гүсіман атым,  
Екеудің және (жана) орынды жерге барды.  
Еш балы жақсылықта ешті катып.  
Жаһызы-әк Фатимадан нағыл жаңы

## Он үшінші бап

### Расудімінде пайғамбарлық келешеі

Жаратған Мұхаммедтің нұрдан жисімі[189],  
Оқытың жаратушы жақтың есімі.  
"На айнал мұззасир"[190] сүресімен,  
Айт дүр аүел келген. "Иқра бисми"[191]

Хадиша билгін екен дана жаңын,  
Бұтмейдің не деп айтқан ол жаңын.  
- Несін осынан, бұтмеймін. - дегендеге  
Айтылты жаратушы жақтың атын

Онан соң барте-барте көле беріген.  
Әйттеудің үйреткен соң, барте беріген  
Әңгіл дінге кірген- Әбубәкір  
Әйелден Хадиша еш бүрін кірген.

Сонан соң Фалы, Фұсман, Фұмар кірген,  
Енди дін бұлармен көтерілген.  
“Уалзың мағара” аятында  
Басқадан ол Салықты абзal білген.

## Он төртінші бап

### Хадишадан соң Файшаны алғаны.

Жеткенде қырық жасына Құран келді,  
Екенін хақ пайғамбар ғалам билді.  
Жас бала жеті жасар ойнап жүрген,  
Жұтіріп бір күн Файша жетіп келді.

Пайғамбар сол уақытта жыл қырық үш-ті,  
Балаға ойнап жүрген көзі түсті.  
-Атаңа айт, бұл алмасын маған берсін,  
Алмасын жеуге менің көңілім түсті.

Жұтіріп атасына бала келді,  
Сәлемін хақ Расулдің ала келді.  
-Ей, ата, жегісі кеп отыр екен,  
Пайғамбар сұрап сізден алма! - леді.

-Көңілін кайтарам ба, “Түсті” - десе,  
Кім есер болады ол : “өсті” десе.  
Ойлаймын: “Пісер кезі болған жок”, - деп  
-Жей қойсын, егер алма пісті! - десе.

-Бойына күнде бір жіп жапсыр,-дейді,  
- Озінді бір Құдайға тапсыр,-дейді.  
-Атам айтты: “Алманы қимаймын ба.  
Пісті десе, жей қойсын, таксыр!” дейді.

Пайғамбар мұны естіп көңілі тыңды,  
Жеті жаста Файшага никам(неке) қылды.  
Тоғыз жаста шаригат ісін қылыш,  
Жыирма жыл екеуі бірге тұрлы.

Он жеті жерде озі үрүс қылды.  
Көпірді қойдай қырды Хайбар сыны.  
Зұлпықар, Қамкам, Самсам және Дүлдүл,  
Фалыға бұл төрт нөрсе қақтан келді.

Фұмардың және ер жеткен қызын алды,  
Исшынын( сыйлығын) сол екеуі бөлш(болып) қалды.  
Асыда (ашыда) аят бар: “Фали акбар”[192].  
Қолдады батыр Фұмар пайғамбарды.

Ғұсманға екі бірдей берген қызын,  
Өзі-нүр, уа Алла нұрайын- көрсөн жүзін.  
Рухама расма биһүм мадағы бар,  
Жігіттер, жалған деме Құран сөзін.

Ақыры шаһариарының - батыр Фалы,  
Алышты халалдыққа Фатиманы.  
“Тара көм ракага сужуда”[193]-деп,  
Иад[194] қылған Құран ішінде тәнірім,әні,  
Мәлікәждар, Әбулнаҗин, Садуакас,  
Мұхтасам, Үмұдкараб, Миғтып, Ениас,  
“Ибғшон фанхасламен Аллан- аятында  
Құданың құлдары дүр ол хас Әнхас.

Хасен бірлан Хұсайын,- шаһзадалар,  
Бір Фалының өзінде он жеті үл бар.  
Пайғамбардың- Ибраһим жалғыз үғлы  
Жанларын үмбет үшін құрбан қылар.

## Он бес- он алтыншы баптар:

### “Миғраж” дастаны

Әуелі бисмиллада сөзім басы,  
Тыйылмас булықса да көздің жасы.  
Миғражын[195] ән хазіретінің тамаша қып,  
Сөйлеген ақын Мәшіүр хикаясы.

Құдайым жарылқай ма көптен, аздан?!

Ойым бар келсе күшім, Қарғба қажыдан.  
Жарандар, құлақ салып тындасаныз,  
Азырақ сөз қозғайын Миғраждан.

Жасына кейін қалған қайта бардым,  
Келгенде осы араға демімді алдым.  
Қылма айып: -Ұзіп, созып сөйлемді!-деп,  
Кенестің екпінімен кетіп қалдым.

Расулат, үнбуат қырық та келді,  
Әтілті бул ортала бір жыл енді.  
Қайғырып сырын айттар жан табылмай,  
Күндерде тұрып бір күн бүгілді енді.

Әш болып Әбужаһил окпен атты,  
Кәпірлер ренжітіпті Мұхаммедті.  
“Мұнымды кімге айтамын іштегі?”-деп,  
Қасына қадим диуар[196]барып жатты.

Айтамын мен мұнымды бұл кімге енді,  
Таппадым тұра кісі халал дінді.  
Таянып құптаң уақыты жеткен шакта,  
Періште Жебірейіл хактан келді:

- Иа, Мұхаммед, Құдайың айтты сәлем!  
Жіберді хилло[197] мен тәж, пырак саған.  
Өзіменен сырласып, мұндассын!-деп,  
-Сол достың: “Болсын,-дейді,-коңак маған!”

Кеудем жарып, жүргім суырып алды,  
Бір алтын легенге оны малды.  
Легеннің іші толған ғылым-хикмат,  
Тазалап орны-орнына қайта салды.

Алдым менің келіп пырак тұсті,  
-Мінем!-дедім, шегініп, бойын қысты.  
Жебірейіл:-Жай тұр!-деді, тұрды, міндім,  
Жөнелді алып мені, құстай үшты.

Сол жерге көзі тұскен басар аяқ,  
Онынан дауыс шыкты жақын таяп.  
Солынан бір шынғырған дауыс шыкты,  
Қайырытмай өтіп кеттім қарамай-ак.

Алдымнан жетіп келді бір келіншек:  
-Жібермес едік,-дейді,- сені білсек.  
-Шаршайсын, бұл жолменен жүрме!-дейді,  
Болмадым, тілін алмай, мен еріншек.

Тыңдамай сөзін оның журе бердім,  
Алдымда -Жебірейіл ,саған ердім.  
Бисмилланың мимінде кеш пе, ерте ме?!

Алдына мешіт Ақса жетіп келдім.

Пыракты байлай салып, үйге кірдім,  
Ішіне Қудус Шаріп[198] сөлем бердім.

- Әлгі келе жатқанда дауыстаған,  
Оңымнан, һәм солымнан ол кім?-дедім.

- Дауысқа оннан келген қайрылмадың,  
Үмбеттен, бәрекелді, айрылмадың!  
Карасан үмбет жұһуд болар еді,  
Кайрылып көңілін оның жай қылмадың.

Солдан келген дауысты қылайын кеп,  
Қолдады осы жолда Құдайың көп.  
Егерде мойын бұрсаң ол дауысқа,  
Қалады тамам үмбет насара [199] боп.

- Алдыннан келген катын, ол кім?-дейді,  
- Ол- дүние, бәрекелді, білдің!-дейді.  
- Сөзіне алданбадың, үйимадың,  
Құп жақсы, бәрекелді, қылдың!-дейді.

Әкелді екі кесе маған шарап,  
Шараптың біреуі-сұт, біреуі-арақ[ғарап].  
Сұтті іштім сол арада арақты алмай,  
Тұсіне екеуінің қарап-қарап.

- Сұтті іштің, бәрекелді, тәуір танып,  
Тозакқа құймес енді үмбет жанып.  
Арақты ішсөң, ғасы боп, махшар[200] күнде  
Үмбетің жүрер еді назаланып.

Құддыста жан-жануар бәрі келді,  
Әнбия Мұрсаллардың жаны келді.  
Бұл не тұн, қызыр тұн бе, бірайт па,  
Саруары[201] екі дүние ханы келді.

Алдынан пайғамбардың шықты бәрі,  
Бұрынғы өңшең өткен мұрсал нәби.  
Сол жерде екі ракағат намаз оқып,  
Бәрінің тақсыр Расул болды имамы.

Алдынан сөлем берген ислам мен дін,  
Жеті көк ұжмақ, тамүқ һәфт зәмин[202]  
Харамнан ол Ақсаға барған жерін  
Нанбасаң көрсетейін аятпенен...

Осындай мазмұнына аят түсті,  
Табамын қандай дәлел мұнан күшті?!

Перште туамыт мокарап туамыт, жағында;  
Бұл ретпен пайғамбарды алып үшты.

hәм Ақсадан жоғары алып кетті,  
Соған шейін ол пырак қызмет етті.  
“Миграж” - деген жарық нұр пайда болып,  
Сонымен Мұхаммедті аспанға елітті.

Жебірейл айғайлады:

-Аш-деп, есік!  
-Сенімен кім келді?-деп-серіктесіп.  
-Мұхаммед келді,- дейді,-бізбен бірге!  
Сол жерде сәлем берді, ашылды есік:

- Мархафа, иа Мұстафа, хак Мұхаммед.  
Болайық жазса Құдай, біздер де үмбет!  
Ашылды оуелті көк-аспан торі,  
Тұр еken Адам ата тұтып құрмет.

Сол жерде мен Адамға сәлем бердім,  
Кісі еken ұзын бойлы, сонда көрдім.  
-Қош келдін, бәрекелді, ай, балам!-деілі,  
Тоқталмай отіп онан жүре бердім.

Мен міңдім Мекаілдің енді үстіне.  
Мінгеннен соң Мекаіл жүрмесін бе?!

Екінші көкке жеттік, ашылды есік,  
Перште онда тұрган бір кішкене.

Басын көрдім, аяғын коре алмадым,  
Мекаіл қалды сонда, жүре алмадым.  
Үстіне Ибраһілтің мінгенимде,  
Канеки, енді тоқтап тұра алмадым.

Үшінші көкте Жақтая мен Fайса тұрган,  
Мен сәлем берген шакта мойнын бүрган.  
-Қош келдін, жаңнан аскан жомартым-ай,  
Жүргуте енді Ибраһіл ынғайтанған.

Тортинші жетін қалдық бішер көкке,  
Тұр еken Жүсіп нәби сонда текке.  
Ол жерде Fазрәйлге мініп алып,  
Тағы да бет койлық біз жөнелмекке.

Бесінші көкке жоңе жетіп қалдық,  
Тұр еken ыдырыс сонда: хабар алдық.  
Бесіншіде жолыктық біз нарунға  
Алтыншы көкте Мұсаға жана бардық.

Жылады, көріп бізді Мұса нәби:  
-Көрмей ме сендей болып тусам, көне-ей?"  
Сон қылып бәрімізден шығарса да,  
Оң қылып, абзал қылды Құдай сени!

Мұхаммед, үмбетін көп, уайымың жоқ!  
Мен айттым:- Деме, таксыр, бұлайша!- деп.  
Үстіне Жебірейілдің мінгенимде,  
Ашылды айқын болып жетінші көк.

Есік ашты, мен барып тура кірдім,  
Нәби бар:Ибраһимге сәлем бердім.  
-Қош келдің, бақытың ассын, балам!-деді,  
Сиратул-Мунтаһаға[203] жетіп келдім.

Жемісі, жапырағы- бәрі де зор,  
Төрт өзен сонан аққан бір сағым нұр.  
Екеуі сарқырайды қайнап ағып,  
Екеуі қалай акқан білінбей тұр.

Сарқырап екі бұлак агады, біл,  
Болғанда бірі- Пірат, біреуі-Ніл.  
Екеуі ол ұжмаққа барып құяр,  
Болғанда бірі- Жайхун, біреуі-Жер.

Палақ дая болғанда, періште-құл,  
Бәрі де қызметінде қусырған кол.  
Сыдирага[204] барғанда келді төсек,  
Өзі алтын, түсі қызыл, сипаты бұл.

Көтерген ол төсекті және кейін,  
Бас та жоқ, аяқ та жоқ, жалғыз иін.  
Болғанда түсі-жасыл, сипаты-асыл,  
Асылын Ҳақ биледі, мен не дейін?!

Жебірейіл енді кейін қала берді,  
Жүре алмасын мұнан өрі енді білді.  
“Шын жаяу қалдым ба?”-деп, сасқанында,  
Бір иін тосып, иініне ала берді.

Иінге қуанғаннан сонда міндім,  
Алдыңда Жебірейіл бар соған ердім.  
Алты жұз канаты бар, бәрісі-зор,  
Өзінің сипатын да жаңа көрдім.

Жебірейіл:

-Бізден бөлек қалма!-дейді,  
-Ей,таксыр, бізді ауызга алма!-дейді.  
-Қанатым күйер мұнан артық үшсам,  
Бар,таксыр, талағынан қалма!-дейді.

“Мен еліттім Мұхаммедті” -деген екен,  
Құдайым сол ниетін білген екен.  
Сол түнде таксыр Расул пайғамбарым,  
Үстіне бес нәрсенің мінген екен.

Бірі-пырак, біреуі- Миғраж нұры,  
Біреуі- төрт періште:дүние гүлі.  
Бірі- төсек, біреуі- жасыл ін,  
Конаққа осылайша барған жері.

Тамаша көп көргені жолда қалды,  
Жүре алмай Жебірейіл сонда қалды.  
Фаршы-күрсі лауһидан лезде өтіп,  
Құданың дәргаһына жақын барды.

Әр жерде бас та қалды, аяқ қалды,  
Әр жерде кебіс қалды, таяқ қалды.  
Пердеден жетпіс қабат тегіс өтіп,  
Құданың құдретіне таяп барды.

Фаламның он сезіз мың бәрін басты,  
Неше мың макамлардан жоғары асты.  
Мысалы, жайдың екі тұтқасындей,  
Бөлки онан жақынырак жақындасты.

Аят бар: “Сумма дана Фатад аллаһу [205],  
Факаана қаба, хаусаин-аудадна”[206].  
Неміз бар біздің одан әрі барап?!  
Кітаптың айтқан сөзін тыңда, сыла.

Сол жолда бір жолбарыс көрген екен,  
Қорыққаннан сақинасын берген екен.  
Жерлерге би нехаят аяқ басып,  
Құдайдың қонақ үйнене келген екен.

Ішінде қонақ үйдің шымылдық бар,  
Жайылған тұрлі-тұрлі дастарқандар.  
“Әт-тахияту лилләһи уас салаату уат таибат”[207],  
Сөлем берген деп хакқа:-Ай, жаранлар!

Сөлемін алған Құдай сонда не деп:  
-Ассаләму[208] ғаләйхи [209], өл нәби!- деп.  
Тағы да Рахматулла[210] береке істе,  
Бәрі де болсын саған хисапсыз көп.

Құдайдын бұл сөлемін: Қыын!-дейді,  
-Алмаймын мұны жалғыз өзім!-дейді.  
Алсалам ғалиына, иа, Раббым Хак,  
Және ізгі құлдарға болсын!- дейді.

-Жалғыздық, жалғыз Алла, саған жарап,  
Пайғамбар ізгі құлды қосакқа алар.  
“Ат қосақсыз жүпірмес”-деген мақал,  
Шаһадат берген сонда періштелер.

Пайғамбар мұны тауып айтқанында,  
Періште мұны естіп шуладылар:  
- Әшінду әллә иләһа иллалла,  
Уа әшінду әннә Мұхаммәдәр Расулулла![211]

Жер тағам, әзір қойған , бұған арнап,  
Отырды созбай қолын біраз барлап.  
Ішінен шымылдықтың бір қол шығып,  
Тағамды:

-Бисмилла!-деп, қойды жайлап.

Майсыз шам жарық болып жағулы тұр,  
Сауытқа күміс қасық малулы тұр.  
Баяғы жолда қалған сақинасы,  
Қараса әлгі қолда салулы тұр.

Пайғамбар мұны көріп, ғажаптанған,  
Әлгі қол тағам жейді дастарканнын.  
-Әмірімді пенделерім алды ма құп,  
Иа, болмаса, болды ма сөзің жалған?!

Сонда не деп пайғамбар жауап айтты:  
-Келтірді пенделерің шаһадатты!  
Самиғна уа атағна[212]-деді ,-бәрі,  
-Жарылқа күнәларын сен!-деп айтты.

- Раббана уа ла тахмил ғалайна асран[213],  
Бұрынғы үмбетлердегі қылмағыл сен!  
Нәрсеге шаман келмес күштей көрме,  
Бір қажет даргаһынан сұраймын мен.

Ғапу қыл, жарылқағыр бер, күнәһымды,  
Қабыл қыл даргаһына бұл ақымды.  
Тозактың отын сөндір үмбетіме,  
Сақтадың нешик оттан Ибраһимді.

Топаннан Нұх нәбиге бердің фидих[214],  
Қабыл қыл, қылса үмбетім көп мінажат.  
Үстінен қыл көпірдің кеме бергіл,  
Өтегіл егер бізден болса қажет.

Көк қошкар Смағұлға құрбан бердің,  
Жұнисті үш зұлматтан халас қылдың.  
Жүсіпке құдық тубін бостан қылып,  
Файсаға “Іңжіл” атты кітап бердің.

Мұсаға “ Таурат ” бердің, маған қайда?  
Билеттің жер мен суды Сүлейменге.  
Дәүітке “ Забур ” бердің- үлкен кітап,  
Аюпқа саламаттық қылдың пайда.

Адамға жаннат, ғылым, аят бердің,  
Қызырға өлмestей қаят бердің.  
Не бердің маған сондай, иа, иллаһим[215]?!  
Қарным аш дәргаһына тоймай келдім.

-Адамға жаннат берсем шығардым тез,  
Бір ауыз үмбетіне демеймін сез.  
Үмбетпің кен дүниеде күнә қылса,  
Кешіріп біз жаннатка кіргізermіз.

Кемені Нұхқа берсем топан суда,  
Жиылар үмбеттерін жасыл туга.  
Мандаіны тиген жерді көпір қылдым,  
Үстінде тар сираттың жас пен қуға.

Жок қылсам Ибраһимға намард отын,  
Сөндірем үмбетіне тамүқ отын.  
Смағұл өкшесінен шықса зәмзәм,  
Үмбетіне кәусар бердім, көр қудіретім.

Көк қошқар Смағұлға берген болсам,  
Мен оны құрбан берін қойған болсам.  
Жолына үмбетінің пида қылып,  
Иақұд пен насараны құрбан қылсам.

Мұсамен мен сөйлесsem Тұр тауында,  
Сенімен жолықтым ғой нұр тауында.  
Таураат үшін аятыл құрсі бердім,  
Оқыса болар пайда көп қауымға.

Жұністі халас қылсам үш зұлматтан,  
Балық қарны қараңғы түнде жатқан.  
Үш жерде үмбетінді сактайын да:  
Қабірде, кияметте һәм сираттан.

Қызырға берген болсам мәнгі сүын,  
Көтерер үмбетінің ол һәм туын.  
Мұхаммед, үмбетіне махшар күнде,  
Салсабил, ішкізейін, ұжмақ сүын.

Исаға “Інжіл” берсем, сен де жок па?!

Інжілден сүре ықласы кем болып па?

Дәйтке “Забур” берсем, саған “Ясин”,

Ясинге басқа кітап тең болып па?!

Бәрінен артық саған бердім, әні!

Әм артық өз қасымда көрдім сені!

Кім оқыса, тамұқтан азат қылдым,

Анасы һамма сүре-Фатиканы.

Не Інжіл, не Таураат, Забурде жок,

Жын-пері Сүлейменге қараса көп.

Перште қызметіне тұрмады ма?!

Солардан қалғаның ба осал-ақ бол?!

- Иа, Раббы, ризамын бердін бәрін,

Атын бар Faфур, Ракым және Кәрім.

Болмаса бір өзінен жарылқаушы,

Әйтеуір, күнәсі көп пенделерін.

Арамыз алыстамас, жакындаасар,

Құр қалмас құдіретімнен кәріп-қасер.

Жаратқан, тамаша қыл ғаламымды,

Болсын да бір аз ғана көңіл ашар.

Сол жерде Құдіретпен шын сөйлескен,  
Құдайға оナン басқа кім сөйлескен?!  
Айтайын қайсыбірін мен-бейшара,  
Тоғыз жүз және тоқсан мың сөйлескен.

Ал, тамаша қылады Жаратқанын,  
Екі қытмас Құдайдың, сірә, айтқанын!  
Бәрі бірдей қағазға сия бермес,  
Және баян қылайын бір айтқанын:

- Фарышта аяқ басып жүргенімде,  
Алладан пырак келіп мінгенімде.  
Кілттеулі бір үй көрдім сондай үлкен,  
Балқыды өне бойым көргенімде.

Сол үйдің іші де асыл, тысы да асыл,  
Құбылып түрленеді қызыл-жасыл.  
-Алланың еш мүлкінде кілт жок еді,  
Бұл үйде болар ма екен мақсат хасыл?!

Кілт болса, ашып ішін көрейін!- деп,  
-Не барын тамаша етіп білейін!- деп.  
-Ла илаһа иа алла, Мұхаммед- расулулла![216]-деп,  
Ашылар, кәлиманы айтыныз көп.

Есітіл калиманы аузыма алдым,  
Ашылды, әлгі есікке қайран қалдым.  
Карасам, үйдің іші жойқын дария,  
“Иа, Раббы, бұл қалай?!” - деп ғажаптандым.

Дүниеден үлкендігі жетпіс есе,  
Қанаңсың ішсөн суынан жалғыз кесе.  
Құдайдың бірлігіне інкәр болып,  
Күнәкар болар егер бекер десе.

Ішінде сол дарияның жалғыз ағаш,  
Бұтағы, миуасы жок, жап-жалаңаш.  
Басында сол ағаштың бір құс отыр,  
Не торғай, не жарқанат, не қарлығаш.

Торғайдың тұмсығында зарре[217] тозан,  
Шөп шықлас тақыр жерге ашы созан.  
Жапырақ зор ма иа, ағаш, иа құс зор ма?  
Иа, тозан үлкен дүр ме,- хатқа жазам.

- Мұхаммед, не тамаша көрдің мұнан?  
Рахметім- дариясы дүр мынау тұрган.  
Дүниедегі- алды-арты жоқ- жалғыз ағаш,  
Барлығы үмбетіннің бір құс болған.

Оның барлық құнәсы тозан дейді,  
Еш нәрсе бұйырғаннан оза алмайды.  
Қайсысы көп: рахмет пе, я қунә ма?!

Ақылшы бұл арада сөз андайды.

Рахмет дария болғанда, дүние-ағаш,  
Үмбет- бір құс мысалы, тұрган жанас.  
Бір зәредей қасында болса қунә,  
Көрген соң көп рахметті карыным аш.

-Андағыл, иа, Мұхаммед, мұны!-депті,  
- Жаратқан бар мұлкімнен рахмет көп-ті.  
“Ла, илаһа, илла- алла!”- деген жанды,  
Махшарда жанған отқа салман!- депті.

Бес намаз, ораза мен бар зекет, қаж(қажы),  
Оқырсың өзің үшін, нәпіл[218] намаз.  
Кәләм бар неше түрлі аят ахпар,  
Үмбетке ғибрат қалсын, қағазға жаз.

Аралап сегіз бейіш, бәрін көрген,  
Бәріне назар салмай өте берген.  
Хор қызы үйден шығып зейнетленіп,  
Әркайсы неше түрлі түрге кірген.

Біріне хак пайғамбар көз салмады,  
Менсініп назарына бір алмады.  
- Бір арыз, тақсыр, сізге айтальық біз,  
Құдайым, бакытымызды онғармады!-

Солайша шуласады тамам хорлар,  
Пайғамбар тұра қалып, сөзін тындар:  
- Не арыз маған болған, мен тындаіын,  
Қанекей, хор қыздары, айтыңыздар!

- Кеттіңіз бірімізге назар салмай,  
Жақсы деген үмбетін әлде қандай?!

Біздерді біреуіне бағыштаныз,  
Біздер де куанайық намард калмай.

Пайғамбар бір сағатта Миғраж аскан,  
Пырақ бар алты айшылық жолды басқан.  
Сираты Мунтанаға[219] жеткен кезде,  
Бір дауыс катты естілді тау мен тастан.

Көк күркіреп, жеті жер, тенселлі көк,  
Аспанда перштегер шулаған көп.  
Шошыпты пайғамбарым сол уақытта:  
“Япырмау, заман ақыр болды ма?”-деп.

Көңілдін Алла десе, хошы деген,  
Жебірейіл пайғамбарға хабар берген:  
- Құптанға азан үшін келді Біләл,  
Тықыры кебісінің -осы!- деген!

Қадамды таксыр Біләл басқан еken,  
Басқадан шарапаты аскан еken.  
Ізінің мунтанаға дыбысы барып,  
Жын-шайтан тықырынан кашқан еken.

Өзгеден ол Біләлді сүйіп алған,  
Бұл сөзім кітапта бар, емес жалған.  
-Сіздерді бағыштадым Біләлға!-деп,  
Хорларға пайғамбарым айта салған.

Хорлар сонда не дейді бұл корлыққа:  
-Атар таң, шығар күн жоқ біз мұндыққа!  
Қазанның күйесіндегі Біләлініз,  
Кой, таксыр, онан басқа үмбет жоқ па?

Пайғамбар токталмайды кыз сөзінен:  
-Әркімнің жаман болса, кінә өзінен!  
Сыртынан билеп оны айта салдым,  
Сұрайын мен Біләлдін дәл өзінен.

Ашылды сегіз бейш жұмак торі,  
Түсіпті Мұхаммедтің жерге нұры:  
-Бір жұмыс саған даяр, орын таптым,  
Иа, Біләл, басың көтер, кара бері!

Алдайтын адамзатты ку тіл еken,  
Белгісіз көрінбейтін су түбі еken.  
Құптанның жана азанын айтып болып,  
Ол Біләл бата қылып отыр еken.

Қарады жоғарыға көзін ашып,  
-Біләл-ау, хор қызы түр саған ғашық.  
Қайтесің: аласың ба, қоясың ба?  
Мен тұрмын сырттан билеп саудаласып.

-Біткен жок, таксыр, сөзің еркін,- депті,  
- Хор қызы кімге дәрі, шіркін!- депті.  
- Демей ме сахарадағы Алла (бір әми) деген,  
Алмаймын сегіз ұжмақ мұлкін!-депті.

Жігіттер, бар ма жақсы бұл қалыпты?!

Есітіп хор қыздары ұялыпты.  
Киямет, қайымғаша ғашық болып,  
Таласып хор қыздары құр қалыпты.

Адам жок бұл жаһанда Біләлға тен,  
Құданың рахметі мол, құдіреті кең.  
Таласып хор қыздары Махшар күні,  
Қылады сол қарасын бетіне мен.

Балшықшы құс жаманы- шағала-ды,  
Бір көлді жалғыз тырна жағалады.  
Қарасын хор қыздары өкеткен соң,  
Сол күні Біләл таксыр ағарады.

Хор болса, Ҳақ қасында, мал-мұлкі жок,  
Сол Біләл жетпес еді сондай болып.  
Байлыктан кісі ҳаққа жағар болса,  
Ол Қарын өлмес еді коныз болып.

Фаламның он сегіз мың бәрін кезді,  
Артық бақ Мұхаммедке тәнірім берді.  
Қапалы ғаріппердің көңілі өссін деп,  
Аз ғана Мәшһүр-Жұсіп , інжү терді.

Баяғы мунтаһаға келді қайтып,  
Жерінің көрген-білген бәрін айттып.  
Рухы түр жетпіс перде әр жағында,  
Мақамы өзге жүрттанды сондай артық.

Неше орын, неше жерге жүріп барды,  
Аз дәурен екі ортада құрып барды.  
Иіні екен Faушыл ағзам хазіретінің  
Әлгі иін сол мақамда тұрып қалды.

-Мұхаммед, бұл өзінің үмбетіңен,  
Аты-Ғаушыл, айырылmas сұндетіннен.  
Шығады біраздан соң жұрттан асып.  
Осының келіп қалдың қызметімен.

- Олай болса, Құдайым, сені сүйсін,  
Саған көңіл қоймаған жанып күйсін.  
Иініне тиді аяғым, Ғаушыл балам,  
Басқаның аяғына иіні тисін.

Солай деп бата берген пайғамбарым,  
Сондай қып жаратады жанның бәрін!  
Үйіне қайтып келіп ол түн жатып,  
Шакырды ерте ерте жарандарын.

-Құдайға перштегер жалшы!-депті,  
-Тіл алып, жұмсағанда баршы!-депті.  
-Тісімде қыстырылып күріш қалды,  
Иә, Фалы, колыңменен алшы!-депті.

Сонда Фалы тісінен күрішті алған,  
Күрішті алып, аузына қағып салған.  
Сол күріштің қасиеті-қуатымен,  
Хасен менен Ҳусайын пайда болған.

Пайғамбар адам бармас орында жур,  
Әрқашан Әбубәкір сонында жур.  
Баяғы жолда қалған сакинасы,  
Қараса ер Фалының қолында тұр.

-Балам, сен мұны қайдан алдың?- депті,  
Қай жерге осы түнде бардың?-депті.  
Емес қой бұл сакина өзіндікі,  
Баян қыл, білсен, балам, маған кепті!

-Тақсыр, мен қылдым намаз сізге үйып,  
Солыңнан шайтан тұрды дыбыс беріп.  
-Бабама үнделеме!-деп, қуаттанып,  
Жібердім желге үшырып, бір-ақ түйші.

Данаға жас та болсам да тең едім ғой,  
Сіз даркан болғанда, мен кен едім ғой.  
Ішінен шымышықтың қол ұзатқан,  
Иә, баба, себебің де мен едім ғой.

Куанды мұны естіп сақабалар,  
Бәрі де бұл Мигражға иландылар.  
-Шаһарымын ғылымның, ей, жаранлар,  
Есігі- Фалы деген- хақ пайғамбар.

Арытты бұрынғыдан Расул түрі,  
Көркейді күннен-күнге іслем нұры.  
Шаһариар сақабалар барша нанды,  
Қапелім шек қылса да қалмай бірі.

Әуелі жолығыпты Әбужаһил,  
Көп жанға залал тиіп қылған батыл.  
Ақырда пайғамбарым сөзі шын болп,  
Қылышпен нанбағанды қылды қатыл.

Жад қылдым әуел хақты сөз басында ,  
Бергей-ді жәрдем себеп біз ғасыға.  
Рухын ол зат пәктің тербеткелі,  
Кетейін айтып мұнда бір қасида.

## Он алтыншы бап

### Ан хазіретті мадақтағаны

Иләһи[220] махбулдарға [221] саруар болған  
Пейіштен ол ғарышға барып қонған.  
Көрсеткіл үмбетіңе ғөзал жүзін,  
Мунтазар [222] жамалыңа барша тұрган.

Пердесін дүние-акырет жүзінен ал,  
Үмбетке ғасы болған назарың сал!  
Жүзін менен мысалы хылаты жок,  
Иа, Рахман, ирани кітабың бар!

Қалдырдың жүртты қайран бармағынмен,  
Тоқталған ғаршы, күрсі салмағынмен.  
Бұл жерде қосының қылды мені тұтқын,  
Өртендім қасірет отка жанбағыммен.

Үмбетім бар дүр мениң шапағаттан,  
Медет бер дүниеде һәм ақыреттен!  
Дәулетке жетер шексіз күмәні жок,  
Суынан шапағаттың катыра татқан.

Көрген жан несін болып Хактын нұрын,  
Не қылсын дүние ақырет жарықтығын?!  
Таухидің раузасынан сөз есітіп,  
Кетірдім ғами дүние көңіл мұнын.

Болғанда сөзің- хикмет, ділің-иман,  
Болғанда жүзің- раҳмат, нұрын- раҳман.  
Даяу қыл бұл жалғанда, һәм махшарда,  
Өзінсін: дауасы жоқ-дертке дәрмен!

Баршадан ізгі бакыт- ұлы биік,  
Жаратқан максат ағлы сені суйіп.  
Жарығын дүние- ақырет жақ ішіме,  
Жын-шайтан, нәпсі-һәм кетсін күйіп!

(Рида) Таж ләуләк[223] болғанда, ғұмырын- таж,  
Тахусыңмен аласың хорлардан баж.  
Мен-жалаңаш: қына тоның жап үстіме,  
Болар дүр қаму шаһлар саған мұқтаж!

Ей, көңіл, білсөн, шөл дүр жұртқа раһбар,  
Болғанда нәби мұрсал, һәм пайғамбар.  
Құлағың екі бірдей тұт сөзіне,  
Мұхаммед дүр, ол-саруар, Алла акбар[224]!

Қандай көз бір-ак қабат көрер, әні!  
Әлігін хаттап келген лән тараны.  
Жолыңа жаным құрбан, тәнім пида,  
Жоқ оған етер менде [нан] арманы.

Нияз[225] ишра көнілімді қойдым Ҳакқа,  
Жұзімді төседім гой топыракка!  
Сахарда дауыс келді құлағыма:  
-Иа, һиза сен көнілінді сал,- деп,- Ҳакқа!

Көнілімді естіген соң, Ҳакқа қойдым,  
Мұхаммед, Мұхдис[226] сипатына қашан тойдым.  
Сол дауыста бір сөз бар: “Дүниеден без!”  
Соны естін бәдғул[227], бәрін жойдым.

“Салиялла [228] , Ғалайхис саләм[229]!”-деп,  
Ертенді-кеш мен айтсам салауат көп.  
Сенері бин алиңұр жансам даулап,  
Фашықтық дариясында болмасам деп.

Аз мадақ естүүмшө алдым жия,  
Окыдым үстазымнан мұны самағия[230].  
Мен тісем барлығынша мадакларын,  
Тыңданыз, ай, жаранлар, қылма рия.

Тәубені қылатуғын осы кезім,  
Кірпатны бейшарамын менің өзім.  
Макал бар: “Аз сөз-алтын, көп сөз-көмір”,  
Айтайын пайғамбардың хадис сөзін.

## Он жетінші бап

### Пайғамбардың хадис сөзі

Айтайын аз насихат тыңдал тұрсан,  
Қазактың һәм қария сөзін сұрсан (сұрасан).  
Үш ауыз пайғамбардан насихат бар,  
Кішкене құлақ салып, мойын бұрсан.

Жиылды сахабалар[231] сонда бір күн,  
Болса да қанша жұлдыз, жарымас түн.  
Бүйірды пайғамбарым иа, азамат,  
Мен айтайын: “Бер!” – деп, -сен колынды жұм!

Киімді жамауы жок, қыл жаңадан,  
Дария жок түбі терең мұнан жаман.  
Азық ал таусылмастай- ішіп-жеуге,  
Жол үзак, барап жерін алыстаған.

Қыл ықылас, ғамалынды көңіл беріп,  
“Кім бар?!” – деп тұрганды Құдай көріп.  
Таулар бар: аскар сондай, асуы жок,  
Женіл қыл сен жүгінді өлмей тұрып.

Кемесі сынық болған суга кетер,  
Азығы аз адамға бейнет жетер.  
Ықылассыз қылған ғамал құр киналу,  
Ауыр жүкті (жүклі), таулардан қайтіп өтер?!

Есітіп жұрттың мейірі(маһары) қанған екен,  
Иманды адам айтқанға нанған екен.  
Осы айтылған төрт сөзді пайғамбарым,  
Төрт мың сөзден шығарып алған екен.

Тағы да тіркес келді – екінші сөз,  
-Мен айтайын, жамағат, естісөніз.  
Естісек те дүниеге көңіл қойған  
Сөйтіп Ҳакқа құл болған біз-пенлеміз!

Ғамал қыл акыретін үшін болғаныңша,  
Дүниеде өлшеп өзін тұрганыңша,  
Ғамал қыл акыретін үшін арнап,  
Жеткендей қып махшарда өз халыңша!

Ғамал қыл Аллаң үшін онна-мұнша,  
Сонша қыл Ҳақта қажетің болса қанша!  
Қажетің болмаса, ғамал қылма,  
Бұ дүние өтіп кетер жиналғанша!

Мұнда қинал, өлгенде, қиналғанша,  
Сүм дүние өтіп кетер көз жұмғанша.  
Тамұқтың оты үшін қылғыл амал,  
Өзіннің отка шыдарын қанша?!

Табылар қанша мақсат бұл төрт сөзден,  
Адам жоқ бұл дүниеден тіпті безген.  
Барасың Құдай жазса, көр-кебінгे,  
Бар болса кештік ғұмыр, тұстік ізден!

“Бар, -дейді, - жазалыға жеті тозак”,  
Ақырет өзі –баки, ғұмыры ұзак.  
Не қылсан акырет үшін қылғыл ғамал,  
“Қылма!”-деп, құрап Ібыліс жолға тұзак.

Басында бір Құдайдан қажетің көп,  
Құдайсыз не қыласың, алданып тек?!  
Көп қылғыл Құдай үшін ғамалыңды,  
Патшана қарап тұрган көрінбей жек.

Болғанда тәубе- корған, ықылас-қамал,  
Жел жоқ болса, ыстықта түсер самал.  
Жалғыз шоқ тиіп кетсе, шыдамайсың,  
Сол отка жолатпастай қылғыл амал!

## Он сегізінші бап

### Фабдолла Фұмарұғлынан насихат

Бозбала, осы сөздің бар ма міні?!

Зарлатты мені Құдай тұні-күні.

Фұмарұғлы бұйырған Фабдоллаға,

Тағы да бір насихат келді шыны.

Дүниеде болғыл пұлсызы, ғаріп, инсан,[232]

Самарқанд отын тұтқыл Бұхарадан.

“Бұл дүние тұралы”, - деп ғапыл алма,

Өзінді біл: жол жүрген керуеннен сан.

Мысалы, бір есіктен кірдін, өттін,

Токтамай бір есіктен шығып кеттін.

Бойына түк жұға ма бұл дүниеден,

Қалмағыл ортасында көп бейнеттін.

Өзінді біл: қабірде жатқан жандай,

Өтіпті, ата-анаң, - олар қандай?!

Өлмеймін деп ойлама, қаза жетсе,

Әзірейл қояр ма енді жанынды алмай?!

Алды-арты – жанып сөнген пеш сықылды,  
Қаранғы, жарығы жоқ кеш сықылды.

Несіне алданасын үайым жеп (мағұр болып),  
Бұл дүние тұнде көрген тұс сықылды.

Шайтанға билік бермен денім сауда,

Шүкірлік, сакта, Құдай, берме жауға!

Жастықта тәубе қылсан, қондғерсің,

Жігіттер бұзылмластай, қылғыл тәубе!

Күн ауса, болар бесін, шаршы түстен,

Сауапқа иманды құл анық піскен.

Тәубені шын қылам деп, ойласаныз,

Қайтыныз, ғапіл болмай, жеті істен.

Көнілініз болса, ескер адамдықты(адамлықты),

Асылы, қыла көрме харамдықты.

Біреуі бұл жетінің- ғылым оку,

Тастаныз енді ойдан надандықты!

Бұл өлім келер ата-анаңызға!  
Жалғыз біз ғапып болып жатамыз ба?!  
Екіншісі бұл болар сол жетінің,  
Тәубе қыл- құні- түні қатенізге!

Тәубе қыл құнә деген ауыр жүкке,  
Бұл нәпсің, қайырмасан, жетер түпке.  
Үшіншісі бұл болар сол жетінің,  
Қайтыңыз ұлкендіктен кішілікке.

Жолдары бұл жетінің тіпті басқа,  
Сөз айтсаң, қабыл алмас, ғаям[233] насқа.  
Төртіншісі бұл болар сол жетінің,  
Қайтыңыз риядан ықыласқа!

Жаратқан құлдық үшін Құдай бізді,  
Көрсін деп берген бізге екі көзді.  
Бесіншісін айтайын тағы да онын,  
Рас сөйлеп, тастаңыз жалған сөзді.

Кірмейді әнбиелер неге тұске?!

Кіреді әулиелер әр құн кешке.  
Алтыншысын айтайын білгенимше:  
Харамды қойып, ұмтылғыл халал іске!

Иманды адам- кішікілік, көңілі сынық,  
Ниеті молдаларға болар жуық.  
Біреуі құн шықканша үйіктап жатпай,  
Құдайдан тілек тіле, сахар[234] тұрып.

Хадис бар: катын алмак- жарым тәубе,  
Құс конар ағаш сайын конактауға.  
Бір сөз бар: пайғамбардан мысал қылған,  
Ағалар, соны айтайын денім сауда.

Кәпірге тозак оты сөнері жок,  
Құдайдан жақсылықты көрері жок  
Такуалығы болмас ғалымдардың,  
Үлкен шаһар бостан дүр, жемісі жок.

Сықылды үлкен шарбак - қауыны жок,  
Бір ақ боз үй секілді- сауыны жок.  
Ғаділдігі болмаса хакімдердің,  
Қара бұлт сықылды — жауыны жок.

Иманды адам тауапка бұрын көнген,  
Бұл сөзім қырық хадистен баян берген.  
Сабырлығы болмаса әр пақырдын,  
Майы жоқ шам сықылды жанып сөнген.

Өлген жан қайта тіріліп келгені жоқ.  
Иманды кісі хакын жегені жоқ.  
Еш тәубесі болмаған жас жігіттің-  
Бір асау ат сықылды жүтені жоқ.

Жан, шіркін, неге керек қинатмаған?!  
Болғанда, шіркін, ажал кімді алмаған?!  
Ар-ұяты болмаса жас қатынның-  
Дәмі жоқ ас секілді, тұз салмаған.

Қызығы бұл дүниенің - ойын- құлқі,  
Немене ойнамаған жанның көркі?!  
Жақсызығы болмаса қыз балада,  
Не керек күр қызарған беттің көркі?!

Алланың разы болғыл- қазасына,  
Сабыр қыл- келсе пәле, жазасына.  
Шүкір қыл- аз-көп болсын нығыметіне,  
Болмаса, тұрма жер- көк арасына.

Пендесің, бейшарасың байғұс ғаріп,  
Дүниеге әзер келдің ашып-арып.  
Озіннің, жактаған сон, Құдайына  
Сыясың қашып енді, кайда барып?!

Жер жоқ кой бір Құдайдан бөлек баска,  
Өзінің хұқімі бар тау мен тасқа!  
Озіннен шықкан жауга амалын не,  
Еркін жоқ- салса Құдай, шыдамасқа?!

Болғанда киамет күн, тұл байланар,  
Әр жерден топ- топ болып, кісі айдалар.  
Қол, аяқ куә болып күнәһына,  
Жазалы жанарына ынгайланар.

Падиша әуел ахыр- заһыр батын[235],  
Жияды жын, пері мен адамзатын.  
Сол күнде бүйірінен сұрып берер,  
Біреудін алған болса, біреу хакын(акысын).

## Он тоғызынышы бап

### Басқа патшалар, жомарттар, әулиелер

Бұл күнгі патшалықта жоқ аділшік  
Дүниеден Хасен отті аз жыл тұрып.  
Хұсайын нәсіл қалған әuletінен,  
О да отті Кербалада шаһит болып.

Фатима откен, Заһира, Файша анамыз,  
Дүниеден не қылғанды біз қаламыз?!

Күнө бар таудан үлкен, тастан ауыр,  
Иа, Раббы, біз не қылсақ, оңаламыз?!

Сахаба отіп кетті отыз үш мын,  
Оттіп табиғіндар олардан сон.  
Төрт имамның абсолюты- имам Ағзам,  
О да отті, бұ дүниеден қалады кім?!

Әулие Faунт, Алғазам,- олар да отті.  
Накшыбанды, Баһауддин,- олар да отті.  
Қожа Ахмет Түркістанды қызып отан,  
Дүниеден сондай ерлер отті кетті.

Еұмар, Нәсхі, ғұлама Тағтазаны,  
Ғазалы, ол Мірсейіт, Шөріп көні?!

Масніп, Үмшахылтар,- бәрі де отті,  
Дарига, көрмей қалдық біздер, ені?

Әнбия, әулиелен бірі қалмай,  
Дүниеге борі де отті назар салмай.  
Патша Жамшил, Баһыраб, Балқұн, Фарзуз,-  
Зор еді заманын да олар қинтай?!

Баһатүр Рұстем, Зымак, Сахып қыран,  
Қаһарман: Даң менен Зол, ол- Катиран.  
Аспандағыр, Үксыйбад, Шам, Нұриман,  
Кеше откен Тасыр, Хысырау, Ойран, Тұран.

Сейітбаттал, баһатүр Әмир- Темір,  
Патша откен Галилетті Баһрам тұр.  
Дүниеден солар да отті: "Отпесіз"- деп,  
Алданып көршістықлен откен әмір

Хан қайда ғаділ болған Наушеруандай?!  
Дүниеде жомарт қайда Атымтайдай?!  
Шыңғыс, Жошы- төреден тегі шықкан,  
Есім, Тәуке, ер қайда Абылайдай?!

Хан Абылай қазакқа тұлға болған,  
Сол үш жұзді бір өзі билеп тұрган.  
Кешегі қара казақ заманында,  
Төрениң орта жұзге күты қонған.

Сагымнан пайда болған Шыңғыс хан-ды,  
Өскен соң патша болып дүниені алды.  
Жеті үглін жеті ықылымға патша қойып,  
Тұкымы патшалардың сонан қалды.

Баласы Шыңғысханның Гүрстан (Көшім сұлтан),  
Кенжесі Жошы хан дүр жұртқа дастан.  
Жиырма төрт атага тұра келіп,  
Кеше Абылай казакпенен араласқан.

Нух нәби нағашы атам өткен бабам,  
Шежірем бар ол Факаша сахабадан.  
Тамамдап сымға тартқан ақ құмістей,  
Тұп-тұзу апарайын сары жайдан.

Арқада ақыл таптай қазак қалған,  
Хандығын Жәнібек өліп, Өзбек алған.  
Алла- тірегі, хадис, құран мен үмбеті,  
Дәлелім бар ол Расул пайғамбардан.

Болғанда: “Сарт-садағам, өзбек- ағам”,  
Халқым бар : токсан баулы, тонды жағам!  
Ұлы жұз: Үйсін өрде жатыр толып ,  
Орта жұз: Конырат, Қыпшақ, Арғын бабам.

Біреуі төрт арыстың-батыр Найман,  
Керей, Уак, Таракты келген қайдан?!  
“Жеті арыс”, - деп сөйлейді кірмесімен  
Кіші жұз: айтам Алшын, сөз Адайдан.

Қазақ жоқ санасан да Қыпшактан көп,  
Бір Коныраттың баласы бәріне жүк .  
Шалқып жатыр бұл Найман қалың шетте,  
Бір Арғынның баласы- он екі жұп.

Төрт арыс- Орта жүздің шын баласы,  
Арқанын толған екен сары даласы.  
Арғыннан Каракожа бабам шығып,  
Дәuletке сонда толған айналасы.

Онан соң Мейрам сопы бабам өткен,  
Куандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік пен.  
“Бес баласы Мейрамның”-деп атанған,  
Қарakesек- анасы басқа тектен.

Куандықтың баласы- алтау болған,  
Тінәлі, Темеш, Тока, Алтай тұрған.  
“Арғын болсан, Алтай бол!”-деген сөз бар,  
Әр пенде өз жөнінен кенес құрган.

Сүйіндіктен тарайды бір-бір (санап) санат [236]).  
Мәжік пен өткен бабам ер Шуманак.  
Бір халқым Малай, Жәдігер жатыр өрде,  
Қойыпты Құлболдыны Құдай калап.

Құлболды сол бабамыз әулие өткен,  
Айдабол, Құлік, Тұлпар,- онан біткен.  
Үшеу бар токалынан бәрі мәлім,  
Қақсал, Қозған-Бегендік, Шегендіктен.

Жанболды Құлболдыны көп ренжіткен,  
Жасы үлкен агасы екен бір ер жеткен.  
“Жанболдыға жар кешу болады”, -деп,  
Ақбоз атпен сол ағып Сырға жеткен.

Құлболды бабамызға дуа қонған,  
Дәuletі өз шағында калын тұрған.  
Назары Құлболдының кабыл болып,  
Баласы Жанболдының азып туган.

Құлболды заманында төре келген,  
Көп қожа Қаратудан ере келген.  
Шаһардан ишан, молда,- бәрі шығып,  
Құлболды бабамызды көре келген.

Өзіне адам екен дуа тиген,  
Жан екен қайырымды Құдай сүйген,  
Меккеге: “Таяп үшін барамын!”-деп,  
Өлген соң сүйегі үшіп кеткен үйден.

Төрелердің асыл фой арғы тегі,  
Төре-хан болған шақта қазақ бегі.  
Дін ислам бір миллата болғаннан соң,  
Жоқ екен бәрінің де бөтендігі.

Хан болып Кіші жұзге Бекей өткен,  
Хан Абылай Орта жүзді билеп (түзеп) кеткен.  
Хан Жамантай, Үәли хан, Әбулхайыр,  
Өншең төре шығыпты асыл тектен.

Есім хан жалғыз барып Ташкентті алған,  
Құтсадақ, Құдайменде жетім қалған.  
Тұыпты Қасым ханнан өншең батыр:  
Наурызбай, Кенесары, Ержан, Саржан.

Наурызбай батырлығы аскан жұрттан,  
Кәнеки, “Кенесары елді құртқан?!”  
Ер Саржан тартқан жағын өткізіпті,  
Қатарлап қойған темір жеті шоттан.

Алашта патша болған- хан Абылай,  
Қалмақты жылда шапқан дамыл алмай.  
Құтсадақ, Құдайменде төре шығып,  
Өтіпті о да жұртқа тыйыштық салмай.

Шобалай Сүйіндікте болып өткен,  
Төлебай мал мен басқа толып өткен.  
“ Тұсымда(тусам да) олардан кем болмаймын!”-деп,  
Екі ішнін Пістен тентек жұлып өткен.

Төреден- кеше Саржан науан болған,  
Қонырқұлжа төреге дәulet конған.  
Үәлихан Кекшетауга дуан салып,  
Баласы Шынғыс сұлтан тірі тұрган.

Баласы Бекейханның Жәнгір өткен,  
Хан болған, Абайлда қайда кеткен?”  
Қыргызға Кенесары дамыл бермей,  
“Қынға кас- өткір пышак” тұпке жеткен.

Арына өткір пышак тұпке жеткен,  
Не пайды накәк қанды жүктемектен?!  
Кәпір мен мұсылманды парық қылмай,  
Үр да жық, ұзын сойыл, күшке кеткен.

---

Ақырда өз ісімен өзі кетті,  
Лайықсыз аңғал қайрат істемектен.

Табылар бұл кітаптан өрбір нұсқа,  
Аз сөзбен аз мағына, жазған қысқа.  
Баршасы өлтөн шакта болатын хал,  
Білсін деп, карындасты біз байғұска.

Тұрсынбай Айдаболда бай болыпты,  
Ақылға Шоң мен Шорман жай болыпты.  
Жай гана мырзалықпен жүрттан асып,  
Азнабай шылқып жатқан май болыпты.

Үйсінде би Төле өткен тілге шешен,  
Уақытында би Едіге болған көсем.  
Билгін Едіге бидің мен айтайын,  
Болғанын онын Едіге не себептен.

Көп акыл би Едіге білген еken,  
Жұғіне бір-екі адам келген еken.  
Екеуінің таласы – жалғыз түйе,  
Құнажын тік өркешті інген еken.

Бірі айтады:

-Бұл түйе менікі,-деп,  
-Бота күнде жоғалып кетіп еді-деп.

Бірі айтады:

-Баласы өз түйемнін,  
Қайда оған, мұндай түйе біткен жок!-деп.

-Екі кісі талассан бір түйеге,  
Сыйынып сөз айтайын мен Иеге:  
Қақ бөліп екеуіне берер едім,  
Түспейді олай қылсам, сөз жүйеге.

Ботанды сен жоғалтсан, бар ма енесі?

Үқсар ма сол түйеге бір денесі?!

-Енесі бар,- тақсыр!-деп, жұпрып кетті,  
О да айтты:

- Бар- деп,- менде өз енесі!  
- Сен-дағы бар алып кел інгенінді,  
Адамзат білесің ғой көргенінді.

Екеуін де алып кел енелерін,  
Сонан соң мен айтайын білгенімді.

Екеуі екі інгенді алып келді,  
Түйені екеуіне салып көрді.

“Малға – мал, жанға – жан ұқсар”, -деген мақал,  
Сипаты екеуіне бірдей келді.

- Қак бөліп екеуіңе бөліп берсем,  
Біреуіңен біреуіңе алып берсем.  
Білмей берген төреден жаман іс жоқ,  
Маган киын болды ғой мұны білсем.

Жоқ болды молда, кожа жөнін сұрап,  
Енді би бұл төреге не іс қылар?  
Жіберіп екі інгенді екі жаққа,  
Түйені ортасында ұстап тұrap.

Іс кылған шаригатсыз жарамайды,  
Екеуі де түйеге қарамайды.

- Ұмытып әлде қашан кеткен түйе,  
Қанеки, бакырталық! -деп қарайды.

Қылбұрау тақымына салды дейді,  
Бақырып демін түйе алды дейді,  
Түйесі бота күнде жоғалғаның  
Дауысын танып енесі барды дейді.

Келгенін баласына көрді дейді,  
Хайуан танып баласын бұлды дейді.  
- Бес хауастың[237] біреуі естілмек! -деп,  
Түйені иесіне берді дейді.

Қаңғырып тауып алған жайға қалды,  
Бірталай өз мойнына айып салды.  
Билігі осылайша болған еken,  
Кітапқа қылған ісі тіпті ұнамды.

Ар жакта аты шыккан Нұрекен бай,  
Байсейіт бес анада Нұралым-ай!  
Сейтен- болыс, Тайжан казы болып,  
Он жеті мың жылкы айдаған Азнабай.

Би болып Едігеден туган Шон-ды,  
О дағы ақылға мол дикан болды.  
Тауына Баян-аула дуан салып,  
Хан болып аға сұltан билеп тұрды.

Орыстың империясы атын білген,  
Мактаулы император қағаз берген.  
Таласып бір балаға екі жасар,  
Дауласып екі қатын оған келген.

Бірі айтады:

-Баланы тапқан өзім!

Бірі жалған қылады оның сөзін.

-Баланы өзім таптым һәм асырадым,  
Үксайды екеуіне де көрсөн жүзін.

Балаға екі қатын таласады,  
Бақсылар біле алмайды бал ашады.  
-Бұл қалай адам жөні қын болды,  
Төрөні қалай берсем, жарасады?!

Би айтар:

-Төре бермек үлгі жол!-деп,

-Бұл не ғып екеуінен туған үл?- деп.

Біріне көнбес бірі, қанша айтса да:

Пайда мен залалына бірдей бол!-деп.

-Ендеше жөнін кайтіп табам?-дейді,  
Колдай гөр, иа, Құлболды бабам!-дейді.

-Как бөліп екеуіңе мен берейін,  
Баланы алып кел, қылышпен шабам!-дейді.

Біреуі отыр тіпті болмай назаланып,  
-Ай, тақсыр, төрене- құл, бөлсөн бөл!-деп.

Бірі айтады: -Ай, тақсыр, мынаған бер!,  
Тұтсақ та бұл бала тек өлмесін!-деп.

Шоң би сонда ақылмен білді дейді:

- Факыл нұры болар жарық енді!-дейді.  
Қатынды: “Бөлши!”-деген текке тастап,  
Дегенге: “Бала өлмесін!”-берді дейді.

Дауласар күр көкірек ернін жимай,  
Барады кеудесіне ыза сыймай.  
Өз анасы: “Өлмесін!”-деп ойлаған,  
Өлуге, алмаса да, іші қимай!

Қайғы ойлап, тәні тітіреп, жаны қоркар,  
Ынсан аз байқап тұрсақ, осы тұста.  
Демейміз жалпақ жұрттың бәрі-жаһил,  
Шаһбаз[238]бар ғой талай ғаламға ұста.

Сөйтсе де көзбен көрін, қолмен (білеп)[ұста],  
Шыққанлар көп емес пе үйден тыска?!

Біз де сол шыкканның біреуіміз,  
“Алтын” деп, баға беріп жүрген мыска.

Баянсыз пәни дүние өткінші жел,  
Желікпе желге, достар, айтқанға кел!  
Бұл түкті ойламай жүргенменен,  
Алдында аз ара(назара) су, соны біл!

Жігіттер, кесірленіп, жүрме шалыс!  
Азық ал: атың-арық, жолың-алыс.  
“Құдайдың, талапты ерге, нұры жауар!”-  
-Деген сөз – пайғамбардан қалған хадис.

Басында бітімінің жаманынан,  
Жанады суда тұрып қалың қамыс.  
Дәл менен за, иа-дан хабары жок,  
Ауысы ендігінің журмек қалыс.

## Жиырмасыншы бап

### Әр түрлі насиҳат сөздер

Ай, жаным бұл дүниеде еш опа жок,  
Кімді алдап өткізбейді дүние боқ?!

Өлгенше дүние қамы таусылмайды,  
Әр пенде өтіп кетер арманда боп.

Біз журміз тағат қылмай дүние қуып,  
Фазапқа болдық лайық белді буып.  
Ажалға қадам басқан жақындеймыз,  
Тұрады соның үшін күнім сұып.

Қалады, ажал жетсе, катын-бала,  
Қылмайды ажал рақым жалынса да  
Қалмайсың қара жүzlі халық алдында  
Қылыңыз жанның қамын не қылса да.

Қалады қаза келсе мал мен мүлік,  
Аз күнгі дәурен өтер ойнап-куліп.  
Ажалдың, хабары жоқ, белгісі жок,  
Тәубесіз өте көрме ғапыл жүріп.

Түсіңіз ғапілдікпен ката жолға,  
Кетіппіз бір қарамай он мен солға.  
Пәлеге кімді нәпсі кез қылмайды,  
Сол үшін қыран бүркіт түсер торға.

Дария-ғылым екен аққан судай,  
Жараскан айдын көлге қонған қудай.  
Кімде кім ғылым күткен қор болмайды,  
Көтерген махшар құні жасыл тудай.

Тілеңіз гибадат, тауап халің жетсе,  
Расулының рузасын көр, несіп етсе.  
Не пайда катын-бала, - баршасынан,  
Бір құні көріп(гариб) басың өтіп кетсе.

Берініз халал малға қайыр, зекет  
Болмайды харам малда еш берекет.  
Өзі: "Кемімеке кепілмін!"-деп,  
Жолықлас халал малға еш әрекет.

Беруге зекетті келген аят,  
Әр кісі өзін-өзі жүрсе аяп.  
Махшарда жазуымен мінер құлдар,  
Не лаж (ғылаж) жамандықты сонша таяп?!

" Уа иакумус салату"[239] –деп, аят келген,  
Намаздың парызылығын ғалам билген.  
Қалайша оқу, қалайша таһарат ату,  
Пайғамбар, Жебіреійіден үйретілген.

Бір Алла Жебіреійілге қылсы, жарлық :  
-Таһаратны пайғамбарға үйрет барып!  
Жебіреіл коктен өзір (хазир) келгениен соң,  
Пайғамбар қарап тұрлы қайран қалып.

Жебіреіл жарлық бірлан келді жерге,  
Мен жаздым үйренсін деп, пендесіне.  
Үмбеті пайғамбарға амандастып,  
Қанатын сол арада сокты жерге.

Қанатын соккан жерден бұлақ акты,  
Аламша суретімен таһарат аиты.  
Мұнан соң таһарат алып, намаз оқып,  
Біздерге парыз болып сонан қапты.

Пайғамбар сонан кейін таһарат алған,  
Біздерге таһарат алмақ содан қалған.  
Намаз оку- құданың бір парызы,  
Пендеге дін-мұсылман мойынға алған.

## Жиырма бірінші бап

### Қырық парыз баяны

Қырық парыздан мен айтайын Исламды,  
Бес иманды үйрен, оқы намазды ертелі-кеш.  
Ораза тұт, қажы қылғыл, бергіл зекет  
Ынсалқа малың толса, қалдырма еш (hesh).

Қырық парыздан: жеті парыз- иманда бар,  
Иман келтір Аллаға, ай, жаранлар!  
Құран кітап-Алланың сөзі деп біл,  
Перштеге иман келтір, hем пайғамбар.

Иланғыл: кияметтің келмегі хак,  
Таратып, баяндауға зейінім шак.  
Болуын жақсы, жаман бір Құдайдан,  
Өлген сон тірілу бар, сен бұған бак.

Қырық парыздан: намазда тағы да он екі,  
Пак сумен таһарат алып, намаз оқы.  
Екінші- жақсы жайда намаз оқы,  
Болмасын киіміннің есіл bogы.

Уақытында оқы, ниет қыл, құбыла намаз,  
Бұл алтауы намаздың тысындағы.  
Алтының бірі қалса, намаз емес,  
Әйтеір Алла қабыл қылсын-дағы!

Ішіндегі: парыз- және де алты,  
Болмасын намазынның ешбір қалты.  
Құлак қағу, қыраат[240] руқұф[241] сәжде,  
Ақырғы үтір(отыр) сұзы, сонғы- арты.

Осымен он екінші болды тамам,  
Намазды қалдырмагыл, оқы әман(hеман).  
Намазды жорта койса кәпір болар,  
Ғазабы киямет күн болар жаман.

Ғұсылда қырық парыздан- үш парыз бар,  
Ауыз, мұрын таза жу, ай, пірадар!  
Үшіншісі- жуылсын барша тәнің.  
Жұлтмаса, көрерсін [не] заарлар!

Жу нәпсінін, және парыз, ыстахасы,  
Фаділ қылмай, Аллаға болма ғасы!  
“Уа ин кунтум жунубан фатаһири”[242], -аяты бар,  
Суга түспес пенденің шермендесі.

Таһаратта төрт парыз бар: іні, аға,  
Жүзінді жу, қолынды тағы және.  
Үшіншісі- басына масих[243] қылғыл,  
Су қүйғыл- төртіншісі- аяғына!

Төрт парыз- су жокта қылсан да мыбыы,  
Ниет қылмак қолынды сүйк жер жынысы.  
Бір ұрып сипау үшін екі қолды,  
Жузін үшін екінші ұрғыл енді!

Үйрену парыз, ғайызының хұқімлерін,  
Балхы болған қыз-қатын тұқымларын.  
Нәпсінін және парыз бар хұқімі,  
Айтылған парыз деп ғұсылдарын.

Ізглерге бүйірмақ арамдықтан,  
[Керек қой] қолды тыю жамандықтан.  
Тыя алмасан көнілінен, ұнатпағыл:  
“ Құдая, сактай гөр,-деп,-жаманлықтан!”

Парыз дүр және қылмақ халал кәсіп,  
Ғылым-парыз: сен оқы, болса несін.  
Бұл екеуі баршадан артық деп біл,  
Сұраумен, сұранудан жүргін кашып.

Осымен қырық парыз болар тамам,  
Ораза, Мекке парыз ирө болма алан.  
Еркек болсын, үргашы,-баршамызға,  
Бала емес, жынды емес, ақылды адам.

## Жиырма екінші бап

### Бір жаратқан Алланың – сегіз сипат[ын] бірлан танымак

Бір Алла –серігі жоқ, жалғыз өзі,  
Оның жоқ ата-ана, үғлы-қызы.  
Тумайды, өзі ешкімнен туылмады,  
Осылай “Күл hya Алла”[244]-Құран сөзі

Ол Алла жасим[245] жауһар- ғариз[246] емес,  
Боларға басқа-басқа бөлектенбес.  
Алланы еш нәрсеге үқсатуға  
Еш нәрсе оған үқсап, жөні келмес!

Дүниеде еш нәрсе жоқ тенденс оған,  
Өзінің закымынан қаиум[247]тұрған.  
Болмайды мысал қылып еш нәрсеге  
Менземес еш нәрсеге жатқан, тұрған.

Өзі жалғыз, мұқтажсыз, мұңсыз Құдай,  
Барша мұқтаж өзіне болған оңай.  
Сипаты: ғызы емес, ғари да емес.  
Өзінің ретіменен болған солай.

Тіріклік бір сипаты- құдіретінің:  
Өзінің не тілесе, құдіретімен.  
Сіздердей тіріклігі жанмен емес,  
Бөлек тұр тіріклігі өз затының.

Ғылым тұр- бір сипаты, білмен анық  
Құдайға ешбір нәрсе емес танық.  
Тыкырын құмырсқаның тасқа басқан,  
Біледі құдіретімен соны танып.

Құдірет- бір сипаты- күші жетер,  
Нәрсенің қылам деген , бәрін етер.  
Сипаты, заты бірлан, қайым ирөр,  
Нәрсе жоқ оның күші келмей кетер.

Жасар дұр бір сипаты-көрмегі хак,  
Көрмегі көзбен емес, сен бұған бак.  
Өзінің көрмеклігі құдіретімен,  
Көмексі, жазымы жоқ- көрмегі нак.

Самиғ[248] дүр- бір сипаты –есітеді,  
Әркашан естүменен іс етеді.  
Құпия сөз естілмestей сыбырлаган,  
Ол құdірет құлағына тез жетеді.

Ради[249] –бір сипаты ол Алланың,  
Өзінің тілегені болады оның(аның).  
Бір тал шөп кимылдамас ретсіз(радасыз),  
Кеуденде, сен үгарсың, болса жаңын.

Әр істі қылам десе, қылады ол,  
Талмайды ешбір шаршап, құdіреті мол.  
Бір тікен бір жеріңе қадалғаны,  
Құдайдан ретсіз(радасыз) болмайды сол.

Тоулидин[250] дүр- бір сипаты- жаратпағы,  
Жан беріп, мақұлықтың қаратпағы.  
Бәріне ол жаңлардың ырзық беріп,  
Әркімді өз мүлкіне қаратпағы.

Макұлықта ырзық оның атын.  
Алланың ешкім биліп жетпес затын.  
Әркімнің- несібесі өз алдына  
Жаратқан осылай қылып мақұлықтын.

Сипаты сегіз болған: бірі -калам,  
Сөйлейді құdіретімен Алла тағалам.  
Сөйлеуі біздей тілмен, жакпен емес.  
Тіл, жакқа мұқтаж емес секілді адам.

Сөзінде әріп(харіб) пенен дауыс жоқ-ты,  
“Жалған”,-деп, Ҳақтың сөзін айтпа тіпті.  
Уа каллама Аллаhy Myса![251] -деп,  
Мұсага Тор тауында сөйлесіпті.

Сипаты азалы ( аз өлі) дүр тұрган қaiум,  
Өзінің затыменен болған дайым.  
Дөлелім бұған-“Далил Құл-hya-Алла”,  
Білерсін хат оқыған болсан молда.

...Екі сабиа(сылбия) сипаты – білгіл мұны,  
Файыбы шарикни нақ саннан пак дүр Алла.

Бар Қудай көкте де емес, жерде де емес.  
Мекенін бір Алланың ешкім билмес.  
Иаусыма(иа осы ма) аусы- төрт жақтан-пак дүр Алла,  
Мүминнің Алла деген көңілтінде емес.

## Жиырма үшінші бап

### Дақайық Ал- Ахбардан-адамның суреті

Иа,Раббы, тұл-жағыма бергіл жәрдем(жардам),  
Қылмағыл біз көріпті (ғарыпты) ғасылардан.  
Сөйлейін естігенге ғибрат үшін.  
Болатын өлтөн шакта әрбір халдан.

Жігітлер, ықыласпен мұны есіт,  
Халіміз өлер шақта болар нешік?!  
Азырак сол халдардан(халлардан) баян қылсам,  
Тәубеге келер ме екен денем шошып?!

Бір есімі пайғамбарым- Ахмад[252] (деді) [аты],  
-Жаратқан құрмет үшін барша жанды.  
-Ахмад есімі, сипатлы намаз қыл!-деп,  
Бұйырган құлдарына сол тағаты.

Тек тұрмак киялдағы мысал алып,  
Рукуғыныңша секілді пенде көріп(ғарып):  
Сәждедегі жатпағын - мысалы мим,  
Домалақ бас-аяғын, қылсан ғайып.

Отырыска “дәл” секілді отырмадын,  
Намаз қылсан, ғазаптан құтылғанын.  
Өлмей тұрып Құданың әмірін тұт,  
Қонақ дүр – дүниедегі бұл тұрганын.

Бір есімі- Мұхаммед дүр пайғамбарым,  
Құрметі үшін жаратқан барша жанын.  
Мұхаммед есімді суреті жаратылған,  
Фаһим[253] ғып карасаңыз барша тонін.

“Мим” секілді домалак бас формын,  
“Хой” секілді илген екі қолын.  
Құрсағың іші тесік- екінші “мим”.  
Аяғын “дәл” –ше қайкы, мұны көріп (көргін).

Жарадың пайғамбардың құрметінде,  
Тамұқтың пенде жанбас сол отына.  
Ғазап қылмак тілесе ғасы құлға,  
Доныздың айналдырар суретіне.

Әркім сол өз қылғанын өзі табар,  
Пендеge залым қылмас паруардігер.

## Жиырма төртінші бап

### Пенделер жарапып, жан бергені.

Дүниеге келмек болса пенде көріп(гарып),  
Тілесе жаратпакқа Жаббар халик.  
Адамның арқасынан мәни[254] сұзы  
Ананың құрсағына түссе барып.

Кіл бір періште жүрер оған,  
Дүниеге келетүгін болса адам.  
Жерінен сонда апарып жататүгін.  
Топырак қосып жаратар татпа бірлан.

Жерінен өлетүгін топырақ алып,  
Пенденің кіндігінен кірген Мәлік.  
Періште натпа біrlа(n) топыракты  
Ауыстырап құрсағында тәрбиелеп.

Жан салса, ол балаға Құдауанда,  
Ағзасы[255] көміл[256] болғаш тоқтар пенде.  
Дүниеде неше медет жүріп-жүріп,  
Сол жерге барып жатар ақырында.

Әркашан алмақ болса құлдың жанын,  
Фазірейл ол пендеге келер жақын.  
“Жанын сол аламын!”-деп, келген шакта  
Жан айтар Фазірейлге сонда тағын:

—Емес сен, танымаймын, Фазірейл!  
“Алғыл!”-деп, әмір қылса саған Жалил.  
Фаламат хактан алған белгін бар ма,  
Сенуге маған керек сенен дәлил!

Фазірейл айтар еken сонда оған:  
-Жарапан сенің атаң хазірет Адам.  
Іздесе сізден белгі Жаннат барғыл,  
“Рахман”[257] есімім жазылған бар дүр алмам!

Фазірейл сол уақытта Жаннат еніп,  
Алманы көргізеді алтып келип.  
Пендеге сол алманы ііскетсе,  
Жаны сол кетеді еken сонда еріп(iріп).

Көрсөтсө сізге біреу қияпты,  
Әуелі сәлемнама жазар хатты.  
“Конаққа ракым ет!”-деп, сізге айттар,  
Алланың сол алмасы қан сипатты.

Шақырап қызметкерін: “Мұнда келші!  
Бар-дагы пәленшеге хатты берші!”  
Ізгі пенде жанларын Алла алар,  
Фазірейіл-хат ап келген бізге елші.

Өлімге даярланса пенде ғазиз,  
Фазірейіл бүйрық бірлан оған барұр.  
Жаның сол қеудесіне алып келсе,  
“Тоқта!”-деп, сонда Алла қылтай әмір!

Жаны бұл бұғазына келсе жақын,  
Құдайым ракым қылар оған тағын:  
-Пенденменің жаның енді өзім алам,  
Топырағын алып келгін!- депті,-Хактын.

-Келмейді енді алуға сениң шаман,  
Тәніне жаның оның өзім салғам.  
Қалайша салғанымды блесің бе,  
Мұлкімді салған жерден өзім алам!

Сүйікті, жаның алар, пенденесінің,  
Жаныңыз қонақ ерүр пенденесінің.  
Періште сол Фазірейіл келген шакта  
Халдары нешик болар біз ғасының.

Айырылса сол қундерде тән бірлан жан,  
Шығарғыл ракым ойлап, шатлық бірлан.  
Фазірейіл алма өкелгей актан,  
Бізді ғып ізгі құлдар жұмыласынан.

## Жиырма бесінші бап

### Фазірейіл періште жан алғалы келгенде, жанның айтқаны.

Эрқашан пенденесіне жетсе ажал,  
“Барғыл!”-деп, Фазірейілге қылған(й) хабар.  
Құдайға ол сүйікілі пенде болса,  
Фазірейіл жұмсақлықпен оған барап.

Фазірейл сонда кеп:

-Ая, пенде!

“Жаныңды алтыл!”-дейші Құдауанда.

- [Жа]ныңды қай жеріннен тапсырасын?!

Құданың бүйрығымен келдім мұнда!

(Жан) айтар сол арада:

-Ай, Фазайл,

Жанымды қай жеріннен аласын?!-дер.

-Калима айт, қайтарымның уақыты жетті.

Жаныңды мен ағзанан атармын!-дер

Сөйлейді Фазазілге ағза(агыз) сонда:

-Құданы зікір қылым күндіз-түнде.

Құран оқып бір өзін (ұзын), жал қыламын,

Жол бермен, “жан алам!”-деп, келме мұнда!

Мұнан соң Фазірейл кетер кайтып,

Құдайға барып сөйлер гарыз айтып:

-Сүйікті пенден маган бой сұнбайды,

Аламын онын жанын енде қайтпі?!

Алла айттар:

-Жол бермесе, ағза саган,

“Колыңнан аламын!”-деп, айтқыл օған!

Егерде қол саган жол бермесе,

Басқа ағзаларына барып каран!

Фазірейл қайтып келіп ізгі құлға:

-Жаныңды бер,- деп айттар,- енді қолға!

Қол айттар:

- Садаканы көп бергенмін,

Малымды сарп қылғанмын жақсы жолға!

-Сипадым және тағы жетім жүзін,

Кәпірдің, дін жолында, мойнын ұздім.

Кітапты ертеді-кеш көп жазғанмын,

Жол бермен. “Жан алам!”-деп, баспа өзін.

Мұнан соң келеді екен екі аяқка,

Жігітлер, тағат қылғыт жалғыз Хакқа!

Аяқ айттар:

- Жол бермен саган!-дейді.

- Намаз үшін көп барғам мешіт жаққа!

Барғанмын ғылым іздең және ғылым!  
Меккеге тауап үшін тағы бардым.  
Фазірейіл, менен қайтіп жан аласың,  
Сұрадым ертелі-кеш ауру халін.

Сонан соң келеді екен екі көзге,  
Тағат қылсақ, ғазап жок өзімізге.  
-Құран оқып, ғылымның жүзін көрдім.  
Мен-дағы бермеспін-деген-сізге!

Мұнан соң: "Жан алам!" -деп, барған құлак,  
Сайраған жадын айтып тіл менен жақ:  
-Зікір мен естігенмін Құран сөзін,  
Мен-дағы жол бермеспін, жүр,-деп,-жырак!

Бар ағза осынын айтып, бермейді жан.  
Фазірейіл сол арада болар қайран.  
Перште жан алмай тұрган шакта,  
Құданың дарғаһынан келер пәрмен:

-Фазірейіл, қолыңа жаз "Бисмилланы",  
Қасына барған шакта көрсет, әні!  
Жазылған "Бисмилланың" құрметі үшін,  
Есендік( асанлық) бірлан шығар оның жаны!

Осындай әмір қылғашы Құдауанда,  
Фазірейіл жазып альп барған онда(анда).  
Апарып "Бисмилланы" көргізгенде,  
Сол жанын тәсілім қылған(й) ғазиз[258] пенде.

Фазірейіл жанын алар: "Бисмилламен",  
Бұл сөзді пенде болсан, қош тынла сен.  
Көп айтсаң, "Бисмилланы" бұл уақытта,  
Иншалла, кандай ғазап көрмессің сен!

## Жиырма алтыншы бап

### Жан шығарында тәнмен қоштасқаны

Әрқашан жақындаса құлға ажал,  
Жандарын келіш тартса перштегер.  
Жаны сол кеудесіне келген шакта  
Алладан: "Токтатқыл!" -деп, келген хабар.

-Тұра тұр, кешіктіріп, бірер сағат,  
Дем алып, есін жиып, көрсін ракат.  
Қатындары, баласы, көршілері  
Келіп сол, кешу алсын бар жамағат!

Жаны сол келер болса бұғазына,  
“Токтат!, -деп, -бірер сағат!” -қылғай нада!  
Ағзасы бір-біріне амандассын:  
“Уақыт жоқ үл тұратын енді мұнда!”

Тіл мен жақ арыздасар екі көзбен,  
Қол-аяқ амандасар екі тіземен:  
-Киямет ғарасатта[259] табысайық,  
Тіріклік дәурен кетті енді бізден!

Баспен амандасар екі құлақ:  
-Дүние еken: баяны жоқ, түбі шолак.  
Алланың бізге болсын рахматы,  
Көре алмай бір-біріміз кеттік жырак!

Сол уақыт шығар болса жаның тәннен,  
Қол, аяқ қозғалмайды, кетер дәрмен.  
Көз көрмес, құлақ естімес, тіл сөйлемес,  
Жалғыз-ак айырмасын сені иманнан!

Иманды үйренбесе тілін дайым,  
Көңілін кетсе, Алланы танымайын.  
Бола ма саған жолдас катын, бала,  
Қабірде нешік болар сенін жайын.

Ата-ана көрмейді еken, сені перзент,  
Қылмаса саған өзі Алла ракмет!  
Қамалдың өлік болған сен кайғыға,  
Бола ма бұдан үлкен саған касірет?!

Ағзамыз дағуаласар акыр демде:  
-Айырма иманымнан, Құдауанда!  
Бұл халді ғапшылдікпен ойтамаймыз,  
Ах үрар басқа келсе, әрбір пенле.

## Жиырма жетінші бап

### Шайтан(ның) өлер халде(гі) пендені аңдығаны

Хабарды айтты бізге имам Ағзам:  
“Сакта,-деп, көп айтыңыз,- Құдауандам!”  
Пендені өлер халде тұрар екен:  
“Иманын аламын!”-деп, Лағын шайтан.

Тақалса жан тәсілімге пенде пақыр,  
Бек шөлдеп жүректен кетті ақыл.  
Сол уақытта иманнан үміт етіп,  
Қасына келеді екен шайтан жақын.

“Таптым,-деп, жетіп келер,- саған парсат(парасат),  
Дүниеде азғырып ем неше қабат”.  
Адамның келеді екен бас жағына  
Қолына бір шишамен сулар ұстап.

Шишиасын қолындағы қозғалтады,  
Ол пенде суға мұқтаж боп жатады.  
“Пәленше, су керек пе, ішесіз бе?”  
-деп, шайтан ол пендеге сөз қатады.

Ол кәріп (ғаріп) жатады екен қатты шөлдеп,  
Кезеріп еріндері, мұрны терлеп.  
Ол пенде кім екенін танымайды,  
Шайтаннын сұрайды екен.” Суың бер!”-деп.

-Айта ғой: “Құдай жок!” -деп, су берейін,  
Құткарып бұл мұқтаждан жіберейін!  
“Болмаса:- “Файса- Құдай баласын-де,-  
- Соныңнан сенің айтқан мен ерейін!”

Бұл сөзді ізге пенде көрмес қабыл,  
Бастан шығып, аяққа тағы барап.  
-Айта ғой: “Пайғамбарды жалғаныш!”-деп,  
Шөлдесен, су берейін, тілімді алғыл!

Тыңдамас ізгі пенде оның сөзін,  
Жақтырмай, теріс қарап, кетер жүзін.  
Шайтанның алдағанын сонда біліп,  
Иманын айтып жатар, жұмып көзін.

Ібіліс сол арада болар нәумез,  
Шайтанның уасуасы[260] әсер етпес.  
Құдая, әр пендеге таупық беріп,  
Шайтанның тұзағынан сакта әр кез!

Иманы саһил[261] болса әр пенденін ,  
Айтқызар барлық сөзді шайтан лағын.  
“Алғияр балла”, - бұл дүниеден,  
Көрдің бе кәпір қылыш қайтпайын.

Сұрапты бір кісі кеп имамлардан,  
Бұл сөзге жауап берген имам Ағзам:  
-Кайу күнәхи себепті алдар екен,  
Иманың ол пенденін түріп шайтан.

Иманның кетпегінде үш себеп бар,  
Білмейді ғаппілдікпен сол пенделер.  
Иман аһтына[262] болғанға қылса шүкір,  
Және де өлімді керек қылмас олар(алар).

Үшінші- қорықласа кісі ақысынан,  
Иманың ол пенденін шайтан алар.  
Құдайдан иманыңды жүргіл сұрап:  
“Кісінің ақысынан қыл, - деп,-жырак!”

Дүниеге ғаппілдікпен алданбағыл,  
Пендесің: астың -тар қабір, халің харап[263].

## Жиырма сегізінші бап

### Фықия Мансұрдан рауаят

Хабарды айтты бізге Фықия Мансұр:  
-Өлімге жақындаста, пенде маҳрұп.  
Дүниеден өтер пенде уақыттыңда,  
Халдері ол марқұмның беске болінер.

Қолында Фазіреттің кетер рух,  
Тәнінді асар екен қабірде күрт.  
Қалады бар сүйегін топыракта,  
Көреді сондай күнді пенде мұндық.

Осындаи болады екен өліктө хал,  
Артында мирасларға қалады мал.

Дүниеден ғапілдікпен өтемісін,  
Барғанда борыш ісі алар ағымал[264].

Көнесін, хактың әмірі жаңынды алса,  
Етінді күрт асасын пәни нәрсе.  
Бар қылса жоқтан сені, киын емес,  
Топыракта сол таралып сүйек қалса.

Арман жок: қатын-бала алсын малды,  
Бір қатын Құран оқып ашыр жаны.  
Дүниеде ғапілдікпен өтемесе,  
Күнәйың борыш алсын ағымалды.

Үміт қып иманындан келсе шайтан,  
“Орын жок бұл малғұнға не?”-деп айтам.  
Әлгінің бесеуіне көніп едін,  
Күнәйың бұттан қайтіп бізді қайдан?!

Көндірме ол Лагынға, патша Құдай,  
Бердірме иманымды оған онай!  
Алтының бірін бізге һиба қылғыл,  
Бұл жұмыс Құдіретке лайық па-ай?!

Жіберме, иншалла, шайтанынды,  
Несіп ет иманымды қайтарымды.  
Шайтанның бұл жұмысы- бізге зорлық,  
Жалынып саған айтам айтарымды!

## Жиырма тоғызыншы бап

### Әбу Зәкәрияның рауаяты

Бір захит[265] өткен Әбу Зәкәрия,  
Кімді алдап өткізбейді осы дүние?!

Жастыққа бір күн ауырып басын қойды,  
Өлімге табылар ма ешбір хайла?!

Қасында көп жиылған мұридлері[266],  
Өлімге жақынлағаш оның(аның) халі.  
Калима-“Шаһадатты”, -айтты бәрі:  
-Айтқыл!-деп, ол Захитке баршалары.

Айтпады теріс қарап үшал(асыл) Захит,  
Достары жалынса да қасына кеп.  
Қорыкты сонда тұрып баршалары:  
-Захиттің халі нешік, иа, Раббы?!-деп.

Бір заман Зәһит сонда көзін ашты,  
Достары қасына кеп жауаптасты:  
-Иа, таксыр, не себептен айтпадыңыз?!  
Біз сізге: “Айтқыл,-дедік-Шаһадатты!”

Кеттініз екі айтканда теріс қарап,  
“Айтпан!”-деп, үшіншіде бердін жауап.  
“Әулие жұртқа басшы, шапағатшы  
Болды ма,- деп қорыктық,- халі ҳарап(кәріп).

Зәһит айтты:

-Қасыма келді шайтан,  
Қолында шишиаменен су ұстаган:  
-Ай, зәһит, су керек пе, ішесіз бе?  
Мен айттым:

-Ішемін, су бер- деп,- маған!

-Берейін керек су, мойныңды бүр!  
Исаны ол Құдайдың үглы деп бы!  
Есітіп бұ қөзін жактырмадым,  
Айналып теріс қарап кеткенім сол!

Тағы да аяғыма келіп түрді:  
-Су іш!-деп, маған қарап ұсындырды.  
-Ішейін, не айтасын?-дедім оған,  
Сөздерін: “Құдай жок!”- деп, ұғындырды.

Мен айттым:

-Көп сөйлемей, кет,-деп,-кейін!  
Карыссын, малғұн шайтан, тіл мен жағын!  
“Сөзінді мен айтпаймын!”-дегеннен сон,  
Сіздер(сізлер) қорыктың сол жерде мағам тағын.

Айтпадым сол арада шайтан сөзін,  
Ұрыссып малғұнменен жатқан кезім.  
-Тілімді алмайсын!-деп, менен кашып,  
Сынлырды бөтелкесін, ұрып өзін.

Жібердім, ұрсып, сөгіп шайтан итті  
Болмаса, неге айтпайын Шаһадатты?!

“Лә иләһа, илла Алла, Мұхаммед расул Алла!”-деп,  
Сол жанын Зәһит хакқа тәсілім етті.

Жігіттер(жігітлер), гибрат алып тында (тыңла) мұны,  
Қалайша айналдырған әулиені?!

Зәһитке қарағанда, біздер кімбіз,  
Жалғыз-ақ ұмытпалық бір Алланы!

## Отзынышы бап

### Жан тәсілім болғанда, көктен үш мәртебе дауыс болғай!

Пенденін шыкса егер тәннен жаны,  
Есітер көк тарапынан үш наданы.  
-Дүниені не себептен қалдырыңыз,  
Яки сол қалдыры ма дүние сені?

Болдындар қайсынан қайсын көп,  
Қайсынды қайсын кеттің бүктеме ғып?!  
Дүние мен екеуіннің қайсын өлдің?!  
Дүние кеткен жоқ па сені өлтіріп??

Әрқашан ол пендені алса суға,  
Періште үш мәртебе қылғай қауға!  
-Дүниеде бір кісідей көшелі едің,  
Не ғып сен түсіп қалдың жұлмалауға?

Бұл күнде қайда сенің күш-көмегін?  
Бөгеліп не себепті сөйлемедің?  
Жатырсың бұл қорлыққа не ғып шыдап,  
Сұраймын не себепті сен қорықтың?

Кебінгे салса сені сол уақытта,  
Періште айтып тұrap бастарында:  
-Үйінен енді шықсан, еш қайтпайсың,  
Азықсыз кетің қалдың ұзак жакқа.

Кіресің қарангы үйге мұнан шығып,  
Ол үйдің, ғасы болсан, қатері көп.  
Табытқа сол апарып салған шақта,  
Періште үш мәртебе тағы айтар кеп:

-Тілеп тәубе қылсан күнәлардан(күнәһілардан),  
Алланың өмірін тұттай болсаң надан...

Алланың жолдас қылсан ирадасын[267],  
Көрерсіз алдыңызда(н) жарылқасын!  
Алланың ғалиб[268] келсөн ашуына,  
Көрерсіз күнәңыздың нәтижесін.

Сол жерде оқыр болса жаназасын,  
Періште тағы айтар үш надасын.  
Көп сұрап ізгі болсаң, болар саған,  
Тартарсыз күнәңыздың сол жазасын.

Әр не қылсан, қыларсың өз басына,  
Қабірдің алып келсе жағасына.  
Перштеге үш мөртебе айттар екен  
Адамның опат болған баласына:

-Бұл орын, сіз білсөніз, қараңғы орын.  
Қылып па ең мұның үшін амал(ғамал) бұрын?  
Байлықтан келіп түстің мұқтаждыққа,  
Қараңғы бұл орынға бар ма нұрын?!

Пендені салса егер тар лакатка,  
Перштеге нада қылар сол уақытта:  
-Жүруші ең дүниеде күліп-ойнап,  
Жылап сен келіп тұрсың қасіретке!

Жер айттар:

-Жүруші едің бек сүйініп,  
Қарныма келіп тұрсың бек күйініп!  
Жүруші ең тіршіліктегі шешен болып,  
Қарныма келіп тұрсың тылсіз болып!

Иа, пендең, не себепті(себеплі) жалғыз калдың?  
Зольма (залама) тастап кетті көміл халқын.  
Бір Алла сол уақытта қылған ракым,  
“Калдым,-деп,-енді жалғыз!”-болмағамкін.  
...Аллаға тәпсірде –кітап айттып кетті:  
Көмгендеге сені келіп барша халқын.

Тапсырдым пайғамбардың милләтіна,  
Үәсөл бол енді пендең рахматыма.  
Мен boldым атаңыздан шапағатлы,  
Жарылқадым пайғамбарым құрметінде.

Тапсырган пайғамбардың аманатын,  
Тидірмен енді саған мен-апатым!  
Киянат қылмак затыма лайық емес,  
Құранда “Хафіз[269] иорп”- менің атым.



## Отыз бірінші бап

### Күнінде барып жататын жеріміз бес мәртебе дауыс бергей!

Қышқырап жаннаттағы саган қабір,  
Күнінде бес мәртебе –осыны бил:

-Үйінмін: жалғыз келшіп жататұғын,  
Оқып Құранменен сен нұрландыр!

Үйінмін: болатұғын қарандырып,  
Намазды көп оқысан, болам жарық!

Үйінмін: төсегіңіз тас-топырақ,  
Істесен(естісен) душар болар ағымал Салих[270].

Үйінмін: толып жатқан жылан, шаян,  
Көп айтқыл: “Бисмилла, гали Аллам”.

Хактан коркып, ағызсан қөзіңнен жас,  
Иншаалла, ешқайсысынан келмес зиян!

Үйінмін: сұраушың-мен, көп беріңіз,  
Айтқыл зікір, тасбиқ және таһлил[271].

Бойын тарт жаман сөзден ғапіл адам,  
Файбат, өсек себепті ғазап қабір!

Құдая, қабірімді қылғыл жарық,  
Пенденін: ғасы болған- мен бір көріп (таріп).

Бұл күнде жаксы ғамал біздерде жок,  
Ғасылықлен інайтан Лагын болған ғалиб.

## Отыз екінші бап

### Өлім халінен Файша анамыз илан Пайғамбардың бақас (бахис) қылғаны

Сөйлейін бір рауаят Файшадан,  
Сөзіме, сауап табар, құлақ салған.  
Сол сұрап, насиҳатты білмек үшін,  
Таласып бахс[272] қылған пайғамбармен.

Файша отыр екен тағат қылып,  
Келіпті тақсыр Расул тыстан кіріп.  
Әрқашан пайғамбарым келген шақта,  
Орнынан тұрады екен құрмет қылып.

Пайғамбар Файшага:

-Отыр!-дейді,

-Тізене жастық салшы, үйкым келді.

Жастықка басын салып тақсыр Расул,

Сол жатып іналқасынан ұйыктайды енді.

Пайғамбар шалқасынан қалды ұйықтап,

Сол басын Файшаның тізіне (тізесіне) сап.

Файша сақалына көзі түсіп,

Түклерін сол ағарған көрді санап.

Он тоғыз ағарыпты сақалдары,

Файша мұны көріп, қылды зары:

“Пайғамбар өтер болса дүниеден,

Үмбеті нешік болар енді халі?!”

Отырды үмбет үшін көп қамығып:

“Қалмай ма Расул кетсе, үмбет зар ғып?”

Мұбарак[273] көзден аккан тамшылары,

Жүзіне пайғамбардың кетті (тиіп) тамып.

Расулді көздің жасы сол оятты,

Пайғамбар көзін ашып Файшага айтты:

-Көрдіңіз осы жерде не оқиға,

Сұраймын, сырынды айтши, кім жылатты?!

Файша айтты:

-Алланың пайғамбары,

Өлімнің хабары - түк ағармағы.

“Сіз өтсен(із), пайғамбарсыз үмбет қалып,

Нешік болар халі?!”-деп, қылдым зары.

Пайғамбар Файшага жауап сөйлер:

-Жандарын үмбетімнің тәнірім алар!

Пайғамбарсыз қалу мұқтаж емес,

Мұнан да қатты қайғы халдер көрер.

Сұрайды:

-Қаю хал?- деп, пайғамбардан,

-Сұрамак сізден сұннет, қыл,-деп,-баян!

Айтыпты:

-Өзін айт, - деп, - пайғамбарым,

Үмбетке болатұғын қатты халдан!

Файша айтты:

- Үйден алып шығарғанда,  
Шуылдап катын, бала аһ ұрганда,  
Өлікке мұнан ауыр хал болмас?! - деп,  
Айтыпты пайғамбарға Файша сонда.

- Мәйіттің осы халі тіптен киын,  
Мал-мұлқін, катын-бала, тастап үйін.  
Иттеніп жиған дүние артта қалар,  
Біреуге кияр ма еді жалғыз тыны?

Мәйітке бұ да үлкен ғаламат-ты!  
Пайғамбар Файшага тағы да айтты:  
- Бұл кінәң болса маған тағы сейле,  
Мәйітке басқа хал бар мұнан қатты.

Айтады тағы бір сөз сонда Файша:  
- Ол хал қатты хал ғой бибің Айша.  
Өлікті тар қабірге жалғыз тастап,  
Ағайын, жан достары үйге кайтса!

Мәйіттің жалғыз өзі қалар көрде,  
Ешкім жоқ жауаптасып(жауагласып) сөйлесуте.  
Амалы(ғамалы) ол сорлының бар ма, жоқ па,  
Ап кетті ол бейшара нені бірге?!

Сөйледі Файшага ол пайғамбар:  
- Өлікке бұл хал болмас тәуір!  
Мұнан басқа айтарың бар ма сенін?  
Халдер бар сен білмейтін мұнан да ауыр.

Файша айтты:

- Өзің айтшы, пайғамбарым!  
Білгенім қадари[274] хал осы менін(мәнім).  
“Мәйітке мұнан қатты хал бар!” - дейсіз,  
Келе ме таласуға сізбен халім?!

Файшага айтты сонда Хақ пайғамбар:  
- Дүниеден қайтушы дүр келген жандар.  
Мінеки, мұнан ауыр жұмыс болмас-  
Фасылар:

- Жуамын! - деп, кірген халдар(халлар),

Фасылар:

- Жуамын! - деп, жақын барса,  
Көйлегін үстіндегі жыртып алса.

Жаны шошып, фариад[275] қылады екен,  
Тактайга жалаңаштап тәнін салса!

Есітер перште мақұлық бүл надасын,  
Тұған соң не көрмейді ғариб басың?!  
Адам бірін ғапыл боп, істемейді,  
Құдайым ракым қылсын әр пендесін!

-Фасылар мен ғарибке қылғыл ракым!  
Кейітпей, көйлегімді жыртқыл ақырын!  
Зәрінен (зарынан) газірейіл тәнім мақұрым,  
Мен қатты қын көрдім, жан ашығын!

Су құйса, айтады екен тағы тұрып:  
- Иа, Фасыл, сұынды құйма маған сұық!  
Сұыңыз қатты ыстық боп журмесін,  
Жанымның сұынан тәнім мажрух [276]

Бага сал тағы мені, жума қатты!  
Тірлікте емес пе еді жаным тәтті?!

Тәнімнің осы күні бәрі зағип,  
Сіздер де боласыз ғой мен сипатты!

Тағы да айтады екен болса жуып(жұуап),  
Кебінге салар болса жіпсіз буып,  
Иа, Фасыл, бас жағымды байламашы,  
Балам мен катындарым көрсін келіп.

Көрейін мен де оларды: мұнда келсін.  
Ақырғы көруім ғой, енді білсін.  
Кияметте көрмесем, қайда көрем,  
Сол менен гибрат алып, көңлі сұысын!

Эркашан үйден және шықса алып,  
Қауымга айтады екен сонда налып:  
-Катын-бала, жұрттыма арыздастып,  
Асылтырма, кетейін амандастып.

Айтайын, жамағаттар(жамағаттар), сөзім тыңда!  
Иесіз катын-бала қалды мұнда!  
Жетім бала, жесірді жылатпаңыз,  
Айырды баршасынан мені Құда.

Апарып салар болса сол табытқа,  
Жылған айтар екен көп халыққа:  
-Дүниеге алданушы болмаңыздар,  
“Мені” айырып бара жатыр “мен” мұштыққа.

Қатын-бала, ағайын, жамағатым,  
Дұғадан тастай көрме мені, халқым!  
Иттеніп түк шығармай жиган дүние,  
Білмеймін: нешік болар менің артым?!

Қатын-бала, артымда, қалды малым,  
Қабірде нешік болар енді халім?!  
Бар күнәсі (күнәһысы) менімен бара жатыр,  
Тартам ғой харам шубха[277] мен обалын!

Әркашан оқыр болса жаназасын,  
Қышқырып айтар еken сол надасын:  
- Ырықсыз кетіп барам ұзақ жолға,  
Бір Алла алдымыздан жарылқасын!

Сіздерді(сізларны) қайтып келіп, енді көрмен!  
Алланың әміріне не дұр дәрмен!  
“Жер бауыры сұық”, -деген сөз бар еді,  
Жос-жардан қайыр-дұға өтінемін!

Қабірдің алып келсе жағасына,  
Өліктін тағы қара наласына:  
- Қаранғы, тар қабірге алып келіп,  
Қам-қайғы тапсырылар арасына.

Ай, халқым, мені ұмытпай , қылғыл дұға!  
Пендемді ғасы болған көр(күт) дұр күнә!  
Әркашан дұғаныздан тастамаңыз,  
Дұғаға мұқтаж қылды мені Құда.

Әрқашан салар болса тар лақатқа,  
Қышқырып айтады еken жақын-жатқа:  
- Опасыз мына жалған менен өтті,  
Мен қалдым ақырында жаман атқа!

Жиган мал сізде қалды, ырысларым (өрістерім),  
Өтеніз мені аясан, -борыштарым!  
“Әрқашан дұғаныздан тастама !”-деп,  
Артына айтып кетер барлық зарын.

Аға, інің кетеді еken осыны айтып,  
Көшірсін иманменен сені байытып.  
“Өлі тілін тірі алмас” - деген сөз бар,  
Келе ме өлген адам тірі қайтып?!

Осылай бізге айткан пайғамбарым:  
-Өліктер айтады-деп,- барлық зарын.  
“Өлген өлді, тіріге мал керек”,-деп,  
Артында талап алар барлық малын.

Көргенің жетім-жесір- бәрі зорлық,  
Жұмысы казакия,- бәрі үрлыш.  
“Аға өлсе, женге(ге) мұра”,-деген сөз бар,  
Қатынын бас салып алар, қылыш зорлық.

Өліктің катыны мен малын алып,  
Бір жаманға косады дүрі салып.  
Зорлығына ол катын көнбесе егер,  
Еріктен (іргеден) шыгарады ұрып-согып.

Шарғат бұйырады маһар[278] мирас,  
Марқұммен болған жоқ па аз күн жолдас?  
Мұндай жұмыс қылмайды дін-мұсылман,  
Жетім-жесір жылтапкан қазак онбас!

Ұзатқан қызға тимес бізден мирас,  
Боламыз “мирас”-деген молдамен кас.  
Құранда Алла тағала коскан жок па,  
Кәпір болар, Құранға сол иланбас.

Бүйірган тағы мирас катындарға,  
Бұл сөзді тыңдайтын (тыңтайтын) кісі бар ма ?!  
Катын-қызға мирасты бермек түгті.  
Күн секілді сатамыз, әні, малға.

Сол мінез мұсылманға болар теріс,  
Толып жатыр казакта жаман жұмыс.  
Үл (ұғыл) бала болғанда, кыз да бала,  
Сонымыз шаригатта емес дұрыс.

Кыз алар бізден мирас ұзатылған,  
Тілесе кайда барсын бол мұсылтман.  
“Шыққан кыз шейіттен тыскары”, - деп айтылар.  
Бермейді оған мирас қазақ надан.

Сол күнде қазақ та жоқ неке (нікам), талак.  
Халалың харамғып жұр өзі қазақ.  
.....  
Катының бас сап жатар бара сала-ақ.

Ісінің бәрі теріс, казагым-ай,  
Хылап сарғи тартарсын ғазабын-ай!  
Мирасы неке, талақ өдеть болмаған соң,  
Қалып жүрміз ноғай мен сарт мазағына-ай!

Иманы бұл қазактың имам тақлид,[279]  
Шарифат ісін қылмай, қылып тахқик[280].  
Көңілімен шын ықтиқат болмаған соң,  
Өлгендеге иман кетер шайтанға еріп,

Өлім бар деп, еш қазак қылмас қауіп,  
Жұмысы- ұрлық, зорлық, жала жауып.  
Бұл мінез басқа дінде еш болмайды,  
Алды екен бұл мінезді қайдан тауып?!

Толып жатыр қазакта талай рәсім,  
Ұрлық, зорлық, калдырмас, барымтасын.  
Қайдагы ел жақсысы ұры сүйер,  
Тыйылып харам істен тартпас басын.

Қазактың қалмас болды осы өнері,  
Жеп қояр әлі(ұлы) жеткен бірін-бірі.  
Болмаса патшамыздың ғаділдігі,  
Нашарды жұлмас еді болып тірі.

Бұрыннан келе жатқан ескі заны,  
Көп шығар арасында мұсылманы.  
Сөйтсе де тастамайды бар қылышты.  
Бар ма, айтшы, ақыретті ойлағаны?!

Қазактың арғы заты- болған бағы,  
Хауариж[281] тұрады екен Сырдан өрі.  
Жиылған одан-бұдан қашқын екен,  
Шаһарға естыледі бұл хабары.

Бас тартқан хауариж боп патшадан,  
Көнбекен шарифатқа бәрі надан.  
Ұрлық, зорлық, құл сатқан қылды қесіп,  
Кәсібі келе жатқан неше атадан.

Бұхардың кісі салды сонда ханы,  
Кірмеді ынтымакқа болмас мәні.  
“Ханы жоқ, уағдасыз ел екен”, - деп,  
“Анткор айданыз, - деп, - шұбырманы”.

Жіберді батырларды бері қуып,  
Тұл алмай қалғаннан соң көңіл сүзып.  
Бұл күнде алты миллион казақ болды,  
Көбейген біреуінен бірі туып.

Батырлар аттаныска барған екен,  
Қалмақты олжа қылып алған екен.  
Сол қыздар мұнда келіп бала тапкан,  
Ана боп бөлек заттан қалған екен.

.....

.....

...Байлары біргін-біргін өлгенинде,  
Өз мирасын үрретті, тәнірі аткан.

Байы өлсе, шашын жайып, бетін жыртар,  
Дауыс қып, кара киіп, кірін тартар,  
“Ат қойып келиндер! -деп, -өлігіне!” -  
Үйретті бұл пиғылды жаһил мұндар.

Үйретті күйеуіне тәжімдерді,  
Келінге: “Сәлем ет!” -деп, бағындырыды.  
Келін мен күйеуге май құйдырып,  
“От ана, жарылқа!” -деп, табындырыды.

Үйреткен келініне кесір кемпір,  
Байы жоқ қой дейтін, жесір кемпір.  
Осындаі жамандықка басыны болып,  
Кетеді отқа құйип есіл кемпір.

Бұл жұмыс мәжусиден [282] болған әдет,  
Мәжуси шабады екен өлгенинде ат.  
Мәз болып өлгеннене(н) күтылғанға,  
Куанып ат шаптырап біздін қазак.

Және кара казақтың наданына,  
Құлақ салмас Алланың қаламына.  
Ас бермесе: “Атаусыз тастайды”, -деп,  
Бадынтан қылар кейікті адамына.

Ас бергенде, қылмаса табагын ток,  
Аяқ-табақ киратар, көбейтер шок.  
Өлігі мен тірісін қабат боктап,  
“Тойғызбаса, неге елді шакырды?!” -деп.

Еш қалмай келе жатыр осы өдет,  
Болыпты бүл жұмысқа кемпір себеп.  
Ат шаппақ шарифатта дұрыс болса,  
Қылмай ма бүл жұмысты ногай мен сарт?!

Дұрыс емес шарифатқа бармаңыз бір,  
Мәжуси бізге үйреткен дінсіз кәпір.  
Жазасын берер Алла ол жауыздың  
Ай, мумин, шарифатқа қылғыл пікір.

Қазактың сол уақытта бәрі надан,  
Құба қалмақ өтіпті талай заман,  
Ол кемпірдің айтқанын ұстап қалды,  
Ісі жоқ намаз бенен оразадан.

Тағы жоқ сол уақытта қожа, молда,  
Салатын, әне, тыйып жақсы жолға.  
Медіресе арасында сол көбейіп,  
Енді азайып келеді жылдан жылға.

Мумин болсан, істегіл шарифатты,  
Біздерге парыз емес Адам салты.  
Осындай бар пиғылды тастау керек,  
Әр жұртқа мазақ болмай қазақ халқы.

Куаттап алып жүрсе әркім дінін,  
Жаһилдік қалар еді әрбір форым.  
Қажылар партияға басшы болды,  
Шошимыз қажылардың көріп түрін.

Дінін күтіп тұрмайды төрбиелеп,  
Келісімен ел бұзып, партиялап.  
Белине солделерін таңып алып,  
Бір жағынан қалмайды сол қиялап.

Қажылар, партиядан жүргіл жырақ,  
Меккеге барып келдің иман сұрап.  
Баяғы қаз қалпына қайта түсіп,  
Күнәның одан-бұдан басын құрап.

Кеттіңіз қажылықты тәуфік-(медет) қылып  
Жойдының бар сауапты біле тұрып.  
Тұқ білмес мұжықтарға атаман боп,  
Тахтына [283] химия ғылыми кеттің кіріп.

Сөзімді қажы еш етсе, калар кектеп,  
Қажы бар ма партияға жүрген шеттеп?!  
Меккеніз сізге айтып жіберді ме:  
“Бар-дағы партияға қойып кет!”-деп.

Ойлаған қажы бар ма бір Құдайды?!  
Өткізер партиямен күн мен айды.  
Меккеге иман сұрап барып келіш,  
Қажылар, бұл мінезің жарамайды.

Қажының, міне, қара шаласына,  
Дін-парызы- мұсылманның баласына!  
Меккеде несиен қажы бола ала ма,  
Жүргенмен Маруа, Сафа арасында.

Таксырлар тауып алды бұл мінезді,  
Келсімен: “Сен кімдік?”-деп, елді бұзды.  
Көрініп өз еліне жеккөрініш,  
Қажылар, бұл мінезбен елді бұзды.

Надан сол: халал, харам айырмастар,  
Қажылығын партияға айырбастар.  
Барғанмен сол мұсылман бола ма екен,  
Меккеге талай баар қызыл бастар!

Дұрыс па партияға мал боп жүру.  
Мінезі осы күнде ел бүлдіру.  
(Сөзіне) әркім онай не қылғанмен,  
Киын гой қажылықты үстап түру.

Қажылар, мұны қой да, дінінді күт,  
Кірмейді құлагына айткан үтіт.  
Жүрініз қажылықтың жолыменен ,  
Қой-дағы партияның, баланды оқыт!

Дау кулың, қажылықты қойдың- дағы,  
Саянты елге бердің, жойдың-дағы.  
(Алдымен) Мекке бардың асабамен,  
Құтылмай кісі ақысынан мойныңдағы.

Қажылар бұл күнде жүр көп сарсанда,  
Екі үйдің бірі қажы бұл карсанда.  
Өтемей кісі ақысын құтылмайсың,  
Меккеге жаяу жылан, жүз барсан да.

Меккенің, келдің қажы, дәмін таткан,  
Ақша жидың, өлімге малың саткан.  
Жолда ішкен азық үшін төбелескен,  
Қажы бар әрбір елде тәнірі аткан.

Қажеке-ау, зайахорға[284] жұмақ қайда?  
Бір қойды сатасың екі қойға.  
“Меккеге бармақ парыз болсын!” -деген,  
Қайыр, зекет бермеген халал малға.

Өсімнен жинаған мал емес халал,  
Кияметте жанына үлкен залал.  
Харам малды қалтанда салып алып,  
Меккеге тауап үшін бару обал!

Әуелі бұған ақшан болсын таза,  
Әркімнің ақысын бер, қымай наза.  
Мал, ақшаны [өсіммен] саткан адам  
Кияметте тартар дүр үлкен жаза.

Қажылар, бұл сөзімді жақсы тында,  
“Айттың,-деп, жазушыны айыптама!  
“Өсімменен мал жинаған харам”-деп,  
Пайғамбар айтқан бізге хадисінде.

Қажы-парыз: күші жеткен малы барға,  
Қажы-парыз: зекет берілген халал малға!  
“Қажы барып, парыздан құтылам”, - деп,  
Әздерің кіріп кеттің қандай жайға?!

## Отыз үшінші бап

### Әбу Халабадан рауаят

Хикаят қалды Әбу Халабадан,  
Сейлеген халін білмей мен бір надан.  
Күндерде бір күн жатып түс көріпті,  
Түсінде хабар білді Мақабирдан[285]

Бір үлкен көрстанда сейіл қыпты,  
Әр қабір құдіретімен жарылыпты.  
Өліктер көрден тіріліп отырганын,  
Халаба тамашағып, кайран қыпты.

Қолында әр өлкәтің нұрдан табақ,  
Отырған әркайсысы болумен шат  
Қасына бір досының жетіп келсе,  
Бейшара табагы жоқ, қылған қасірет.

Халаба ол мәйіттің сұрады халың:  
-Табагың нұрдан болған қайда, жаным?!

Олік бөрі жиылып, шат болғанда,  
Отырсың нұрдан мақұрым, айтшы жайын?

Ол досы жауап берді Халабаға:  
-Отырмын нұрдан мақұрым мен бейшара!  
Нұрдан табақ тартылған өлтөндердин  
Артынла балалары қылған дүға!

Сол себепті табакқа ие болған,  
Артында бала(лары) дүға қылған.  
Садака, құран оқыған сауаптары  
Нұр болып, табагына даяр болған.

Бұл күнде еш табақ жоқ мен көріпте (ғарифта),  
Мениң бір ақымак балам қалған артта.  
Мен үшін қылған оның сауабы жоқ,  
Сол себепті отырмын қасіретте!-

Деп айтып Халабаға төкті жасын:  
-Ешкімнен болмады , -деп, -жарылқасын!  
Жылаған сол мәйіттің дауысыменен  
Халаба төсегінен жұлды басын.

Халаба шошып тұрды үйкысынан,  
Басын езіп(изеп) жылайды тұрысымен.  
Бар көрген, баласына, окиғасын  
Сөйлепті сол Халаба көрісімен.

Баласы естіген соң қылды тәубе,  
Бір жанын(жасын) атасы үшін қылды пида.  
Бұрынғы осалдықтың бәрін тастап,  
Садака-қайыр қылды атасына.

Халаба бір күн жатып түс көріпті,  
Түсінде барлық көрлер жарылыпты.  
Баяғы досы сонда шат болумен,  
Түсінде Халабаға жолығыпты.

Досын көрсө шат болып көрден түрган,  
Оң колында табак бар: бәрі-нұрдан.  
Бұрынғы халдерінің ешбірі жок,-  
Күтүлған досы ғам кайғыдан.

Оқыды Халабаға қанша рахмет:  
-Мен бұрын көріп едім көп мекнат!  
Күтүлдым әр ғазаптан, себебіңмен,  
Басымды әр қайғыдан қылдың азат.

Баламды азғын болған, жолға салдың!  
Мекнатта көріп мені үйге бардың.  
Дүние, ақырет мақсатын хасыл қылып,  
Жаннатка рахул (да хол) қылсын піру бардың!-

-Деп, сонда разы болған Халабаға,  
Түсінде әлгі досы қылып дұға.  
Әркімнен ізгі бала артта қалсын,  
Кім баки түрар дейсің бұл дуниеде?!

Жоктағыл өлікті дүгаменен,  
Дүғаны үнатауды әркім сенен.  
Құдайым қабыл қылса садақаны,  
Нұрдан табақ болады тұрса көрден.

## Отыз төртінші бап

### Өлім халінде болған пенденің халі

Басына түсетүғын акырзаман,  
Дүниеде өлмей тұрып болар саған.  
Тәнінчен ғазиз жаның шықтай тұрып,  
Көзіне көрсетеді Алла тағалан!

Қиналып жан шығарға жакындаса,  
Кезеріп еріндерің, көзің талса.  
Қысылып, мандағынан жан тер ағып,  
Демалыс барған сайын қаттыланса!

---

Жазғушы перштегелер саған кашып,  
Ібіліс иманынан үміт қылар.

Сол шақта көріп пенде болса халсыз,  
Тастарсың мал-мұлқінді сен амалсыз.  
Иманнан басқа нәрсе керек емес,  
Иманды аңдып сонда шайтан арсыз.

Ең алғаш басқа түскен бұл киямет,  
Аузыңа Құдай салсың, біл Шаһадат!  
Бар малға қатын-бала ие болар,  
Сен тартсан бар обалын- үлкен қасірет!

Болатын кияметте акыр заман,  
Ұғып ал, мен айтайын оны саған.  
Дүниеде борышқор боп өліп кетсөн,  
Жабысадар жағанызға даугтер адам.

Бұл күнде борыш иесі сұрап ҳақын:  
-Жанында малың бар ма құтылатын?!  
Бар қылған сауабыңа жармасады,  
Дүниеде жаман іске болма жақын.

Тенгерген казы болып жараткан Ҳак,  
Сенде жоқ; таласарға- кимылдар шак!  
Мықтылық дүниедегі онда болмас,  
Жемеглі кісі ҳақын, жоламай бак!

Бар қылған жақсылығын Алла-даугер!  
“Қындық басқа түскен-осы!” – деп біл.  
Болар ма бұдан үлкен саған қасірет,  
Запаны саған айттар: “Тамүккә кір!”

Сол күннің, мен айтайын, сол һайбатын,  
Түсіреп іште(н) бала жүкті қатын.  
Тұрады барша халық мас, кайран боп,  
Ешкімде шама болмас: “Қылма!” -дейтін.

Келмейді сөз айтуға ешкім халі,  
Болады жас жігіттер ақ сақалды.  
Перште адамзатты қойشا бөлер,  
Жөнелер мүмин адам жұмакқа, әні!

Тамүккә айдар тағы бір парасын,  
Мұнафика[286] ғасы болған жан баласын.  
Өзінің қылмысы үшін ғазап тартып,  
Көреді жаһаннамда сол жазасын!

## Отыз бесінші бап

### Сұлеймен ғалайссалам мәселесі дүр

Бұрынғы пайғамбарлар заманында,  
Дүниеден қайтар шакта мүмин пенде.  
Фазірейл көрінумен келеді екен,  
Өзінді сондай жүріп... анда.

Бұл күнде келмес саған еш көрініп,  
Құдалан жүргемгіне еш әмір жок.  
Пайғамбар құрметі үшін көрінбейді,  
“Көрінсе, шошыр,-деген,-пенде корқып”.

Фазірейл келді бір күн Сұлейменге,  
Билеген жердің жүзін патша-ханға.  
Перште пайғамбармен сұхбаттасып,  
Отырған мәжіліс қылып бір орында.

Қасында Сұлейменнің бір қызметкер,  
Қызметінде болған екен бірнеше жыл.  
Жігітке бір Алланың тағдырымен,  
Найбатпен бакты оған Фазірейл.

Шошиды перштенің қарауынан:  
“Бір айып(ғайып) тапты ма - деп, - жарамаған?  
Қарауы бұл кісінің тегін емес,  
Қадалды не себепті сонша маган?!”

Қарайды сонша маган көз айырмай,  
Хақысы бұл кісінің менде бардай!”  
Артынан Фазірейлдің кеткеннен сон,  
Сұрайды Сұлейменнен тағат қылмай:

-Кім еді қонағының әлгі келген?!

Шошиды сол кісіден қорқып денем!  
Қалтырап он екі ағзам бара жатыр,  
Кісі емес өзім туып әр кез көрген!

-Білсеніз, перште дүр, ол-қонағым,  
Маган кеп жеткізуші Хақ қәләмін.  
Әншейін көрмек үшін қараган да,  
Корықта, зияны жок, бекер, жаным!

Сол жерде жігіт айтты:

-Ай, пайғамбар!

Қарауы ол кісінің емес тәуір.

Жаксы, жаман болсам да, сонда болам,

Жеткізгі Шынмашынға мені қазір!

Мен бітсем, перішде-дур, жан алушы,

Ойлаймын: маған таяу тағдыр ісі.

Пайғамбар, енді менен бакыл болғыл,

Құр босқа неге келсін, менде- жұмысы.

Сол жігіт Сүлейменмен амандасты,

Екеуі сол арада көп жыласты.

Пайғамбар: “Кетпе!” -десе, ешбір болмай,

Қарата Шынмашынға қадам басты.

Сүлеймен әмір қылды желдеріне:

-Жеткіз,-деп, - бір сағатта жерлеріне!

Топырагы бейшараның сонан шығар,

Кешікпей барып жетсін елдеріне!

Жөнелді желге мініп жігіт көріп,

Ішінде бір сағаттың жетті барып.

Үш айшылық жол екен екі арасы,

Білсеніз: Шынмашын мен Кудус Шаріп.

Айналып Фазірейл және келді,

Сүлеймен пайғамбарға сәлем берді.

Жігітке һайбат илан қарғанын,

Сүлеймен Фазірейлден сұрайды енди:

-Жігітке сонша неге кеттің қараң?!

Бар ма акын алатын сонан сұрап?

Еліне сенен қорқып, қайтып кетті,

Фазірейл, қарауында не дүр себеп?!

Фазірейл пайғамбарға қылған баян:

-“Жаның ал!” -деп бүйірган Қадір Маулаи[287],

“Шынмашында барып ал!” -деген елі,

Қасыннан көрдім сениң, қалдым қайран.

Қасыннан көрген сағат қалдым кетпі,

Құдайға жалындым, арыз етпі...

Құдайым ол пендеге қылмас ракмет,  
Періште айтар екен оған лағынет.  
Хисабы қатты болар ол пенденің,  
Тәубесіз өтіп кетсе ол адамзат.

Бір пенде бұл дүниеден болса апат,  
Дауыс қып, қатын-бала қылса фариад.  
Фазірейіл есігіне жетіп келші,  
Оларға айтар екен көп лағынет!

Мен оған қылған жоқтын ешбір залым,  
Әмірсіз кеміткен жоқ ғұмырын оның(аның).  
Әр заман мамур[288] болған пенделерге,  
Бір Алла, тағдыр илан, жазған өлім.

Бір Құдай өлім беріп, қылған қаһар,  
Көнбесен тағдыр іске, кәпірсіздер.  
“Куллу мин ғалайha”[289], - деген Алла,  
Өлімге сіз бен бізге уағдасы бар.

Сыйынып Расул, Фазірейіл бір Аллаға,  
Алланың тағдырына не дұр шара?!

Фазірейіл-бір Алланың қызметкери,  
Бұйрықсыз бір Құдайдан келмес және.

## Отыз алтыншы бап

### Әбулайыстан рауаят

Бізге айтқан Әбулайыс сабырлықты,  
Өлікке дауыс қылмак, сол-харам-ды.  
Зарар жоқ сол акырын жыламақта,  
Сабырға сарап табар жақсы пенде!

Пайғамбар айтты бізге нахи[290] харам:  
-“Дауысты жылаймын!”-деп, отыrsa адам,  
Айтқышы, тындағышы,- баршасына  
Алланың лағынеті болар һәман![291]

Хұсайын өткеннен соң, бин Фали,  
Жоқтапты бір жылғаша қатын, әні!  
Қабірін сол күзетіп отырғанда,  
Естілті көк тараптан бұл наданы:  
-Ай, қатын, табылды ма жоғалғанын?

Тұтып ең бір жылғаша қайғы зарын!-  
Тағы да көк тараңтан ауаз[292]келді:  
-Күнаһи дүр бұл қылғаның үйіне қайтың!

Расулдің бір баласы-Ибраһим,  
Жылапты өлгенінде пайғамбарым.  
Сахаба Фабдурахыман Абынғауып  
Сұрапты пайғамбарым жылағанын:

-Тыюшы ең, таксыр, бізді жыламақтан,  
Өзіңіз жыладыңыз не себептен?-  
Сұраушы сахабага сонда айтты:  
-Мен тыйғам нухе[293]қылтып жыламақтан!

Құдайға карсылық сөз айтпай, жыла,  
Болады карсылығың өлім-күнә!  
Рақымсыз қатты көңл, о да жаман,  
Аз жыласан, өлікке сауап бұ да!

Өлікке жыламақтан абзал сабыр,  
Сабыр қылса, пендем сауап табар.  
“Иннөмә аиубус сабирун әжрахум бахир хисаб[294],  
Сансызы сауап берем!” -деп айткан Жалил.

Сабырды айтты бізге хазірет Фали,  
Қайғыға сабыр қылса болар уәли

.....

.....

Үш жұз сауап тиеді, сабыр қылса,  
Алты жұз сауап табар нәпсі тыйса!  
Тоғыз жұз болар акыр іс сауап табар,  
Кім де кім өлігіне жыламаса!

## Отыз жетінші бал

### Өлер халде періштелер келгені

Пендесі назғы[295] халге тақалғанда,  
Тағзыиммен төрт періште барғай онда (анда)  
Пендеге сөлем беріп бірі айтады:  
-Муәккал[296]періште едім тамағына!

Іздел, Мағриб, Машриққа келдім тамам,  
Бір лукма[297] таба алмадым тіпті саған!

Ойлаймын: "Ырзығыңыз бітті ғой!" - деп,  
Болмаса табар едім бір кесім нан.

Перште кетеді екен осыны айтып,  
Екінші бір перште келер қайтып:  
-Муәккал перште едім шарабына, -  
О дағы тұрады екен бір сөз айтып:

- Бір ішім су таппадым саған іздең,  
Күншығыс, күнбатыстың бәрін көздең.  
Ойладым: "Ажалыңыз жеткен ғой!" - деп, -  
Перште кетеді екен мұны сөйлең.

Үшінші жетіп келер, Мәлік таяп:  
-Мен жүрген перште едім демің санап.  
"Дем алыс қанша бұган қалды екен?" - деп,  
Таба алмай Машрик, Мағриб-келдім қарап.

Дем алыс таба алмадым саған түгел,  
Ойладым: "Жеткен екен енді ажад!" -  
Төртінші бір перште келіп айттар:  
-Ғұмырыңа перште едім мен муәккал!

Күншығыс, күнбатыстың кездім бәрін,  
"Бар ма, - деп, - саған ғұмыр?" - араладым.  
Ойладым: "Сенің ғұмырың біткен екен!"  
Бір сағат саған ғұмыр таба алмадым.

Төртеуі бұл сөзді айтып кетер екен,  
Болған сон пенде көріп, не етер екен?  
Караман, Катпан-перштегер  
Ол- дағы ол пендеңе жетер екен.

Пендеңе жетіп келер екі мәлік,  
Колында күнә(күнәһи), сауап алған жазып.  
Оң жақтың перштесі ұсынады:  
-Қара! - деп, ақ қағазды келер алып.

-Қараның бұл жазылған қағазына,  
Қылдыңыз көп сауапты қаншама! -  
Ол пенде оны(аны) көріп, бес шаттанар:  
Ораза, қажы, зекет, намазына!

Сол жақтың перштесі тағы тұрып,  
Бір кара қағаз берген сол ұсынып:  
-Бар қылған күнәларың осы тұрган! -  
Ол пенде қатты терлер, жаман қорқып.

Карауга үялады күнәсінан,  
Істеген канша күнә сол жасынан.  
Бар қылған күнә(сы), сауап,-сол істерін  
Көрсетіп кетер екен сонда оған.

Осылай сол алғауы жұмыс қылар,  
-Барғыт!-деп, әмір қылғаш паруардігер.  
-Біз енді ісімізден босандық!-деп,  
Фазірейітте барып айттар перштегелер.

Сонда келер Фазірейіл:  
-Жан алам!-деп,

Жанында перштегелер сол екі тек.  
Рахматтың перштесі он жағында,  
Отырап ғазаптқі сол жаққа кеп.

Ол пенде болса егер ізгілерден,  
Алады оның жанын шаттық бірлан.  
Рахматының перштесіне алып берген:  
-Кейітпей, сактанаңыз,-деп,- зәрулерден!

Мұнан соң перштегелер жанды үшал[298]  
Холта орап, жаннат сарайына алдып баар.  
Құдага сәжде қылыш, орнын көріп,  
Өз үйіне енді кайтып бір оралар.

Үйнің ортасына алдып келип,  
Перште тағым етіп, салем қылыш.  
Кім жылап, кім күйніп отырганын  
Және сол тұраты екен сонын көріп

Осылай тұрады екен сениң жанын,  
Артынан тағы еріп жаназаның.  
Қабірге ғонің бірлан бірге еніп,  
Саудалын беріп кетер перштеген.

Сонан соң алға жанды перштегелер.  
Еалыми РАЗЫККА алдып баар.  
Киямет қайымғаша мекен етіп,  
Ракатта сол сипатты тұрар олар(анлар).

Егер де пенде болса, гасы жаны,  
Жанларын(жантарын) ғазап бірлан тартар жатты.  
Бір тартыш, бір жіберіп һайбат бірлан,  
Корсетіп осал (үшал) жаңға мекнапты.

Жандарын жауыз құлдың қинап тартар,  
Ағашқа екі кісі ара тартар.  
Басқа бір тұрып, аяққа бір тұрып келіп:  
-Бір-бірімен алам!-деп, сонда айттар.  
  
Озінің әр не қылса, еркінде екен.  
Қозғалмай неше жылдай тұрган бекем.  
Қозғалар имансыздың сонда жаны,  
-Айырылmas сулы жүннен коһры(күр)- деген.

Мын түрлі, жанын алар, қинауменен,  
Құнға маҳрүр болса, жинауменен.  
Осындай ғазаптарда(ғазапларда) жаны қалар,  
Нәпсісін харам істен тыймауменен.

Фазаптың періштесі иеленер,  
Қолында періштенің ғазал көрер.  
Қашаннан болған тонға, оны орап,  
Жоғары енді көкке алыш жүрер.

Жолыққан әрбір нәрсе қылар лағынет,  
Дүниеде жауыз болса ол адамзат.  
Дүниенің сол көгіне барған шақта,  
Ашылмас оған есік, қылса фариад.

- Кайтар, - деп-қабіріне қылған нада,  
Осылайша әмір қылған Жаббар құда.  
Періште жер жүзіне алыш келіп,  
Токтатар періштенің сауалына.

Әрқашан ол пендені қойса көрге,  
Періште сауал үшін қірген бірге!  
Пенден: “Ла адри”-деп жауап келген,  
Періште: “Ман рәббик”-деп, келген жерде.

Пендені сонда ұрған күрзі бірлан,  
Сол уақытта жұда болар тән бірлан жан.  
Есітер ұшал(осал) зарын барша мақұлық,  
Фапіллікпен есітпес онысы(анысы) мен жын.

Пендені сол уақытта қабір қысар,  
Қабірге бір-бірімен араласар.  
Мұнан соң қабір іші отқа толған,  
Халдары ол пенденің болып нашар.

Қабірде орнын көрген жаһаннамнан,  
Азаптар(ғазаплар) зил[299] болмас әр кез онан.  
Кудая, ондай күнді көрсетпегіл,  
Үміткер рахматыннан әрбір пенден.

Лажанға[300] онын жанын алып кетер,  
Тұбінде жеті тозақ зар енірер.  
Ол халде жұмаққа кіру киын,  
Алдында толып жатыр талай катер.

“Көппен көрген ұлы той”, - деген жанбыз,  
Көре ме ғазап, ракат пенде жалғыз?!

Бұл күнде дүние қойған кісі бар ма,  
Әйтеуір рахматыннан үміткерміз.

Қабірде періштенің сауалы хак,  
Сауапты болсан, сайрап тл мен жак.  
Күнәлү болсан сонда, халің харап,  
Күн бұрын құтылатын хайласын тап.

Қабірде не көрмейді бұл кәріп(farīd) бас,  
Құданың әмірін тұтсан болдың халас.  
“Сауалды жан бере ме, яки дене?” -  
Хақында кәп имамлар қылған талас.

Бағзысы айтар: “Қабірге жанды әкеліп,  
Салады денесіне алып келіп.  
Бұрынғы қалыбында отырғызып,  
Перште сұрайды еken сонда тұрып”.

Бағзы имам айтады: “Сұрап жаңнан,  
Дүниеде өлген кәпір, мұсылманнан.  
Сасық дене қабірде жатар шіріп,  
Ешкайсын Қабыл, Мұнқір болып қалман (қалмайсын).

Бағзысы айтар: “Жан кірер кеудесіне,  
Перште коймайды еken енбесіне.  
Бексе жағын жатады жансыз болып,  
Шаман жоқ сен сауалды бермесіңе.”

“Жан кіреді екі араға кебінменен,  
Сен жатасын дәл өлген қалпынменен.  
Жан келгенін сол уақытта денен сезер,  
Сөйлеген әртүрлі сөз паркыменен!”

“Жан менен жауап берер тән қысылып,  
Кұнаһарлар калады сонда тосылып.  
Ғазап, ракат көрсө де, сонда тұрар,  
Дүниеде жүрген бірдей қызық көріп.”

Осылай имамлардың бізге нақылы(тақылы),  
Иманнан басқа пендениң жоқ жақыны.  
Қай раусылы пендеден жауап алар,  
Адамзаттың жетпейді бұған ғақылы.

Жігіттер, баршамызға өлмеклік хак,  
Осы еken білген жанға кимылдар шақ.  
“Қабір ғазап- жанға ма, төнгө ме?”-деп,  
Хақында тағы имамлар қылған жауап.

Кәпірге ғазап қабір болар дауам,  
Көретін мұнафиқтан бағзы адам.  
“Жан көреді ғазап!”-деп, тағы айтады,  
“Қабір ғазап”-көбінесе көретін төн.

Фазапты мұнафикатың көруі хак,  
Бұлардың құтыллатын хайласын тап.  
Өсек, ғайбат себепті- қабір ғазап,  
Сідіктен үсті-басың қылмасаң пак.

Қабірдің көрмен десен ғазаптарын,  
Мойныңа төрт нәрсені қылғыл лазым.  
Таспиқ ет, құран оқы, садақа бер,  
Бес уақыт қалдырмағыл намазларын.

Деп айтқан: “Ол-дым, қабір-ішік!  
Жан біткен улап өлер сонан ішіп.  
Шарап ішіп, есікке кірген шакта,  
Халдері біз ғасының[301] болар нешік?!

## Отыз сегізінші бап

### Зұман періштенің сұрауы

Үшбу сөз Дакайыктың(Дакайыкның) хикаясы,  
Келеді коркытумен сөздің басы.  
Мұнқірінізден басқа сұраушы періште бар,  
Кітаптың айтса бар ғой әрадасы.

Ең әуел сұрайды екен бізді Зұман,  
Лінер қармағына дүние қутан.  
-Күнөһи, сауап-дүниеде не қылдың?!-деп,  
-Жазып маған көрсет!-деп, салар думан.

Қылсаныз: құллық, тағат бұл дүниеде,  
Өлсен, иман табарсын ол дүниеде.  
Пайғамбар төрт жарменен жамғи Асхаб[302],  
Бір күні отыр екен Мәдинада.

Сыйлаган Фабдолла, Асхаб пайғамбарын:  
-Ойласам акыретті көңіл жарым.  
Таксыр, сізден сұрайтын жауабым бар,  
Сіздей ғып жаратқан жоқ жанның бәрін.

-Фабдолла Исламұғлы, сөйле!-дейді,  
-Бар болса ұмытканың ойла!-дейші.  
-Менен сұрап білмегің-саған- сұннет,  
Сұрамай, сен үялып қалма!-дейді.  
-Сөзім көп, сұрай берсем, пайғамбарым,  
Мен коркып тар қабірден, көnlім жарым.  
Перште Мұнқір, Нәнқір жауап сұрап,  
Перште сұрап ма екен онан бұрын?

Пайғамбар Фабдоллаға жауап сөйлер:  
-Халдерін(халларын) өлген жанның тәңірім бұлтер.  
Жеті адым көмгөн адам кеткеннен сон,  
Жаныңды төніне апарып қайта (салар) [ енгізер].

Сол шакта козін ашып пеңде көріп,  
Зұман атлы бір періште тұрар келіп.  
Зұманның өне бойы күн секілді,  
Қасында ол адамның жарқ-жүрқ(стер) етіп.

Зұман айтар:  
-Сен келдің мұнда не ғып?

Дүниеде жүруші едің малың бағып.  
Дүние жидың, Құдайға тағат қылмай,  
Қаншасын бір Құдайға келдің алыш?!

Сол адам жауап таптай жаман коркар,  
Қасында еш адам жоқ, жалғыз жатар.  
-Күнөһи, сауап- дүниеде не іс қылдың?  
Баршасын бір қағазға жаз!-деп айтар.

- Өлген соң, мұндай кәріп болдың халде,  
Боларсың хат жазушы жетік молда.

- Дәуіт, сия, қағазым, қаламым жок,  
Қайдан тауып жазайын?! - деген сонда.

- Дәуіт қылып жаз, - дейді, - көмекейді!  
Сия қылып(ғып) жаз, - дейді, - сілекейді!  
Кебін-қағаз, саусағың қалам болар,  
Жылдамырақ жазғыл да, бергіл!-дейді.

Кебіннен берерге бір кесіп алар,  
Қылған сауап ісін жазып болар.  
Келгендे күнәлы еске бөгеледі,  
Ұялып күнәлы ісін жазбай тұрап.

Зұман айттар:

- Ұялдың менен неге?  
Құдайдан, сірә, қорықпай қылдың күнә!  
Көбірек құлдық, тағат қылсаң не етті,  
Дүниеде тұрмасынды білмедің бе?!

Күнәһың көрсет маған, жылдам жазып,  
Не ұрып күрзіменен қылтам ғазап.  
Күрзісін көрсетеді қолындағы,  
Бұл онай, мұнан ауыр бар дүр тозак.

Сол уақытта күнәсын пенде жазар,  
Жалтактап жан-жағына қылар назар.  
Руза мен намазға махкам[303] адам  
Барғанда акыретке сонда озар.

Ұялып күнәлы ісін пенде жазар:

- Болды! - деп, Зұманға айттар хабар.

Зұман айттар:

- Myhp[304] бас, ай, адамзат,  
Сонырагы күн танбасқа белгі болар!

- Басарға енді менін мұһрім(мөрім) жок,  
Дүниеден акыретке келдім өліп.

Зұман айттар:

- Тырнақ бас бүл қағазға,  
Тырнақ бассан, түседі мұһр (мөр) болып.

Тырнағын сол қағазға басар адам,  
Жігіттер(жігітлер), тағат қылмай, болма надан!  
Жүзік мөрден әдемі болып түсер,  
Жазылып: пәлен үғлы пәлен адам.

Мұхр(мөр) басып, жазып болар ойлап-ойлап,  
Не қылған сауап ісін, - бәрін сөйлеп.  
Киямет-қайым болғанда, бірге баар,  
Сол қағазын мойнына кетер байлап.

Мұнан соң келеді екен Мұнқір, Нәнқір,  
Пенде болсан, осыны қылғыл пікір.  
Сұрайды Алла бірлан пайғамбарды,  
Шын ерлер осыны ойлап, жабдығын жер.

Мұны ойласан, коясын ұлкенінді,  
Білмейсің ғапылдікпен(ғапыллікпен) жүргенінді.  
Жігіттер, өлмей тұрып, қылғыл тәубе,  
Осындай халдері(халлар) бар дүр өлгенинді.

Пендеge жетін келер бас тараптан,  
Ойласан сол күндерді, ерте сактан!  
Алдынан намазлары(намазлары) карсы шығып:  
Деп айттар:

-Келдініз,-деп,-не себептен?

Білсенің:сұраушымыз- Мұнқір, Нәнқір,  
Бар Құдай: “Жауап сұра!”-деп, қылған әмір.  
Намазы сонда айттар перштеге:  
-Орын жоқ сен сұрауға мұнда қазір!

Мұнан соң екі Мәлік кірген көрге,  
Иа,Раббым, бергіз жауап мұминлерге.  
Бірі-Мұнқір, бірінің аты-Нәнқір,  
Айтып тілім келмейді пәлен дерге.

Көзі көк перштенің, түсі кара,  
Аузынан отты(отлы) жалын шыгар және.  
Фасыдан бұл сипатпен жауап сұрап,  
Пенденді залал(зілал) қылма Хак-тағала!

Көздері(көзлары) жасында( иашында) боп жалтыраган,  
Дауысы күн секілді арқырағын.  
Жер тіреп екі ернімен келген шакта,  
Күнәкар(күнәһкар) жауап таптай, қалтыраган.

Откіздің күндіз, кешін намаз оқып,  
Бүйрігын шаригаттың еске токып.  
Парызын ала қылған мойынлағы,  
Қабірдің сауалынан катты коркып.

Намазы жол бермейді сол заманда,  
Намазды қаза қылма, айа, пенде!  
Мұнан шығып аяққа келер екен,  
Перште: Мұнқір, Нәнқір тұрып анда(онда).

Аяқ айтар:

- Көп жүрдім ғылым ізден,  
Мешітке жаяу бардым сауап көзден.  
Бес уақытта жамағаттан қалған жоқлын,  
Ішінде көп отырдым зікір сөйлеп.

Жол бермес сөзді (сөзіні) айтып бұл аяғы,  
Он қолға мұнан шығып, барғай тағы.  
Оң жақтан садақасы қарсы тұрып,  
Келтірмес перштені сол баяғы.

Көп бергіл садақаны, айа, пенде,  
Өлшеп берген садақа бар дүр санда.  
Аз нәрсеге саңдық қыламын деп,  
Перштеге үятты(үятты) болма анда.

Жол бермес перштеге садақасы,  
Хақын жеп кәріппердін(ғаріппердін), болмағасы.  
Сол қолға мұнан шығып келген шақта,  
Алдынан қарсы келер оразасы:

- Мен енді жол беремін, саған не деп?  
Дүниеге ыстық күнде жүрдім шөлден.  
Қабірдің газабы үшін руза болдым,  
Қарның аш, өнім қашып, қатты жүдеп.

Көп тұтқыл оразаны болмай ғапіл,  
Бұл жұмыс басыңызға келгей ақыр.  
Намаз, руза(ораза) қабірде қорған екен,  
Фамалдан ғапіл жүріп, болма пакыр.

Пендесі бұл дауыспен көзін ашар,  
Перште сұрай алмай тұрган нашар.  
- Сіздер кім, не себептен келдіңіз? - деп,  
Пенде өзі перштемен жауаптасар.

- Білсөніз: перштеміз: Мұнқір, Нәнқір,  
Бар Құдай: "Сауал ал!" - деп, қылған өмір.  
Рұқсат болса, аламыз сізден сауал,  
Болмаса кетемізлер! - деген ақыр.

- Перште , келген болсан, әмір бірлан,  
Үмбеттін Мұхаммедке, Ҳаққа- пендем(пендеңін).  
Мазнағым имам Ағзам ізгу милләт,  
Білсөніз: Ҳақтан(хақ дін) ирөр, дінім-ислам.

Сол пенде: “Әшһаду Алла!”[305] - деп, берген куәлік,  
Иманның жайын айтар сонда барлық.  
- Осы ғой келген жұмысың, перштелер,  
Бар ма ақын енді сенің менде аларлық?!

Ҳақтан ол уақытта нада келген:  
- Сүйікті(сүйіклі), рас айтар, пендең! - деген.  
Жаннаттан қабіріне есік ашылын,  
Сонан соң қабіріне нұр [дендеген].

Қабірі кеңіп кетер көзі көрім,  
Үстіне холла[306] киген неше форым(форма).  
Астында сары атлас төсегі бар,  
Жұмақтан(ұжмақтан) жатып көрген сонда орнын.

Бір жігіт он жағынан болған пайда,  
Киімі онды, тусі сондай майда.  
Сөзі бар бек ләззатлы, хош иіслі,  
Пенде тұрып:

- Барасыз-деген,-қайда?

Келдініз қасымызға не себептен?  
Дүниеде сіздей жігіт көрмедім мен.  
Ол жігіт көк (Хақ) тараапынан жауап келген:  
- Дүниеде (ізгү) ізгі қылған ғамалың - мен!

Мен келдім қуантуга, сүйіншіге,  
Тұрамын кетпей сізбен бірге.  
Қалмасын көнлінде еш қайғы ғам!  
- Деп бірге жолдас болғай сонда көрде.

Бір өзиң ракым ойла, фазылың бірлан,  
Жарылқа әр мүминді Қудауандам.  
Жатады жана үйленген жігіттей болп,  
Көңілінде еш қайғы ғам қалмагай һөм.

Қабірі ол пенденің толған нұрға,  
Құдайым ракым қылып ұшал құлға.  
Болғаның қияметтің білмей қалып,  
Үйкысы қанбағандай тұрар зорға.

Бізді қыл- үшбу құлдар жұмласынан,  
Жұмактың орын бергіл құпрасынан.  
Хақында Хабибінің ғафу айлап,  
Кояр гыт: “Зұмрасынан![307]”

## Отыз тоғызыншы бап

### Мұхаммед ғалайссаламның хадисі- өлгенде, жан тәнгे барғаны

Кітаптан зікір қылған ғұламалар,  
Қабіріне баар екен өлген жандар.  
Үшбу сөзім- пайғамбарым хадисі дұр,  
Бұл сөзді құлакка сап, анғарындар.

Әрқашан тәнінчен шыкса жанын,  
Құдага үш күннен соң айтар халин:  
-Құдая, рұқсат бар ма баруыма,  
Қабірде көрсем екен барып тәнім.

Бар Құдай баруына берген рұқсат,  
Сол заман қабіріне барған аруақ.  
Алыстан көз жіберсе денесіне,  
Таратған бір-бірінен барша сүйек.

Көр болған екі көзі шамшырактай,  
Айырылған- түден тағы екі жақты-ай!  
Саудырап басқа-басқа болып жатыр,  
Тізілген отыз тісі меруерттей!

Үсіген алмадай бол екі беті,  
Жидіген баста шашы, сақал-мұрты.  
Қол-аяқ жел құлатқан ағаштай бол,  
Суалып торсықтай екі үрты.

Караса тынасынан сары су аккан,  
Аузынан шығып жатыр қыл-қызыл кан.  
Жан байғұс (бұл) сипатты көргеннен соң,  
Көп жылап, фариад қытар үзак заман.

- Халин ҳарап болыпты міскін[308] тәнім,  
Бұзылып кеткен екен адам сәнін!  
Тіршілік, нұр сипатты сәнін қайда?!

Шошилы түрін көріл -ғазиз жанын.

Қаранғы кабір болған сенін орнын,  
Сасыған өлексесін- мына формын.  
Фам кайғы, тар қабірде жатып қапсын,  
Дариға, амал нешік, өткен құнін!

Жатырсың тар қабірде болып бекем,  
Көрмегім менін келіп бекер екен.  
Жатырсың бұл мұхнатта не ғып шыдалап?!  
Қадалса шыдамаушы ең, жалғыз тікен!-

Тұніліп кетеді екен осыны айтып,  
Шыдасын бұл корлыққа енді қайтіп?  
Болғанда бесінші күн рұқсат алып,  
Тағы да шыдамастан келер кайтып.

Қараса тағы келіп денесіне,  
Қараған-шыдар емес бейнесіне.  
Аһ ұрып, зар-зар жылап сол уақытта,  
Өкініл:

-Келдім,-дейді,-мен несіне?!

Қан акқан аузы- мұрны, құлағынан,  
Жыбырлап құрт жеп жатыр бір жағынан.  
Тұніліп сонда жаны шошып кетер:  
-Пендересін айырмасын иманынан!

Жұруші ең, кайран тәнім, гүл-гүл жайнап,  
Ұмытып бұл халінді күліп-ойнап.  
Мен кеткен сон болыпты халің харап,  
Құрттарға жем болыпты сорын қайнап.

Сонда жан бұл сөзді айтып , кашып кетер,  
Тұбіне барша жанның өлім жетер.  
Болғанда жетінші күн: “Бір барсам!”-деп  
Құдайға ғарыз халін мағлұм етер.

Жан сонда келер екен рұқсат алып,  
Денесін сол қабірде көрген барып.  
Шыдамай сол алыстан ісіне,  
Бұл сөзді айтады екен сонда налып:

-Қайран, тән, болып түстін мұндай халге,  
Денене құрт-құмырска болған пайда.  
Бір маса шакқанашина шыдамаушы ең,  
Қыласың енді нешік бұған хайла!

Қаранғы тар кабірде көрдің мекнэт,  
Дүниеде жолдас едің қанша сағат?!

Ісіне бір Құданың амал бар ма,  
Қасіретке салдың мені неше қабат?

Жан сонда денесінен үзген үтіт,  
Жиылып, жеп жатқан соң қабірде күрт.  
Қатын-бала, ағайын көңілінен  
Өлгөн соң кәріп басың болар үмыт.

Көршініз, жолдасыңыз, құрдасыңыз,  
Бірге ескен, көрмес сізді, достасыңыз.  
Қылмаса ғапу, ракым пендесіне  
Қабірде не көрмейді бір басыңыз?!

Тұңіліп, қош айтысып сонда жаны,  
Сезеді бұл айтқанды жатқан төні.  
Мұнан соң қайтп өнді бармайды екен,  
Құданың болмаған соң еш пәрмені.

Мұнан соң бармайды екен денесіне,  
Шара жок Алла ісіне көнбесіңе!  
Иманын әр пендениң жолдас етсін,  
Тұған соң, амалын жок көрмесіңе!

Қабірдің бәрі-қайғы, бәрі-мехнат,  
Бір Құдай пендесіне қылсын раҳмат!  
Алланың бүйрүғын ада қылсан,  
Иншалла, ғазабыннан басың азат!

## Қырқыншы бап

**Әбуһарирадан айтылған : жан һәм өлімнің рауаяты**

Айтылған бір рауаят Әбуһарирадан  
Әрқашан пенде өтсе бұ дүниеден.  
Үшнің айналасын төңректеп,  
Бір айдай жүреді екен бұл газиз жан.

Қалайша қатын-бала болар халі,  
Қалайша тақсым қылар қалған малды?!

Борышымды мойнымдағы кімдер өтер,  
Тұыскан ашыр ма екен маған жаны?!

Мұнан соң ұшал жанды періштелер,  
Қабіріне бір айдан соң алып баар.  
Садака бер, құран оқыт өлгениңе  
Жетім-жесір малына қылма зарап.

Онан соң қабірінің айналасын,  
Күзетер бір жылғаша оның (аның) басын:  
“Кім дұға қылар екен мен байғұска,  
Бар достан, бола ма, - деп, - жарылқасын?!”

Әрқашан болса тамам оған бір жыл,  
Сорына Исрафилдың барып кірер.  
Кіямет кайымғаша сонда тұrap,  
Келмейді енді қайтып, осыны ғіл!

Сөйлеген тағы бір сөз ибн Фаббас:  
-Байлаулы сөз айттылmas, бәрі талас.  
Кылдырып жұмға ғайдың құнларінде  
Үйіне аруак келер аиұhan-нас[309].

Қылады әрқайсыңнан дұға үміт,  
Ескерш өлігіңе құран оқыт.  
Дұғаннан қуанар бек шаттанып,  
Ойламасан, кетеді наумыз болып.

Жоктасан дұғаменен бірер сағат,  
Озіңе айттар екен қанша ракмет.  
Мактанып қасындағы аруакка  
Қабіріне қайтар екен болумен шат.

Жоктамасан, кетеді екен қайтып келмей,  
Деп әйтеуір:

-Адам едік біз де сендей!

Сізді де балаларың жоктамасын,  
Дүниеде тұра алмассын бір күн өлмей!

Бұл халдер келер бір күн басыңызға,  
Бар дүниен өріп бармас қасыңызға.  
Сіз-дағы боласыз ғой біздей мұқтаж,  
Өлім сіздің карамас жасыңызға!-

Тағы да бір рауаят айтты періштелер:  
“Ол жаның дүние көгіне алып баар.  
Құранменен жоктаушы бола ма?”- деп,  
Үйінің тұрасында тоқтатарлар.

Сөл күндерде оқысан сен құранды,  
Сауабымен нұрланар өлік жаны.  
Алып кепілге перште рахмат оқыр,  
Сен-дағы өлесің ғой, ойла, әні!

Мейрамның келер дейді күндерінде,  
Ардактар әркайсысы үйлеріне.  
Қатын мен баласына жылап айттар:  
-Мені сен алмадың-деп,-ойларына!

Қаранғы тар қабірде біздер қалдық,  
Құрттар жеп тәнімізді, көрдік зорлық.  
Жақсы амал істеуден мақұрым қалып,  
Фапіл боп біз дүниеге көп алдандық.

## Қырық бірінші бап

### Олімнің хикаясы

Жаратқан тағат үшін мақұлықатын,  
“Білсін-деп, - бір өзінін пак, - деп, - затын!”  
“Куллу нафси заиқатул маут”[310] - құран сөзі,  
Олімнің баяндайын мен сипатын.

Рауаят қалды бізге пайғамбардан,  
Олімнен әр кез қалмас жараптан жан.  
Пайғамбар айтқан екен асхабына,  
Олімнің бар сипатын қылыш баян:

Олімді ұлық қылыш Ҳак жаратқан,  
Үлкен дүр жер, көктен де, жеті қаттан  
Жетпіс мың арқанымен байлап койып,  
Жасырды мың пердемен мақұлықаттан.

Ұзыны әр арканнын - мың жылдық жол,  
Еш нәрсе жаралмаған өлімнен зор.  
Атамыз назырат адам жараптанша,  
Перштeler оны(аны) танып, білмеген сол.

Бүйірды Фазірейлді жан алмаққа,  
Ерікті болды сонда мақұлықатка.  
“Олім ашысын баршага татыргыл!” - деп,  
Құдайым бүйіршілік сол уақытта.

- Иа,Раббы, не нәрсе дүр өлім деген?!

Бізге ондай еш нәрсе(сі) білінбетен!

Көрсетті Алла тағала пердені ашып,

Макұлыққа одан бұрын көрінбетен.

Фазірейл жақын барған пердесіне,

Көрсеткен періштенің баршасына.

Өлімді танылты сол арада,

Барша жан көзің жеткіз-қалмасына!

- Устінен періштенің Қадір маулан,

Ұшқыл! - деп, сонда өлімге қылған пәрмен.

Мың жылдай канат қағып ұшып еді,

Періштелер мұны көріп қылған кайран.

Періштелер оны көріп талып түсті,

Өлімді көргеннен соң, зәресі ұшты.

Сөждеге баршалары басын койып,

Қорыққаннан ғарыш ағланы[311]барып құшты.

Сұрады періштелер есін жиып:

-Иа,Раббы, өлім түрган қайда сыйып?!

Еш макұлық мұнан үлкен жараттың ба,

Баян қыл: көзіміздің жасын иіп.

Құдайым періштелерге қылған баян:

- Жаралған макұлықатым- өзіме аян.

Өлімнен зор нәрсені жаратпадым,

Жаратқам жок үлкенді, - дейді, - мұнан.

- Ұста! - деп, Фазірейлге қылған пәрмен,

- Өлімнен құтылмайсың, жаралған жан.

- Ұстаймын қалайша,-деп,- мен өлімді?

Фазірейл бір Аллаға қылған феган[312].

Тұтамын бұл өлімді қай күшіммен,

Өлімнен зор нәрсені көрмедім мен.

Бар күшті Фазірейлге беріп еді,

Тоқтатты сонда өлімді бір қолымен.

Фазірейл ұстаган соң түрды өлім,

-Иа,Раббы, рұксат берсөң сөйлейін мен.

Бір мәрте көкте тұрып айғайлайын,

Естісін дауысымды аннасы мен жын.

Ол өлім көкте тұрып қылған нада:  
- Тапсырған жан аясын маған құда.  
Мен дүрмін: бірден бірді айырғышы  
Атаны баласынан қылам жуда[313].

Мен- өлім: айырамын досты достан,  
Айырам ер, қатынды құдай қосқан!  
Жаным ашып, жалғызды аяуым жок,  
Айырам бауырласты бір туысқан.

Тағы да айырам қызды анадан,  
Дәм таусылса айырылmas қол жағадан.  
Қандай батыр болса да, мойнын үзем,  
Мені ойласаң, кетірме тіл тәубеден.

Не іс қылсам, қылатын өзім бетім,  
Айырып балаларды қылам жетім.  
Сүйікті қатындарды тұл қыламын,  
Мені ойласаң, кетер ме ақыретің?!

Құтылып ешбір мақұлық менен қалмас,  
Қылышпын: бас алатын өткір алмас!  
Малыннан- көріп (ғарып), пакыр хақын шығар,  
Ол малың өзіңменен бірге бармас!

Үйің менен мен бұзам сарайынды,  
Ойын-күлкі, бұзамын, шырайынды.  
Сен қашсан да, артыннан мен қалмаймын,  
Мені ойласаң, жадына ал Құдайынды!

Бай болсан, тіршілікте садақа бер,  
Жылаған пакыр, міскін көз жасын көр!  
Ораза, намазынды қаза қылма,  
Ешкімге заарынды тигізбей жүр!

Өтірік, өсек, үрліктан жүргіл таза,  
Файбат айтып біреуді қылма наза!  
Залым болып жемегіл кісі хақын,  
Жабысар жағаңызға иауми алжазра[314]

Құтылып еш мақұлық кетпес аман,  
Мен тұтсам, сонда түсер ақыр заман!-  
-Деп, Өлім көкте тұрып, қылған фариад:  
-Қалма,-деп,- менен ғапыл жарапған жан!

Өлім-хақ: туганнан сол барша жанға,  
Өлімнен қорқып, Ҳаққа болғыл пенде.  
Басына келген күні өкінерсін,  
Мейлің нан бұл сөзіме, мейлің нанба.

## Қырық екінші бап

### Өлер халде пендеге дүниенің сөйлегені

Пендеге уақыт жеткен өлім келер,  
Келгенін өлімнің сол пендे көрер:  
-Сен кімсін, не қыласың менен?- десе,  
Сонда өлім:

-Мен өлім!-деп, жауап берер.

Өлімнің сипатынан жаман қорқар,  
Айналып теріс қарап пенде кетер.  
Тағы да карсы алдына жетіп келіп:  
-Мени сен танып ал!-деп, жауап айттар.

-Мен- өлім: катындарды қыламын тұл,  
Кетемін жетім тастап қызың мен ұл!  
Жанынды алып, өзінді көрге салып,  
Басқаға қалдырамын малынды сол!

Ойласаң қайда кетті ата-анаң?  
Жасында өлмеді ме сәби балаң?!  
Олардың ешбіреуі құтылған жок,  
Сен енді құтылмайсың, болма алан!

Қылмаған үшбуларға дүние пайда,  
Сен-дағы баrasын ғой мәңгі жайға!  
Өзіне- азық, қызуына- нұр болатын,  
Істеген жақсылығын бар ма, қайда?

Мұнан соң Fazireйл келіп айттар:  
-Дүниеден уақытың болды енді қайтар!  
Мысалын бұл дүниенің қандай кордің,  
Баян гып , сөзің бар ма, бізге айттар?

Пенде айттар:

-Дүние екен бір хайлакер,  
Әркімге хайламенен жаятын тор.

Алданым ғапілдікпен тағат қылмай,  
Дарига, амал нешік, алдады сол!

Есітіп келер дүние үшбу сөзді:  
-Ойламай: “Хайлакер”, - деп, айттың бізді.  
Дүние жидын Құдайға тағат қылмай,  
“Бізді ізде, - деп айтып ек- кашан сізді?!”

Мал жидын харам шубха харамсынбай,  
Көбейттің қысы-жазы дамыл алмай.  
“Өлемін”, - деп, ойлап па ең сол уақытта,  
Хақысын ауысқанның тағы бермей.

“Айырылам, - деп, - ойлап па ең сонда менен?”  
Жолдас болдың менімен шығып діннен(дінін).  
Күнә қылдың Құдайдан, сірә, корықпай,  
Алдаушы ең хайлекерспін бізді немен?

Иттеніп тук шығармай жиған малын,  
Басқаның пайдасында қалды соның(саның).  
“Қайдан тапсан, онан тап!” - оған дәлел,  
Кияметте тартарсың сен обалын.

Малы айттар:

-Разы емеспін саған мен де,  
Сарп қылмадың ізгі жолға, ая, пенде!  
Жиып ең: пакыр [315], міскін хақын бермей,  
Сен менен айрылдың үшал демде!-

Есітіп бүл сөздерді пенде кәріп,  
Құдайдан тілек тілер сонда нальпі:  
- Өзіне ізгі амал қылар едім,  
Қылуға, рұқсат берсөң, енді барып! -

Алла айттар ол пендеге:

-Ая, мумин,  
Қылуға рұқсат жоқ саған бүгін!  
Құранда айтқам жоқ па баршаңызға:  
“Ла иастахируна сағат уа ла иатакаддимун”[316],

Фазірейл жанын алар сол сағатта,  
Сүйікті пенде болса, сағатында.  
Қыбла ғалинге алып барғай,  
Тұргай-лар оның(аның) жаны ракатында.

Егер де ғасы болса ол күнәкар,  
Орынга “Сажин”[317]- деген алып барап.  
Қиямет қайымгаша тұтқында боп,  
Көрсеткен ғасы жанға қатты зарап.

Сажинда ғазап көрген оның жаны,  
Құдая, бұл көруһыттан қылма мени  
Өзінсін барша жанға ғапу рахман,  
Фазылыңа ал, бұл дүниеден болсам пани.

## Қырық үшінші бап

### Әуелден жаралған өлімнің сипаттары

Мен өлімнен айтайын және бір сөз:  
“Денесінде көп,- дейді - қол мен(ен) көз”.  
Дүниедегі жаралған жан санынша,  
Болса керек бас сайын және бір жұз.

Дүниеде бір пендеге жетсе ажал,  
Сол жүзімен Фазірейл оған барап.  
Денесіндегі көзімен сол қадалып,  
Сол бір қолмен пенденің жанын алар.

Тұбіне барша жанның өлім жетер,  
Өлген(өлігін) жан мен қол, көз әрі кетер.  
Барған сайын бұл өлім кішірейіп,  
Денесіне өлімнің сонда бітер.

Бұл өлім кішірейер бара-бара,  
Денесінен кеткен сон барлық жара.  
Ақырында қалады қошкардай боп,  
Құдиретіне Құданың кара, сана.

Хор қызы муминлерге болар құштар,  
Жаһаннамға (сендерді) сыйларды ғазапка үстар.  
Мумин- кәшір: екі орынға кіргеннен сон,  
Сол күнде буғазланар [318] өлім-кошкар.

Мұнан сон ешкімге де болмас ажал (өлім),  
Мұнафіқ көздеп жатар ғазап орнын.  
Муминлер мәңгі рақат жаннатта өлін,  
Осындаі аралары болған бөлім.

Бөлінсе сол күндерде мумин, кәпір,  
Кұдая, жұмағына қылғыл дақыл.  
Өзіннің рахматың кез келмесе,  
Жұтаган жақсылықтан біз- бір пакыр!

## Қырық төртінші бап

### Төрт Мұқараб періштенің сипаты

Жараткан төрт мұқараб періштені,  
Муәккал әрбір іске койған, әні!  
Жебірейл арасына елші болып,  
Енгізген пайғамбарға уәхиларны[319].

Бұйырды Исрафилге:

- Сор үргіл! - деп,
- Жаңбырды , ей, Мекайыл, сен бергіл! - деп.
- Бұйырды Фазірейлді жан алмакқа:
- Жандарын барша жанның сұрагыл! - деп.

Сипаты Фазірейлдің Исрафилге ұқсас,  
Шыдамас һайбатына тау мен(ен) тас.  
Хисапсыз жүзі толы қанаты бар,  
Жан алуға төрт жүзі болыпты бас.

Бір жүзі Фазірейлдің ең басында,  
Бір жүзі қанатының дәл астында.  
Бір жүзі - алдындағы жүзі ирөр,  
Жөне де бір жүзі бар аркасында.

Басындағы жүзіне болса пәрмен,  
Періштелер, нә билер береді жан.  
Алдындағы жүзімен алар дейді,  
Жандарын дуниедегі дін мұсылман.

Сыртындағы жүзімен - жаһит[320] жанын,  
Алады еken сол қоймай баршаларын.  
Астындағы жүзіне өмір болса,  
Жын, шайтанның төгеді сонда канын.

Орыны Фазірейлдің - төртінші кат,  
Бар еken үшал қөкте бір кереует.  
Жеті жұз кереуетінің аяғы бар,  
Лұхқа карап тұрган неше кабат.

Осы күні Farыш үстінде бір ағаш бар,  
Жаратқан [оны] биік Қадір Жаббар!  
Санынша адамзаттың сол ағашта  
Бұтағында көп дейді жапырактар.

Әр жапыракта аты бар бір адамның,  
Сол жапырактан түседі, бітсе демін.  
Алдына Fazíreyıldiң келіп түсер,  
Сонан білш алады онын(анын) жанын.

Бүтін ғалам алдында- дастарқандай,  
Табактан дәм жегендей алар жанды-ай!  
Дүние сүйн үстіне құйса егер,  
Жерлерге бір тамшы су қалар тамбай.

Жігіттер, Fazíreyıl осынша зор,  
Зор қылған Раббым Ҳақ құдіреті мол.  
Қолына бұл дүниені тұтса егер,  
Бір күміс тенгедейін айналдыра [ол].

Бір аяғы жаннатта, болған онын(анын),  
Бір аяғы көнірінде жаһаннамнын.  
Бір қолымен көкті ұстар, бірімен-жер,  
Барша жан ісі өзіне болған маглұм.

Жан-жануар бас сайын көмегі бар,  
Қызметінде баршасы болған даяр.  
Пайғамбардан басқаға көрінбекен,  
“Коркар!”- деп, Құдірет Алла пендені аяр.

“Бар, - дейді, - Fazíreyıldiң халифасы”,[321]  
Өзі алар уақыт жетсе, әр пендесі.  
Халифа жанын алар мақұлықаттың,  
Адамнан қымылдаған жан иесі.

Бір күні келсе маған Fazíreyıl:  
“Барғыл!”- деп, әмір қылсан, ая, Жалил!  
Тіліме шаһадатты жары қылып,  
Хасыны, хатыма мені қылғыл жеңіл!



## Қырық бесінші бап

### Рухтың хикаясы

Сұраған бұрынғы өткен имамтардан:  
“Өлген сон, қайда кетер бұл газиз жан?”  
Такырыптағи(тағырыптағи) сұраушыға бәрін айткан,  
Бір-бірлеп өз-өзімен қытып баян.

Сипаты – жан дегеннін- бір шәриф нұр,  
Нұр қылған Раббым хак құдіреті зор.  
Келмейші үксатуға еш нәрсені.  
Білем десен, Құранның тәпсірін көр.

Шыбын жаңын тәнінді қытған мекен,  
Белгілі уақытқаша тұrap екен.  
“Рух-жан”, “рауан-жан”, - деп, әркім айтар,  
Екі жан бір кісіде бола ма екен?

Рухпен бірдей айтар рауанды.  
“Рұхымыз”, “рауанымыз”, - бәрі - жан-ды.  
Рауан- ай мен күннің сәулесіндей,  
Рух- жан: кабылдап алған барша тәнді.

Рауан- денедеп секілі қол:  
Адамзат үйықтағанда, барап, келер.  
Колдай боп денедегі жүріп тұrap,  
Рух-жан- козғатмайды тәніннен сол.

Рауан- гаршы барып, көрер түсті,  
Сол білшіп жақсы- жаман әрбір істі.  
Рауан- жаңын көргенін тәнін сезер,  
Көрсеткен патша Құдай әр жұмысты.

Карасан, суды құйып, бір ылыштан,  
Сол суга күн сәулесі түссе тыстан.  
Түскен күннің сәулесі, бил, жарқырап,  
Үй шінен көрінер төбен тұстан.

Козғалар тұскен сәуле сол табакта,  
Өл табак козғатмайды еш уақытта.  
Рух- жаңын дененин козғатмайды,  
Рауан- судай тасыр әр уақытта.

Мысалы рауанның- түскен күндей,  
Сол шығар, үйықтағанда, еш білінбей.  
Асыл жаңың кеуденде болғаннан соң,  
Тез қайтар оянғанда, сөзге келмей.

Шығады үйықтағанда сол рауан,  
Тәнінен қозғалмайды сол рух- жан.  
Рух- жаңың тәнінен кеткен шакта,  
Басына сонда түсер ақыр заман.

Егер де шығар болса дененнен рух,  
Еш калмас рауан да, болдың өлік.  
Тірікіліктің әсері (асыры) болмаған соң.  
Апарып сені қөмер халқын келіп.

Тәнінен рух қозғалмас еш уақытта,  
Рауан жүріп, тұrap әр уақытта.  
Рұхтың сол белгілі орыны бар,  
Орны жоқ рауанның бас тарапта.

Арасы мекені ирөр екі кастың,  
Мазмұны осы ирөр бұл таластың...  
...Жаралған, үйкі берген, адамына,  
Жердегі адамзаттың тамамына.  
Рауан- жан, үйықтағанда, бізден кетіп,  
Перштенің барап екен ғаламына.

Перштенің ғаламын айтар: “Малакат”[322] -деп,  
Үйықтағанда, сол қалар бізден кетіп.  
Таһаратпен жатқан болсан сол уақытта,  
Құдага тұрады екен сәждे етіп.

Жатыңыз таһарат алып, таза болып,  
Өлсөн шаһид[323] боласыз, каза болып.  
Сәждеден макұрым қалар таһаратсыз жан,  
Малакатта жүрдін наза болып.

Рұхтың- рауан ирөр- шүгыласы,  
Жоқ екен екеуінің айырмасы.  
Күннің сәулесіндей тұrap екен,  
Осы дүр суретшінің мәселеесі.

Сейледім –рух, рауаннан билгенімді,  
Дакаик[324]ала хабардан көргенімді.  
Рух, рауан тәнінен болса жұда,  
Барап жерін айтайын өлгенінде.

“Үргіл!”-деп, Исрафилге берген сорды,  
Мүйізден жаратылған, өзі нұрлы.  
Фазап, ракат көрсөн де, сонда көріп,  
Тұратын макам[325] етіп, жанның орны.

Ол сордың өзі біреу, түбі- тармак,  
Салса егер Фазірейл бір күн кармак.  
Фазиз жаныңдан жуда болса,  
Әмірімен Құданың сонда бармак.

Ол сордың жан тұратын дарасы бар,  
Бұл сөздін айтылмаған шаласы бар,  
Тахкикын[326]барша сөздің Алла білер,  
Тағы да имамлардың таласы бар.

Әнбие, мұрсаңдардың һәм жандары,  
Жаннаты: ғадін іші- тұрап бәрі.  
Жаннаттың бақшасы дүр қабір шарпы,  
Қабірде оқып тұрап намаздарды.

Жандары шейіттердің(шайидлардың) жасыл күс бол,  
Жүреді фирмдауста ұшып-конып.  
Тілесе гарыш ағлаға барып конар,  
Өзінің тлеуеніше коңыс қылып(қылар).

Жаннаттың- сәби бала- сары шымшығы,  
Нығыметтен- халі болмас- һәм тұмсығы.  
Жұпардан болған тауда жүреді екен,  
Тимесе анасының бір қырсығы.

Айтайын жөнитлердің жас баласын,  
Айналады жұмактың айналасын.  
Киямет күнінеше кірмек емес,  
Кызметкері сүйікті пендесінін.

Жандары- дүниедегі залым қулар,  
Кісі хакын бермеген борышкорлар.  
Қабірінде бұтаулы қалар дейді,  
Жұмакқа да, сорға да бармас олар(анлар).

Залымдар мазтумлардан[327] Алла разылық,  
Қабірінде өлгенде, көрмес тарлық.  
Байлауынан босанар борышкорлар,  
Кісі ақысынан құтылса сонда барлық.

Істеген ғұмыр бойы күнәғи кабир[328],  
Бір жерде мұсылманға қылған зәбір,  
Халдері жаһит пенен мұнафиятың  
хунди, қытай, мәжуси, көріс, монғол.

...Жеті тамұқ түбінде біреуі бар,  
“Сажин”,-деген орында ол тамұқтың.

Құдая, бұл жұмладан мені қылма,  
Бұзылды ниетіміз жылдан-жылға.  
Әйтеуір “мүмин”- деген атымыз бар,  
Өзің ракым ете төр біздей құлға!

Осылай имамлардан бар дүр хабар,  
Мен көріп: білгенімді хатқа жазар.  
Мұнан да далил сөзді табам десен,  
Бек үлкен кітаптарға салғыл назар!

Зорлығы жаныныздың дененіздей,  
Қабылдаған сәүлесімен ол бір күндей.  
Жаныныз бір кішкене нәрсе болса,  
Ауруын тұрса керек еш білінбей.

Ауырса керек- ауырса, жанның орны.  
Басқа төнің ауруга жок қой жөні.  
Сол себепті айтамын: “Жан үлкен”,-деп,  
Кадалса, көтермес ең бір тікенді.

Болса керек- төннің бәрінде жан,  
Ауырсан, шыдамайсын. кетер мазан.  
Денен ыстық болғанда, жаның ыссы,  
Баршасын дененіздің қабыллап алған.

Құдая, рахым айла- назғы[329] халде,  
Үміткер рахматыннан әрбір пенде(панда).  
Ишарат[330] жұмақ бірлан сүйінші бергіл,  
Қысылып, жан шығарға тақалғанда.



## Кырық алтыншы бап

### Өлген соң жанның барып тұратын орны

Тәнінен шығар болса егер жаның,  
Баратын, мен айтайын, мақамларын.  
Сорына Исрафилдің барып тұрар,  
Осылай әмір қылған паруардігерім.

Ол сордың ішінде бар түрлі тесік,  
Әр хайуанда қойылған маҳсус[331] етіл.  
Фазап, ракат көрсе де, сонда көрер,  
Құданың рахматынан көріп несіл.

Бағзы айттар:

- Жандары мүмин пенде,  
Сол барып тұрады еken ғалиында  
Фанафис[332]ғалиында жасыл құс көп,  
Сол құстың тұрады еken құрсағында.

Жанлары тұрады еken имансыздың,  
Қудайым мекен қылған оған-Сажин.  
Киямет кайымғаша ғазапта бол,  
Ішінде тұрар дейді каранғынын.

... Фамалы жан- баршасы тұрар,-дейді,-  
-Сажин-орын, асты дүр жеті жердін.

Бағзы айттар:

-Иманды ізгі пенде,  
Жаның сол алар,-дейді,- Тағым Бірла!  
Мың түрлі құрмет бірлан перштегер,  
Шығарған жетінші қат көкке пенде.

Фазірейл сол арада алып барса,  
Алдынан нада қылар бір періште:  
-Кітабын ғалиынға жазыныз!-деп,  
Ол жанға береді еken сүйінші де.

Ізгі бол тұрар еді, болып еркін,  
Жөне де көріп жүрер дүние мұлкін.  
Тәнінен қабірдегі хабар біліп,  
Үйіне келіп жүрер неше дүркін.

Сол сордың ғалиында бір бұтағы,  
Тұрады мекен(макам) етіп мүмин жаны.  
Бір бұтағы айтады: “Сажинда”, -деп,  
Дінсізге орын қылған Тәңрім, өні!

Фалиын- көк үстінде жетінші кат,  
Айналасы- құрылған сегіз жұмак.  
“Сажин”, -деп, жеті жердін астын айттар,  
Айналасы оның да- жеті тозақ.

Жандары жуда болса мұнафиятын,  
Есігі ашылмайды оған көктін.  
“Құдайым қабіріне қайтарғыл!” -деп,  
Қабірі орны болған үшал рухтын.

Қабіріне от тұтаткан жаһаннамнан,  
Айырылmas сол уақытта жаны тәннен.  
Жаны мен төні бірге ғазап көріп,  
Қиямет қайымғаша кеткен әбден.

Ол сорды өлім қылып жараткан Хак,  
Кезертіп: аузы-біреу, тұбі- бұтак...

Төрт бұтактан- таралған төрт бұтағы,  
Бір бұтағы жер астына кеткен тағы.  
Бір бұтағы, білсеніз, құнбатыста,  
Құншығыста бір бұтак, қойған, өні.

Бір бұтакта: періште, пайғамбарлар,  
Мекен(макам) етіп, өлген соң, жаны тұрап.  
Бір бұтакта мүминлер жаны тұрап,  
Жандары бір бұтакта- жын, перітер.

Бір бұтакта жаны тұрап хайуанның,  
Орны қылған ол сорды барша жаннның.  
Осы күн Исрафилдің құрсағында,  
Сорының аузын- ауызына қойған оның(аның).

Аузына Исрафилдің қойған, өні,  
Мүйізден жаралыпты, өзі- нұрлы.  
Рухқа Исрафил тұрган қарап,  
“Үргіл!” -деп, қашан өмір қылар мұны.

Рухының басы барып, Фарышқа асты.  
Сонда жазып қойыпты мал мен басты.  
Дүниеде көретін қызық-шыжық,  
Барша жан- жасайтуғын қанша жасты.

Құдая, бергіл бізге ұзын ғұмыр,  
Пендеңіз: түк білмейтін, басы жұмыр.  
Дүниеден иман бірлан көшіргейсің,  
Дүниенің науысынан болдық маҳрур.

## Қырық жетінші бап

### Дүниенің адамға зияны

Кітапта: “Үз-деп айтқан,-бес нәрсені:  
Бірі- сол- дүние екен: білсең, әні!  
Кімдер кеп бұл дүниеге, уламаған:  
Кеміріп әр ит кеткен өлексені!

Біреудің жазатуғын бар дауасы,  
Ұғып ал: естіген соң көрі-жасы.  
Көп жинап дүниеге алданбаңыз,  
Сіз болдыңыз ерлердің тақуасы.

Екінші- улар нәрсен- дәл осы мал,  
Мал үшін дүние, ақырет тартар обал.  
Сол удың қайтаратын дәрісі- осы:  
Малыннан зекет берсөң, болар халал!

Үшінші улар нәрсен- пайдасыз сөз,  
Өтірік, өсек, фасыту[333] гайыптан-без.  
Қателікпен бір сөздер шыға қалса,  
Зікір, таспик көп айтқыл кеш те, күндіз.

Төртінші, тағы айтайын, улар нәрсен:  
Ғұмырды бос өткізбе өуре-сарсан.  
Хақтан коркып, әр уақытта тағат қылғыл,  
Фамалың- өзіне азық, тілімді алсан!

Бесінші, улар нәрсен-жыл: он екі ай,  
Есіріп он бірінде жүрдің ғой жай.  
Әрқашан рамазан шәриф жақындаса,  
Тәубе қыл, көп тағат қыл, мойның бүрмай!

Ұғыныз- бұл сөздерді, ғапіл пенде,  
Тағат қыл, ораза тұт рамазанда.  
Бұл айда көп гибадат істесеніз,  
Күнәһиы он бір айдың қалмас сенде.

Малынды тазалайды кайыр, зекет,  
Көп айтқыл: зікір-таспик, айтсан ғайбат...

Мубада[334] дүние жиып, болсан макрүм,  
Такуа боп, жатпай-турмай, тағат қылғыл!  
“Кесін қылма!” –деп айтпайды саған кітап,  
Алдайды: “Тағат қой!”-деп, дүние құрғыр!

Осылай- бес нәрсенің тиянағы,  
Ұғады: мұны естіген- бар құлағы!  
Жігіттер, сақтанатын бес нәрсе екен,  
Кісінің киын екен құтылмағы.

Өлтіргіш у деген -сами[335]қател[336],  
Бұл істен хали[337]болмас пенде ғапіл.  
У келсе, кыл ұшбулардан жырақ,  
Дүниеге макрүм болған біз бір- пакыр!

## Қырық сегізінші бап

### Құрбан шалмақтың сауабы

Қабірде барша халық тірілгенде,  
Тәніне ғазиз жаны сол кіргенде,  
“Құрбанына сол мініп баар”, -дейді,  
Құдайға тағат қылған ізгі пенде.

Үстіне холла киген, басына-тәж,  
Мұминлар еш нәрсеге болмас мұктаж.  
Мұнағиқ имансыздар көрден түрған,  
Қарыны аш, өзі жаяу, жап-жалаңаш.

Діңсіздер көрден түрған бұл сипатпен,  
Құдая, біз көріпті қылма анден.  
Мұміндер әрбіріне мазкуп[338] бергей,  
Бұл сөзді көрін жаздым “Дакайықтан”.

Құдая, сол күндерде бергіл мазкуп,  
Өзінің ұхылың (хұқімін) илан, айла мені шат  
Мазкуп пен сираттан асан кешіріп,  
Тамұқтан біз көріпті қылғыл азат!

Қүеуі пайғамбарым- хазірет Фалы,  
Сол айтқан екен бізге бұл хабарды.

Құрбанына сол мінін барап екен,  
Қабірден бас көтерсе жанның бәрі.

Әрқашан болса бізге руза маҳшар,  
Құдайым сол уақытта нада қылар:  
-Пенделерді сол жаяу айдама!-деп,  
Құрбанын алып кеп бер, періштелер.

Ен әуелі атасының арқасында,-  
Жүрген жоқ бұлар жаяу, тұрса да онда,  
Мұнан соң натипа[339] болып келіп түсті,  
Тоғыз ай анасының құрсағында.

Тоғыз ай кәміл өткенше тұрды анда,  
Екі жыл емшек берген ғазиз ана.  
Онда да бұлар жаяу жүрген емес,  
Сол жүрген шеңесінің омырауында.

Басқанда бұлар тағы апыл-тапыл,  
Көтерген мойынына ана пакыр.  
-Жаяу жүрсөң, сен шаршап қаласың!-деп,  
Әр түрлі атасы кеп айтқан ақыл.

Мұнан соң келген шақта жеті жасқа,  
Мінгізген қуаныш етіп, бұларды атка.  
Сонда бұлар жаяу жүрген емес,  
Барса да салар қылып жақын-жатқа.

Дарияда жүзген бұлар кеме бірлан,  
Сахарада атқа мінген шатлық бірлан.  
Дүниеде канша медет тұрса-дағы,  
Бұлардың ғұмыры өткен көлік бірлан.

Дүниеден енді бұлар өткен шакта,  
Салдылар қауым халқы сол табытқа.  
Сонда да бұлар жаяу барған жоқ-ты,  
Мойнымен алып кеткен зиаратқа.

Осылай өмір қылар Жаббар Халик:  
“-Мінсін,- деп,- құрбанына сонда барлық!”  
Құрбаны жоққа ұжмактан пырақ бергіл,  
Енді жаяу журмелі емес лайык.

Баарлар ғарасатқа барша адам,  
Мініп ап құрбанына шатық бірлан!

Бір қойға сен сарандық кыламын деп,  
Осындай макрұм қалма сауаптардан.

Пайғамбар айткан бізге:

-Шалсан құрбан,  
Куатлы сен шал,-дейді,- семіз бірлан!  
Махшарда сол тарығып жүрмесін,-деп,  
-Өтетін аты ғой,-деп,- сиратлардан.

Азimu нас[340] бар хамайким (һамма екен),  
Паниға ала сиратал мустаким [341]  
Көреді бір тоқтыны баласында!  
Бұл күнде үшбу сөзді үтатын кім?!

Забани[342] имансызды айдар жаяу,  
Көңгіндегі еш ракым жоқ оларды аяу.  
Аяқтары-кісенді, мойны-бұғау,  
Жүргізер шайтандармен бірге таяу.

Тұрады қабірінен жап-жалаңаш,  
Ішерге тамағы жоқ, карынлары аш.  
Қиямет айбатынан корыққаннан,  
Өзінің нешік екенін айыра алmas.

Қасындағы танымас кім екенін,  
Катын ба, иа бала ма, ер екенін...

Қиямет айбатынан есі шығып,  
Танымас бірін-бірі төмен бұғып.  
Құдая, жүзімізді раушан қылғыл!  
Кор қылма біз кәрілті шерменде ғып!

Тамұқ аһылы[343] болады түсі кара,  
Қаранғы қөңілдері болар және.  
Арак ішкен кісіней, өзі ессіз,  
Бұл каруадан қылмағыл Хақ-тағала!

Іштері өрбірінің - мысал күмбез,  
Тәңдері тау секілді, көзі-көк көз.  
Бойлары қарагаштай қатып қалған,  
Құдая, ондай күнге қылмағыл кез!

Қамыстай қатты(болар) басында шаш,  
Қан ағар, көрсөніздер, көзінде жас.  
Және де карны толған жылан, шаян,  
Ішуте заһар закым бер[іл]ген ас.

Фазапты алда қанша жатар алып,  
Ішінен жас ет өсер, сырты жанып.  
Мойныңда әрқайсысының темір бұғау  
Өлім жоқ шала-жансар (сан қиналып).

Көріп жылар тағы да бар болғаны,  
Бір ішім суға тағы зар болғаны.  
Тамүқ айлы сипатын қоя тұрып,  
Айтайдын - дүниеде оттың бар болғаны.

## Қырық тоғызынышы бап

### Дүниеде оттың бар болғаны

Атасы-барша жанның хазірет Адам,  
Жаратқан топырактан Алла тағалам.  
“Ішінде сегіз жұмак жүрер!-дейді,-  
-Нар[344]нығымет, барып шілтүрлі тағам!”

-Деп айтқан: “Әр камаланнның[345] -зауалы бар”,  
Жұмактан шықлағының себебі бар?  
Алланың нахи қылған жемістен жеп,  
Күнәға қатынымен болған душар.

Бидай жеп, ғасы болған бір Құдайға,  
Нәпсі үшін, ұзбек болып, сол күнәға!  
“Шық!”- деген бір Құдайдан хатб[346]естіп,  
Мұнан сон келіп түскен дүниеге.

Дүниеге келіп түскен жап-жалаңаш,  
Тағам жоқ және тағы, қарыны аш.  
Егін сап, шаруда істеп жүргеннен сон,  
Болды Адам тіріклігі отқа мұқтаж.

От сұрап, дүға қылған бір Аллаға,  
Бір Алла бүйірыпты Жебірейілге:  
-Адам үшін тамүқтан от бергіл!-деп,  
-Бар-дағы патшасынан отты сұра!

Жебірейіл барған отқа жарлық естіп:  
-От керек сол Адамға, сіз бергіл!-деп.  
-Қандай қылып аласыз?- деген Мәлік,  
Жебірейіл:

-Бергіл!-дейді,-хұрмадай ғып!

**Мәлік айтты:**

-Сіз алсаныз хұрмадай от,  
Апарсан сіз дүниеге ие болып.  
Хұрмадай сол апарған оттарыныз  
Күйдірер жер мен көкті тас-талқан ғып.

Жебірейіл бұл сөзінен кетті шошып,  
“Күл болар,-дегеннен соң, жер мен көк!”  
-Ендеше сүйегіндей от беріңіз,  
Қалдым ғой бағанадан мен кешігіп.

-От берсем сүйегіндей бір хұрманын,  
Жұртына алып барсан дүниенін,  
Тау мен тас, ағаш, шәптің, - бәрі күйіп,  
Жаңбыр суы құрыр еді , түк қалмайын.

Тағы да бұл сөзінен тұрды қорқып,  
Аларын біле алмайды қандай қылып.  
Илләни, алсам мен үшбу оттан,  
Бұйырши енді маған өмір қылып.

**Құдайым бұйырыпты:**

-Зарығана,  
-Кешкелей, алып бар,-деп,-дүниеге!  
Сол алған зарап[347]қадар[348] отынызды  
Тұрмайын, өні, салғыл дарияға!

Дарияның сұымен жу жетпіс қабат,  
Кетіріп ыстықтарын, елегіл пак.  
Жетпіс қабат жуған соң, сол отынды  
Бір таудың басына қой да тұрғыл қарап!

Жебірейіл зөредей (зардай) от алған екен,  
Дарияға оны апарып салған екен.  
Сұымен дарияның жетпіс жуып,  
Бір таудың сол басына қойған екен.

Сол тауды күйдіріп тас-талқан қып,  
Кетілті таудан өтіп, жерге кіріп.  
Өзінің барып түскен мекенине  
Жебірейіл қарап тұрған қайран қалып.

... Сондағы тау күйдірген тұтіндері  
Кетілті үшал таудың басын ыстап.

Жебірейіл сонда отты тастан алған,  
Үшбу от иесі екен таста қалған.

Беріпті тастан алып атамызға,  
Күн көрген сол отынан хазірет Адам.

Ұшбу от –тау күйдірген тастың ісі,  
Таралып бар дүниеге жүрген осы.  
Тамұғының сол отына қараганда,  
Жетпістен-барлық оттың- бір есесі.

Жебіреіл жумаса сумен жетпіс,  
Захары бойындағы еді кетпес.  
Тамақ пісірін, пайдаланып тұрмақ тұғыл,  
Дүниеде от дегенді көзің көрмес.

Адамзат жаралған соң отсыз тұрмас,  
Хайуанша төрт аякты шөп жей алмас!  
Ұшбу от бір Құдайға сыйынады:  
“Жаһаннам ғазабынан қыл,- деп,- халас!”[349].

Алдандық жігітліктің мастығына  
Дос болдық шайтан малғұн қастығына.  
Құдайым, жаһаннамнан халас айла,  
Күніңнің шыдамаймыз ыстығына!

## Елуінші бап

### Пайғамбарға Жебіреілдің жеті тозақты баян қылғаны.

Расулге келді бір күн Жебіреіл,  
Құданың бар сәлемін айтты қазір.  
Тозақтың тұрды сонда ішін сөйлеп:  
-Күнәкар үмбетіне баян қылғы!

Жаратты жеті қылып ол тозақты,  
Ішіне мың бір жылдай отын жакты.  
Қып-қызыл болды сонда, шогы жайнап:  
“Бір өзін, танысын,- деп,-мақұлықаттың.

Тағы да жакты, әні, бір мың жылдай,  
Балқыды аппақ болып, қорғасындей.  
Ұшқыны таудай болды қызғаннан соң,  
Фасылар корықсын деп, жаққан сондай.

Тағы да үшіншіде жакты мың жыл,  
Қап-қара болды сонда отты көмір.

Қаранғы айсыз тұндей оны(аны) қылды,  
“Залымнан өш алам,-деп,- паруардігер!”

Ішінде шаян менен жыландары,  
Күйеді өркайсысының мойындары.  
Тістесе бірі келіп ғасыларды,  
Кетпейді қырық жылғаша оның(аның) заһары.

Фазаптың перштесі- Забанилар,  
Көнілінде еш ракым жоқ ғасыны аяр.  
Көздері жалтыраған жасында(иашында) боп,  
Ағызынан, ақырганда, жалын шыгар.

Өзінде(өзлерінде) Алла берген күш-қуат мол,  
Екі жауырынның арасы бір жылдық жол.  
“Тамағы аһылының санынша әрбірінің,  
Денесінде бар,-дейді-аяқ пен кол”.

Әр қолмен ғасылардан алады өш,  
Әмірсіз бір Құдайдан қылмайды күш.  
Жігіттер, дәл осының болуы хак,  
Тағат қылмай, өткізбе, күнінді бос!

Ұлығы панилар(дын) - сол “он тоғызң,  
Естігенің бар ма еді осындаі сез?  
Қараған әрқайсысына перштенің,  
Сандарын(санларын) Хақтан басқа ешкім білмес.

“Он тоғызң әріп бар дүр бисмилла.  
Кімде-кім айттар болса, ықылас айла.  
Құдайым Забанидан сактар өзі,  
Хадис бар пайғамбардан, шек келтірме!

Тамұқтың ең ішінде женіл ғазап,  
Кигізер ғасыларға екі башмак.  
Башмактың ыстығы өткен зардабынан,  
Тұрады төбесінде миы қайнап.

Тамұқ аһылы Мәлікке жалынар көп:  
“Құтылар бұл ғазаптан күн бар ма?!”-деп.  
Қырық жылдан соң айтады оған Мәлік:  
“Шықтайсың жаһаннамнан, үндеме!”-деп.

Ғасылыр айтады екен:  
-Паруардігер,  
Газапқа залым болып, болдық душар.

Тағатымыз қалмады, жанып біттік,  
Біздерді рақым қылып, оттан шығар!

Неше жыл өткеннен соң, келген жауап:  
-Болдындар рахматынан сіздер жырак!  
Мұнан соң адамзатша сөйлемейді,  
Есікте анда-санда бақырап бірақ,

Құдая, тамұғына тұтқын қылма,  
Несіп ет рахматынмен біздей құлға!  
Білмейміз басы жұмыр пенделикпен,  
Болады пәни дүние кімге тұлға?!

## Елу бірінші бап

### Ан хазіретінің Мигражы дүр

Хабарды айтты бізге Әмір Алумин:  
-Қасына пайғамбарым бардым бір күн.  
Бабама сәлем үшін барған едім,  
Пайғамбар жылап отыр болып ғамқін[350].

Бабамнан мен сұрадым қылып әдең:  
-Иа,тақсыр, отырдыңыз неге жылап?  
Көрібіңе оқиғаны баян қылғыл!-  
Деп тұрдым пайғамбардың халін сұрап.

Пайғамбар сұраған шакта айтты маған:  
-Мигражда нәрсе көрдім жарамаған.  
Фазабы неше түрлі адам көрдім,  
Жылаймын соларды аяп, енді, балам!

Сол жерде қылды баян маған Расул:  
Мигражта мені апарды Жебірейл.  
Бір үлкен періштені онда(анда) көрдім,  
Ашуланып отыр екен қойып зейіл.

Аузынан шығып отыр отты жалын,  
Шоқ жайнап айналасын, көрсөн халін.  
Жебірейлдің канатына қашып кірдім,  
Түрінен періштенің шошып жаным.

-Бұл кім?-деп, мен сұрадым Жебірейлден.  
-Қай макұлық, баян қылып, айтшы маған.

Жанға хайла қылтуға қашып тұрып,  
Қасында Жебірейлдің бердім сәлем.

Болмады сәлемменен оның жұмысы,  
Астында періштенің оттан күрсі  
Ешкімге ол менсініп қарамайды,  
Оттан тәж, колында бар оттан күрзі.

-Мәлік!-деп маған айтты Жебірейл:  
-“Патшасы жеті тозақ-осы!”-деп біл!  
Шокпармен жер, аспанды ұрса егер,  
Бір сағатта болар еді баршасы күл.

Мәлікке Жебірейл берді хабар:  
-Иа, Мәлік, сәлем бергіл, бұл- пайғамбар!  
Миғражға- конак үшін шақырған дүр,  
Бүтін ғалам патшасы, ол- паруар.

-Қасыма жетіп келді мұны естіп,  
Тағзыммен ғаләйка алды бой ұсынып:  
-Білместік катем болса, кеше гөр!-деп,  
Көп арыз тіледі менен келіп.

Мәлік сонда сөйледі:

-Иа, Мұхаммед,  
“Фасыдан өш алғыл!”-деп, жаратқан Ҳак.  
Жеті тозақ мұлқімде менің-дейді,  
-Неше түрлі ішінде бар ғақубат[351]

Тозакты мен көрүте кетті ойым:  
-Иа, Мәлік, маған көрсет ғазап үйін.  
Күнөһі ұмбетіме баян қылам,-  
Деп едім, сонда Мәлік сұнды мойын.

Мәлік айтты сол жерде:

-Ай, пайғамбар,  
Тамұкта неше түрлі ғазаптар бар!  
Көрген сон енді үйіне қайта алмайсын,  
Көрмей-ақ қайтпағының дұрыс болар.

Мәлікке айтты сонда Жебірейл:  
-Пайғамбар не сез айтса, көргіл қабыл!  
наммет замын ішінде бар нәрсені,  
Көрүте бір Құдайдан болған өмір!

Көрсегті жеті тозақ кілтін ашып,  
От жанар дүр-дүр етіп, заһар шашып.  
Ішінде жылан, шаян хисапсыз көп,  
Ыскырап ажданалар аузын ашып.

Тозақта қарап жүрсем, бір жылан бар:  
-Отыз мың басы бар,- деп, берді хабар.  
Әр басында отыз мың ауыз болған,  
Әр аузында бір бұжыра тағылғандар.

Әр бұжырада бір шыңжыр қойған тағып,-  
Ұстаған әр періште оны барып.  
Жетектеп ғазаплыны тыйышлад жүр,  
Сақтағыл әр пенденді Жаббар- Халиқ.

Тозактың мен сұрадым бас-ағын:  
-Кенілгі, көлденені,-айт,-деп,- жайын!  
Мәлік тұрып сол жерде маған айтты:  
-Хақтан басқа ешкім де білмес халін!

Мәлік айтты:

-Тындағыл, иа, Мұхаммед,  
Тозақ қылар мың жылдық қаранды-ак!  
Мың жылдық қара жерді ақ қылады,  
Күйдіру түрі осылай, сен бұған бак!

-Мен көрдім ол тозақта жеті есік,  
Ат койды: “Хауия- лази хатим”[352] -деп,  
Жаһаннам ыскыр-ыскыр, жаһаннам дүр,  
Әр кауымның орны дүр қылған тесік.

Мен көрдім жаһаннамда үш мың құдық,  
Кендігі біреуінін - үш мың жылдық.  
Әр құдықта үш мыңнан таулар бар-ды,  
Жаратқан Алла тағала қылып ұлық.

Әр таудың етегінде мыңнан дала,  
Бәрін оттан жаратқан Ҳақ тағала.  
Жеті жүз мың әр далада шаһар бар дүр,  
Әр шаһарда жеті жүз мың көше дара.

Жеті жүз мың сарайлар бар әр көшеде,  
Жеті жүз мың сумһам және әр дарада.  
Салынған ғасыларға бұларды арнап,  
Жеті жүз мың үйлер бар-ды әр сарайда.

Әр үйде жеті жұз мың бар дұр сандық,  
Фазап бар жеті жұз мың -бәрі де анық.  
Осылай ғасылардан өш алады,  
Бәрін оттан жаратқан Жаббар халик.

Бір түрлі сол арада көрдім халық,  
Жылан, шаян мойнында жұр оралып.  
Мәліктен:

- Бұлар кім?-деп, сұрап едім:  
-Зекет бермей келген,- деді -малға барлық.

Бір түрлі және көрдім бір қауымды,  
Мойнында темір бұғау жұр салулы.  
Аяғында- оттан башмак, істігі бар,  
Мойнына екі колы жұр асулы.

Мәліктен мен сұрадым:

-Кім ,-деп,- бұлар?  
- Өсіммен мал қөбейткен саудағерлер.  
Сол себепті ғазаптан азап көрген,  
Тәубесіз өтіп кеткен құнәкарлар.

Бір жамагат және көрдім онан өтіп,  
Отпенен қарны толған өз етін жеп.

Мәліктен:

-Бұлар кім?-деп, сұрап едім,  
-Тәубесіз өтіп кеткен әсекші!- деп.

Және түр бір көруілар жылған көп,  
Тәннің жартысы бар, жартысы жок.  
Екі үшкүн ортасында тақ үстінде,  
Киімі, үсті-басы- жайнаган шок.

Мәліктен мен сұрадым:

-Бер,-деп,-хабар!  
- Жарты дене аламдар, кім деп,-бұлар?  
Жартысы бұларының қайда кеткен,  
Не себепті жоқ қылған Паруардігер?!

-Бұлар алған дүниеде екі қатын,  
Қыла алмай арасында ғадилетін.  
Бірінен бірін кем ұстап, сұрауда қап,  
Әркімге қатынын айтып мактанатын.

Тірілер қияметте болып жарты,  
Катындарға болмаса ғадалаты.  
Киіп-ішіп, напақа- барша істе  
Тен ұстау-шаригаттың рүқсаты!

Мен көрдім мұнан шығып бір түрліні,  
Перште салып жатыр көп дүрені.  
Жалаңаштап әрқайсысын ұрып жатыр,  
Қамшымен оттан болған өр бір оны.

Мәліктен мен сурадым:  
Не еткен халық?

Деп айтты:

-Бұлар қылған жаманшылық.  
Елге өзін тақуа, сопы көрсеткендер,  
Қылған ісі шайтаннан қаншама артық?!

Мен қарап, және көрдім бір түрліні,  
Тілінен асып қойған сол керуұны.  
Мәліктен және тағы сұрап едім:  
-Бұлардың жазасы не,айт-деп,-муны!

-Сол себепті тартады бұлар жаза,  
Биүжна ұрып соқкан катын-бала.  
Орынсыз болмас іске ащуланып,  
Кетірғен, үй ішіне бермей маза.

Асулы емшегінен көрдім қатын,  
Аузынан ағып жатыр заһар-закым.  
Әркімнен бала емізген өз бетімен,  
Байының керек қылмай рүқсатын.

Бір катын асулы түр тұлымынан,  
Басында миы қайнар- мысалы казан.  
Мәліктен мұны тағы сұрап едім,  
-Еріне тілі тиген!-дейді маған.

Бір катын және көрдім болған ерек,  
Өз етін отыр екен [бір] өзі жеп .  
Мәліктен мұны тағы сұрап едім:  
-Менсінбей өз байларын көргендер жек.

Жұзлерін намаҳраммен[353] қашырмажан,  
Күнө қылса, оны елден жасырмажан.

Көп қатын және көрдім таңулы түр,  
Жылдып бар етін жеп жылан, шаян.

... Қылмысын бұлардың да сұрап едім,  
Шала таһарат алған екен, шала ғұсыл.

Қасында бір қатынның оттан табыт,  
Перште ғазап қылтар оған салып.  
Күнәсін бұлардың сұрап білдім:  
Зинадан жүрген екен бала тауып.

“Баланы өз байымнан таптым”, -деген  
Істеген барлығын өз жайыменен.  
Арамза да балалар мұнан туған,  
Ант үрганның ғұмыры өткен зинаменен.

Үшбулар(осылар) тәубе қылмай өтіп кеткен,  
Күнәсі, көп қылған соң, түпке жеткен.  
Тәубе қылса, ол Аллаға бұрахим,  
Жөн болар бұзылмасты тәубе етсөн!

Бір қатын: аяқ- көкте, басы- жерде,  
Астынан от жанады неше түрде.  
Қылмысын бұлардың да сұрап білдім,  
Намахраммен жүрген екен елден елге.

Бір қатын және көрдім ит боп үрген,  
Аузынан, от шығарар, бүйірінен.  
Күнәсін бұлардың да сұрап білдім,  
Ойнастан бала тауып, сол өлтірген.

Және де ғазалта түр қатындар көп,-  
Әрқайсысы тілі ұзарып, шығуға кеп.  
Күнәсін бұлардың да сұрап білдім,  
Болымсызга ант ішкен, айтып өтірік.

Расулім үшбу сөзді қылған баян,  
Фатима, Файша менен жылап түрган.  
-Олай болса, қатынға күн жоқ екен,  
Осыдан еш қатын жоқ қалған аман!

Пайғамбар оларға айтты сонда тұрып:  
-Әркімғе сізлер айтқыл үғындырып.  
Бұл істен өздеріңіз болғыл жырак,  
Жатсан да, тұрсан да жүр тәубе қылыш.

Үшбу сөз- пайғамбарым насихаты,  
“Тында!” -деп, баршамызға айтқан қатты.  
Миғражға иланбаган кәпір болар,  
Құранда мазкур болған көр аятты!

## Елу екінші бап

### Жан иесі өлін, ғарасатқа қайта тіріліп, Фазазіл ан хазірет илен үмбеттеріне таласып, имам Ағзам илан имам Шафқа жүтінгені

Бисмилла, Құдай досы Мұхаммед-ті,  
Жаратты оның(аның) үшін көп үмбетті.  
Жамағат, құлақ салып тындасаныз,  
Айтайын ақыреттегі қайғы дерпті.

Әуелі сөздің басы- бір Құдай-ды,  
Жаратты жарық үшін Күн мен Айды.  
Жаксылар, қызмет қылғыл бір Қудайға,  
Аларсыз ақыретте жаксы жайды.

Құдайым он сегіз мың жан жаратты,  
Әртүрлі рең илан макұлықатты.  
Денесін топырактан фана[354] айлап,  
Адамға: “Әбу-өл-бәшир”[355]-қойды атты.

Жаратты топырактан хазірет Адам,  
Баршасын ғылым хикмет білді тамам.  
“Адамға бәрін бар да, сәжде қыл!”-деп,  
Мәлікке хабар тиген бір Алладан.

Жиылып перштегер сәжде қылды,  
Жығылды ықыласпен бәрі күллі.  
-Адамнан менің нәсілім ұлық дүр!-деп,  
Фазазіл сәжде қылтамай қарап түрдү.

Мойнына келіп түсті тауқыл[356] лагынет,  
Онан(анден) сон: “Ібіліс”-деп, койылды ат.  
Мардуд [357] боп дәргаһынан қуаланып,  
Алынып үстіндегі барша холлат

Бұл істі күнө қылыш шайтан жүрді,  
Хайламен көп азғырап адамды енді.

Адамға Хая ана мен –бидай беріп,  
Ақыры өзі сипат ғасы қылды.

Ғасы боп Адам, Хая жерге тұсті,  
Холла тон үстіндегі аспанға ұшты.  
Құданың құдіретімен екеулері,  
Жұда боп бір-бірінен айырылысты.

Онан соң жердің жүзін мекен етті,  
Екеуі бірнеше жыл бөлек кетті.  
Көп болды екеуінен туған бала,  
Өш болып шайтан, әне, азғырыпты.

Бағзысы ғасы болды жолдан шығып,  
Адамның әмір еткен сөзден(сөзінен) шығып.  
Шайтан құлық еткен алдауменен ,  
От бирлан пүтка жүрді сәжде қылып.

Бөлінді онан кейін: ислам, кәпір.  
Хайламен, әне, азғырап шайтан ақыр.  
Алланың: “Әмір, Мағруф жолын” тұттай,  
Кәпірлер Ҳақ жолынан қалды ғапт.

Мүминлер Ҳақтың жолын тұтып тұрды,  
Тынбастан Әмір, Мағруф ісін қылды.  
Көңіліне неше түрлі киял салып,  
Фазазіл һәм оларды көп азғырды.

Көңіліне салар еді бұл киялды:  
-Сарп етпей Ҳақ жолына жиған малды,  
Әркіммен көнілі сүйген ойнап-куліп,  
Шаттықпенен шкіл,- деп- шараптарды.

Ораза, намаз үшін жәбірленбе,  
Өзінді жігітлікте ғамға[358] салма.  
Ақырда, бозбалалар, тәубе қылсан,  
Күнәңды кешіреді Қадір Алла.

Бұл сөзге ғасы мүмин мағрур[359] болып,  
Жүреді харам малға көнілі толып.  
Фазабыш ақыреттің көнілге алмай,  
-Ораза мен намазды тастағыл!-деп.

Ғұмырында қаша күнө қылар пенде,  
Дүниеде жаза болмас өр кез онда(ана).  
Ол қылған күнәларының жазаларын,  
Әр түрлі киындықпен көрер таңда.

Бағзылар Хақтың әмірін тұра білер,  
Бұйырган Әмір , Магруф ісін қылар.  
Риясыз намаз оқып, руза(ораза) тұтып,  
Істерден жаманшылық алас жүрер.

Көп болды сауаптары әр пенденін,  
Дүниеде жаза болмас әр кез оның(аның).  
Күнәдан ғасы пенде таза болса,  
Арттырар бәлгі[360] оның қайғы қамын.

Бір күні сапар шегіп бу жаһаннан,  
Айырылса, паруаз[361] етіп, жаны тәннен.  
Алданың ракметіне жақын болып,  
Айырылар онан(анден) кейін қайғы ғамнан.

Кіямет күн болатын уақиғаны,  
Азырак баян қылып айтам, әні.  
Әнеки, Құдай сүйген жақсы пенде,  
Бұл дүние бейбақтан болса пәни.

Өзінің құдіретімен, Жаббар Құда,  
Мәлікке, Мұнқір, Нәнқір қылғай нада:  
“Сүйегіл- пәлен пенде қаза болды,  
Мұләйім жұмсақтықпен сауал сұра!”

Періште жігіт болып, тілі сынық,  
Екеуі кәрге кіргей тағым қылып.  
Пендереге: “Ман рәббик!” -деп, жауап қылғай,  
Дер пенде: “Раббым Алла”, - мұны біліп.

Екінші: “Дінің кім?” –деп сұрап Мәлік,  
Пенде айттар: “Дінім-Мұхаммед, ісім (ашым)-көріп”.  
Онан соң әрбір түрлі сауал сұрап,  
Токталмай сауалына берер жауап.

Пендереге періштелер тағым қылып,  
Рұқсатпан көрінен кеткен шығып,  
Көр іші раушан болып, нұрға толғай,  
Жұмактың тарапынан жол ашылып!

Құдайым ол пендереге үйқы салар,  
Мас болып көр ішінде үйықтап калар.  
Исрафил сорын тартып, тірілгенде,  
Үйқысы қанбағандай болып тұrap.

Күнәкар, ажал жетсе, пенделерге,  
Лақаттап, кебінге сап, қойса көрге.  
Қолында оттан күрзі, аузы-жалын,  
Перште айбат бірлан кірер көрге.

Айбатты перштені пенде көрген,  
Мәліктен: “Ман рәббик”-деп, жауп келген.  
Токталып көріп пенде қарап тұrap,  
Демеке: “Раббым Алла”-тілі келмей.

Перште күрзі бірлан пендені ұrap,  
Басқаның инсан жыннан бәрі білер.  
Сол күннен киямет болғанынша,  
Пендеge әrbіr тұrlı ғазап қылар.

Құдайым, ракым айла, өлгенимде,  
Тәндегі аманатты бергөнімде.  
Тіліме: “Раббым Алла!”- жары бергіл,  
Перште. “Ман рәббик”-деп, келгенінде.

Біr күні сурын тартар Исрафил,  
Болғаны- сурын[362] тартса, заман акыр.  
Тау мен тас, ой мен шұнқыр бірдей болып,  
Болады жердің жүзі Айдай тақыр.

Дүниеде өлмей қалmas ешбіr пенде,  
Басқалар біr Құдайдан болар мурда[363]!  
Қабірді халықтың бәrі қарап алар,  
“Иаржиғу кулли ша-ин [364]” мазмұнында.

Өліктер үшал күні шайтан лагын,  
Әр тұrlı киындықпен алар жанын.  
Фазірейіл құллі жанды кағиз [365] етер,  
Хисапсыз жаратылған перштенін.

Перште төрт Мукарраб [366] тіr қалар,  
Әуелі Мекайылдің жанын алар.  
Исрафил, Жебірейіл, Фазірейіл,-  
Нәубет біrлан берген жанын hөm олар.

Онан соң қырық жылғаша жаткан оліp,  
Жараса ағымалына жаза көріp,  
Әуелі Исрафилді тірғіz мірлар  
Алланың құdіретінен өlham [367] келіp.

Жебіреіл, Мекайіл мен ол Фазазіл,  
Олар һәм нәубет бірлан баарлар, біл!  
Жебіреіл перштеге хабар қылар,  
Өзінің құдіретімен Раббым жалил.

Алла айттар:

-Иа, Жебіреіл, жаннат барып,  
Бір тәж бен екі холла келші алып!  
Жұмактағы пыракты алып келші,  
Үстіне жақұт ахмал[368] ерлер салып.

Онан соң жерге түсіп төртеулерін,  
Оларды жиып алып [келші] бәрін!  
Қабірден хорсанда[369] болып, бас көтерсін,  
Мархабат сәлемімді айтқыл менің!

Жебіреіл пәрмен бірлан жаннан кіріп,  
Шығады айтқандарын даяр қылып.  
Бұл күні қоштанатын уақыт болды,  
Ғашықтың максатына өзі қылып.

Қабірден Расул құда бас көтерер,  
Төртеуі тағым бірлан солем берер.  
Сүйініп:

-Иа, Мұхаммед, хорсанда бол,  
Бір Құдай айттысына [қылар] даяр.

Расул айттар Жебіреілге:

-Иа, паруар,  
Көнілімде хош қылатын не хабар бар?!

Жебіреіл Расулге айттар:

-Сізнің үшін,  
Тәж бірлан холла, пырак жіберділер.

Расул айттар:

-Жебіреіл, мұның бірлан,  
Көнілімнен еш уақытта шықтайтын гам!  
Бұл күні көміл көнілім шат болатын,  
Мен сізден басқа нәрсе сұрағаным.

Мұнан соң Жебіреіл:

-Расул хак,  
-Жұмактың барша жемісі сізге муштақ[370].  
Әуелі жаннат ішіне сіз кірерсіз,  
Қайғыдан көніліңізді айлағыл шат!

**Расул айтар:**

-Бұған да болмаймын шат,  
Бәрі де инсан жынның болды фариад.  
Күнәкар ғасы жайын [жасы] үмбетімнің  
Ахуалы[371] нешік болар, айлағыл иад.

**Расулға Жебірейілдер:**

- Кайырланам,  
Осылайша Жаббар Құдай айтты сәлем:  
“Тозакта бір пендені қалдырмаймын,  
Ғұмырында бір калима айтса маған”.

Бұл сөзге Расул құда бек шаттанып,  
Тәж бірлан холла тонды киген алып.  
Үстіне сол пырактын мініт алып,  
Түбіне гаршы ағланың тұрды барып.

Алладан пәрмен келер Исрафилге:  
-Жатыпты көп халайық жерде, көрде...

Исрафил пәрмен бірлан даярланып,  
Тартайлар бір мәртебе сурын алып.  
Әуелден ақырғаша жанның бәрі,  
Өзінің денесіне кірген барып.

Алланың пәрменімен тірілер жан,  
Болады бұрынғыдай жамиғ [372](жұмла) ғалам.  
Әр кісі көр басында шығып тұrap,  
Тірілмей өр кез қалмас ибн адам [373].

Баршасы инси –жанның бас көтерер,  
Бір аттың тұяғынан мың кісі өрер.  
-Махшарға халайықты айданыз!-деп,  
Алладан перштеге өмір келер.

Мәліктер колына алып құрзілерін,  
Махшарға халайықтың айдар бәрін.  
Ол құні халайықты қайғы басар,  
Еш пенде бір-бірінің білмес халін.

Баарлар ол махшарға ибн адам,  
Әркімдер өз халімен зар еніреген.  
Күн келіп наиза бойы тас төбене,  
Мысалы жер темірдей қызыл болған.

Жүре алмас ешбір пенде жерді басып,  
Баратын жер таба алмас одан қашып.  
Тілдері тізеге түсіш, шөлдегеннен,  
Жүре алмас жерді басып, зар жыласып.

Дүниеде бағзы мүмин қайыр қылар,  
Кәріпке нәрсе беріп, халың сұрап.  
Мүминнің дүниедегі қайырлары  
Басына сая болып келіп тұrap.

Өлгенде, әзір(қазір) болар хауыз кәусар[374],  
Отырап төрт бүрышта төрт шаһриар.  
Сүйікті бір Құданың пендесіне  
Төртеуі саки болып су бере алар(берерлер).

Пенделер мұндай болып шөлдегенде,  
Сейлеуге тіл шамасы келмегенде.  
Суынан хауыз-кәусар несіш еткіл,  
Күнәкар біздей кәріп пенделерге.

Ол күнде әзір(қазір) болар қылган күнө,  
Адамзат мойнына алмас оны(аны) ,сірә.  
Алдында халайыктың шерменде тып,  
Кол,аяқ мүшелерің болған күә.

Аяқ айтар:

- Менің бірлан жүрдің!-дегей.

Кол айтар:

- Менің бірлан алдың!- дегей.

Лажсыз кәріп пенде мойнына алар,  
Демеске: “Алмадым”, - деп, тілі келмей.

Дүниеде әр не қылып пенде жүрер,  
Карамал катибин[375] жазып тұrap.  
Халайыктар махшарға жиылғанда,  
Алдынан: “Оқығыл!”-деп, әзір(қазір) қылар.

Адамдар хат білмейтін- болар молда,  
Қағазды оқығалы алар қолға.  
Бағызы- Құдай сүйген пенделердің  
Алдынан нама келер, яки оннан.

Оқиды жақсылық - жазған хаттан,  
Оқиды халайыкка қылып мақтан.

Күнәлү, сорлы болған пенделердің  
Сонынан нама келер, яки арттан.

Бәріп де күнәсінің салар хатқа,  
Ұялып қарай алмас адамзатқа.  
Күнәсінің барына көзі жетіп,  
Түседі кәріп пенде хежеләтка [376].

Қолына ала жіп жоқ алған, әні.  
Қағазды, ашып көрген, оқығалы.  
Қараса сауабынің ешбірі жоқ,  
Қағазға жазылыпты күнәлары.

Пенде айттар:

-Ай, Құдая, құллі ғалам,  
Бұл емес оқып көрсем, менің намам[377].  
Жолына кеш те күндіз тынбай журдім,  
Келеді не себепті (нама) мұндай маған?!

Дүниеде әрбір түрлі қайыр қылдым,  
Көрілтің нәрсе беріп, халін білдім.  
Астан- қайыр, малымнан зекет беріп,  
Ораза мен намаздан ахир[378] құтылдым.

Олардың(алардың) ешбірі жоқ бұл намада,  
Орнына жазылыпты күнә менде.  
Ол қылған сауабымның қайыры қайда?  
Білдірші құдіретінмен, Құдауанда!

Алла айттар:

- Жақсы қылдың қайыр ісін,  
Бірақ сен істемедің менин(мәнім) үшін,  
Ол қылған қайырынды мақтан қылып,  
“Атынды,-сен ойладың-өркім білсін”

Ораза мен рия болды намазың һәм,  
Сауабың оның үшін жазылды кем.  
Пенденің көңліндегі ойлағаның  
Айттырмай білдіремін құдіретіммен.

Есітіп кәріп пенде болар ғамнак[379],  
Аһ үрып, жағаларың айырар өлсек.  
Құдайым, мен коріпке таупық беріп,  
Көңлімді риялыштан айлағыл пак!

Өлгенде күрүлады таразы һәм,  
Пенденің қайырын салар күнә бірлан.  
Бағзы бір Құдай сүйген пенделердің  
Күнәлары сауабынан болады кем.

Сауабын ауыр келген пендे көрер,  
Шаттанып көнілдері, жақсы жүрер.  
Бағзы бір гасы болған пенделердің  
Күнәсі сауабынан ауыр келер.

Күнәсі ауыр келгенін көрер пенде,  
Толады қайғыланып көңілі ғамға:  
-Сауабым не себепті кем болды?-деп,  
Алдына таразының барған(анда) онда.

Көреді қолыменен наманы ашып,  
Емес дүр амалына бүл монасеб[380].  
Пенде айттар бір Құдайға зарын қылып:  
-Намазды оқып едім түнде тұрып.

... Парызды мойнымдағы құтылып ем,  
Жолында кеш те күндіз тынбай жүрдім.

Олардың бүл намазда ешбірі жоқ,  
Орнында болып дүр күнәһым көп.  
Құдайға кәріп пенде зары қылар:  
-Өзінің құдіретінмен білдірші!-деп.

Алла айттар:

-Маған қылдың көп жақсылық,  
Бәрін де қызметінің түрмисін біліп.  
Дүниеде тірі жүрген уақытында  
Әркімді сырттан жүрдің гайбат қылып.

Көтердің ол пенденің күнәларын,  
Сыртынан гайбат қылып айттың бәрін.  
Қайырынды неине жылғы (ана) соған бердім,  
Орнына сауаптарың кетті сенін.

Есітіп кәріп пенде ғамқін болып,  
Түр ғайлар қызыл жүзі ғулдей солып.  
Бағзы бір дүние күган пенделердің  
Амалын таразыға салар келіп.

Дүниеде еш болмаған қайыр ісі,  
Тірлікте күнө болған бар қылмысы.  
Дүниеде көп жетімнің малын алып,  
Өлтірген жер-жерінде нақақ кісі.

Күнәның жер-жерінде қылған бәрін,  
Ораза мен қойып кеткен намаздарын.  
Астан-қайыр, малынан зекет бермей,  
Харамнан жер жүзінде жиган малын.

Аскаптар таразыға пасық фажир[381],  
Заардан жоқ болып дұр сауаплар.  
“Ай, пендеге, құдайынды ұмытпа!”-деп,  
Құдайым ол пендеге хабар қылар.

Алла айттар:

- Топырақтан адам қылдым,  
Дүниеде ғылым, хикмет,-бәрін білдін.  
Жердегі макұлықаттың баршасынан,  
Абзал боп, әууалында[382] жаратылдын.

Ақ жолды, оку бердім, білмек үшін,  
Мешітке, аяқ бердім, жүрмек үшін.  
Он екі ағзаларынды түтел бердім,  
Дүниеде бүйрығымды қылмақ үшін.

Көз бердім: “Оқығыл!” - деп, Құран көріп,  
“Зікірді айтқыл!” - дедім, - тілді беріп.  
Өзімнің құдіретіммен күнбе-күні  
Ырзықты тұрып едім әм жіберіп.

“Менен деп - ойламадың - оның бөріп”,  
Әркімнің, “көсібім”, - деп, алдың малын.  
Зәредей таразыда сауабың жоқ,  
Бұл күнде нешік болар енді халиң!

Есітіл көріп пенде көп қайғырап,  
Жері жоқ онан(анден) басқа мойын бүрар:  
-Иа, Алла, арызым бар, тынданыз!-деп,  
Топыраклен жүзін сұртіп, жылап тұрар.

Айттарлар көріп пенде қылыш нала:

-Бар еді сүйікті перзент, ата-ана!  
Олардан: “Шапағат бер!” - деп, мен тілеймін,  
Баруға рұқсат берсең, Хак тағала!

Тілегін Хақ тағала қабыл көрер,  
Пенденің баруына рұқсат берер.  
Көзінен қайтара-қайтара(катыра) жастар төгіп,  
Алдына атасының пенде келер.

Пенде айтар атасына жылап гериан[383]:

-Дүниеде жақсы көрген перзентің- мен.  
Өлшеуге ғамалымды салып едім,  
Сауабым күнәмнан болып түр дүр кем.

-Ай, ата, оның(аның) үшін сізге келдім,  
Ұлыңың кәріп болған халін көрдін.  
Атальқ құрметіңмен ракым қылып,  
Азырак мен кәріпке сауап бергін(берің)!

Ах үрып атасы айтар перзентіне:  
-Менен акы(ахы) сұрамағыл, көп тір күнә.  
Бұл күні саган берер сауабым жок,  
Саяалты басқалардан барып сұра!

Есітіп кәріп пенде болады зар,  
Көзінен жасын төгіп, жіберу бар,  
Атасының алдынан үміт үзіп,  
Зар қылып баласына енді барап!

Пенде айтар зар қылып:

-Ай, перзентім,  
Әуелде сені Хақтан тілеп алдым!  
Бір сені тәрбиелеп, күтемін деп,  
Өзімді неше түрлі ғамға салдым.

Көп болды соның үшін күнәларым,  
Өлшеді таразыға салып бәрін.  
Азырак, нұр дидарым, сауап бергіл,  
Атаңың кәріп болған кәріп халін!

Зар жылап, бала айтар:

-Ай, атажан,  
Бұл күнде мен әм сіздей қайғылымын.  
Бар болса, сауабынан өзін берші,  
Ұлыңды халық ішінде қылмай гериан.

Есітіп қайғыланар кәріп пенде,  
Аузынан түтін шығар ах үрганда.  
Сол жерде баласынан үміт үзін,  
Алдына катынының барған анда.

Пенде айттар катынына:

-Ай, халалым!

Дүниеде бір сен едін жан берерім!

Дүниеде сенен басқа досым(достым) жок,  
Ата-ана, үл-кызды қойып бәрін!

Сен үшін жер жүзінде өр не кылдым,  
Мал іздел, нәһи мұңқір жолға кірдім.  
Сен үшін дүниені мұнша іздел,  
Ақырда таразыға мен тұтылдым.

Бұл күнде қайғылымын некем халал,  
Күнөһым сауабымнан көп боларлар.  
Азырақ мен кәріпке сауап берші,  
Ерінді халық шінде қылмашы зар!

Катыны айттар:

-Бұрын мені қайда көрдін?

Дүниеде сендей ерді еш көрмедім!

Дүниеде сен сипатты халалым жок,  
Сөзінді жалған айтпай, жүре бергін!

Есітіп кәріп пенде қайғыланар,  
Аузынан аһ үрганда, оттар жанар!  
Ата-ана, үл-кыздан үміт үзіп,  
Алдына таразының қайтып бараК(бар)!

Алла айттар нада қылып:

-А, иа, пенде,

Еш сауап бермеди ме олар(алар) сенге!  
“Ата-ана, перзентім”, -деп, тұрушы едін,  
Дүниеде түсіп жүрдің қандай камға?!

Көңілінді жаксы көрдін, артық, әне!  
Бұл күнде, кәне, сені танығаны?!

Ақыры солар үшін ғасы болдын.  
Мал жинап олар үшін, болып пәні.

Есітіп кәріп пенде көп қайғырап,  
Болған соң Хактың әмірі нешік қылар.

-Иа, Алла,саған қарар жүзім жок!-деп,  
Басын(бастарын) төмен салып, жылап тұрап.

Алладан хабар келер мархабатым:

-Ай,пенде, басың көтер, болма, ғамқін!

Күнәдан таразыңды айладым пак,  
Фазылыммен сауабыңды ауыр қылдым!

Іккласын маған қойған мұрат табар,  
Мен дүрмін: Файыб[384], Саттар[385], Раббы, Жаббар.  
Ешкімге мұктаж болма, шаттанып жүр,  
Күнәһың бәрін кештім әуел ақыр!

Шүкір ғып, сәжде қылған, болумен шат!-  
Алладан пенде естіп бұл ишарат,  
Онаң(анден) соң хоштықпенен күн кешірер,  
Ол күні күнәсынан болып азат.

- Күдая, қылғанымның бәрі пасық,  
Күнбе-күн ғасылығым кетті тасып.  
Осындай мархабатың кез болмаса,  
Күнәһым күн-күн сайын барады асып.

- Айыр, - деп, - жамандарды жақсылардан!-  
Мәлікке хабар қылар Қадір Субхан.  
- Бөлектеп пендelerді ажыратқыл,  
Өзінің тұрсын әркім жынысы бірлан!

Жиылған махшардағы халықка келер,  
Алланың пәрменімен перштегер,  
Әр пенде дүниедегі жынысымен,  
Пендені ахыр етіп, қойша бөлер.

Бір бөлек- әркайсысын бір сап қылар,  
Шаһитлер, пайғамбарлар һәм уәлилер.  
Қажылер, такуа, заңид, қазыларды,  
Перште әркайсысын бір сап қылар.

Ғұлама, ғалым менен жаһилдарды,  
Айырап сахилардан[386] бахиларды.  
Күданың бүйрығымен ахир етер,  
Тұтпаған хактың әмірін қапылдарды.

Дүниеде сол себепті көпір онша(анша),  
Насыраны: һунди, жәһид, мұнғыл, тырса.  
Перште әркайсысын бір сап қылар,  
Өзінің жынысымен тұрар барша.

Қолына Расул құда ақ ту алып,  
Махшардың оң жағына тұрған барып.

Қасынан пайғамбардың орын алар,  
Әр пенде Хақ әмірін жүрсе танып.

Махшардың сол жағына өлім (ол һәм) барған,  
Ғазазіл қызыл туды қолына алған.  
Ілесіл бірге барада кейін қалмай,  
Шайтанның алдауына кірген адам.

Жарасар ғамалына әркім тұрар,  
Ол күнде неше жерден сап құрылар!  
Дүниеде салтанатты патшаларды  
Кедеймен есіктегі бірдей қылар!

Айдай боп он тәртінші шагиланып,  
Тұрады иманды құл шамдай жанып.  
Жұздері күнәкардың кара болар,  
Танымай өзін-өзі қайғыланып.

Өзіңсің, Құдауанда,- падишаһым!  
Құдая, ғасы құлмын: көп күнәһым!  
Жақсының қатарында дахил[387]қылып,  
Махшарда ауыстырма ,иа, илаһим!

Шайтанның мойнына салып шыңжыр,  
Мәлікке хұқым қылар [сонда] уагил[388].  
Бұл тұрган халайықтар гибрат алсын,  
Отына жаһаннамның оны(аны) апарғыл!

Мәліктер отты шыңжыр қолына алып,  
Шайтанның мойнына сап, сүйрер барып.  
-Иа, Алла, ғарызым бар, мен айтайын,-  
Ғазазіл нала қылып, бек зарланып.

-Токта!-деп,- перштеге қылар пәрмен,  
Тілегін қабыл көріп, құдірет Маулан.  
Ғазазіл онан(андан) кейін тілге келер,  
Құдайга мінажат қып неше алуан:

-Дүниеде күнә істеп, көп жыл жүрдім!  
Шайтан боп, ғасы болып, жазаландым!  
Азғырып бірнеше жыл меҳнат шегіп,  
Өзіме көп адамды серік қылдым:

Аузына харам тағам салғандарды,  
Дүниеде менің тілімді алғандарды,  
Күнәның дүниедегі бөрін қылып,  
Айрылып иманынан қалғандарды.

Жолдасым дүниедегі олар(алар) менін,  
Дүниеде олар менін жолдастарым.  
Фаділдік істесеніз, иа, Илләһим,  
Фазапты дұрыс болар бір көрмегім!

Тілегін Фазазілдің кабыл алып,  
Мәлікке хабар қылар Жаббар-хатик.  
-Шайтанның алдауына жүргендерді,  
Бір кесел аһұяға алып барып.

Дүниеде күнә істеп жүргендерді,  
Шайтанның алдауына ергендерді,  
Нәпсінің алдауына қіріп[алып],  
“Озінен дүние өтпес” -деп, білгендерді.

Мойнына баршасының салып шыңжыр,  
Сүйреніз ғасылардың жазасы-сол!  
Күнәкар ғасыларды тозакқа сал,  
Халықка махшардағы енді барғыл!

Есітіп Расул Құда бұл наданы:  
-Не дүр?-деп, Жебірейілден сұраған,өні!  
Жебірейіл бастан-аяқ баян қылар,  
Шайтанмен болып тұрган уакиғаны.

Мұхаммед үмбетінің халін біліп,  
Орнынан жөнеледі сонда тұрып.  
Күнәкар ғасы болған үмбеттерді  
Жеткізбей жаһаннамға жетер күып.

Шайтанға нада қылар Расул құда:  
-Ай, залым, бұлар-үмбет болар мана.  
Өзімнің ғасы болған үмбетімді  
Не себепті апарасың жаһаннамға?!

Шайтан айттар:  
-Бұлар- менің жолдастарым.  
Дүниеде азғырып ем мұнын бөрін.  
Сол қылған дүниедегі күнөсі үшін,  
Тозакқа өзім бірлан апарамын.

Расул айттар:  
-Үмбетім дүр бұл өуелден,  
Бұл жерде үмбетімді саган бермен!

## Шайтан:

-Бұлар- менің жолдасым!-деп,  
Дәлел(далил) сөз көрсетеді неше алуан.

Сол жерде бір гажайып қылар кауга,  
Үмбет үшін екеуі салынып дауға.  
Құдайым Құдіретімен екеуіне,  
Осылай хабар берер Қадір Алла.

## Алла айттар:

-Қылманыздар енді жаңжал,  
Пендені орынына қайта алып бар!  
Бір төре араңыза хұкім етсін,  
Айтысып екеуіңіз қазыга бар!

Дүниеде мазшап болған төрт имамы,  
Махшардың төрт жағына қойған. өні!  
Алдына имамлардың жібереді,  
Әркімнің болса сонда дау-жаңжалы.

Төртеуі махшарда болар казы,  
Сұрайды әр пенденің болса гарызы.  
Алдына имам Ағзам айтыспаққа,  
Баарлар бұл екеуі болып разы.

Расул мен Фазірейлді Ағзам көріп,  
Расулға сөлем берер тағымын қылыш.  
Имамға дағуаларын айтпақ болып,  
Екеуі отыра калар түп жүгініп.

## Расул айттар:

-Көп менің үмбетлерім,  
Бағзысын азғырыпты шайтан оның(аның).  
Күнәлү үмбетімді жолдас қылыш,  
Жұмакқа бірге оларды апарамын.

Келіп ем үмбет үшін мен әуелде,  
Дүниеде түсіп жүрдім қанша ғамға!  
“Күнәсін акыретте кешемін!”-деп,  
Өзіме уағда қылған Құдірет Алла!

Үмбетім жер жүзінде қылған күнә,  
Көңілін артық койып маған ғана!  
Жаннатқа шапағат қып апарамын,  
Күнәсін ғапу етсе Хақ тағала!

-Неше жыл қызмет қылып, ашып-ардым,  
Бағзысын кумра[389] қылып, жолға салдым!  
Дүниеде әрбір түрлі іс қылдырып,  
Көңілінен иман нұрын алып [калдым].

Дүниеде олар маған болған тірек,  
Әр түрлі алдауыма жүрген еріп,  
Сол қылған дүниедегі күнөсі үшін,  
Тозакта бірге жатсам, ғазап көріп!-

Екеуі муддағалы[390] сөзін(айткан) [терген].  
Көккеше имам Ағзам үндемеген.  
Бұлардың бұл дауына хұқым айтып,  
Имамға бір Алладан хабар келген.

Имам айттар :

- Жер жүзінде мен жүрдім көп.  
Әркімге рауаятты мен бердім көп.  
Дүниеде имам болған заманымда,  
Сұрады мәселеңі бір адам кеп.

Ол айтты:

- Диқан болып егін салдым,  
Егінім піскеннен соң, орып алдым.  
Бидайды сабанынан ажыратып,  
Қырманды көтермекке даярландым.

Окитын намазымның уақыты (болды)[келді],  
Астымда өгізім бар жүрер, ерді .  
Өгізді бір ағашқа байлан қойып,  
Арыққа таһарат үшін келдім,-дейді.

- Арықта суға барып, таһарат қылдым.  
Намазды уақыты бірлан өм күтылдым.  
Қайтып келсем, өгізім өліп жатыр,  
Кетпіті іші жарылып, оны(әні) көрдім.

Ағаштан байлан қойған жіп босанып,  
Бидайды жеген екен өгізім барып.  
Хисапсыз іші толып кеткеннен соң,  
Өгіздің жіберіпті ішін жарып.

Ішінен төгіліп жатыр бидайлары,  
Қарасам, таза болып жатыр бәрі.

Иа,имам, бұл бидайды нешік қылат,  
Мен сізден келдім,-дейді,- сұрағалы.

Мен бердім ол пендеге мәселеңі:  
-Тұқым қып жерге сепкіл,-дедім,-оны(әні).  
Піскен соң, өз алдына орып алып,  
Екінші тағы жерге сепкіл оны(әні).

Жеместен тағы жерге үш қайта сал!  
Мен айттым:

- Төртшілде болар халал!

Біреуте осытайша хұқім айттым,  
Дұрыс па құдіретіңе на, зол[391], жолал[392].

Алла айтты:

- Дұрыс емес бұл қылғаның,  
Пендерді ренжітіп мұнша менің(мәнің)!  
“Дұрыс!”-деп, бұл хұқімді неге ұзарттың,  
Төрт жылға жетеді ме ғұмыры оның?!

Құранда аят бірлан хабар бердім,  
Мусин[393]құллі пенделердің есен(асан) қылдым,  
“Әр нәрсе жер жыныска араласса,  
Болса да қанша күнә, пәк!-деп едім.

Руаят көрмедің бе, ол Құранда,  
Мұнша қыын айтыпсың көріп құлға!  
Бір жолы жерге түскен пәк болады,  
Екінші руаятты мұндай қылма!

- Иа, Алла, қате қылдым бір жолы мен,  
Бір мәрте бұтмагенді кешіргіл сен!  
Бұл айтқан мәселеңден гибрат алып,  
Расул мен Фазірейлге бүйірдым мен:

- Дүниеде күнә қылып, пенде жүрген,  
Өлген соң жер койнына барып кірген.  
Неше жыл топыракпен бірге жатып,  
Алланың пәрменімен әм тірілген.

Пенделер әуелінде күнәлы өлді,  
Махшарға жерден шығып, пәк боп келді.  
Мұхаммед үмбетінің күнәсы жок,  
Осылай хұқім қылдым сізге!-дейді.

Орнынан шаттық(шатлық) етін тұрар Ахмет.  
Тұра алмай орынынан Шайтан лағынет!  
-Бұл сөзге мен разы емеспін!-деп-  
-Шафигқа[394]барам!-деп,қылар фариад.

Шафигқа Расул бірлан Шайтан жүрер,  
Алдына тізе бүтің hәм отырап.  
Екеуі бастан-аяқ сөзін айтып,  
Имамға сол арада баян қылар.

Есітіп имам Шафиг қарап тұрған,  
Бұларға еш нәрсе деп бүйірмаған.  
- Бұл сөзін екеуінің ажырат!-деп,  
Шафигқа Жаббар Құдай әмір қылған.

Шафиг айттар дүға қып:  
-Иа,Илләһим!  
-Менің де сұралмаған көп күнәһым,  
Күнәдан әуел мені таза қылшы,  
Бүйрықты онан(андан) кейін мен қылайын!

Иа,Алла, хұқім еттім жер жүзінде,  
Мәселе айтып едім әрбір кемге.  
Алдымға екі адам кеп дағуаласты,  
Дүниеде имам болып жүргенімде.

Біреуі айтты:  
-Арызым бар,- дейді,-менің!  
Бар еді егін салар жерім менің.  
Сапарға өзім үйден жүріп кетсем,  
Бұл кісі егін салған бәріне оның(аның).

Өзімнен бір мәртебе сұрамай,әні,  
Жерімді қылып койған бұл жаралы!  
Бұл жерде мұның ешбір хақысы жок,  
Бұрыннан өзімдікі еді бәрі!

Сұрасам жерлерімді бүгін келіп,  
Айтысып:"Алғыл,-дейді,- мені женіп!"  
Жерімді астығымен әперініз,  
Айтамын оның үшін сізге келіп.

Біреуі айттар :  
- Жалған емес, рас айттар,  
Ол жердің әуелінде иесі бұл!

Сол жерін жырта алмаған, жырттым, ектім,  
Мехнатпен жапа шектім бірнеше жыл.

Жеріне бірнеше жыл мехнат еттім,  
Өзіме тиісті ғып егін ектім.  
Тынбайын бірнеше жыл жолында боп,  
Ол жерге әлденеше бидай септім.

Осынша мехнат қылдым бірнеше жыл,  
Ойладым:

- “Жер тиер, - деп, - өзіме”, - мен.  
Иа, имам, арамызға хұқім айтқыл,  
Шықтайын, не қылсаныз, созінізден.

Мен айттым:

- Әуелінде сенікі - жер,  
“Жерінді аламын” - деу-болар бекер.  
Мынаның мехнаты құр болмасын,  
Бидайын үстіндегі өзіне бер!

Оларға хұқім еттім осылай деп,  
Разы болып екеуі кетті жүріп.  
Бұл хұқім құдіретіне дұрыс па екен?!  
Онан соң бұған хұқім айтамын!-деп.

Алла айттар:

- Катесі жок, дұрыс қылдың!  
Бұрынғы иесіне жерді бердін!  
Астығы-мехнат қылған-үстіндегі  
Иесіне наумыз қылмай, алып бердің.

Онан соң Шауғіф айттар:

- Қылдым дүга,  
Иа, Алла, арызым(гарызым) бар және тында!  
Пендерге құнө пайда болар ма еді,  
Анадан туған шакта өліп қалса?!

Алла айттар:

- Әуелінде құнөсы жок,  
Күнөдан бірнеше жыл жүрер пок боп.  
Күнөны пенделерге шайтан салған,  
Хайламен кеш те күндіз көп азғырган.

Шағіф айттар:

- Хұқім етем, иа, Иллөһим!

Тыңдал түр ғаділетті падиша һәм.  
Бірін қоймай кінәны шайтан алсын,  
Пенделеге өзі салған бар күнәсын!

Әуелі Мұхаммедтің үмбетлері,  
Дүниеге күнәсыз бол келген бәрі.  
Анадан жаңа туган қалпыменен  
Пайғамбар шапағат қып алсын оны!

Орнынан құлдық қылып Расул түрдү,  
Тұра алмай шайтан Лагын һәм отырды.  
Періште ғазазілді алып барып,  
Тозақта неше түрлі ғазап қылды.

Пенделер халас болар бүл мүшкілден,  
Құдага сана[395] айтар бәрі бірден.  
Махшарда бір сап болып отырады,  
Расулға даурит[396] айтып жан дін бірлан.

Құдая, ғасы жанбыз шермендемін,  
Күнәһым таудан үлкен бір пендең.  
Достынның құрметінде құткармасан,  
Шайтанның алдауына мен ергемін.

Періштеге хабар қылар:

-Иа, Саруар,  
- Сираттан пенделерді өткізіндер!  
Жақсылар жаннат барып, рақаттансын,  
Болсынлар жамандардың орыны тар.

Құданың әмірі бірлан айдар Мәлік,  
Еш пәнде өтпей түрмас онан қалып.  
Жылған махшардағы халықтың бәрі  
Шұбайды өтпек болып: “Иа, Алла”-лап .

Ол күні жеті тозақ қатар тұрап,  
Үстінен қыл көпірді һәм құрарлар.  
Қылыштан өткір болар, қылдан нәзік(нәжік).  
Ұзынын үш мың жылдық, әне, қылар!

Мың жылды жоғарыға жүрер пенде,  
Қарангы үсті болар кешеден де.  
Құдая, мұсылманға қуат берші,  
Мың жыл тәмен жүріп отер пенде.

Көпірі кияметтің -кылыштан жол,  
Күнәлы адам өте алмас одан (аңдем) әр кез.  
Мың кісі қатар жүрер жолдай болар,  
Сүйікті пендесіне жолықса кез.

Жиылған махшардағы барша жаңнан(жанден),  
Не жақсы, Ҳақ жолына, не жаманнан(жаменден),  
Жаратқан бір Құданың макұлықтары  
Қалмагай ешбіреуі от пен одан (аңден).

Файдінің [397] күндерінде әр мұсылман,  
Мал сойып, ҳақ жолына қылса құр ған.  
Құданың мұсылманға бүйрығы-осы -  
Пыракқа міншіл өтер- құрбан шалған.

Пенделер сонда қарап, қорқып кетер,  
Алдынан қарсы шығып, Құрбан жетер.  
Дүниеде құрбан шалған ғазиз пенде  
Міншіл ап қыл қөпірден бір-ак өтер.

...Онан соң махшардағы көп халайық  
Баршасы жылай-жылай қадам басар.

Пендеңе қының болар бұл қабағат,  
Сираттан өтпектегі қалмай ғайын.  
Отына жаһаннамның барып түсер,  
Мұбада қыл қөпірден кетсе, тайып.

Көпірден лажы жок пенде жүрер,  
Жүрмесе, құрзі бірлан періште ұрап.  
Жүргуте бағзысының ҳалі келмей,  
Үстінде қыл қөпірдің қарап тұрап.

Жүре алмай бағзы адам жаткан тосып,  
Қалтырап буындары, зәресі үшып.  
Шулайды: "Субхан Алла!" - мүмин адам,  
Кетеді тар сираттан құстай үшып.

Кейбіреу шауып өтер, кейі желіп,  
Тозақта қәпір қалар кайғыланып.  
Жігіттер, дәл осының болуы ҳақ,  
Төубе қыл, дүниеде мұны біліп.

Тартады күнөлы құл ғазапларын,  
Құданың өзі білер онын(анын) жайын.  
Тозақта иманды құл мудда[398] жатпас,  
"Иман тұтқан", - дейді құлын онын(анын).

Иманды жаста өлген балаларды,  
Сиратқа келтіргейлер һәм оларды.  
Оларға асани болар осы пәрмен,  
Иіріп алып келер сәбілерді.

Балаға айттар перште:

-Ай, ғазизлар,  
Дүниенің ләззатынан безген-сіздер.  
Жаннаттар сіздің үшін енді жар дұр,  
Сираттан хоштық илан өтініздер!

Бала айттар:

-Фарызымызды тынданыз сіз,  
Бар еді бізді тапқан ата-анамыз.  
Олардың дидарларын көрмейінше,  
Сираттан кадам ұрып, өте алмаймыз.

Перште балалардан мұны естіп,  
Аллага мағлұм қылған ғарыз етіп.  
Құданын құдіретіменен жас балалар  
Ата мен анасына барған жетіп.

Көргейлер жас балалар ата-анасын,  
Аналардың аягына қояр басын.  
Құданын ахуалына баян етер(айтар),  
Ағызып екеулері көзден жасын.

Балаға перште айттар:

-Тез жүріндер,  
Сіздерге жұмактағы хурулайны[399] зар.  
Бұлардың сізлер бірлан жұмысы жок,  
Ата-анаң ғасы жафи[400]пенде дүрлар.

Бала айттар:

-Жер жүзінде журмей өлдік,  
Дүниенің еш қызығын көрмей өлдік.  
Біз үшін мекнат шеккен ата-анамыз,  
Кызметін тірлікте қылмай өлдік.

Егер де тозақ барса ата-анамыз,  
Біздер һәм олар бірлан бір барамыз.  
Күнөсін Жаббар Құдағапу етсе,  
Жаннатқа өзімізбен апарамыз.

Мәлік барап дәргаһына Құданың,  
Бұлардың мағлұм етер гарыз-халін.  
Баланың күрметімен Жаббар Құда  
Күнәсынғапу еткен ата-ананың.

Алланың мархабатын бұлар биліп,  
Құданың раҳматын көзі көріп,  
Жүзіндегі қылыштардың қыл көпірден  
Қара жер мысалында кетер жүріп.

Кейбіреу жүрмек үшін қадам ұrap,  
Жығылатын болған соң қайтып тұrap.  
Перштегелер отты құрзі колына алып:  
“Жүргіл!” -деп, пенделерді қойша ұrap.

Пенделер жүре алмай, кейін қашып,  
Тамұқтың һайбатынан ғакылы қашып.  
Жиылған махшар халқы қойдай шулар,  
Нала ғып, баршалары зар жыласып.

Сол жерде әзір(хазір) болар Расул-анам,  
Сираттан өтпек үшін ұрган қадам.  
Расулдың етегіне жабықсандар-  
Өтпекке мұктаж болып тұрган адам.

Тұттайлар етегінен бағзылары,  
Тартпаққа бағзысының келмес хали.  
Біреуінен біреуі мықтап ұстап,  
Ақыры жабысады жанның бәрі.

Пайғамбар қадам ұrap қылып һамад[401],  
Ілесіп арқасында барша үмбет.  
Үмбетін жаһаннамнан аман қылар,  
Құдайым пайғамбарға қылып ракмет.

Құдая, қыл көпірден аман сакта,  
Тайдырмай аяғымды бөтен жаққа.  
Сүйікті Хабибіне колым жеткіз,  
Тақалып тар сиратқа жеткен шакта.

Сираттан өтсе, нұрланар пенде жүзі,  
Алдынан қарсы шығар хордын қызы.  
Басына табақ бірлан нұрын шашып,  
Жұмакты айла ғайлар оның орны.

Ол күні жаннат көкten Жаббар халық,  
Сыңыққа Әбубәкір берген алып.  
Алланың жарлығынша- пенделерге  
Есігін Әбубәкір ашқан барып.

Пайғамбар, шаһидлар мен баршалары,  
Қажылыр, тақуа, заңид және кари,  
Әр пенде өз жынысымен бір ілесіп,  
Жаннатқа шадыман болып кірген бәрі.

Берілер бір пендеге неше хордан,  
Осыдан үміт үзбе енді адам!  
Жаннатқа кірсе, қалмас еш қайғысы,  
Көңілінде еш максаты болмаған һәм.

Пенделер холла киіп, құшар хорды,  
Фишратумен[402] өткізеді барша күнді.  
Алдына баршасы кеп қызмет қылар,  
Тілесе, көңілі ашық неше түрлі.

Бақтарда паруаз айтып, құстар жүрер,  
Әр түрлі әуез бірлесе беріп тұрап.  
Мубала пенде көңілі хош тілесе,  
Ол құстар келіп кабап қылар.

Тілесе егер пенде, пырақ мінер,  
Әр күнде бес жұз жылдық жолға жүрер.  
Көңілі қанша жерге бармақ болса,  
Баршасын бір сағатта сейіл қылар.

Ол күнде жұмактағы жас пен кәрі,  
Ерлердің жыйырмада болған жасы.  
Онан соң еш уақытта кәрі болмас,  
Қыз болар он төрт жаста әйелдері.

Жұмакта тамаша ғып бұлар жүрер,  
Қосылып тамаша сұқбат қылар.  
Ол жаһан ғишратуда шармақ [403] жок,  
Біткенше муддағасы ойнап кулер.

Жұмактан орын алған пенделерін,  
Шақырған сыяпатқа Алла бәрін.  
Дидарын пенделеріне несіп етіп,  
Көтеріп ортасында паруарларын.

Көргенде (көргейлер) Хак дидарын барша мүмин,  
Көңілінің қайғысы кеткен сол күн.  
Алдына бұл кісінін пайда болып,  
Көре алмай Хак дидарын болар ғамкін.

Пендене хабар қылар Құдауанда:  
-Шүкірлік, сәждे қылғыл енді менге!  
Алланың пәрменімен баршалары  
Илін сәжде қылар ұшал демде.

Дүниеде мұртын алмай пенде жүрер,  
Әр қылы-бір наизадай болып тұrap.  
Пенделер еңкеймекке бас қойғанда,  
Қадалып әр нелеріне әуре қылар.

Көргендер бас көтеріп барша мүмин,  
Болғайлар ол пенденін көnlі ғамкін.  
Алланың дәргаһында жарамайды,  
Дүниеде мұртын алмай жүрсе әркім.

Дидарын көргеннен сон барша адам,  
Пенденің максаттары болар тамам.  
Сол күннен- қайғы, қамсыз соңғы күні  
Жұмакта мекен етіп тұrap адам.

Көпірлер мәнгі жатар жаһаннамда,  
Ішерге заһар-закым берер онда.  
Тозакта неше тұрлі ғазап көрер,  
Әртенсे де сол отка, күймес пенде.

Корегі тозактың-заһар қашыл,  
Заһар шілп акыргаша жаткан көпір.  
Көпірдің жаста өлген әuletіні  
Хакында неше имамлар қылған нақыл.

Бағзысы:

- Жаста өлген балалары,  
Жаннатқа олар да hәм күрген бәрі.  
Жұмакта мекен еткен пенделерге  
Алдына қызметкер ғып қойған, оні.

Бағзысы айттар:

-Олар hәм тозак, кірер,  
Косылыш атасымен отка күйер!

”Фаламды, ғайыптыны бір Алла өзі білер!” -деп,  
Бұл сөзбен имам Ағзам тоқтау қылар.

Тозаққа бағзы мүмин кірер анық.  
Әр түрлі ғазап көрер, отқа жанып.  
Жараса ағмалына жаза көрін,  
Ақыры жаннат ішіне кірген барып.

Сарай бар алтын, күміс жарқылдаған,  
Ішіне неше түрлі төсек салған.  
Пенделер холла киіл, хорды құшып,  
Көңгілінде бір зәредей болмас арман.

Дүние онан(аннан) кейін болар тамам,  
Торғайлар (түр ғайлар) хошлық бірлан бүкіл дауам.  
“Мұхаммед үмбетімін”-деген құлды,  
Құдайым жаһаннамнан қылар аман.

Сираттан аман өтер барша мүмин,  
Қалмаған үшал отта мүмин деген.  
Сүйікті Хабибінің күрметінде  
Үмбетін Мұхаммедтің қылма(с) ғамкін.

Мұхаммед үмбетіне көп қайғырды,  
Дүниеде жапа шекті неше түрлі.  
Махшарда ғасы жафа үмбет үшін,  
Айттысып Фазазілмен нелер қылды.

Үмбет болсан, Расулдің бүйрығын қыл!  
Сұннәтін кеудене калық қып іл!  
Азғырған ғазазілдің тіліне еріп,  
Зәрдердей шариғатқа болма мұнқір.

Фазазіл азғырады күндіз, кеш те,  
Көңілге киял салар әлденеше.  
Дүниеде әр жұмысын ойға салар,  
Әр пенде хақ бүйрығын қылам десе.

Жаранлар, Фазазілдің тіліне ерме,  
Істерге нахи, мұнқір көңіл бөлме!  
Нәпсісі haya шайтанның тіліне еріп,  
Махшарда халық ішінде қайғы көрме!

Дүниеде қайғы көрмек оңай іс дүр,  
Жамандыкты әрқашан көрме мастер(мастөр).

Махшарда халық ішінде қайтыланса,  
Пендене ол ғажайып жаман мүшкіл.

Құдая, ғамал қылма әр пенденді,  
Көңілінде иман нұры бар пенденді!  
Фазылын, рахматынан уасил[404]айла,  
Хосусан[405] мендей кәріп шерменденді.

Аудардым[сізге] тілмен бұл хикаят,  
Назым ғып түркі тілмен айтылды жат.  
Ақырет күндерді көңіліңе алып,  
Көңілінде сактаныздар, әр адамзат!

Пенденін өлсе қалар жазған хаты,  
Айырықша жазушының керек аты.  
Әз ғылым арабшаны түркі қылып,  
Шығардым назым қылып хикаятты.

Шаригатсыз істерді қош алманыз,  
Ауызыныздан таһлилді тастаманыз!  
Жазушы біздей кәріп мұсылманды,  
Оқығанда, дүғадан тастаманыз!

Жаратқан Құдай артық пайғамбарым,  
Жаратты онын үшін жанның бәрін.  
Естігенге гибрат болмак үшін,  
Шығардым кияметтің ахуалдарын.

Ай, пенде, ертелі-кеш қылғыл тәубе,  
Карсы түр нәпсі деген кәпір жауға!  
Жалғанда тәубе қылмай, ғапіл өтіп,  
Қалманыз киямет күн үлкен дауға!

Біздерге шапағатшы Мұхаммед-ті,  
Көреді үмбет үшін меҳнатты.  
“Ла ила ила Алла”-деген пенде  
Алланың рахматынан үміт етті.

“Мұхаммед-расул Алла”, - десе-дағы,  
Салауат [406] өдет қылып айтса тағы.  
Сүйікті пайғамбардың үмбеті боп,  
Өлгенде ракат табар шыбын жаны.

Төрт имам киямет күні болар қазы,  
Көбінен-тәуір болар сөздін-азы!  
Салауат ертелі кеш айттып жүрсөн,  
Мұхаммед расул Алла болар разы.

Бішніз: кияметтің қымбаттарын,  
Білдірмекке бұл айтқан гибраттарым.  
Мұхаммедтен шапағат іздесеніз,  
Қалдырмай істеп жүргіл сұннеттерін! (сұннатларын!)

Жігіттер, ораза тұт, намаз оқы,  
Исламды: бес парызды-еске тоқы!  
Пайғамбар айтып кеткен өсіеті-  
Өлгенде жаман болар кісі хақы!

Жігіттер, пайғамбарға қылмағыл шек!  
Таза ғып бойынызды, жүрініз пәк!  
“Құдай-бір, Құран-шын!”-деп біліп,  
Және тағы білініз Пайғамбарды-хақ!

Малың болса, зекет бер, қажы барғыл!  
Пайғамбар айтып кеткен ісіне илан-ғыл!  
Парыз, уәжіп сұннаті мен мұстақабыны  
Орнына келтірүте талап қылғыл!

Құдая, иманымды сал аузыма,  
Нашардың қолы жетпес өз аузына!  
Көп адам бізден бұрын өтіп кетті,  
Біз де келіп отырмыз жол аузына.

## Елу үшінші -елу төртінші баптар:

### “Киямет ахуалы” қиссасы

Колыма бисмилла деп алдым қалам,  
Жаратқан барша жанды Хақ тағалам.  
Сұрасан, мұны жазған Мәшһүр-Жұсіп,  
Бере гөр мен кәрілке өзің жәрдем.

Өсіет кейінгіге бермек үшін,  
Сейлейін бір азырақ келсе шамам.  
Бұл сөзді ақындықпен мен жазбаймын.  
Отken жок ақын болып ата-бабам.

Мұнымды шімдегі шығармасам,  
Уайымнан тарқамайды қайғы, санам.  
Құдайға құлшылық қыл, ей, жігіттер,  
Құтылмас ажал келсе барша ғалам!

Жалғаннан бұрынғылар(бұрнағылар) өтпеді ме,  
Жол салған әуел бастан хазіret Адам.  
Жалғаннан өлшеу дәмін біткеннен соң,  
Ілгері баса алмайсың жалғыз қадам.

Қалмай ма әлі-ак бір күн Мәшһүр өліп,  
Жалп етер жетсе қаза, шамдай сөніп.  
Азырақ тарқатайын іштін шерін,  
Кызыл тіл тұрған күнде сөзге келіп.

Жұзінде жалған дүние көп сөйледім,  
Факылға үйлестіріп еп сөйледім.  
Дүниеден ғапіл жүріп біз де өтерміз,  
Ат қалсын кейінгіге деп сөйледім.

Мінеді иманды құл алтын такты,  
Бекерге жібермейік келген шакты.  
Денсаулық, тіршіліктін аркасында  
Безейік аз ғана күн тіл мен жакты.

Болу хак және наанбак киямет күн,  
Онда жоқ мұндағыдай күндіз бен тұн.  
Төсектен түсе алмас болып адам,  
Секілді болар таулар тұтілмес жүн.

Ай немен бірігеді қосылышып,  
Дарияға ағып барып кетер түсіп.  
Жер жүзі жып-жылмагай болар тегіс.  
Домалап тау қанбактай аспанға ұшып.

Тәбеле күн келеді найза бойы,  
Адамның ағып тері, кайнар миы.  
Біреуді біреу танып біле алмайды,  
Әркімнің сонда болар ұлы тойы.

Құрылар сират көпір: сол-таразы,  
Ғамалдар ол ішінде көп пен азы.  
Наманың оң мен солдан ұшып келіп,  
Құдайым сауал сұрай, болар қазы(газы).

Ол күннің жарымы тұн болуы хак,  
Сайрайды аузындағы тіл мен[ен] жак.  
Қол, аяқ күә болып қылмысына,  
Тіл сөйлеп, күә болар оған аяқ.

Болмай ма, гибрат алсан, күн мен айдан,  
Ойласан: өзің жоқтан келдің қайдан?!

Білмелің мұны парыз- сол иманнан,  
Болуың жақсы-жаман бір Құдайдан.

Болғанмен жақсы-жаман, бар бір өлу,  
Хақ екен өлген[нен]сон қайтып келу.  
Иманның жеті парызы: біреуі-осы:

Тағдырды жақсы-жаман Хақтан бұлу.

Өлімнен еш адам(ның) қалғаны жок,  
Пенденің иманы бар арманы жок.  
Иманның жеті парызы біреуі-сол:  
Өлтөн соң, тірілмек хақ, жалғаны жок.

Жұмақта бір хауыз бар- көусар атлы,  
Сүттен-ак, тәттілігі- балдан тәтті.  
Сүттен-ак, салқынлығы- кардан сұық,  
Майдарақ көбіклігі рақатлы.

Атырабы, айналасы зәбіржаттан,  
Тастары(ташлары) ол хауызда шын жақұттан.  
Айнала алтын кесе орнатулы,  
Фұмырында шөлдемейді соナン татқан.

Басында жұлдыздан көп күміс қасық,  
Жарады мұрынынды іісі жұпар сасып.  
Секілді бал мен шекер ләззаты бар,  
Иншалла, болғай бізге соナン татқан!

Күн батса, қас қарайып болады түн,  
Пенденің толып жатыр бойында мін.  
Бәрі өліп жан біткеннің, тірілген соң,  
Болады сұрақ-сауал киямет күн.

Бір күні қияметтің-елу мың жыл!  
Құрылар сират көпір: сол-жалғыз қыл.  
Күн тұрар найза бойы тас төбенде,  
Киынын қияметтің осыдан біл!

Аспан көк түгесілер еріш ағып,  
Қызырып жер темірдей, от бол жанып.  
Көмірдей газаптағы қап-кара боп,  
Шыдайды сондай күнге пенде не ғып?!

Коярға жер таба алмас пенде жанын,  
Жан үшін берер еді барлық малын.  
Ата-ана, ұғыл-қыз бен қатын-бала,  
Бірінің сұрай алмас бірі халін.

Ес қалмас сол күндерде кәрі-жаста-ай!  
Шаш қалмас ағармаған ешбір баста- ай!  
Деген күн: “Әр пайғамбар өз халімен!”  
Сандалар жан біткениң бәрі мастай!

Құданың әр не қылса, келер күші,  
Пенденің толып жатыр қылмыс ісі.  
Бас қосып он сегіз мың ғалам халкы,  
Бір жерге жиылалды үлкен-кіші.

Қартаяр: шашы ағарып жас балалар,  
Жаксылар жамандардан басқаланар.  
Қамаған адамзатты қойдай айдал,  
Перште айналасын коршап алар.

Таба алмас алакандай қашарға жер,  
Шын ерлер осыны ойладап жабдығын жер.  
Кәшрлер жол таба алмай, сасқанынан,  
Бастарын бокқа былғап жылай берер.

Құдайым Жебірейілге пәрмен етер:  
-Алый кел, бар тозакты, тұрма бекер!  
Жаһаннам жандыратын уақыты болды,  
Кешіксе, әр нәрсенің мезгілі етер!

Жебірейіл бұл жарлықты алар күтіп,  
Құп етіп жаһаннамға барап жетіп.  
- Шакырды сені, Тәнірім!-дегенінде,  
Жаһаннам шошып кетер селк-селк етіп.

-Шакырды мені тәнірім неге қысталап,  
Осынша керек қылтып асығысталап.

Жүргіг дүрс-дүрс етіп, дір-дір етер:  
“Фазапқа сала ма,-деп,- өзімді үстап!”

-Жок, сені шакырталы алдырмакка,  
Тамаша көрген жанды калдырмакка.  
Күнакар ғасы болған пендelerін,  
Соны бүгін саган салып жандырмакқа!

Өткізген ғапылдікпен ерте-кешін,  
“Құдайдан асырам,-деп,- сол өз күшін!”  
Тұтпаған Хақ әмірін ғасылар көп,  
Шақыртты бүтін сені солар үшін!

Ішіне жаһаннамның отты жағып,  
Қорықлас көрген пенде сонан неғып?!  
Су сиыры сыйылды қайқақтатып,  
Жетпіс мың жетелейді бүйда тағып.

Әр бүйда шығыршықтың жетпіс мындан,  
Перште қосылады өңшең тындан.  
Әр шығыршық басына бір жетпіс мың,  
Перште өткерілген неше сымнан.

Жабысар ұстап бекем забанилар,  
Жаратқан күшті қылып Қадір Жаббар,  
Әрқайсы перштенің мықтылығы,  
Тауларды бір қойғанда, быт-шыт қылар.

Жандырып жаһаннамда ғазап отын,  
Үш тармақ будақ-будақ шығып түтін,  
Ұшқындар таудай болып жарқ-жүрқ етіп,  
Аузына жазалының құяр отын.

Кызуы жаһаннамның өтер қызып,  
Дүрілдеп баса көктеп топты бұзып.  
Жаһаннам қызып алып тулағанда,  
Шынжырын сол жетпіс мың кетер үзіл.

Кызуы жаһаннамның өтер дейді,  
Мың жылдық жолдан лебі жетер дейді.  
Бәрі де перштенің айрылып қап,  
Домалап бет-бетімен кетер дейді.

Жадына ал, ғапыл жүрмей, бір Құдайды,  
Жаратқан фазылымен Күн мен Айды.  
Алланың әмірімен күшеген сон,  
Бетіне қарсы тұрып кім шыдайды?!

Жер қайда паналарға қоңыр салқын,  
Ол күннің айтып болмас тұммен қалпын.  
Лапылдап жалын, түтін тамам қантап,  
Састырап көп жиылған махшар халқын.

Әнбия, мұрсал нәби, Хакқа жылар,  
Тұра алмас тағат тұтып, шыдап олар!  
Ибраһим, Мұса, Файса, Шиши Үйдырыс, Нух-  
Қорғайды өз бастарын корқып бұлар.

Сондай күнді қөрген жан естен танар,  
Өзге қайтсін, сасқан сон әнбиялар!  
“Жанымыз солай қылсак, кала ма?!” – деп,  
Шап беріп сонда ғарыштан үстап алар!

Шығармас корықкеннан ешкім үнін,  
Салған сон Құдай басқа киын күнін.  
нароннан өз ағасы Мұса безіп,  
Ұмытар Ибраһим да Смағұлын.

Қарамас ешкім сонда жолдасына,  
Ұмтылар әркім рәсүа болмасына!  
Анасы-Мәриямды Файса ұмытып,  
Күн туар әр пайғамбар өз басына!

Жылайды Ҳақтан корқып жасын төгіп,  
“Рәсүа кыла ма,-деп,- бізді сөгіп?!”  
Баршасы жерге бетін баса салып,  
Жығылып еттептінен жатар шөгіп.

“Ағарды-ау бұл меҳнаттан шашымыз!”-деп,  
“Көл болды көзден аккан жасымыз!”-деп.  
Бәрі де пайғамбардың мұндасады:  
“Құтылса, үлкен олжа басымыз!”-деп.

Жанына бір шыбындей иман пайда,  
Бәрінен жан біткеннің таусылды айла!  
Фаламға он сегіз мың саруар болған,  
Мұхаммед, айналайын, тақсыр кайда?!

Қолында жасыл ту бар, көзге түсіп,  
“Үмбетім, үмбетім!”-деп, өкпесі үшып:  
-Токта, тозак, тулама, тұра тұр!-деп,  
Алдынан келер тақсыр құстай үшып.

-Иа, Раббы, тілемеймін мен өзімді,  
Сарғайттым үмбет үшін гүл жүзімді.  
Сақтай гөр-үмбетімнің бәрін оттан,  
Қабыл ғып дәргаһында бұл сөзімді!

Алданып үмбет үшін кейін қалдық,  
Міндettі бір жұмысты мойынға алдық.  
Күйдірсөн, мені күйдір, ей, жаһаннам,  
Жолына үмбетімнің- мен құrbандық!

Бір басын үмбет үшін отқа тастап,  
Көтеріп жасыл туды жүртты бастап.  
“Күр-күр”-лап, асау атты тоқтатқандай,  
Тозактың шынжырынан тұrap үстап.

Келеді пайғамбармен Тозақ сөзге:  
-Күйдіру харам болған сізді бізге!  
Қоя бер, жарлықпенен мен келемін,  
Кісім көп күйдіретін сізден өзге!

Қылған соң ғазап үйі мені Құдай,  
Қылмасқа Хақ жарлығын емес оңай!  
Құнәкар пенделерді жандырамын,  
Алдыымнан сіз кетіңіз, тақсыр, былай!

-Мен кіммін, көз салсайшы келбетіме,  
Келмеген сенен басқа жан бетіме!  
Қайта ғой осы арадан тілімді алып,  
Мен сені жібермеймін үмбетіме!

Тозақпен тұrap тақсыр көп дауласып,  
Басынан жалын, тұтін жоғары асып.  
Лапылдаپ тозақ оты қоймаған соң,  
Жіберер Аятолым бір су шашып.

Токтатар Хақ Мұхаммед қарсы келіп,  
Құрметтін тоқтамайды, Тозақ біліп.  
Су шашып Аятолым жіберген соң,  
Лап етіп тозақ оты қалар сөніп.

Құдайдан жаһаннамға хабар жетті:  
-Ей, Тозақ, тулаганмен, күшің кетті!  
Өзің іске жарамай, сөніп қалдың,  
Сыйлаг қал онан-дағы Мұхаммедті!

Фаршының (сол) он жағына барап жүріш,  
Куанар жан-жануар мұны көріп.  
Тозактың барлық оты сөнгеннен соң,  
Асканың Мұхаммедтің сонда білші.

Айтыңыз Мұхаммедке салауат көп,  
Айтсак та, канша каксан біздерге еп.  
Бұл сөздің мазмұнына келген аят,  
Құранда:” Рахмат әл-ғаламин!”[407]-деп.

Мұхаммед айналайын, тиғен пайдан!  
Құткарған барша үмбетті киын жайдан!  
Құлдей боп көздей сұға тозақ сөнген,  
Сол судың, Аятолым, асылы қайдан?!

Келеді пайғамбардан сөздің басы,  
Бізге айткан рауаят қып сахабасы:  
“Колында пайғамбарым алып жүрген,  
Жылаған үмбеттердің көздің жасы.

“Көзінен үмбеттердің ақса жасы,  
Болғаннан Мұхаммедте шын ықыласы,  
Колына пайғамбардың түседі екен!”-  
Осылай ол құранда сөз мағынасы.

Көз жасын түсірмейді жерге Алла,  
Шірітпес сондай құлын көрге Алла!  
Сол жасты пайғамбардың колындағып,  
Келтірер киямет күн бізге Алла!

Шықпайды көзімізден кайтсек те жас,  
Жаратқан мұндан қыльып Құдайға бас.  
Біздердің көңілімізден көп жұмсақ қой,  
Тауларда толып жатқан зор кара тас.

Күнекарғып жаратқан адамзатты,  
Сондықтан тіл майда да, көңіл-қатты.  
Тау балқып, Мұхаммедке, тас жылайды.  
Көңіліміз біз иттердің тастан қатты.

Жаратқан құлдық үшін адамзатты,  
Бақытымызға берілті Мұхаммедті!  
Жанға сая болатын оп-оңай сөз,  
Айттаймыз шын ықыласпен салауатты.

Ей, Мәшінүр, қолынды тарт, езуде тіл,  
Желкеннен кимай біреу, өзін тыйыл.  
Мұны сен жұрт аузына салғаныңа,  
Жыл болады, міне, он тоғыз, осыны бил!

Ел қонар су ішем деп шалкар көлге,  
Ел қонбас құлан жортпас бетпақ шөлге!  
Он тоғыз жыл болғаны әңгіме боп,  
Амал не, естілмесе Қараоткелге?!

Дүниекор жақтырмайды көңілі сұыған,  
Бет-қолды мұздай судан ерте жуған.  
Бір бала керек қылып сөз жазыпты,  
Иманы іштен тұа тасып туған.

Ежелден жақсы шыққан ел Алтайдан,  
Ер шыққан Ақпан, Бәйшш, ол Нұрбайдан.  
Затты сөзді заттыдан шыққан қанып,  
Жамандар жақсы қадірін білсін қайдан?!

Насихат сөз сөйлемдім ел-жұрт үшін,  
Денениң жұмсақ бұған барлық қүшін.  
Көздің майы, жүректің қаныменен,  
Суарып күні-түні тілдің үшін.

Жұртым-ая, үйқынды ашып, сөзге түсін,  
Табылар отындықтан оқтық мүсін.  
Саттаймын, ешқайсына бұлдамаймын,  
Мұхаммед, Мұстафага үмбеті үшін.

Күдайдан аятпенен келген бұл сөз,  
Атлас, камқа, торғын ғой, емес қой бөз.  
Қазақтың құлағына есіттіріп,  
Жатырмын шапағатқа телміртіп көз.

Ауылым жақындасты төрден көрге,  
Күш кайда тырмысуға енді өрге!  
Қызметім жанымменен қылған менің  
Тындаған шын ықыласпен иманды ерге!

Мұжыққа егін менен шөп табылар,  
Әркімнің ойға алғаны дөп табылар!  
Иншалла, дүние халі... болмас,  
Үмбеті Мұхаммедтің көп табылар.

Әмин қабыл деп айт, пәлен деме,  
Күйініп жалған үшін уайым жеме!  
Мұхаммед үмбетіне арнап жазған,  
Мәшһүрден қалған иа деген бір сөлемдеме!

Жігіттер, тіршілікте азық сайла,  
Басынды тұзу жолға бекем байла!  
Құдайға жатсан тұрсан,-құлшылық қыл!  
“Бұл дүние-бір сағаттық”- деген қайда?!

Дүниені жалпағынан бассан-дағы,  
Болмайды ол жалғанда ешбір пайда!  
Басына кәріпшілік(ғарыпшылық) сонда түсіп,  
Жүретін емін-еркін дәурен қайда?!

Адамзат қызыл тілден табады екен,  
Үстагыл тіршілікте тілді майда,  
Жалғанда қырық парызды өтемесең,  
Күтылар сол уақытта күнің қайда?!

Сіздерге қадари қал айтып болдым,  
Жігіттер, құлшылық қыл осындайда!

## Елу төртінші бап

### Он тұрлі боп адамның тірілмегі

Бұл жерде пайғамбардан бір сөз келді,  
Имамдар рауаят қып соナン терді.  
Адамдар: мұны естіген бой бақсын деп,  
Білгенін Мәшһүр-Жүсіп жаза берді.

Фата туна, афуажан[408] келген аят,  
Аят пенен хадистен бар хикаят.  
Сахаба Мағаз ибн Жабал таксыр,  
Қылады пайғамбардан бір рауаят.

Пайғамбар айтты:

-Махшар күні болса,  
Тіріліп үмбеттерім көрден тұрса!  
Он екі тұрлі болып келер!- дейді,-  
-Құдайым қазы болып, сауал (сұраса) құрса!

Келеді бір тайпасы маймұн [409] болып,  
Сасыған канды іріңге іші толып.  
Темірден тырнақтары, бетін тырнап,  
Өз бетін алып тастап, өзі жұлышп.

Майданы ғарасаттың толар дейді,  
Періште күрзі бірлан ұрап дейді.  
Тамам жүрт қорыкканнан дір-дір етіп:  
-Не қылған жазалы адам бұлар?!-дейді.

-Дүниеде бой баклаған, тілін тартып,  
Тәубесіз бұл дүниеден кеткен қайтып.  
Бұлар дур екі адамды шағыстырған,  
Жүгіріп үйден-үйге өсек айтып.

Онан соң келеді-міс ылғи доңыз,  
Жонынан жарылғандай болып семіз.  
Бір тап боп өз алдына жиылысадар,  
Саны жок қөптігінің үшан-теніз.

Бордаққа байлағандай бәрін жемдеп,  
Дүниеде ойламаған өзін кем деп.  
Таң қалып махшар халқы тамаша етіп,  
Сұрасар бір-біршіен: “Бұлар кім?!” - деп.

Бір жан жоқ бойын бағып “Құдай!” - деген,  
Ораза, болмас ісі намазбенен.  
Кәріп-қасер, кем-кеткіті зар жылатып(қан қақсатып),  
Парық қылмай кісі ақысын арам жеген.

Еңсесі түсіп жерге, еңсерілген,  
Төбедей домаланып тенгерілген.  
Келеді бір тайпа- басы аяқ боп,  
Жұрт құллар төбесінен төңкерілген.

Келеді енді бір топ ізіменен,  
Адамға карай алмай көзіменен.  
Сүйреліп басы жерге, жүзқара боп,  
Етпеттеп жерді басып (төмен қарап) жүзіменен.

Жұрт (шулар) шошыр:  
-Жүрген жан,-деп,- бұлар қайда?!

(Дүниеде өрбір түрлі қылған айла!)

Аспанда-аяқ, бастары төмен жайда?!

- Өсімге (өстіруге)өз қолынан ақша беріп,  
Үстінен акшасының жеген пайда.

Келеді бір түрлінің көзі алақтап,  
Желкеден ауыз шығып, тұл салақтап.

Дәнeme екі көзден орын жоқ бол,  
Баарын білмей кайда арсалактап.  
Бар еken қияметте мұндаи қүйлер,  
Тозакта тасты, адамды нандай илер.  
Айырмай ақ-карасын келгендердің  
Қол жайып жалаңдаған жемкор билер.

Байларға бұлар орын тұрып берген,  
Күштіге нашардікін жырып берген.  
Дүниеде өз бетімен билік қылыш,  
Төресін он тыынға бұрып берген.

Ол күнде жан құтылmas қылыш сылтау,  
Күй тартып, заман бар ма әнге шырқау?!

Көзі жоқ көбелектей отка ұрынып,  
Ніл(зіл) мақау, толып келер санырау, мылқау.

Келеді бір түрлісін періште айдал,  
Аузынан ірің ағып, соры қайнап.  
Салбырап тұл жетіп(түсіп) кеудесіне.  
Тілдерін азуымен қыршып шайнап.

Бұлар сол: оқып үклай босқа қалған,  
Шын болмай ықтикағаты болып жалған.  
Жұртқа айтып насихатты, өзі тұттай,  
Дүниенің тұзағында тұтқын қалған.

Дүние үшін оку оқып, болған молда,  
Болғанда сөлде баста, кітап- қолда,  
Білгенін өз басына пайда етпеген,  
Масқара көп алдында болар сонда.

Келеді бір түрлісі шұбаландап,  
Аяғын анда-санда басар андал.  
Сықылды кірпікшешен бір топ болып,  
Кесілген кол-аяғы домаландап.

Бірі бол он екінің бұ да барған,  
Айтқаным: кітап сөзі, емес жалған.  
Сұктанып ол-пұлына көзі түсіп,  
Тұртқілеп консысының тынышын алған.

Дүниеде менмендігі кадден аскан,  
Шайтанның себелектеп ізін басқан.  
Қайырсыз, пайдасы жоқ, сары қулар,  
Жалғанда манайынан консы кашқан.

Буынып кенірдектен дарға асылып,  
Аузынан жан-жағына от шашылып.  
Ұлыққа ағайынын шағыстырып,  
Білдірмеген боп жүріп, бой жасырып.

Жыланға шаян менен іші толып,  
Сонда ісі боктан жаман сасық болып.  
Қой басып, сиыр сұзіп, жылқы теуіп,  
Әр жерге бір жығылып, жатып тұрып.

Перште ерік алдына қоймай айдар,  
Бұрқылдаپ төбесінде миы қайнар!  
Сипаттеп осы айтылған келеді екен,  
Бермеген зекетті ондап сараң байлар!

Кигені бір тұрлінің- ылғи темір,  
Қап-кара өне бойы, жанған(болып) көмір.  
Ел-жүртқа мактап үшін дүние жиып,  
Мінез ғып тәкаппарлық сүрген өмір.

Қанды ірің, алды-артынан сарсу ағып,  
Мойнына оттан болған жіп тағылып.  
Қосактап шайтан менен қабат айдар,  
Бетіне қап-қара ғып күйе жағып.

Аралас еркек пенен ұрғашысы,  
Қаптайды махшар халқын жаман ісі.  
Тәубесіз өтіп кеткен күнәкарлар,  
Жалғанда зина[410] болып қылған ісі.

Маскара мұндай болып бұлар не етті?  
Ақ жаулық, андығандар қызыл бетті.  
Тәубесіз өтіп кеткен зинақорлар.  
Көлденен өткізбейтін ит пен етті.

Бір тұрлі қара бұлар, көздері кек,  
Халқына ғарасаттың көрінер жек.  
Салбырап төменгі ерні жерге түсіп,  
Отпенен карыны толған, өз етін жеп.

Жылатып жетімдердің малын жеген,  
Саудада жалған сөйлеп, жанын берген.  
Ішкені-арақ, қылғаны зина болып,  
Бас қосып сол төртеуі бірге келген.

Кесілген өңшен тұлі бір топ толған,  
Біреуге өтіріктен күө болған.  
Тіпті тіл жок бір түрлі, бұлар- мылқау,  
Біле тұра күәлік айтпай қойған.

Дүниеде ғапылдікпен алданғандар,  
“Қылышық,-деп,-Хакқа құлдық!”- малданғандар.  
Кес-кеше , мылқау болып түсер көзге  
Зорсынып, өзін-өзі таңданғандар!

Келеді он екінші болып айдай,  
Жарқырап аппақ қасқа болып мандай!  
Жүзі – жарқын, мерейі үстем болып,  
Ойнақтап, асыр салып, құлын-тайдай.

Алтын тәж басқа киген, құндыздай боп,  
Нұрлары тапа-тал түс қундіздей боп.  
Жарқ етіп он тәртінен тұған айдай,  
Кездері- зуһра шәмси, жұлдыздай боп.

Алтыннан нұрлы орамал қолына алып,  
Фарыштың қиясынан орын алып.  
Үстіндегі киіміне көз түрмайды,  
Жұзінен сағмық алған күн оралып.

Үшбу бейіт осылайша болған тамам,  
Жаратқан хамыл жазды Хақ тағалам.  
Түркіше бейіт қылып Мәшіүр-Жүсіп,  
Жазған-ды осы сөзді Мұхаммедиядан.

Келеді кім де болса, болып жолы,  
Аппақ боп жауған қардай аяқ-қолы.  
“Әнбия-әулиенін бірі ме?!” -деп,  
Тан қалып махшар халқы сұрап мұны.

Жок бұлар әнбия емес, әулие емес,  
Дүниеде кісі ақысын болды жемес.  
Жартысын Құдай үшін үlestірген,  
Қолына түскен күні бүтін күміс.  
(Бес уақыт намаз оқып жамағатпен,  
Ақырет пайдасына созған өнеш!)

Бұл адам намаз оқып, ораза тұткан,  
Исламның бес парызын көңілге үқкан.  
Парыз, уәжіп, сұннәтті бажай қылып,  
Және де бойын тартып риялышқтан.

Қылғаны ізгі ғамал, ол-жақсылық,  
Мұләйім табиғаты һәм хош қылық.  
Құдайын жатса тұрса ұмытпаған,  
Көрсө де түрлі бейнет, көп жоқшылық.

Айдай боп он төртінші тұрар дейді,  
Тамаша көрген жандар қылар дейді.  
Оқыған бес намазды жамағатпен  
Үмбеті Мұхаммедтің болар дейді.

Көп сұрак: тамамдайын қайсыбірін,  
Айтамын мен ойымның жеткен жерін.  
Халқыма білгенімді қылдым кенес,  
Тарқатып босатуға штің шерін.

Карантин он бес жерде сұрау етер,  
Жыл-көп күн, көп болған соң, о да бітер.  
Көптін басы қосылған қалың жыын,  
Фарасат майданына келіп жетер.

Құдайым қазы болып өзі тұрар,  
Өлшектің таразыны сонда құрап.  
Карантин он бес жерден тоқтау қылып,  
Тұрғызып әрбірін де көп жыл сұрап.

Кітаптан сөз сөйлейін, көп асырмай,  
Айтамын білгенімді мен жасырмай.  
Сұрайды қозғалтпастан көрген жерден,  
Тырп етіп екі аяғың бір баса алмай!

Әуелі сұрау болар әр жігітке:  
-Жастықта үйрендің,-деп,- қандай кепке?!

-Не қылдың жігіттік күшіменен  
Откіздің қадірін білмей соны текке!

Сасарсың тәнірі алдына барғаннан соң,  
Әділіне тәубесізді алғаннан соң.  
Жастықтың, денсаулықтың қадірі өтер,  
Екеуі қолдан кетіп қалғаннан соң.

Фазылына ал, әділіңе алмай, патша құдай!  
Болады fazылына алсан, бәрі де онай!  
Берерін не деп жауап пендे білмес,  
Бұл сөзім мұныменен тұрсын былай!

Екінші сұрайды еken сол жасыннан:  
-Не күндер өткіздің-деп, - бұл басыннан?!  
Өмірді берген үзын неге жұмсал,  
Не көрдің бір жасаған жолдастыннан?!

Дәуренің бір кеткен сон, күл-көмір-ді,  
Ішіп, жеп, тойып нәпсін, көп семірді.  
Береміз не деп жауап киямет күн,  
Өткіздік босқа бекер біз өмірді?!

Ушінші сұрайды еken берген малдан,  
Бұл малды кайдан тауып, кайда салған?  
-Жұмсадың, көне, қандай орынға?-деп,  
-Арамға- азап, адалдан сауап алған.

Шыдаймыз біз қалайша сол ыстыққа  
Не дауа бұл тойымсыз қырсықтыққа?!

Карта ойнап, арак ішіп, мал шашпасак.  
Шашқанды сұрай ма еken болыстыққа?!

Төртінші сұрайды еken:  
- Фылым және?!

Білетін фылым беріп қылдым, әні!  
Қылдың ба әмір-магрұб, яки мұнқір?!

Айттың ба дөріс оқып жұртқа мәні?!

“Қой-қозы, тай-май алсақ, сабак бердік,  
Бермесе сабак басы, сабап көрдік.  
Қазақтың міндетіне қылппыз ба,  
Түк түспесе, ел кезіп жүре бердік.

Оқылдық атак үшін Наху, Мантық,  
Молладан катар, тенденс болуга артық,  
Айырылып қой-қозыдан қалайық па,  
Шаригат сөзің жұртқа тұзу айтып.

Куандық қой, тай алсақ, олжа түсіп,  
Фылымды пайдаландық қылып көсіп.  
Жағымтал байға жаксы көрінуге,  
Үндемей жүре бердік к...ті қысып”.

Махшарда барлық халық болар жынын,  
Күн туар басымызға сондай киын.  
Жалғанда алдап-арбап жиган малын  
Болмайды бір пайдасы жалғыз тыын.

Күн туар сондай киын басымызға,  
Қарамас көзден аккан жасымызға!  
Қолына оттан күрзі тұтып алып,  
Келеді перштeler қасымызға.

Кей адам өне бойы келер сасып,  
Жүре алмай аяқтарын бір-бір басып.  
Тан қалар махшар халқы мұны көріп,  
Жоламас, маңайынан бәрі қашып.

Айғайлап перштeler қылар баян,  
Пенденің қылған ісі тәніріме аян:  
-Дүниеде тәубесі жок адам еді,  
Жайлаған өне бойын жылан, шаян!

Келеді кейбіреуі қарны толып,  
Қарнының үлкендігі таудай болып.  
Ішіне жылан-шаян толып алып,  
Шағады ғазап қылып, қанын сорып.

Халайық онан қорқар есі кетіп,  
Өзі үркер өз ішінен ғазап жетіп.  
Халайық кайран қалып тұрған шақта,  
Айтады перштeler баян етіп:  
-Бай болған мұның өзі адам еді,  
Бермеген зекет, кайыр надан еді.  
Ішінде зекетсіз мал: жылан, шаян,  
Бар малы жалғандағы арам еді.

“Тозак,-деп,- мұның орны”,-алып баар,  
Бейшара ғазап көріп, күйіп жана.  
Қыздырып алтын менен күмістерін,  
Аямай өз етіне таңба салар.

Қашады кейбір адам сиыр болып,  
Тұралы махшар халқы жын болып.  
Бұрқырап аузынан көбік шашып,  
Қашады шыр айнала құйын болып.

-Бұл өзі дүние қуған адам еді,  
Махшарда мұның ісі жаман еді.  
Тозакқа кіргізсін!-деп, әмір қылар,  
-Білмеген өз шамасын надан еді.

Бет-аузы кейбірінің карайады,  
Көздері, ерні түсіп алашты.  
Аузынан бір кез шығып отты жалын,  
Бір тұрып, бір жығылып таянады.

-Бұл өзі арак ішкен надан!-дейді,  
-Күнәсі мына сүмның жаман!-дейді.  
-Періште жан-жағынан жетіп келіп,  
Отына жеті тамүқ салар!-дейді.

Үстінен кей адамның үрар кесек,  
Аузынан қан түседі кесек-кесек.  
Мойнына періштeler мініп алып,  
Ұрады заар қамшы отқа көсеп.

Періште оны мәлім қылған дейді,  
-Би еді мынау залым тұрган!- дейді,  
-Момынға құші жеткен зорлық қылыш,  
Әмірін тұзу айтпай, бұрган!-дейді.

Кей катын кебіс киер жанған оттан,  
Үстіне киім киер қызыл шоктан.  
Рұқсатсыз елді кезген адам еді,  
Сұрамай өз ерінен елге жортқан.

Емшегін кей катынның жылан сорар,  
Айрылмай емшегіне барып қонар.  
Рұқсатсыз өз ерінен жас баланы,  
Емізғен сорлы катын осы болар.

Басынан кей катынның от жанады,  
Бір тұрып, орнынан, бір талады.  
Жасырмай, шашын жаппай жүрген катын,  
Періште сол шашына шок салады.

Желкеден кей катынның тілі шығар,  
Әркімнің әрбір түрлі міні шығар.  
Желкеден періштeler қысқан шакта,  
Аузынан отты жалын, жыны шығар.

Періште көрсетеді жазған хатын,  
Күнәға тіршілікте әркім жакын.  
Тіл шыққан желкесінен –мәнісі-сол:  
Еріне тіл типзеген залым катын.

Кылмаса руза(ораза) тұтып, намаз-қаза,  
Күнөдан зина кылмай, болса таза.  
Жұмақтан жақсы орынды алады екен,  
Кылмаса сүйген ерін және маза.

Көрдін бе, үргашылыр, мына сөзді,  
Долыдан адам түгіл, тәнірім безді.  
Аузына оттан заар құйылады  
Ойнатқан көрінгенге екі көзді.

Тұзу бол үргашылар алғаныңа,  
Алданба сүм дүниенің жалғанына.  
Еріне киянат қып, реңжітсен,  
Пайғамбар қарамайды қылғанына.

Фазап көп пендесіне, айта берсек,  
Бәрінен жақсы болар көніл бөлсек.  
Махшарда кешпес күнә сол болады,  
Біреуді сырттан айтып, қылсақ өсек.

Махшарға күнә қылмай, тұзу барсақ,  
Нұр қызы айналанды алар қоршап.  
Тәж киіп басынызға, пырақ мініп,  
Арман не жақсы жайдан орын алсак!

Тамам жұрт таң қалады сондай жанға,  
“Япырм-ай, не еткен жан?” - деп, қалар танға.  
Бұлардың жақсылығын макстан қылышп,  
Періште айтады екен тұрган жанға:

- Бұл өзі тақуалы құлдық қылған,  
Тәубе ғып, намазына ерте тұрган.  
Алланың әмірімен тұзу жүріп,  
Әртүрлі харам істен нәпсі тыйған.

Жолдасы бұл адамның болған иман,  
Көп малды Құдай үшін қайыр қылғын.  
Осындай жақсылықты көреді екен,  
Алланың әміріне тұзу тұрган.

Жайлары осылардың жұмак болар,  
Хор құшып, пырақ мініп, көнілі толар.  
Құдайым несіп қылышп, иман беріп,  
Басына дәулет құсы сонда қонар!

Неше жан қылмысты бол, тозак баар,  
Жұмактан иманды құл орын атар.  
Пенденін жақсы, жаман қылған ісін,  
Кұдайым таразыға өлшеп салар.

Жақсылық ауыр келсе, пенде бағы,  
Жұмактың несіп болар алтын тағы.  
Тамұкта сол жазасын тартады екен,  
Егер де ауыр келсе, күнә жағы.

Өлшеудің тенеліссе екі басы,  
Кішкене ауыр келсе, күнө тасы.  
“Тамұкта аз күнәнды тарт!”-дегенде,  
Сел болар қорықканнан көздің жасы.

Жылайды:

-Шын тозакқа барам ба?!!-деп,  
-Мехнат, ғазап тартып қалам ба?!!-деп,  
-Бар еді өке-шеше, катын-балам,  
Солардан саяап сұрап алам ба?!!-деп.

Құдайдан жарлық келер:

-Барып кел!-деп,  
Олардан, берссе саяап, алып кел!-деп.  
-Арманың көнліндегі бір болмасын,  
Майданың ғарасаттың танып кел!-деп.

Әкеге келер сонда көзін сүзіп,  
“Бір саяап болар ма?”- деп, көніл бұзып.  
Жағдайы өкесінің тіпті нашар,  
Тұрады сұрай алмай үміт үзіп.

Келеді анасына тағы жылап,  
Көзінің мөлдіретіл жасын бұлап,  
-Дүниеде мейірбанды анам едін,  
Кішкене келіп түрмyn саяап сұрап!

-Ей, балам, бейшара боп, келдің боска!  
Беретін саяап қайдан біз байғұска!  
Жалғанда қылған күнәм ауыр болып,  
Өзіме саяап таптай қалдым боска!

Онан соң келер іздең қатынына,  
Дүниеде жолдас болған жақынына.  
Осындај жанталасып, саяап іздең,  
Аз күнә бөгөу болып ақылына.

-Сен үшін момындарды алдап едім,  
Жанымды тілім bezеп жалдап едім.  
Тозакқа сен деймін деп тұспек болдым,  
Сен болмасаң, жұмакқа бармак едім.

Қатыны айттар:

-Кім едің, сенің, өзің?  
Жалғанда көріп пе еді сені көзім?!  
Жақсылық, сені ерім деп, қылмақ түгіл,  
Нашармын өз халіммен мениң өзім!

Мойнында, байым болсан, қарызың көп,  
Құдайға сен туралы арызым көп.  
Үйретпей діннің жолын, қылдың надан,  
Еркектің әйелдерге парызы көп.

Бейшара лажсыздан одан кетер,  
Әйелі бермек түгіл, онан бетер.  
Жалғанда жаным деген ұлы-қызы,  
Аяңдап бұл бейшара соған жетер.

-Қарағым, ұлым-қызым, мениң балам,  
Асырап баршаңызды күттім тамам.  
Сүйікті, ғазиз тұған балаларым,  
Рақым ғып біраз сауап берші маған!

Айтады балалары:

-Атамыз!-деп,  
-Жалғанда сіздің қылған қатеніз көп!  
Үйретпей діннің жолын, қылдың надан,  
Киындық өзіміз де тартамыз!- деп.

-Халіміз нашар боп түр, тіпті киын!  
Пайда жоқ сізге қылар жалғыз тыын.  
Мойнында оқымаған хақымыз бар,  
Жетпей ме алмак түгіл, осы сыйың?!

Кетіпті ол бейшара сауап таппай,  
Қасына таразының келді жактай:  
-Жалғанда бекер босқа жүрген екем,  
Сауапка жиып-теріп(бә)рін сатпай!

Дүниеде құлшылықты қылсам не етті?!

Намазға күн шығармай тұрсам не етті?!

Күнінде руза(ораза) тұтып, намаз оқып,  
Семіртпей ку нәпсіні тыйсам не етті?!

Япым-ау, неге жидым жалған малын?!  
Кор болды-ау осы кезде менін халім!  
Мал-мұлік, катын-бала, жан-төнімді,-  
Бермендім құдай үшін сонын бәрін!

Бейшара қызылғаннан қылар зарлық,  
Сол кезде пайдасы жоқ пұшаймандық.  
- Ей, құлым, сауап тауып келдін бе?!-деп,  
Құдайдан сол уақытта болар жарлық.

Деп айттар сол уақытта:  
- Жаббар Құдай,  
Таппадым барсам-дағы сауап сұрай!  
Құдая, өзің ракым қылмасаныз,  
Калмады баар жерім бұдан былай!

- Ей, құлым, өуел бастап жан жараттым,  
Ракат пен жаңын сақтар мал жараттым!  
Білсін деп құлшылықты акыл беріп,  
Он екі мүшес беріп, хал жараттым.

Білмедін құлшылықты сүйтіп жүріп,  
Бір жактан арамдыққа мойын бұрып.  
Болады енді тозақ- сенің жайың,  
Сүйретер періштерел газап қылып.

Бейшара сол уақытта зар-зар жылар,  
Жалынып бір Құдайдан ракым сұрап:  
- Болмаса, бір өзиңен жарылқасын,  
Хал-жайы мен сорлының қандай болар!

Сол кезде әмір болар бір Алладан:  
- Бұл күнде пайдасы жоқ -қылған арман,  
Мойныңда қылған күнәң аз ғана екен,  
Тамүкқа кіріптар ғып енді салман!

Біл енді, жұмакқа кір, пакыр құлым!  
Жүруші ен төуекел деп мұнан бұрын.  
Қылды ма саган пайда ешбіреуі:  
Ата-ана, мал мен қатын, қыз бен үлың?!

Мұны естіп қуанады әлгі кәріш,  
Байғұска шаттық енер жүрек жарып.  
Куану, мұнан артық күн бола ма,  
“Жұмакқа кір,-деген соң,-өзің барып!”

Жарандар, медет қайда Ҳақтан өзге!  
Ойласан, құлағың сал мына сөзге:  
“Жігіттер, тіршілікте құлшылық қыл,  
Мал-мұлік, қатын-бала,-түтел без де!”

Дос болсан, ақыретін, берер пайда,  
Сауабын бөліп берер майда-майда.  
Дос болса құдай үшін, сұрау да жок,  
Бірақ та тұзу жүрер жүрек қайда?!

Бере алмас қатын сауап, кетсе байы,  
Әркімге жұмак берер бар құдайы.  
Қатынға шапағат қып шығарады,  
Жалғанда риза болып кетсе байы.

Сабакқа бала берсөң, Құдай үшін,  
Құр қалма бұл сауаптан келсе күшін!  
Төрт кісі, берсе Алладан, жарылқанар,  
Жамағат, құлақ салып, тыңдаймысың?!

Төртеудің біреуі- ата, біреуі- ана,  
Бірі-ұстаз, төртіншісі- әлгі бала.  
Бір-бірін шапағат қып қолдап кетер,  
Жалғанда дінін күтіп, болса дана.

Жұмакқа әуел бастап кірген халда,  
Пайғамбар, әулиелер кірер алда.  
Такуа, жомарт, қазы, шейіт сайым,  
Кіреді намазқандар және молда.

Өзге жан шамасынша бар ма жоқ па,  
Кейінгі пайғамбардан бірер сокпа.  
Молда өзі кіргеннен соң, қайта шығар,  
Кейінгі махшардағы қалың топқа.

Молданың бұл жалғанда жолдасы көп,  
Қанғырар жолдасының қайғысын жеп.  
Әлғам урасатан[411] мазмұнынша  
Жияды ғарасаттан жемісін кеп.

Бар Құдай әмір қылар: “Жиып ал!”-деп,  
“Жұмакқа жолдасыңмен бірге бар!”-деп.  
Сол кезде молда ак тауға шығып алып,  
Шақырар жолдастарын: “Мұнда кел!”-деп.

Көреді тауға шығып жарандарын,  
Тастамас шама келсе, сонын бәрін.  
Жұмакқа мұнын бәрія кіргізген сон,  
Тамұққа іздеп барап қалғандарын.

Тамұққа аркан тастар досын айтып,  
Жатады естіген соң анау кайтп?!

Жабысар бір кісіге жетпіс мың жан,  
Бәрін де жалғыз молда алар тартып.

Ілесер бір кісіге жетпіс мың жан,  
Молданы қадірлейді Қадір Рахман.  
Ғұлама пайғамбар мен әулиелер,  
Жолында пида болсын бір шыбын жан!

Жұмакқа анық молда бастайды екен,  
Берген соң Құдай қуат саспайды екен.  
Кіргізіл жолдастарын бір-ақ тынар,  
Үшеуін бұ-дағы алмай тастайды екен.

Бастайды шала молда қисық жолға,  
Өтірік шарифатты айтса зорға.  
Махшарда оның күні екіталай,  
Жолығар айықластай қалың сорға.

Бұл күнде анық жақсы молда қайда,  
Тентіреп, ақылтымыз- ішкен шайда.  
Жалғанда жалақ қағып өлін журміз,  
Қай жақтан алдап алу басқа пайда.

Молда деп ат көтердік надан басқа,  
Адамы бұл күнгінің басқа-басқа!  
Жігіттер, шамаң келсе, құлшылық қыл,  
Келеді бір таршылық біздің басқа!

Рақым қыл, Қадір Алла, мен бір ғасы,  
Алданған мен күнәкар, кәріп басы.  
Кешпесе ракым қылып төңірім өзі,  
Күнәма жетпес егер көздің жасы.

Түседі дүние куып жаман ізге,  
Жете ме, ердің жасы мың мен жүзге?!

Әмірін бір Алланың тұзу тұтсан,  
Пайғамбар шапағатшы болар бізге.

Мұхаммед есіне алып жәрдем қылар,  
Махшарда: "Үмбетім!" - деп, зар-зар жылар.  
Төрт шарға пайғамбарым әмір етіп,  
Бір жолға Әбубәкір барып тұрап.

Пайғамбар деп айтады:

- Әбубәкір,-

Жиналған гарасатта үмбет жатыр.  
Тұрғызып, жығылғанға ақылынды айт,  
Соқтықса перштегер, мені шақыр!

Ақыл айт жөнін білмей тұрғанына,  
Койманыз перштенің үрғанына!  
Шапағат, иншалла қылсам керек,  
Сұннетім парыз, уәжіп қылғанына!

Айтады онан кейін:

-Ая, Ғұмар,

Сен барсан таразыға, көнілім тынар.  
Үмбетім, таразысын көзінмен көр,  
Перште, женіл болса, әуре қылар.

Жалғанда әділ(гаділ) едің сенің өзін,  
Үмбетім таразысын көрсін көзін.  
Күнәсы женіл болса, сүйеп, деме,  
Болмаса, хабар жеткіз маган өзін!

Тез барғын көп ішіне, ая Ғұсман,  
Көзінді анықтап сал әрбір тұстан.  
Күнәсын үмбетімнін көзбен көргін,  
Дәпперін онды-солды келіп үшкан.

Дәпперін өздері оқыр, оннан келсе,  
Оқырга халі келмес солдан келсе.  
Оқып бер аңдып тұрып, молда едін ғой,  
Тұрғанын оки алмай, көзін көрсе!

Айтайын, молда Ғұсман, мұны саган,  
Оқып бер дәпперінің бөрін тамам.  
Болмаса маган хабар айтасын ғой,  
Жіберме күнәліны келсе шамаң!

Пайғамбар онан кейін:

- Фалы,-депті,

-Куатын бар еді ғой, пөлі! - депті.

- Тамұқтын жолларына сен барып түр,  
Аңдып түр көзін салып, әні!- депті.

- Күнәлі үмбетімді алып баар,  
Тозакқа періштелер, оны(әні) салар.  
Алып қал жағаласып, шаман келсе,  
Болмаса, тез берініз маған хабар!

Тұрады өзі жылап құдайына:  
Шапагат келсе қылдырыңғайына!  
Аллаға бас көтермей сәжле қылар,  
Жылтайды: “Шапагат!”-деп ұдайына.

Жарандар, иман тіле, біле-білсен,  
Құдайға құлшылық қыл, кайда жүрсөн!  
Пайдасы ғибадаттын сонда тиер,  
Хор құшып, көусар ішп, пырақ мінсен!

Жұмакта нұр(хор) қыздары тұрап ойнап,  
Байы жок, баласы жок, бәрі- бойдак.  
Пайғамбар дәрежелі үмбетіне  
Қарайды тамашалап бойлап-бойлап.

Құдайым сол қыздарды қылса несіп,  
Жігіттер, арман бар ма онан асып?!

Боялған етімізде күнәміз бар,  
Шаймаса рахматы судай тасып.

Жұмактың негматы бар алуан-алуан,  
Шымылдық түсі сары, төсек салған.  
Кіргеннің кәрісі де, жасы да жок,  
Кіреді бозбала боп оған барған.

Жұмакка кемпір кірсе, қыз болады,  
Дәрежен он сауапқа жүз болады.  
Жұмакта ыстық та жок, сұық та жок,  
Мысалы салқын самал күз болады.

Жарандар, жаксылық қыл жанын үшін,  
Жұмакта дәрежен бар онын үшін,  
Малыңды дін жолына сарып қылсан,  
Жұмактан орын берер малың үшін.

Бар дейді жеті тозак жайнап тұрган,  
Шыңжырлап қылмыстыны байлап тұрган.  
Өтемей қырық парызды келген пенде,  
Үстінде қызыл шоқтың кайнап тұрган.

Киналар қатты қын фазап оттан,  
Темірдей, күйіп пісіп, қызыл шоктан.  
Зарлайды:

-Сусын бер!-деп, перштеге,  
Фазаптан құтылуға шара жоктан.

Береді су орнына зәрдің сұын,  
Құдая, татырмасын оның уын!  
Жетпіс жыл заар беріп, еттей қайнап,  
Босайды, жігер кетіп, буын-буын.

Құрылар сират көпір үш мың жылдық,  
Болмайды жуандығы жалғыз қылдық,  
Астында қап-қаранғы жеті тозақ,  
Сол кезде ақыл таппай болар мұндық.

Айдайды періштелер курсі сайладап,  
Қорқады пенде байғұс көзі жайнап.  
Қылдан-жіңішке, қыльштан өткір болар,  
Үстіне жеті тозақ қойған байлап.

Болғанда тозақ тәмен, жұмақ-өрде,  
Батады пенде байғұс қара терге.  
Жалғанды жалпағынан бассаң-дағы,  
Болады бір таршылық осы жерде.

Өтеді пайғамбарлар аткан оқтай,  
Қауіп жоқ, катері жоқ ешбір корықпай.  
Өтеді әулиелер желдей үшып,  
Келетін алдарында бөгөу жоқтай.

Өтеді кейбір адам аттай шауып,  
Кейбірі аяндайды қылып қауіп.  
Кәпір мен күнәлы боп өткен жандар,  
Бір қадам басқан жерде кетеді ауып.

Кейбірі тұяғынан ілінеді,  
Мақтаннып аман шықса, тіріледі.  
Мақтанның бүл жалғанда бәрі бекер,  
Сол күнде кім жақсысы билінеді.

Жеті мың жыл да акыры өтіп болар,  
Мұратқа өткендер де жетіп болар.  
Жалғанда кәпір менен күнәкарлар  
Жығылып тозаққа да кетіп болар.

Кейбіреу бұл жалғанда қызық көрмек,  
Қызығы бұл жалғаның бәрі де ермек.  
Жалғанда тақуалы болып өтсөн,  
Махшарда бос қалмайды қылған енбек.

Жаралған дін күткенге сегіз жұмак,  
Ұнай ма біле тұрып көңіл бұзбак ?!  
Жанына не керектің бәрі сонда,  
Қағазға мүмкін емес бәрін сызбак.

Жұмаққа картаймайды кірген кісі,  
Мұны ойлап дінін күтер білген кісі.  
Өзгеріп, ауру болып бұзылмайды,  
Ішінде неше мың жыл жүрген кісі.

Ән салып, хамда сана айтар Хакқа,  
Отырар иманды құл алтын таққа.  
Киеді сағат сайын түрлі киім,  
Мінеді қырға шықса, нұр пыракқа!

Бұл жақын көз жұмылса, ойлағанға,  
Дәүлет бар құлшылығын қоймағанға.  
Жасында тоқсан тоғыз дүние керек:  
Жасынан дүние қуып тоймағанға.

Жігіттер, кедей болсан, оған шүкір,  
Жалғанды қумақ тұтіл бетке түкір.  
Фазапқа акыретте душар болар,  
Құдайға разы болмай, қылсан қікір.

Жігіттер, ойлап тұрсан, не деген заң,  
Жалғаның асауына қаламын тан.  
Қарыны орта болса біразырак,  
Құдаймен ұрыссады ендігі жан.

Ол шіркін сөйтіп жүріп жолдан азар,  
Салмайды акыретке ешбір назар.  
Тентіреп бай болам деп жүргенінде,  
Бір күні алып кетер оны ажал.

Айырылар сөйтіп жүріп иманынан,  
Нәпсісін пайда көрер, тыйғанынан.  
Фазапты акыретте тағы көрер,  
Жалғанда пайда көрмей жиғанынан.

Жарап ед онан-дағы сабыр қылса,  
Намазга, төубе қылып, ерте тұрса.  
Сол пенде жұмактан орын алар,  
Сабыр ғып дін жолына мойын бұрса.

Бай ойлар: “Жаратты, -деп, -мені төүір:  
Мейман кеп, жалынады ага, бауыр!”  
Бейшара ақыретпен жұмысы жок,  
Ғазабы ақыреттің тастан ауыр.

Молдамен өш болады: “Алдайды!” -деп,  
“Бұл молда айдаһардай жалмайды!” -деп.  
“Құдайға ісі жаққан молда болса,  
Мал сұрап неге өзі алмайды?!” -деп.

Молдамен өш боламыз жүріп текке,  
Молданы шығарамыз алып шетке.  
Жабылып етегінен үстаймыз ғой,  
Тұрганда шама келмей ақыретте.

Аңдамай сөз сөйлейді дәulet масы,  
Өтеді кәпірлікпен өмір жасы.  
Айырылар бос сөзбенен иманынан  
Қызыл тіл, андамасан, жаннын касы.

Шаригат, молда айтады көңіл тыбып,  
Анық ер шаригатқа жанын қып.  
Жарандар, жақсы болса, қалай болған?!  
Өтті ме пайғамбарлар дүние жиып?!

Бай болсан, дінінді күт, молда жақтап,  
Жомарт бол шаригаттың жолын сактал.  
Қызығы бұл молданың алдымызыда,  
Тамұқтан алып шығар бізді ақтап.

Жөн білген тұзу жолға жанасады,  
Қисайып жөн білмеген адасады.  
“Қайсымыз өуел бұрын кірерміз?!” - деп,  
Жұмакқа төртеу болып таласады.

Төртеудің бірі- молда, бірі- қажы,  
Біреуі жомарт пенен шейіт ғазы.  
Бұлардың арасына жетіп келіш,  
Періште Жебірейіл болар қазы.

Қажы айттар:

-Байтуллаға[412] барып келдім,  
Малымды дін жолына салып келдім.  
Пайғамбар рузасына тауап қылып,  
Шайхының[413] баталарын алып келдім.

-Көп еді,-жомарт айттар,- менін малым,-  
Көп келді көріп-қасер молда, ғалым.  
Сол келген пакырлар мен ғалымдарға,  
Таркаттым құдай үшін соның бөрін.

-Алдымен,-шейіт айттар:

-Мен кіремін,  
Бойыма қандай жанды тенгеремін!  
Жанымды дін жолына пида қылып,  
Жұылмай, иа көмілмей, жан беремін!

Молда айттар:

-Ойламадым жаман!-дейді,  
-Қолыма ұстаганым кәлам!-дейді.  
-Жанымды дін жолына пида қылып,  
Үйреттім діннің жолын тамам!-дейді.

Жебірейл жауап айттар:

-Бөрі дұрыс!  
Жоқ еken сөзлерінде ешбір бұрыс!  
“Жақсылық акыретте сауап бар!”-деп,  
Бұл сөзді кімнен естіп, қылдын дұрыс?!

Баршасы періштеге берер жауап,  
Жомарт боп, шейіт, қажы қылған тауап:  
-Молдалар бөрімізге айтып еді:  
“Болар-деп,- акыретте үлкен сауап!”

-Кейін түр, олай болса, сенің бәрін,  
Сендерге ұстаз болты молда-ғалым.  
Бәріне жол көрсеткен молда кірсін,  
Артынан кірерсіздер қалғандарын!

Сол жерде молда байғұс тендік алар,  
Жебірейл өз орнына қайтып баар.  
Молдалар- жұмсақ көңіл, жай тұра ма,  
Құдайға тағы барып арыз қылар:

-Құдая, жан жаратып, ғылым бердін,  
Ғалымдық шарапатпен мұнда келдім.

Жалғанда дінін күткен жомарт байдан  
Жақсылық осылардан қатты көрдім!

Болып ек біздер молда малдан кедей,  
Мал берген бізге жомарт, өзі жемей!  
Бәрібір мен оларды дос та тұттым,  
Құранда не деп едің, солай демей?!

Бар құдай қабыл етер айтқан сөзін:  
-Ықтияр, молдаларым, берсең өзің!  
“Инна аллаһу назигу мақсунун!”[414] - деп,  
Бар еді құрандағы айтқан сөзім!

Жомартқа жолын берер молда кәріп,  
Онан соң жомарт кірер бұрын барып.  
“Молданың жақсылығы сөйтіп тиер!”  
-Деп айтқан пайғамбарым хабар салып.

Күнәға, ей, жігіттер, жүрме батып!  
Ерінбей таң намазға тұрғын атып.  
Құрбан ғып малыңыз бен жаныңызды,  
Жұмакты осылайша алғын сатып!

Жігіттер, айып етпе жырлағанға,  
Өсиет сөзім- тегін: тындағанға.  
Бұрынғы пайғамбардан артықпыз ба,  
Дүниеге солар мойын бұрмаганда.

Өтіпті Үд пайғамбар және Салық,  
Дүниеге неше толып өтті халық.  
Сүм жалған баяны жок, әлі-әк өтер,  
Жарандар, осындайда қимылдалық!

Өтіпті Зауал, Кәфел, пайғамбар Лұт,  
Біз енді құтыламыз қайда барып?!

Фарасат майданына жиයар дейді,  
Пендені жиып, теріп, айдал алып.

Ісінді жаксы, жаман мағлұм етіп,  
Тұрады перштегер айғай салып.  
“Япырм-ай, бұл не деген қатты күн?!”- деп,  
Тұрады пенде байғұс қайран қалып.

Қаранды көр ішінде әбден соғып,  
Жетеді кәріп басың өліп-талып.

Жігіттер, мұндай күнді ойласандар,  
Болады пенде байғұс сонда кәріп.

Ибраһим, Смағұл мен өткен Ысқақ,  
Оларды ойлағанда, такатым нақ.  
Күнінде кияметтің мұнға қалмай,  
Жігіттер, осындауда қарыштап бақ!

Бақуат, халің болса, киіп-ішіп,  
Астыңа жорға, жүйрік мін-дағы шап.  
Киямет болад деген жан бар ма екен,  
Адамға қандай тәуір тіршілік шак!  
Бұл жалған сейтіп жүріп түпке жетер,  
Астыңа мінсен-дағы алтыннан так.

Өтіпті Жакып нәби, және Жұсіп(Иосиф),  
Дүниені пенде қуар мейірі түсіп.  
Бұл күнде қүнелтеді қалқақ қағып,  
Өз жанын, бай болса да, өзі қысып.

Білмейді сүм жалғанның алдағанын,  
Киеді жыртық қиім тарта пішіп.  
Мұндай жан құлшылықка мойын бүрмас,  
Болады мал бағуға сондай пысық.

Алланың сүйген досы- Мұса кәрім,  
Інісі өм пайғамбар болды Арын(Арон).  
Олар да дүниеге тұрған емес,  
Жаратты осылайша жанның бәрін.  
Аллаға қарсылықпен кәпір болып,  
Жер жұтқан өз малы үшін малғұн Қарын.

Оман мен ол Қарынбай тозақ барды,  
Аллаға қарсылық қып болды залым.  
Жігіттер, тіршілікте жолдан азба,  
Құдайдан өмір келсе, жок дүр халің!

Дүниеде малын бағып безектеген,  
Махшарда сондай жанның соры қатын.  
Дүниенің ойлағанда пайдасы жок,  
Төкпендер дүние үшін беттің арын!

Өтіпті Шұғайып(Аюб) пен хазірет Аюп,  
Дүниеден көп жан өтті таңғажайып.  
Дүниенің артық-кемді жоғын ойлап,  
Кетпендер, ей, жігіттер, жолдан тайып!

Олар да шаруа қылып, дінін күткен,  
Шұғайып Мұса менен қойын жайып.  
Ұмытад ендігі жан бір құдайды,  
Дән бітіп, бір кішкене кетсе байып.

Жан бергенге дән берген патша құдай,  
Кедей де күн көреді жоқтан гайып.  
Өтіпті патша болған нәби Дәуіт,  
Соғыпты кереметпен темір сауыт.

Билеген хан Сулеймен жердің жүзін,  
Қалған жоқ олар-дағы опа тауып.  
Күнәға, ей, жігіттер, үйрленбе,  
Әншейін сүм нәпсіге жала жауып.

Яқия, Зікірия, Мәриям, Файса,  
Аз дәурен солар сүрді заман ауып.  
Олар да бозбала боп өскен екен,  
Қылған жоқ біз сықылды ойын-сауык.

Перғауын, Намрут, Шеддат, Мәлік, Риян,  
Жоғалды көп патшалар топырақ қауып.  
Алланың бес парызын күтпей қойма,  
Жұрсен де жалшылықта сауын сауып.

Айғайлап таң кезінде оятады,  
Бар екен ғаршы ағлада үлкен тауық.  
Жігіттер, жан пайдасын ойласандар,  
Құлдық қыл, не қылсан да, ебін тауып.

Алланың жұз жиырма төрт мың пайғамбары,  
Аллаға құлшылық (қылад) қып соның бәрі.  
Құдайға ақ көңілмен іс қылады,  
Пенденеге жарамайды көңіл кірі!

Бір Алла өзі медет, айламаса(ойламаса),  
Пенденің мына жүрген көп дүр міні.  
Фазиз бен (Қызыр мен) Лұқман хәкім, һом Даниял,  
Жарандар, мына сөзге қулагың сал!

Әлімге неше түрлі айла(хайла) қылған,  
Ажалға сонда-дағы болмады хал!  
Жалғанда аз күн зейнет болса-дағы,  
Адамға пайда бермес бас пенен мал!

Жаһанда жаска тойған жан бар ма екен,  
Мың жасап, жағы түсіп, болса да шал?!

Осылар ақыретке неге себеп,  
Жалғанда күнде жеген қазы мен жал?!

Жанына сол күнінде сеп болмайды,  
Ішкенін болса-дағы шекер мен бал.  
Жігіттер, тіршіліктे қапыда өтіп,  
Күнінде кияметтің болмаңыз дал!

Жарандар, ақыл-жастан, асыл- тастан.  
Жан берді: “Құллық қыл!” - деп, әуел бастан.  
Құшпенен жер жүзіне ойран салған,  
О да өтті: Сам, Нариман, Рұстем, Дастан.

Қап тауын айналдырган ер Караман,  
Батса да қара жерге, қарамастан  
Баян гып өткендерді айта берсем,  
Ерлердің ақ жүрегін қайғы басқан.

“Ақырет, дүние камын бірдей же!” - деп,  
Насихат осы сөзім көңіл ашқан.  
Құран түскен Алланың әмірімен,  
Пайғамбар шариғатты бізге шашқан.

“Тозақ пен ақыретте ғазап бар” - деп,  
Күнөдан тақуалар аулақ қашқан.  
Надандар карсылық қып, канғырады,  
Оқымай намаздарын, қара басқан!  
Сұраушы періштелер күрзі соғар,  
Зар жылап тұрғанына қарамастан.

Мұхаммед – Алла досы, Ҳақ- пайғамбар,  
Болыпты оған үмбет талай жандар.  
Алланың шын әулие, жақсы құлы,  
Дүниеден о да өтті төрт шарияр.  
Сыздық пен: Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман,  
Алланың шер күласы Фали қайлар.

Сахаба отыз үш мың бәрі- шейіт,  
Сүм жалған соларды алған, - бәрін айдар:  
Құл болып дін жолына Құдай үшін,  
Өлімге бұрынғылыш басын байлар.

Шалқадан ендігі жан бекер жатып,  
Зекетсіз казы, карта бекер шайнар.  
Құлнылық бір Құдайға қылмай өткен,  
Барғанда ақыретке соры қайнар!

Төрт имам әулиесі- имам Ағзам,  
Шығар ма дәл солардай ендігі жан?!  
Мәлік пен имам Шалих, имам Ахмет,-  
Шаригат осылардан бізге қалған.

Олардай бұл дүниеде жан болар ма,  
Ғылым, хикая кітаптан тағылым алған.  
Бұлардан басқа жолды табам десе,  
Пенденің қылған ісі болар жалған!

“Дүниеде тірлік қылыш, дінің күт!” - деп,  
Бар құдай пен десіне қылды пәрмен(парман).  
Жалғанда абайламай өтіп кетсе,  
Не пайда ақыретте қылған арман?

Фарасат майданына барған шакта,  
Бір Алла қазы болып жауап алған.  
Махшарда мұқтаж болмай, ракат табар,  
Өзіне өз азығын алып барған.

Шаригат сөзін қуып (өнгे) өнеге айтамыз,  
Не айтсақ, көріп түрган жөнге айтамыз.  
Дегендей: “Әмір, Мағруб, Нани, Мұнқір,  
Өзіміз қылмай жүрін, кімге айтамыз?!”

Өлген сон қыын-қыын жол бар екен,  
Жолдары кияметтің бек тар екен.  
Ғылымы ғамал қылмай канғып жүрген,  
Бір сұрау молдакене сол бар екен.

Әңгіме айта берсем, бәрі де кеп,  
Мен жүрмін қорқыныш ойладап, уайым жеп.  
Келтірген бұған аят дәліл осы:  
“Усы уакұфуу үн аннағүсем машуа лұдере!” [415]-деп.

Айтамын мен ойымның жеткен жерін,  
Айтумен таркатамын іштің шерін.  
Қытуға бірде – бірін күшім жетпей,  
Барғанда белгісіз ғой сол не дерім.

Адамның жылады жасы-күс,  
Төгілер көл дария боп, көрдің сұзы  
Үш тармақ, сөуле беріп, жалауланып,  
Тігілер пайғамбардың жасыл туы.

Сол тудың үзындығы- мын жылдық жол,  
Есеп қыл қолдененеш- елу мын жыл.  
Үстайтын жері- ак күміс, басы- жақұт,  
“Лә илләһе алхамид”[416].- деген ту осы екен, біл!

## Елу бесінші бап

### Барина Мактұқты беске бөлгөні

Баршаны киямет күн беске болер,  
Бір бөлігі тозакқа тез жөнелер.  
Ол жамағат - шайтанлар, білмек болсан,  
Бір болігі боп кетер жер менен жер.

Білсендіз, топырақ болған жануарлар,  
Саяап жок, һәм күнө жок қылғандар.  
Сол себепті топыракқа қосылады,  
Осы айырады бір бірінен пәруардігер.

Фисапқа тұтылады бір бөлегі,  
Мукаллаф [417] болған болса адам пері(сері).  
Жараса қытмысына жаза көріп,  
Кай орынға жіберер Бірубары.

Бір бөлеп көрмейді еш бір хисап,  
Жараткан Алла тағалам ұжмакқа арнал.  
Ол бөлегі періште мен пайғамбарлар,  
Бұларды күнәсyz ғып жараткан Хак.

Сұрапар(сұраплар) төрт нәрседен барша адам,  
Аяғын аттапастан жалғыз қадам.

Әуелі сұрайды екен:  
-Ғұмырыннан.  
Не бірлан өткіздін, -деп, - айт, - деп, -маган?!

Екінші айттар екен:  
-Бердім көп мал,  
Кай орынға сарп еттін, ей, бейхабар?!

Халалға жұмсадың ба, иа, харамға?  
Бір күрісін, қалдырмай, орнына сал!

Үшінші, бердім саған ұзын ғұмыр,  
Не ғамалмен өткіздін пенде маҳрүр?!  
Бар қылған жақсылығың сениң қайда?!

“Тағат қыл!-деп,- бұйырган,-баршана біл!”

Төртінші, мен қылғанмын денінді сау:  
“Күндіз руза болсын,-деп,- түнде ояу”.  
Күш-куатынды қай жерге сарп қылдын,  
Айтқам жок па бәріце: “Нәпсін,-деп,-жау!”

Қабірде айтты:

-Шық шақық ол балхи,  
Төрт нәрсені айта дүр: бұл күнің- халқи.  
Тілімен айтқан болып, оны істемес,  
Алланың оған болар лағынеті!

Деп айттар:

-Бір Құданың пендесіміз,  
Істемес пендешілік пенде өр кез.  
Тілеуін бір Құдай қайтін берсін,  
Арам ой ойлағаны кеш [т]е күндіз.

Екінші Хактан тілер халал ризық,  
Қанағат жок ешкімде, ойы бұзық.  
Бірін-бірі алдаумен күн өтеді,  
Іші(ісі) оның түзелмес(ін), болып түзік.

Үшінші, ойламас ол ақыретті,  
Фасы-ғышрат: ойлағаны- жан рақаты.  
Тілеуін оның Құдай қайтіп берсін,  
Көрсе де, қорықпайды көп апатты.

Төртінші, айтқан өлім болар[ы] рас,  
Жан үшін ақыреттің ісін қылмас.  
Өлімді ойға алса, қорқар еді,  
Бұл күнде еш кісіде тәубе болмас.

Әркімнің болса өлім ойларында,  
Ешбір күнө жолатпас бойларына.  
Үш нәрсені көңліне Құдай салар,  
Жақсылық бастатып жолдарына.

Жатса, тұрса, тілінен тәубе қалмас,  
Қанағатшыл болады, қалса да аш.  
Үшінші, көп тағат дүр істегені,  
Арып, шаршап жүрсе де, еш қалдырmas.

Өлім керек қылмаса әр пендесі,  
Оның да даяр тұрап үш нәрсесі.  
Тәубенің не екенін білмей кетер,  
Намазға болмас оның ықыласы.

Үшінші, онда ешбір қанағат жок,  
Ерте-кеш аңдығаны- өсек- өтірік.  
Қайтып карыны ашпастай ойланады,  
Мал бітсе он кара, сүйтіп жүріп.

Дүниеден бір өтеді болып гапіл,  
Басына түсे қалса заман ақыр.  
Фазап үшін жараткан пендесі ғой,  
Не қылса, Құдай қылар, пенде- пакыр!

Егер де күнәменен күнің өтсе,  
Басына бір күн ажал уақыты жетсе.  
Қабіріне қауым халқын кетсе көміл,  
Барады күнәң сенің бірге ілесе[іп].

Қабіріңе бірге кірер өзінменен,  
Шошилды көрген шакта ғазиз денен.  
Түсі жаман бір пакыр жігіт болып,  
Деп айттар:  
-Айрылмаймын тіпті сенен!

-Қасымнан, - сен айттарсың-жылдам кет!-деп,  
-Не жұмыска келдің [сен], ей, жігіт?-деп.  
-Дүниедегі жолдасың жақсы көрген,  
Мен емес пе?!-деп айттар, бетпе-бет кеп.

- Дүниеде күнә қылдың, корықтай Хактан,  
Пәленше батыр десе, қылып мактан.  
“Ұры-қары”-дегенге сен семірдің,  
Сол күнәннан жарадым акымақ надан!

- Менен безбек боласың, сен қалайша?  
Күнәмен гұмырың өтті, ай, пәленше!  
Жіберді:

- Бірге бол!-деп, мені Құдай,-  
-Фазап қылам киямет- қайымғаша!

Саған келген қазірде сұраушы бар,  
Жауабын бере алмасаң, сені үрар.  
Тілінді айтқызбастан, мен бөгермін,  
Замана басыңызға ақыр болар!

Сол шақта оған кіргей екі Мәлік,  
Сұрайды:

-Раббың кім,-деп, - ай, акымак?!

Күнәңыз қасыныздағы тілің буып,  
Сөйлетпес қабірінде, сен бұған бак!

Қылышың ғұмырында аз күн ғамал,  
Ғамалың қияметте аз-ақ болар.  
Күнә, сауап қылсан да жаңың үшін,  
Қабірінде жолдас болып бірге барад.

Істесен ізгі ғамал, көріп пенде,  
Алдыңнан қарсы шыққай қабірінде!  
Бек көркем, хош иісті жігіт болып,  
Мұләйім сыйықлықпен тұрғай онда!

Танымай сен сұрарсын:

-Сіз кімсіз?-деп,  
Бөгелмей жігіт сонда, бастағай кеп:  
-Дүниеде ізгі қылған ғамалыңын,  
Жолдас боп сеніменен тұрамын!-деп.

-Енді жоқ бұдан былай сенде уайым,  
Жіберген мені саған бір Құдайым.  
Қиямет-қайымғаша қызметкермін,  
Болады жаннат ағыла сениң жайын.

Келеді енді саған екі Мәлік,  
Мен тұрамын бар сөзді аузына сап.  
Сескеніп перштеден, ешбір қорықпа,  
Берерсің бөгелмestен жақсы жауап.

Келеді сол халатта Мұңқір-Нәңқұр,  
“Ман раббик, расулың сенің кім?!”-дер.  
Ғамалың сонда тұрып жауап бергей:  
“Перште, не сұрайсың, мен- жауапкер!”

Жауапты оған бергей әлік жалда:  
“Расулы-Мұхаммед дұр, раббысы- Алла!”  
“Дін –ислам- барша діннің абзалы!”-деп,  
Ғамалың бар жауапты бергей онда!

## Жұмақтың аты, һәм сипаты

Тағы да баяндайын жұмақ атын,  
Жаратты Алла Тағала: “Не-деп,- затын?!”.  
Рахыматымен жараткан сегіз жұмақ,  
Мыннан бірін айтамын мен сипатын.

Бірінші жұмақ аты- “Даралыхпан”,  
Гаунардан жаратыпты Алла тағалам.  
Жараткан екіншісін саф алтыннан,  
Аты дүр ол жұмақтын- “Дарис салам”.

Үшіншісінің аты екен- “Жаннат- Мәйі”  
Жаратты забіржаттан Ҳақ тағала.  
“Даралхилу”- төртіншінің аты ирөр,  
Сары маржаннан жаралған өзі ағла.

Жұмақтың бесіншісі- “Жаннат-Нагим”,  
Ақ күмістен жаратқан, әне, тағын.  
“Жаннат- Фадин”-ирөр алтыншысы,  
Жакұттан жараткан дүр Құдірет Кәрім.

Жұмақтың жетіншісі- “Дарил қарап”,  
Ішінен ізгі пенде орын алар.  
Ақ інжуден жаратты фазылымен,  
Фамал қылсан қіруге, саған жарап.

Сегізінші жұмақ аты бил,-Фирдаус,  
Жұмактан үміт қылсан, болма жауыз.  
Лағылдан Алла тағала жаратыпты,  
Сипатын келтіре алман, айтып ауыз.

Әр жұмақта есік бар екі бірдей,  
Кенлігі, үлкендігі- Көк пен Жердей.  
Қызыл жақұт маржаннан жаратыпты,  
Айтуға тоқталамын аузым келмей.

Балшығы, топырағы- шаған бір бар,  
Кірпіші алтын, күмістен жаралған-лар.  
Шарбағы, сарайлары- інжу, жақұт,  
Кіреді ғамал қылған ізгі жандар.

Сарайдың есіктері- тек жауһардан,  
Ішінде бұтактары- бәрі нүрдан.  
Төрт дария өзен ағар арасынан,  
Балдан-тәтті, сүттен-ак, сұық- қардан.

Бірінші ақкан дария- су дариясы,  
Іshedі Құдай жазса әр пендесі,  
Екіншісі- жаралған шекер мен сүт,  
Үшіншін және ағады – бал жылғасы.

Төртінші дария бар, бәрі- хамар,  
Іше алмас, өз жанына қылса зәбір.  
Суы түгіл, жұмақтың маңын көрмес,  
Істесе күнәғи бос және кәпір.

Болады Миғражды көрген Расул,  
Сұраған:

-Баян қылшы, ай, Жебірейл!  
Қайдан шығып, қай жаққа ағады?!-деп,  
Көзі қайдан ңыққанын білмеген сол.

Жебірейл айтты сонда:

-Қайырланам,  
Бір Құдай білдірмеген мұны маған!  
Құдайға менен ғөрі өзің жақын,  
Дүға қылсан, көрсетер Алла тағалам!

Расулім дүға қылғаш әлгі жайда,  
Алдынан бір періште болар пайда:  
Келді де қарсы алдынан, сәлем беріп:  
-Жұм,-дейді,- көзінізді!-пайғамбарға.

Пайғамбар “Жұм” деген сон, жұмған көзін,  
Түбінде бір ағаштың көрілті өзін.  
Бір інжуден жаралған мұнара тұр,  
Есігі құлыптаулы, көрсе жүзін.

Алтыннан- құлыбын көрсе оның,  
Сонша[ма] үлкендігі мұнараның:  
Дүние толған мақұлық басына шықса,  
Тау басына құс қонғандай болмас оның.

Кірпіші –жасыл жакұт салған панар,  
Төрт дария сол астынан ағып шығар.

Кірмекке енді ішіне көңл қойған,  
Сұт пен бал, шекер шәрбат сулары бар.

Перште:

-Кіргіл!- дейді, сонда тұрып.

Деп айткан:

-Кіре ала ма, аузы құлып?

-Ашуы хақ пайғамбар өзінізде,  
Ашылар, “Ла ила ила Алла!”-десеніз көп.

Есітіп бұл каламды аузыма алдым,  
Ашылған әлгі есік, қайран қалдым.  
Төрт дария төрт тарағтан ағып жатса,  
Пайғамбар көзін салтай ғажаптанған.

Пайғамбар айтты:

-Суынан ішіп тойдым,

Ойланып, жете алам ба түбіне ойдың?!  
Төрт дарияның көздерін таба алмағас(ын),  
Қайтуға енді онан көңл қойдым.

Перште:

- Қара,-дейді- және екінші!

Аралап іши-тысын әбден тінтши!  
Сөзімен перштенің қарап едім,  
Төрт бұрышынан сарқыраған дауыс шықты.

“Бисмилла”-деп, жазып қойған бір бұрышта,  
Жазылған бір бұрышта: “Лағыз Алла!”[418]  
“Ал рахман”,-жазылған бір бұрыш бар,  
“Ал рахым”-жазылыпты төргіншіде.

Бісімнің мимінен шығар сипат дария,  
Баллаңия-сынан шығар Лағыз Алла.  
Мимінен ал рахманың хамар[419] ағып,  
Ал рахымнан сұт ағар, біл, тамаша!

Есіттім сол арада тағы наданы:

-Иа, Мұхаммед, құлак салып, тында мұны!  
Үмбетінді сол судан сугарамын,  
Ықыласпен айттар болса “Бісмілланы”!

Кімде –кім тағат қылса ықылас илан,  
Сенбі күн шер рақат дариясынан.  
Жексенбі күн і shedі бал жылғасын(ан),  
Тәубе қылса, тыйылып күнәсінан.

Хамар дария- ішілер дүйсенбі күн,  
Құдайдан қорқып жүрсе күндіз бен түн.  
Сугарар сейсенбі күн сүттен және  
Сактанса харам сөзден жымла бүтін.

Сулары үш дарияның хауызға үқсар,  
Бұлардан ішкен кісі мас болар.  
Тоқтамас мын жыл ішіп, есірген соң,  
Бір тауға жұпар болған барып қонар.

Сол тауда және акқан бар “Салсабил”-  
Сугарар сәрсебі күн осынан, біл.  
Суынан Салсабылдың ішкеннен соң,  
Ұшады мас болумен тағы мын жыл.

Мұнан соң қонатыны- Тұп ағашы,  
Неше мың сарай толған айналасы.  
Құрылған әр сарайда тахт [420] бар дүр,  
Отырар сонда барып әр пендесі.

Періште алып келіп Занжабылдан,  
Сугарар бір Құданың әмірі бірлан.  
Бейсенбі күн ішеді ізгі пенде  
Құдаға хамд айттар бәрі бірден.

Басына сая болар ақ бұлт кеп,  
Бұлттан жауһар тастар жауады көп.  
Басына тәжлер орап, холла киіп,  
Куанып тағы ұшады, мың жыл тұрып.

Орнына келіп тұскен садақаларың (садықларың)!  
Жұма күн қонақ қылған Алла бәрін.  
Маһыман холладан тағам татып,  
Сол жерде көрсетеді шын дидарын.

Әрқайсы мас болады шарап ішіп,  
Құдая, әр пендеге қылғыл несіп!  
Періштерелер колтығына кіріп алып,  
Келтірер өз орнына, алып, ұшып:

“Осындай пар дүр –дейді,-дәреже бар!”  
Әр пенде нәпсі тыйған орын алар!  
Ісіміз күндіз-түнде ғапілдікте,  
Біз- акымақ: бұл нығыметті қайдан табар?!

## Елу жетінші бап

### Ібіліс ғылламы лағынның жанын алатын баяны

Бір Алла Фазірейілге қылған нада:

-Кім қалды енді тірі дүниеде?!

Күлгү нафси заиқатул маут [421] бар дүр уағдам,  
Білдіргіл өлмегенді келіп мұнда!

Фазірейіл келіп сонда береді үн:

-Иа, Раббы, барлық нәрсе -өзіне маглұм.

Бұл күнде жерде тірі Ібіліс ирүр,  
Бар қалған көк аһытынан жалғыз өзім.

Құдайым Фазірейіл(ге) қылған пәрмен:

-Қалмасын макұлтықатымнан жаратылған!

Жер, көк аһылы санынша қуат бердім,

Жанын ал, Ібілістің, бермей аман!

Осылай әмір қылған (қылғаш) Фазірейілге,  
Фазірейіл һайбат бірлан келген жерге.

Қолында әрқайсысының отлы шынжыр,  
Жетпіс мың забанилар өнкей бірге.

Фазірейіл Ібліске келген жақын,  
Өлімнің тарттырмакқа шарапатын.

Ол малғұн корқып сонда қашады екен,  
Өлімнен ойлады екен құтылмағын.

Фазірейіл сол арада үрган нағыра:

-Ей, малғұн, құтылмайсың қара мұнда!

Талайдың жазасы үшін тұтыларсың,

Күмірағып азғыргансың дүниеде(дүниада)!

Айғайын тірі болып естіген жан,

Баршасы берер еді корыкканнан.

Жарылып жүректері, зілзала боп,

Түк қалмас еді жерде жан аһытынан.

Шыдамай Фазірейілдің һайбатына,

Кіреді жердің барып бір катына.

Перште онан барып айдал шығар,

Малғұнды жіберместен өз бетіне.

Мағырұпқа мұнан қашып тағы баар,  
Алдынан барып шыққан періштерел.  
Өлімнен құтылмасын білгеннен соң,  
Хазіреті Адам қабірін тауып алар.

Деп айтар:

-Саған сөжде қылған болсам,  
Мен мұндан болмас едім әуре-сарсан.  
Осы күнде сол қылған күнәм кешіш,  
Өтірік қылады екен фариад фаған.

Фазірейл айтар сонда:

-А,иа, малғұн,  
Қылғанмен қабыл болмас тәубен сенің!  
Әзелден саған ракым болмақ емес,  
Шайтан боп жаратылдың, болып азғын!

Кетеді бұл сөзді естіп, тағы қашып,  
Неше мың құтылуға хайла жасап.  
Фазірейл запанилармен қуып жетіп,  
Шыңжырлап ұстайды екен, соғып, шаншып.

Фазірейл жанын алған сол арада,  
Шыдамай найбатына қылған нада.  
Өлім аңысын шайтанға татырады,  
Жаралған жан санынша дүниеде.

Мың түрлі ғазап бірлан алған жанын,  
Ішіне кіргізді һаунаның[422].  
Сұрап сауал(сұрых суал) болғанша сонда жатып,  
Бар көресін көреді шайтан Лагын.

Әркашан атқан шакта гарасат тан,  
Ішінен жеті тозақ шығар шайтан.  
Өзінің дүниедегі жолдастарын,  
Ертіп ап кайта кірген олар(алар) бірлан.

## Елу сегізінші бап

### Фазірейл періштенің жанын алатын баяны

Бір Алла айтар екен Фазірейлге:  
-Дүниеден пани болды барлық нәрсе.  
Сөзімді: “халиқ” (“халік”)- деген-естімедин бе,  
Сен-дағы енді тұрма бұз дүниеде!

Бұлайша Фазірейілге келген нәубет!  
“Өз жанынды өзің ал!”-деген Құдірет.  
Жұмак пенен тамұғының арасында  
Ала алмай жанын сонда қылған фәриад.

Сол күнде макұлықтар болса тірі,  
Айғайынан қалмас еді ешбіреуі.  
Жия алмай сонда барлық қанаттарын,  
Құдайға нала қылар(қылтүр), қытып зары.

Деп айтар:  
-Білсем еді жан ашығын!  
Ешкімнің алмас едім барып жанын.  
Анасынан шапағатты болар едім!-деп,  
Айтады сонда тұрып қайғы-зарын.

Фазірейіл ала алмайды өзі жанын,  
“Ал!”-деп, әмір қылса, Пірубарым.  
Сынамакка: “Өзін ал!” – деген сөзі,  
“Білсін-деп-, -қандай екен-жан қадірін!”

Бар Құдай Фазірейлінің алар жанын,  
Дүниеде жан исі (саясы) қалмас ешкім.  
Бостан-бос бүтін дүние қарап тұrap,  
Тірілтіп қылғанынша ғаділ хұкім.

Ең әуел тірілтеді Исрафилді:  
-Үргіл!- деп, - аузыңа алып, - берген сурды.  
Үшінші мәртебеде үрген шакта,  
Қабірден бас көтерер инысы мен жыны.

Бағзысын суга кетіп, балық жұтсын,  
Отқа күйіп, бағзысын қасқыр жесін.  
Әуелден ақырғаша өткен жанның  
Қылады арасында ғаділ хұкім.

Тірілтіп осылардың һаммаларын,  
Береді күнәсінің жазаларын.  
Сират күрып, тамұғты қыздырады,  
Жаратқан жоктан барғып Құдірет Кәрім.

Кағыбал Ахбардан сұрады хазірет Фұмар:  
-Иа, Кағыб, сен өлімнен бергіл хабар!  
Мысалы бұл өлімнің не секілді,  
Мәнісін баян қылсан, көңілім тынар.

Ғұмарға баян қылды Кағыбал Ақбар:  
-Берейін мен өлімнен саған хабар!  
Жапырақлы, тамырлы бір ағашты  
Бір адамның шіне отыртса егер.

Мысалы бұл өлімнің дәл осы ағаш-ты,  
Ағашты келіп тартса бір жігіт жасы.  
Куаты қаһарманнан кем болмаса,  
Құлатар болса-дағы, тау мен тасы.

Мысалы, ағаш ирөр- осы өлім,  
Уақыт жетсе, Фазірейіл келер бір күн.  
Жаныңды ағаштай ғып тартса егер,  
Айырып бір-ақ алар тамырымен.

## Елу тоғызыншы бап

### Жеті тозақ баяны

Тамұғының сәкілері болған жеті,  
Құдайым әрбір іске таксим[423]етті.  
“Лаха сажатун абуабу ликули бабин”[424]  
Мұсым, бір Алла каламында зікір етті.

Сұрапты пайғамбардан асхаплары:  
-Тамұқтың қандай екен сәкілері?  
Пайғамбар айтқан екен асхабына:  
-Ұқсамас бұл сәкіге оның бәрі.

Арасы әр сәкінін - бір жұз жылдық,  
Кітаптан мұны көріп, тағиын[425]қылдық.  
Бірінен бірін тәмен жаратқан Ҳак,  
Сен коркып бір Аллаға қылғыл құлдық!

Фазабы біреуінен біреуі артық,  
Жетпіс есе тұрады ғазабы артық.  
Бірінен бірі тәмен барған сайын,  
Ыстығы сондай қатты, қылсан байып.

Рауаят бар дұр бізге пайғамбардан,  
Ол кісі сұрап білген Жебірейілден:  
-Тамұқтың бар сипатын маған айт!-деп,  
Сұраган:  
-Кімдер кірер? Қыл,- деп,- баян!

-Тамұктың бір есігі: аты- “хауиа”,  
Өзі сол мұнафыктың, білсөн және.  
Кіреді ол Файсаға иланбаған,  
Жұмактың тамұтын жіп біл һөмандада.

Ол Файса бір Аллаға дүға қылған,  
Түсірді жұмасыңдан бір дастарқан.  
Жұмактың тамағынан қаумим сұрап,  
Менің сол пайғамбарлығыма иланбаған.

Мазда сол уақытта көктен түскен,  
Файсаның барлық қауымы соナン ішкен.  
“Бұ да бір көп шежіренің бірі ғой”, -деп,  
Қауымы сол кәпір болып, діннен кешкен.

Дүғаға Файса сонда көтерді қол,  
Мүгжиза көрсетсе де, иланбай сол.  
Дүғасын Алла тағала қабыл етіп,  
Әркайсы болып кетті: доныз, маймыл(маймұн).

Бұларға Алла тағала лағынет етті,  
Көп тұрмай, үш күннен сон жер кеп жетті.  
Асхабы: “Машда”, -деп, бұларды айтып,  
Құдайым һауианы орын етті.

Екінші есік болған- Жахим ,  
Құдайға серік косқан, болар жақын.  
“Суретке сол табын!” -деп, жүргендеге  
Құдайым орын қылған қылсам фәһим[426].

Үшінші есік аты болған- “Сажар”,  
Табынған Құн мен Айға орын табар.  
Ферғауын, Намруд, Шидат, Лагын  
наман мен бұл орында Қарын да бар.

Төртінші есік аты болған- “Лазы”,  
Ібіліс сол тамұкта тартар жаза.  
Тағы да Ібіліске жолдас болар,  
Намазын, оразасын қылған қаза.

Бесінші есік аты болған- “Хатма”,  
Құдайым орын қылған бар жөнінді.  
Нинди, Қытай, Мажуси- бәрі онда,  
Табынған кәпірліклен от пен пұтка.

Алтыншы есік аты болған- “Сажыр”,  
Насырани кіреді екен оған тағы.  
Құданың бірлігіне (бір екеніне) иланбаган,  
Істеген ғұмыр бойы пасық Фажер!

Жебіреіл жетіншіде түрді тоқтап,  
Ұялып пайғамбардан әдел сактап.  
Көп сұрап пайғамбарым қоймаған сон,  
Айтыпты:

-Жаһаннам! –деп, атын атап.

-Пайғамбар, білмек болсаң, жаһаннамда,  
Істесе күнәхи: кәпір, бағзы пенде.  
Өзі сол болған саған тағы үмбет,  
Жазасын махшар күнде тарткан енді.

Тәубеге ғапілдікпен қірмей өлген,  
Құдайым сол қауымға белгілеген:  
“Фазалты жаһаннамда тартар-дейді-  
Тіліне шайтан малғұн дүниеде ерген”.

Пайғамбар қайғыланды мұны естіп:  
-Халдері үмбетімнің болар нешік!  
Иа, Алла, фазылтың илан, жарылқа!-деп,  
Сол демле дәргаһына сәждे етіп.

Жебіреіл пайғамбармен бірге жылап,  
Боллы-лар көз жастары дария бұлак.  
Алладан сол уақытта уахи келді:  
-Ал,-депті,- қажетінди менен сұрап!

Әрқашан болған шакта киямет күн,  
Иа, достым, тілесеніз, қылман макрүм.  
Күнәкар үмбетінді- күрметіне  
Барғанда Farасатта бағышладым!

Жебіреіл пайғамбар мен болды-лар шат:  
“Қылайын.- дегеннен сон,- үмбетті азат!”  
Салауат пайғамбарға бір айтпайсын,  
Боласың пайғамбарға қалайша үмбет?!

Тамұктан шығар болса зоре ұшқын,  
Жеріне барып түссе Күншығыстың.  
Машриктан бермен карай Мағрибкаша  
Бұл дүние жанар еді жұмла бүтін.

Тамұқ ағылы шығарса бір шапанды(сабанды),  
Жер мен көк арасына асса, әне [әні],  
Сасыған сол күмнің ісінен,  
Мақұлыктың қалмас еді тәнде жаны.

Тамұктан бір кісіні қылса азат,  
Алып кеп Мағырыпка, қылса ғазап.  
Бықсыған ол пендениң ісінен  
Машырық ағылы баршасы болар налак.

Тамұқ ағылы журегі- ірің мен қан,  
Үстіндегі киімі жұмла катра[427].  
Осы(усті) көкірегі- тас, темірден.  
Құдая, сакта өзің жаһаннамнан!

## Алпысыншы бап

### Аби Фаббас бір руаят қылған жаһаннам(нан)

Сейлемен Аби[ибн] Фаббас бір руаят,  
Сол кісі жаһаннамды қылған сипат:  
-Жаһаннам жер астынан шығар!-дейді,  
-Періште ие болып жетпіс мың сап.

Періште коршап алған айналасын,  
Сол күнде не көрмейді кәріп [ғаріп] басын?!  
Бір сапы-адам, пері (бірі) санынша бар,  
Білсеніз, періштенің сіз шамасын.

“Отыз мың бас бар,- дейді,- жаһаннамда,  
Әр баста отыз мың ҳам бар дүр анда.  
Әр ағызында отыз мың тісі бар дүр,  
Тағат қыл, мұнан қорқып ғапыл пенде.

Әр тісі, азуы- таудай, білгіл мұны,  
Әр аузында бар,-дейді,- екі еріні.  
Әр ерінде оттан болған шынжыр бар дүр,  
Майыстырып сол келеді қара жерді.

Әр бұжырада жетпіс мың тұтқа мадкам,  
Әр тұтқада періште жетпіс мың сан.  
Періште тұтқасынан мықтап үстар,  
Фаршының сол жағына әкелер һәм.

Әр тұтқаның зорлығы- бір-бір сарай,  
Фаршының сол жағына орнар сондай.  
Тамұқты үл сипатты жаратыпты,  
Фасыдан өш алмаққа патша Құдай!”

Құдая, өзің сакта жаһаннамнан,  
Үміткер рахыматыннан барлық пенде(н).  
Хабибін құрметі үшін махфуз[428] қылғыл,  
Жапқышы айылтарды- Құдауандам!

## Алпыс бірінші бап

### Имансыздың сипаты

Құдайым имансызға қылған орын,  
Қайнатар соған кірген жанның сорын.  
Діңсіздің жүзін- кара, көзін кек қып,  
Пышақтап, айдал келер, құлак, мұрнын.

Тамұқтың алып келіп қақпасына,  
Запани ие болар бас-басына.  
Қолында Запанидің отты шынжыр,  
Жапсырап имансыздың жағасына.

Аузынан келіп үрған шынжырымен,  
Бір үшін барып шыккан бүйірінен.  
Сол қолын мойынына қоса таңып,  
Он қолы тесіп шығар бүйірінен.

“Қосақтап шайтанымен оны бірге,  
Аяғынан сүйретіп, жүзін- жерге,  
Аларып жаһаннамға салар”, - дейді,  
Құдая, кез келтірме мүмин ерге!

Фазаптың бүгін ашысын татыңыз! - деп,  
-Ал, енді жаһаннамға жатыңыз! - деп.  
-Дүниедегі бар қылған күнән үшін,  
Кызыққа енді бүгін батыңыз! - деп.

Фатима- пайғамбарым сүйер кызы,  
Сұрапты атасынан сол бір сөзді:  
-Умбетінді кай раушылы айдар екен?  
Жебірейілден сұрадың ба, айт, - деп, - мұны!

Кызына пайғамбарым айткан жөнө:  
-Болмайды үмбетімде бұл нышана.  
Жүзі қара, көздері көк болмайды,  
Шыңжырдан жырақ қылған Ҳақ тағала.

Үмбетім осы [үшін] бөлек болар күнәкary,  
Тағат қылмай, пасық боп, өтсе кәрі.  
Екіншісі- тәубесіз өткен жігіт,  
Үшіншісі- үргашының зинакоры.

Қатындарды сүйрейді маңдай шаштан,  
Жігітті сүйрейді көркіне карамастан.  
Ақсақалды сүйрейді сакалынан,  
Күнәһи қылса, Құдайды ойламастан.

Бұл үшеуі сол күнде қылса фариад,  
-Ахи уаһи (маным) менің картлығым,-деп, жылайды карт.  
-Әдеп күтпей, біз рәсүақор болдық!-деп,  
Жігіт пен катын тұрып, қылар касірет.

Мәліктің алтып барған кастарына,  
Темір бұғау шыңжыр жоқ бағтарында.  
Жүзі қара, көзлері шағыр емес,  
Қарты мен, карасаңыз, жастарына(жасларына).

Мәлік айттар:  
-Кай пайғамбар үмбетісіз?  
Дүниеде нешік ғамал істедіні!  
Тамүқ аһылтының сізде жоқ еш белгісі,  
Баян ғып пайғамбарынды айтыңыз сіз!

Сұрағашы жауап келген ғасылардан:  
-Біздің сол пайғамбараға енген(үнгін) Құран.  
Бес уақыт, парыз болған күнде намаз,  
Оразасы және парыз- рамазан.

-Олай болса- Мұхаммед пайғамбарың,  
Әмірін түтпай қалайша болдың залым?!  
Құранда махсияттан[429] тыйған жоқ па:  
“Қылма,-деп,- баршанызға- фикру бадым!”[430]!

-Сіздерді жіберді ме: “Күнә ет!”-деп,  
Бүйірар сонда Мәлік:  
-Отка тұг!-деп.

Мәліктің һайбатынан жаман корқып,  
Қышқырар әрқайсысы: “Мұхаммед!”-деп.

Жылайды әркайсысы, қылып баған:  
-Жылауға рұқсат бер,-деп,- енді маған!  
Бәріне Мәлік сонда рұқсат берген,  
Жылайды: жас орнына қып-қызыл қан!

Мәлік айтар:

-Бұл жылау қылмас пайда!  
Дүниеде тағат қылмай, жүрдің жайға.  
Егер де хактан қорқып, жыласаныз,  
Сен ғазап көрмес едің осындейда!

Жылауы пайда қылмас зара қадар,  
Жабысадар жағасына запанилар:

-Тәубе қылмай, сіз күнә істедің!-деп,  
Апарып ракым қылмай, отқа салар.

Әрқашан от кеп тұтса, таһлил айтар,  
От сонда күйдіре алмай, кейін қайтар.

Мәлік сонда қылады отқа нада:

-Не себепті күйдірмей, қайтасыздар?!

- Біз қайттық ғасылардан жауап естіп,  
Әркайсысы айтып жатыр таһлил-шәріф.  
Біз енді пайғамбардан ұяламыз,  
Күйліру енді бізге емес лайық!

Мәлік сол отқа пәрмен қылған сонда:

-Бұлар сол Ҳакқа ғасы болған пенде.  
Алмаған пайғамбардың тағы тілін,  
Бұйырған: “Отқа жақ!”-деп, Құдауанда.

Құданың бүйрығымен от кеп ұстар,  
Күйдіріп аяғынан жіпсіз тұсар.  
Тізесі, белі менен бұғазына,  
Тағы да жылан, шаян,- сол жабысадар.

Бұларға забанилар қылмас ракым,  
Тыйыштығы әр кез болмас оған тағын!  
Барша тәнін жандырып болғаннан соң,  
Күйдіруге жүзінекелген жақын.

Мәлік айтар:

-Жүзін күйдірменіз,  
Құдайға сәждे қылған кеше күндіз.  
Тілі менен жүрегін күйдірменіз,  
Хақты айтып, қылған шығар бір жақсы сөз.

Таһарат алған күйдірме бар ағзасын,  
Тұтқан шығар рамазан оразасын.  
Хактан пәрмен боғанша, мұнда жатсын,  
Бір болар ақырында жарылғасын!

Жанаrlар- намаз, ораза казасына,  
Өтірік, өсек, гайбаттын ызасына.  
Әркім сол штраф(еш тарап) күнін төлеп,  
Каратар күнөсінің жазасына.

Күнөсіна қарата- болар тұтқын,  
Дүниеде күнә қылған неше дүркін!  
Біреу аз, біреулер көп жатып,  
Құтылып күнөсінан шықкан бір күн.

Қалмайды жаһаннамда иман аһылы.  
Білерлік таһлиліні болса баһымы.  
“Уалиману ла иабиғу тамаман”[431],- деп,  
Осылай имамлардың айтқан нақылы.

Бұл күнде Хактан қорықтай, қылсан күнә,  
Махшарда жеті нәрсе болар күә.  
Баршасы айғақ болар саған келіп,  
Тұсіріп бар күнәһынды мойныңа.

Тандырмас сол күні жеті шаһыдтан!  
Жер айттар:

-Маған келіп күнә қылған!  
Екінші - Күн, үшінші- заман айттар:  
-Пәлен сағат, пәлен уақыт, мойында!-деп.

Төртінші- күә болар барлық тәнін:  
Көзбен көріп, қолменен ұстаганын.  
Бесінші - басындағы үйін(ойын) айттар:  
-Мен де қылған күнөсінің көрдім бәрін!

Алтыншы- күә болар Жаратқан Хак:  
-Сен күнәһі- менен қылдын корықтай, бетпак!  
Жетінші- екі періште қүә болыш,  
Кетеді бар күнәнды мойныңа сап!

Әркашан болса бізге киямет күн,  
Тіріліп барша адамзат тұрып көрден.  
Бір жерге макұлықатты жиып [алып],  
Алла қазы боп сауал сұрап дүркін-дүркін.

Күн тұрар найза бойы төбене кеп,  
Тамұқтан сонда шығар бір бөлек от.  
От пенен күннен сонда жапа шегіп,  
Тұрады мұнафикар шерменде бол.

От сонда көлеңкедей болар мұнар,  
Сол уакта бір періште нада қылар:  
- Басыңа көлеңке керек болса,  
Халайық, ынтық болсан, барыныздар!

Халықты үшке бөліп періштер,  
Бірі- мұмін, біреуі- мұнафикар.  
Бірі сол бір Аллаға серік қатып,  
Табынған от пен пүтқа мүшіріклер.

Көлеңке тағы үшке бөлінеді,  
Бірі-нұр, бірі от бол көрінеді.  
Бірі сол- қара тұман, тұтін болып,  
Үшеуі үш көрухке беріледі.

Болады мұмінлердің басында нұр,  
Көлеңке мұнафикақа от бол тұрар.  
Басына имансызызың тұтін болып,  
Көре алмай бірін-бірі болады қор.

Сол құнде ғасылардың миы қайнар,  
Мұмінлер нұр ішінде гүл-гүл жайнар.  
Әркімлер өз жанынан үміт үзғен,  
Өзге кайтсін, сасқан соң пайғамбарлар.

Мұнафіқ көлеңкесі- басында от,  
Милары бүркүлдайды қазандай бол.  
Имансыз қалын тұман ішінде қалар,  
Қап-қара болар екен көмірдей бол.

Құдая, ракым қылғыл сол құндерде,  
Бізді ғып мұмінлардан нұр ішінде.  
Өзіннің фазылының илан ғапу айлап,  
Қылмағыл қара тұман тұндерінде.

Тір[іліп] махшардағы барлық халық,  
Болады сол құндерде жұз жыырма сап.  
Әр сапының ұзынлығы- қырық жылдық жол,  
Жыырма жылдық ені бар, қылған хисап.

Бұлардан: мүмин,- дейді,- үш-ақ сапы,  
Басқасы дінсіз ирөр, білсең тағы.  
Жұздері мүмінлердің ай секілді,  
Сақтанған харам істен сол мұнахы.

Басқасы түсі кара, тамүқ аһылы,  
Тамүкка арнап жаратқан тәңірім оны(аны).  
Әрқайсысын шайтанға қосактайды,  
Құдая, бұл жұмладан қылма мен!

Құдая, ракым айла, айдағанда,  
Фасыға жазалы ғып байлағанда.  
Сақтағыл Хабибің құрметі үшін,  
Тамүктың оты қызып, жайнағанда.

Бір қауым жаза тартар жетініс мың жыл,  
Өткізген тағат қылмай, босқа ғұмыр.  
Денесі арық, иманнан жалаңаш боп.  
Семіртіп кү нәпсісін, өткізген сол.

Қарасан, сырты молда, ғалым адам,  
Ақырет ісін қылмай, болған надан.  
Тәнін босқа семіртіп, тағат қылмай,  
Нәпсінін тілеуінше жүрген босқа адам.

Қарны сол- карасаныз, кебежедей,  
Табиғ қылған өз малын, шлей-жемей.  
Тамүктың енгізеді ең зорына  
Забанилар тепкілер адам демей.

Өзі қылмай, жүртка айтып насиҳатты,  
Ерініп іstemеген сол тағатты.  
Қылған ісі наданнан жаман болған,  
Құдайым алпыс мың жыл ғазап етті.

Бір кісі уағдасына қылса халап,  
Оны айттар: “Нәни алғырду ламант”.  
Аяғынан сүйретіп, басын жерге,  
Ғазапқа лактырар неше қабат.

Жанады берекесіз шым- шытырық,  
Әр жерде бір жапырақ ет үшіп жүріп.  
Дүниедегі сөйлеген сөзіндей ғып,  
Осындай ғазап көрген ол балбахит[432].

Құдайым біл Мұсаға қылған хатаб,  
Аманатқа қылса кісі бір киянат.  
Шайтан менен екеуін бір қосақтап,  
Закқумға[433] асылады ол лағынет!

Астынан кіріп, от шығар ағызынан,  
Зәре ракым болмайды әр кез оған.  
Ағызы менен аузынан ірің агар,  
Асылған соң ағашқа аяғынан.

Арак ішкен бұларға серік және,  
Тәубе қылмай, бір кісі қылса зина.  
Намазды Хактан қорқып оқымаған,  
Өсімге акша беріп, жеген рия.

Бұлар сол ғазап көрген неше сақып,  
Сақыбы- төрт мың жылдық, алғыл үғып!  
“Әр жылы төрт мың ай”,-деп, тағы айтады.  
Әр айы- төрт мың күндіз, пендे кәріп.

Әр күні төрт мың сағат болады екен,  
Әр сағаты бір жылға толады екен.  
Осындай ғаламатта басы қалар,  
Уағда бұзған кіслер қылса мекен.

Фазабы уағда бұзған болады зор,  
Жігіттер, хилаф[434]қылмай, уағданда түр.  
Хұқімлігін һәм кетіп бұл дүниеден,  
Дүние ақырет жүзінде болмағыл кор.

## Алпыс екінші бап

### Әбуһарирадан бір рауаят: Шаян Құрайыш туралы

Тағы да бір рауаят Абуһарирадан,  
Сөйлеген халін білмей мен бір надан.  
Әрқашан кияметтін күні болса,  
Бір шаян шығады екен Жаһаннамнан.

Берілген ол шаянға- “Құрайыш” ат.  
Басы сол көкте дейді төртінші қат.  
Құйрықлары жеті қат жер астында  
Сол келер екен ернімен көкті тіреп.

Жебіреіл қарсы шыккан енді алдынан:  
-Не керек, ай, Құрайыш, айт-деп,- маған!  
-Дүниеде ғасы болған бес көрүңіні  
Мен жұтамын Мұхаммед ұмбетінен.

Бірі сол -намаздарын тәрік еткен,  
Екінші -зекетлерін бермей өткен.  
Үшінші жұтамын,-лер,- рибакорды[435]  
Үстінен өсім жеген, ақша біткен.

Төртінші- дәйім онын (анын) арак шікен,  
Әрқашан жаманшылық жолға түскен.  
Бесінші- дүние сөзін сөйлегендер,  
-Муси[436],- бос сөзбенен күні кешкен.

Тәубе қылмай бес көруһы кетсе өліп.  
Тауып алар бұларды іздеп жүріп.  
Ішіне жаһаннамның алып баар,  
Әр түрлі тұrap,-дейді,- ғазап көріп.

Құдая, жырақ қылғыл Құрайыштан,  
Жамандық, өзін сақтап әрбір істен.  
Иа, Раббы, осылардан қылма бізді,  
Пендеңіз күнәмымыз көп әр қылмыстан.

## Алпыс үшінші бап

**Макатылдан рауаят: “ Он хайуан жұмакқа кіреді”**

Үшбу сөз рауаят дүр Макатылдан:  
“Жұмакқа кірер , -дейді,- он хайуан”.  
“Бірі- сол Смағұлтың кошқары”, - дүр,  
Екінші- түйесі дүр Салық ғалайссалам!

Үшінші -Ибраһимның бір бұзауы,  
Қонағасы үшін перштеге сойған (әні) оны.  
Төртінші- өгіз екен кіретүғын,  
Құтқарған көпірлерден сол Мұсаны.

Бесінші – Сулейменнің құмырсқасы,  
Жүністің балығы ирөр- алтыншысы.  
Жетінші- Қызырдың есегі ирөр,  
Бұлай айткан кітаптың бір нұсқасы.

Сегізінші- Балхистың һодоныды,  
Тогызыншы- пайғамбарым бір інгені,  
Оныншы- жетесіздің иті ирөр;  
Осылайша кітапта көрінгені.

## Алпыс төртінші бап

### Файша анамыздың пайғамбардан сұраған сөзі

“Иаума тубаддалул арда гайру ән радиа”[437] -  
Файша пайғамбарға айтқан арыз:  
-Жер өзгеріп, екінші жер жаралса,  
Сол күнде, тақсыр, айтқыл, біз қайдамыз?

Сөзіне Файшаның қалады таң:  
-Улken сөзден сұрадың, болдым қайран!  
Сол күнде барша халық тұrap жерін,  
Маған бүйтіп айтқан жоқ ешбір адам.

“Култу ша-ин халак”[438]- бар гой аяты,  
Жоқ қылмақ әр нәрсені құдіреті.  
Жер жоғалып, екінші жер жаралғанша,  
Бізді қояр үстіне тар сираты.

Жіберілетін жердің аты- Билсаһара[439],  
Ол жерде іstemеген еш бір күнә.  
Күмістен- ақ, мұздан жалтыр ирөр,  
Жоғалса, табылады жалғыз ине.

Ол жердің үстінде жоқ тау менен тас,  
Бір ине жоғалса да, жасырылmas.  
Қоярға жер таппайды пенде жанын,  
Сол күнде нешік болар бүл көріп бас.

Тірілген махшардағы барша халық,  
Киямет ыстығынан тұrap налып.  
hәм қылған дүниедегі күнәсынан-  
Тұрады өркайсысы терге батып.

Бағзының тізесіне келер тері,  
Бағзының батып тұrap белуары.  
Кейбіреу көкіректен терге батып,  
Әркімнің сол шерменде болар жері.

Күнәсү тер боп ағар бар бойынан,  
Кейбіреу жүзіп жүрер мойынынан.  
Бағзы біреу теріне карық болар,  
Күнәсүн көтөре алмай ауырынан.

Құдая, батырмасыл  
Мұсылман болған катын, ерімізге!  
Өзіңнің фазылың илан таупық беріш,  
Істепе күнәһінға бір енді бізге!

## Алпыс бесінші бап

### Исрафил ғалайссаламның сорын үргені

Исрафил, сорын үрер, ғалайссалам,  
Тараған сүйек жылып, шріген тән.  
Сұға батып, бағзысын қасқыр жесін,  
Бұрынғыдай болады барша адам.

Баршасы қайран болып тұрар жерден,  
Тірілмей еш қалмайды анысы мен жын.  
Құдайым күнәсүнан хисап алар,  
Жаратқан макұлышаттың әрбірінен.

Сол күнде жеті кат көк болар пәре,  
Ай мен күн нұры кетіп, болар қайра.  
Сират құрып, тамұқты қыздырған сон,  
Болады мунафилар бір бейшара.

Біреуге қылған болса біреу залым,  
Құдайым тенгереді артық- кемін.  
Залымнан мазлұмға өш әперіп,  
Болады арасында гаділ ҳұқім.

Әркімге болар сонда бір ұлы той,  
Өш алар мүйіздіден мүйізсіз қой.  
Сол күнде ешбір күнә жасырылmas,  
Қылған канша артықша ой.

Дінсіздер көрсе сонда жаһаннамды,  
Қабірдегі ғазабын ойлар, әні.  
“Қабірдегі халіміз ойыншық қой,  
Тағы келіп көрдік,- деп- бұл пөлені!

Фазабы мұндаи екен ойласақ-шы,  
Қабірден қор болып бүйтіп тұрмасақ-шы!”  
Тістейді: “Уа- уайлап” бармақтарын:  
“Жан болып біз анадан тұмасақ-шы!”

Сол күнде барша хайуан болар топырақ,  
Ғаділ ҳүкім қылған соң жаратқан Хақ.  
Фазапқа мунафиқлар шыдай алмай,  
Өлім тілеп баршасы, қылар фариад.

Құдая бізді қылма мунафиқтан,  
Жараттың ба пенде ғып бізді жоқтан?!  
Хабибінің құрметі үшін ғапу айлап,  
Құтқарғыл фазылың илан бізді оттан!

## Алпыс алтыншы бап

### Арақ ішушілердің қабірден тұрғаны

“Қабірден тұрап,-дейді,- арақ ішкен,  
Салбырап барлық тілі жерге түскен.  
Жұзі қара, көзлері шағыр болған,  
Ісі сасық болар өлекседен.

Шұбырып жүрер,- дейді,- сілекейі,  
Тіл салактап, көрінер, көмекейі.  
Қанды ірің, ағызынан сарсу ағып,  
Барша жанның көрініп сөмсекейі.

Өзі мас: жүре алмайды тәлтіректеп,  
Аузына тілі сыймай, көзі алақтап.  
Бір ішім, шөлдегенде, суға зар боп,  
Қаранып сол жағына, тіл жалақтап.

Байланған бөтелке бар мойындағы,  
Ұстаған рюмка бар қолындағы.  
Періште бұл сипатпен айдайды екен,  
Көрген жан лагынет айтар жолындағы!”

## Алпыс жетінші бап

### Арақ туралы Опай үғлы Кағибадан рауаят.

Опай ибн Қагиба қылды рауаят:

- Әрқашан болған шакта сол киямет.

Арақ ішкен қабірден тұрап!-дейді,

- Бөтепкесін мойнында қылып фариад.

Өзі мас, қолында бар домбырасы,

Аузынан келіп тұрап арақ іісі.

Қышқырып перштегер нада қылар:

“Араккор болған пәлен-пәлен баласы!”

Іісі болады екен боктан сасық,

Жеркенер бұқ кісіден барша халық:

“Құдая, бұл малғұннан жырақ қыл!”-деп,

Фарасат аһылы зарланар Ҳакқа налып.

Құдайым Забаниға әмір қылар:

“Алар да бұл мастрарды тозакка сал!!

Жұз мың жыл жатып зарланады:

-Шөлледім, су бергіл, - деп, - құрылды хал!

Жатады жаһаннамда қатты сусап,

Келмейді мың жылғаша еш бір жауап.

Су тілеп және тағы терлейді екен,

Сасық тер денесінен кетер парлап.

Тер шығып, жаман болар иістері,

Ренжіп қасындағы көршілері:

“Құдая, бұл малғұнды жырақ қыл!”-деп,

Сыйынып бір Аллаға (зар етеді).

Аяқтары кісен-ді, колда- шыңжыр,

Өлдім-талдым дегенде бір су берер.

Ол суды ауызға алып үрттаганда,

Үстаган ол, ішсе ауыз, карны жидір.

-Жегіл,-деп,- береді екен закүм заһар,

Жесе, түседі астынан сол үлтабар.

Аузынан да әртүрлі жалын шығып,

Зардабынан бастағы миы кайнар.

Мұнан соң және салған бір табытқа,  
һәм түскендей болады тар лақатқа.  
Ішінде сол табыттың ғазап қылған  
Күдайым, әне, салып әр тарлыққа!

Тағы да шығарады сол табыттан,  
Диналға хабалға құлатар терең зындан.  
Ірің, сарсу жиылған бір шұқыр дүр,  
“Ішінде толық,-дейді,- жылан, шаян”.

Жабылып жылан, шаян, әне, талар,  
Заһарына шыдай алмай нада қылар.  
Ішінде ол зынданның мың жыл қалған,  
Дамыл, тыныштық көрмейді зәре қадар.

Періште алып келер шишаларды,  
Жаһаннамнан толтырылған оның бәрі.  
-Шөлдегенің мынадан іш!-деп айттар,  
-Ішпейміз!-деп баршасы қылар зарды.

Бастарында оттан тәж, қолда -жузік,  
Білегіне салғаны- от білезік.  
Мойнында оттан болған алқасы бар,  
Періштелер тұрады ғазап қылып.

Мың жылдан соң алады сол зынданнан:  
-Дәйілге кіргізгі!-деп, қылар пәрмен.  
Мың есе баршасынан ғазабы артық,  
Дәйілде бір шұңқыр дүр, түбі терен.

Мұнан соң періштелер дәйілге атар,  
Ішінде ғазап көріп мың жыл жатар.  
Ғазабы күннен күнге таусылмайды,  
Шерменде боп бейшараның басы қатар.

Дәйілде бір күн жатып қылған фариад:  
“Уаһи Ахмет, уаһи Мұхаммед қыл,-деп, - шапагат!”  
Естілген Мұхаммедтің құлағына :  
-Тамұқта бұл қалайша қалған үмбет?!

Пайғамбар бір Аллаға қылған дұға:  
-Естідім бұл тамұқта жалғыз нада.  
“Мұхаммед, шапагат қыл!”-деп зарланады,  
Қаю күнәһи себепті қалған пенде?!

Сол уақыт бір Алладан келген хабар:  
-Ол пәндө тәубе қылмай ішкен хамар.  
Сол жатып жаһаннамда қалған!-дейді,  
-Фазапқа шыңдай алмай бек зарланар!

-Ол болса егер менін үмбетімнен,  
Несіп ет оған тағы шапағатпенен!  
Жалғыз онын қалуы лайық емес,  
Үміткер о да пенден ракметінчен.

Тілегін Алла тағала қылған қабыл:  
-Тамұктан үмбетінді ал, шығарғыл!  
Шығарар барлық ғасы үмбетлерін,  
Иман аһилісін қалдырмай, бәрін де алар!

Алып кеп кіргізді жаннатына,  
Жаралған Пайғамбардың құрметіне.  
Тамұкта мәнгі баки ешкім қалмас,  
Күнекар Мұхаммедтің үмбетінде.

Қазактың және тағы сөзінде бар:  
“Жалғыз қайғы- тамұкта біреу қалар”.  
Арақ ішкен кісіні айтса керек,  
Тамұкта көп жыл қалар ол бихабар.

Мұны білсен, хамардан жүргіл жырак,  
Кітапта бар күнәның анасы- арак.  
“Барлық күнә осыдан туар !-дейді,-  
-Фазабы баршасынан ұлығырак!”

Айтқан және бізге пайғамбарым:  
“Ауырса арак ішкен, сұрама халін!  
Тәубе қылмай дүниеден өтер болса,  
Кылма,-деген тағы да , - намаздарын!”

Арак ішпек ұлы күнәһін тағы да,  
Жырак бол, күнәһиден мүмин пенде!  
Бола ма мунан үлкен саған қасірет,  
Пайғамбар: “Барма,-десе,- намазына!”

Кітапта айтты бізге хазірет Фұсман:  
“Арак ішкен тәңірге болар дүшпан!”  
Күнәсімен парапар болар,-дейді,-  
“Екеу,-деп,- бір Аллаға серік қосқан”.

Кімде-кім бұл аракты білсе халал,  
Ол шексіз діннен қайтып кәпір болар!  
“Төрт кітапта баршасы мағлұм,- дейді,-  
Алғаяз биләhi, иа, зұл жалал!”

## Алпыс сегізінші бап

Бір кісі біреуге айтты:

- Ай, нағашым,  
Әкеннің інісі едім, танимысың?!  
Мениң әкем: “Келсін!”-деп, шақырады,  
Әкем айттар: “Нағашының бабасы едім”.

Шешемнің сіз екенсіз кеңже інісі,  
Сенің әкен менімен туыскан-ды.  
Мәнісін сұрайын деп, келіп едім,  
Сіз катайша әкемнің немересі?!

Тауып бер жұмбағымды, ойламай көп,  
Кітапта жазылған сөз болмайды өтірік.  
Бір катын бір баланы сүйер екен:  
“Баламның баласы— байымның інісі”,-деп.

Нағашы сонда тұрып берді жауап:  
-Наданлар шеше алмайтын- біз- бір жұмбак.  
Мен енлі уақиғамды ұқтырайын,  
Сөзіме құлақ сал да, тұрши тыңдал.

Шешемнің өлген[еді] бастапкы ері,  
Ерінен бой жеткен кыз қалды тірі.  
Сол кызды бір Құданың жазуымен  
Алыпты катыны өлген шалдың бірі.

Ол шалдан бір бала бар және ер жеткен,  
Шешемнің ол балаға көңілі кеткен.  
Кызын шатға берді, балаға өзі тиіді,  
Сұрасаң, мен нағашың— сонан біткен.

Ол кызды шал алған сон, тудын кыздан,  
Басында ол кыз туған анамыздан.  
Аламнан туған маған жиен болдың,  
Енді кайда кетесіз ұяныздан?!

Үшбу сөз жұмбак екен құласада.  
Шешуін өлең қылым, ұнаса ма?  
Ерігіп қырда барып жатып-жатып,  
Жұмбақ жазды дейсіз ғой келе сала.

## Алпыс тоғызынышы бап

Саган тауып берейін бір ермекті:  
“Бір катын ертіл келді он еркекті”.  
Бір катын жүргенлігін ерсі көріп,  
Катыннан сөз сүрайды жөн бұлмек-ті:  
  
-Байғұс-ая, еріп жүрген бұларын кім?  
Жүргенін жат ерлермен болмай ма мін?!  
Жігітке жауабында катын айтты:  
-Жайым сұрап, сөксенші мені де сен!

Бұлардың мен айтайын мәні-жайын,  
Төртеуі інім болғанда, бірі- байым.  
Бесеуі сатып алған құлдарым дүр,  
Бәріміз- бір туыскан, бір агайын.

Бұл сөзді жігіт естіп қалды кайран:  
-Он бірін бір атадан тудың кайдан?  
Сұрамак сұннеті ерүр пайғамбарым,  
Жайынды айтып, үктырышы, ай, Құләндам?!

## Жетпісінші бап

Жігітке катын сөйлер, жауап катып:  
- Бір күнді алты үгілемен алдым сатып.  
Біреуін жақсы көрген азат қылып,  
Шарифат хүкімімен тидім барып.

Ол күнді әкем алды неке қылып,  
Алған соң төрт ұл тапты тәнірім иіп.  
Төртеуі енді маған іні емес пе?  
Басында ұрыстың ғой, маған тиіп!

Солардың төртеуі- інім, бесеуі- құл,  
Шешесін әкем алғасын болмай ма ұл?!  
Бәріміз бір кісіге бала болдық,  
Ұрыссан да мен бірігіп жүргенім- сол!

## Тұсініктер

Сүлеймен мен Ібіліс. Бұл өлеңнің әулеттік мұрағатта Мәшһүр-Жүсіптің ортанышы ұлы Мұхаммедәмен (1888-1921) мен кіші ұлы Мұхаммедфазыл (1890-1969) және кезінде ақынның ат айдаушысы болған Иманғали Маненов (1903-1993) көшірмелері сақталған. Сонымен бірге Қазақстан республикасы YFA Орталық ғылыми кітапханасы колжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбалары топтастырылған 1171 папкада белгісіз бір қолтаңбамен қағазға түскен үшінші бір нұска (380(230)-384(236) бет аралығы) бар. Назар аудаарлық жайт 1171 папканың көп беттері тап осы қолтаңбамен жазылған. Бұл жазбаны Мәшһүр-Жүсіптің ұлken ұлы Мұхаммедшарафи (1886-1936) жазбасы деп есептеуге де негіз бар. Себебі Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының бастапкы 4 томын белгілі жазушы Дихан Әблевтің 1931 жылдың аяғында Мұхаммедшарафиден алғаны белгілі (қараңыз: Әблев Д. Мәшһүр-Жүсіп // Жұлдыз, 12, 1992, 116-126 б.). Сонымен бірге осы әзірленіп отырған кітаптың жауапты редакторы Куандық Мәшһүр-Жүсіпке (Мәшһүр-Жүсіптің кіші ұлы Мұхаммедфазылдың ұлкени-1941 ж. туған. Е.Ж.) Мұхаммедшарафидің ұлken ұлы Төлеубайдын (1917-1997) көзі тірісінде ауызша айтқан әңгімесінде Мұхаммедшарафидің 1934-1935 жылдардың бірінде алдымен Семейге жетіп, одан поезбен Алматыға барып, өзіне хабарлассан арнайы адамдарға Мәшһүр-Жүсіптің тағы біраз шығармаларын (ішінде ақынның өзі "Мес" деп атаған колжазба кітабы енген болар деп санаймыз) тапсырып қайтқаны туралы дерек бар. Осының бәрін жинақтасақ, Мәшһүр-Жүсіп шығармасын топтап тапсыруши Шарафи болса, сол көп беттерді басқа емес, сол кісі өзі көшірді деуге де болатын тәрізді. Эйтсе де қазір әулеттік мұрағаттағы бір жарты беттік колжазба аяғында: "Бұл-Шарафи колжазбасы- растаушы-мен –Төлеубай. 21 қараша 1993 жыл", - деген дәрек барын, Төлеубайдың өз әкесінің қолтаңбасын айыруына шек келтіруге болмайтынын есепке алсақ, 1171 папкадағы біз сөз етіп отырған нұска мен Төлеубай Шарафиұлы анықтама берген жазба арасында онша ұқсастық таба алмадық. Міне, осы жайттарды ескере отырып, біз әзірше оны: "1171 папка материалы"- деп атай түруды жөн көрдік.

Осы орайда әулеттік мұрағаттағы көшірменің бірін Мұхаммедәмендікі деп алу себебімізге келсек, оның бір-біріне жалғаса бір қолмен жазылған топтама ішіндегі "Ібіліс лагын шайтан хикаясы" туындысын көшіргені белгілі. Мәшһүр-Жүсіп жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) ол көшірменің кімдікі екенін былай расстап жазып қалдырыған: "Марқұм Мұхаммедәменнің 1910 жылдардағы өз қолымен жазған нұсқасынан көшірілді... Жолмұрат Жүсіпұлы. Фа-

зана (Мәшһүр-Жусіпұлы Мұхаммедфазылдың айтып отыр- Е.Ж.) арнап жазылды. 25 февраль 1957 жыл”.

Екі нұсканы: “Мұхаммедәмен мен 1171 папқадағыны салыстыра қарастырсақ, 1171-де жок 9 тармак Мұхаммедәменде қоныс тепкен де, Әменде қалып қойған 4 тармак 1171-де қамтылған болып шыкты. Мұхаммедәменде ғана бар алғашкы төрт жолы “Жылаулы бір Құдайға жаңын әріп”- жолымен басталған шумактың: “Ешкімнің еш нәрсемен жұмысы жок” – деген үшінші тармағымен басталады. Оған ілесе “Атушы зәнблімді болмады жан”, - жолын мәндейша еткен шумактың бірінші, екінші тармағы енбекен, -сонда айналасы: бір шумактың сонғы екі жолы мен келер шумактың бастапкы екеуін біріктіре есептегендегі 4 тармак 1171-де кездеспейді.

Осы орайда 1171-ге кірген бүл 4 жолдың Мұхаммедфазыл мен Иманғалида да орын алғанына назар аудартқымыз келеді. Сондай-ақ: “Түспесін алдауына пенде не ғып?” - тармағын мәндейша еткен шумакта Мұхаммедәменде, Мұхаммедфазылда және Иманғалидабар да, 1171-де жок. Басқаларда тегіс тұрак тапқан, тек 1171-де түсіп қалған жеке тармакта ұшырасады: “Тан қалып тақ Сүлеймен құлшы дейді”. Мұхаммедәменде, Мұхаммедфазылда, Иманғалида сырт қалған, тек 1171-де шаңырақ көтерген бір шумак мына тармакпен басталады: “Осылай болып біздін заманымыз”.

Екі нұскада түрліше жазылған тармактар да бар. Мұхаммедәменде: “Қызығар бір пенде жок мал мен бакқа”, - делінсе, 1171-де оның орнына: “Қылып тұр тәнірім оны сынамакқа”-деп берілген. Шығарма мазмұнына, идеясына, ойдың айтылу ретіне және Мұхаммедфазыл, Иманғалида солай өрілгенине қарап, біз ен дұрысы Мұхаммедәмендікі болар деп дәйектедік те, 1171-дегіні соған ілестіре жакшаша ішінде келтірдік. Шығарманың сонғы екі тармағы екі нұскада әртүрлі. Мұхаммедәменде біз енгізген қалыпта болса, 1171-де : “Дегенге: “Ер жете ме, мал жеткізбей, // Барады іште кетіп әрбір арман!”-деп нақышталған. Біз шумактың ішкі бірлігіне, алғашкы екі тармак пен соңғылардың арасындағы үйлесімділік шартына және Мұхаммедфазыл, Иманғали көшірмелерінде тап осындай екенине қарап, Мұхаммедәмен нұсқасын таңдадық.

Екі нұскада жеке сөз өзгерістері де баршылық. Мұхаммедәменде және Мұхаммедфазыл мен Иманғалида да : “Билеттің бір жүзікте қытып қілтін”- делінсе, 1171-де “билеттің” орнына “жараттың” алынған. “Билеттің” сөзі тап сол төртінші тармақтың алдындағы екінші жол басында да орын алғанын ескеріп, кайталаудан гөрі тың сөз қолдану Мәшһүр-Жусіп стиліне неғұрлым жақын болар деп пайымдадық. Сондай-ақ: “Жақсылық қылған емес әрбір құлға”-деп, Мұхаммедәменде және басқаларда өрнектелсе, 1171-де “әрбір” орнына “ешбір”

кірістірілген . Біз шығарма мазмұнына, шайтан қылышына қараң, “әрбір” сөзінен ғөрі “ешбір” сөзі түпнұсқаға жақынырақ болар деп есептедік. Ал, “Жұмыстан қалды бүгін сонын бәрі”-деген Мұхаммедәмен нұсқасындағы “соның” орнына 1171-дегі “жұрттың” сөзі қолданытуы лайықсыз деп санадық. Себебі бұл үшінші тармак екенін, алдыңы екінші тармақтың : “Сен жұртты көрме бірдей өзінменен”, - деп келетінін ескерсек, “жұрт” сөзін екі рет қайталаудан ғөрі, екіншіде оны “соның” сөзімен ауыстыруы ақынның сөз саптау үрдісіне неғұрлым жылкеледі және осы қолданыстың Мұхаммедфазыл мен Имангалида да қоныс тебуі тегін болmas деп шештік .

Шығарманың 1914 жылы жазылғаны 1171-де ескертілген. Жолмұрат Жұсіпұлының Мұхаммедәмен көшірген уақытты “1910 жылдардағы” деп жазғанын есепке алсак, Мұхаммедәмен көшірген кез 1914 пен 1915-тін бірі болар деп шамалаймыз.

Осы өлеңде келтірілген жеке сөздерге түсініктер:

1. Муафиқ- араб сөзі: “келісімді, қолайлы” мағынасында жұмсалып тұр.
2. Тақдыр- араб сөзі: “құрмет” мағынасында қолданылып тұр ма деп ойлаймыз. Сонда “муафик”, “тақдыр” сөздерін коса алғанда, “Колайлы құрметіме” деп оқыған жөн.
3. Зәнбіл- араб сөзі: “корзина, себет” мағынасын береді.
4. Хықмет- араб сөзі: “ауыздық” мағынасын береді. “Бей-хықмет” –ауыздықсыз деген сөз.

Ықылас сүресі. “Ықылас сүресінің қасиеті туралы”, - деген аттыммен “Ислам және өркениет” газетінің 2002 жылдың тамыз айындағы сегізінші санында (8-б.) жарияланған Мәшһүр-Жұсіп өлеңі бойынша берілді. Материалды әзірлеп, жариялаған- Қаукен Исабайұлы.

**Соқыр, саңырау және жалаңаш.** Бұл өлең Мәшһүр-Жұсіптің 1907 жылы Қазан қаласында басылған “Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз” кітабының соңғы жағында орын алған. Бұдан кейін осы шығарма “Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы”, - деген атпен “Қазак әдебиеті” газетінің 1985 жылғы 7 июньдегі санында жарияланды. Газетке ұсынған- осы кітаптың жауапты редакторы- Куандық Мәшһүр-Жұсіп. Осы орайда Мәшһүр-Жұсіп кітабын шығаруға ашық та жасырын түрлі қыспактар кесе-көлденең түрғанда, тоқсауыл мұзын жібітүге осы туындының жариялануы да сеп болды десек, қол үшін беруші газет редакторы Шерхан Мұртаза еңбегін алдымен атап өткен жөн. 1990 жылы шықкан ақын таңдамалысының бірінші томында [Мәшһүр-Жұсіп Көпеев. Таңдамалы I том // Алматы, Ғылым, 1990] бұл шығарма 1907 жылғы кітап материалы ретінде еш айдар, такырыпсыз берілгенін, әзірленіп отырған осы томға идея жағынан да, жанрлық түрғыдан да бұл өлеңнің жақын екенін ескеріп, және осы туынды-

ның 1985 жылғы жеке нұсқа қалпын сақтап, бұл кітапқа енгізуді жөн көрдік.

**Нәпсі аждаға.** Әuletтік мұрагаттағы Мұхаммедфазыл көшірмесі (Фазыл, 4 папка, 66-бет) бойынша ұсынылып отыр.

**Толқын.** Бұл туынды да әuletтік мұрагаттағы Мұхаммедфазыл жазбасы (Фазыл, 1 папка, 2-3 беттер) бойынша берілді.

**Күндіз бен түннің айырмасы.** Жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапханадағы Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы: 1170 “б” папкасы, 938-946 беттер бойынша әзірленді. Бұл шығарманың 1940 жылы мектепке арналған 9 класс окулық - хрестоматиясына енгені белгілі. 1170 “б” папкадағы шығарманың жалпы көлемі 62 шумак, яғни 248 жол болса, мектеп хрестоматиясындағы латын әрпімен басылған нұсқа көлемі- 220 тармак, яғни 28 жолы қыскарған. Одан әрі елуінші жылдар басында Кенесары Қасымовты, Мәшһүр-Жұсіпті т.б. қаралау науқаны басталғаны, соның нәтижесінде Мәшһүр-Жұсіп шығармаларының мектеп окулығынан шығып қалғаны, кейін заман түзелсе де, акын туындыларын мектеп окулығына қайта енгізу ісінің қүнтталмай келе жатканы мәлім. Бұдан соң “Жұлдыз” журналының 1984 жылғы үшінші санында 40 жол көлеміндегі қыскарған нұсқа (баспаға әзірлеген: К.Мұқамедханов, К.Мәшһүр-Жұсіпов) жарық көрсе, 1990 жылы шықкан акын тандамалысының бірінші томына да шығарманың тек 44 тармағы, яғни бестің біріне жетпейтін шағын үзігі ғана кірді. Демек шығарманың толық нұсқасы тұнғыш ұсынылып отыр. 1170 “б” папкасындағы шығарма маңдайшасында Мәшһүр-Жұсіптің өз колымен жазған мына ескертпесі орын алған: “Күндіз тозактан алынған, түн бейштен алынған. Күндіз- байға артықшылық, кедейге кемдік. Түнбай, кедейге бірдей тендік. Күндіз өз басың сауда, сатуда жүреді. Түнде өзіне-өзін тегін олжадай болып каласын”.

**Ташкент сапары.** Әuletтік мұрагаттағы Мұхаммедфазыл (Фазыл, 1 папка, 39-40 б.) көшірмесі бойынша дайындалды. Шығарма маңдайшасында Мұхаммедфазыл ескертпесі бар: “Мәшһүрдін Ташкентке бара жатып, Ерейменді өлең қылғаны”. Одан әрі Фазыл көшірген уақыт 1937 жыл екені көрсетілген.

**Той деген соң...** Мәшһүр-Жұсіппен кезінде жақсы араласып, іргелес отырып, сыйласқан Иманмәдінің ұлы Сұлтанмахмұттың (Шолтымының) (1897-1983) сақтауымен бізге жетіп, қазір әuletтік мұрагатта орын алған Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы (Мәшһүр-Жұсіп, 7 папка, 16 жіктелім, 1-3 беттер) бойынша берілді.

**Миркамалалдин ишанға.** Жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорындағы 1170 “б” папканың 1038-1039 беттері бойынша енгізілді. Шығарма қауырсын қаламмен жазылғандықтан да, сөл өзгешелеу көрінген Мәшһүр-Жұсіптің өз колымен

қағазға түскен. Түнди соңында автор ескертпесі бар: “Миркамаладин ишанға жазған хатының соңғы жағы. Ол кісі Бұхарлық-Жойбарлық қожадан еді”.

**Мәшһүр-Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы.** Бұл да алдында аталған Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің 1171 папкасының 357(308)-389(325) беттері бойынша ұсынылып отыр.

**Мұқыш Жұпарұлына.** Бұл шығарманың 4 көшірме нұсқасы сакталған. Жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1176 папканың 179(186)-186(193) беттерінде Жолмұрат көшірмесі, яғни бұл түндиның 113 шумак, немесе 452 тармақтан тұратын негұрлым толық нұсқасы орын алған. Әuletтік мұрағаттағы қалған уш нұсқаның біреуі- тағы да Жолмұрат көшірмесі: тек бұл тым қыска, демек толықтын төрттен біріндейін ғана құрарлық 28 шумак, яғни 112 жол ғана. Уш нұсқаның қалған екеуіне: Мұхаммедфазыл және Иманғали Маненов көшірмелеріне келсек, оның бәрі Жолмұрат жазбасының қыскарған қалпынан алынған болар деп есептеп отырмыз. Себебі уш нұсқа да бір-ақ тармақпен, яғни “Бұл Мұқыш-Хұсайынның немересі” - жоғымен аяқталады. Осы орайда толық пен қыска нұсқаны өзара салыстырсақ, тек көлем емес, шумактардың аздаған орын ауысуы да бар. Мәселен, “Алдына нашар жылап барушы еді” - тармағымен басталатын шумак қыскада он алтыншы шумак ретінде берілсе, толықта мүлде басқа орында алпыс сегізінші ретінде келеді. Сонымен бірге: “Алай-түлей залымды үйттің-бүйттің” - тармағын майдайша қылған шумак, қыскада жиырма бірінші де, толықта жетпіс бірінші болып орын өзгерткен. Мундай ауытқу: “Бұрылмай Еламанның шатасына” - деп басталатын шумактың жиырма екіден алпыс тоғызға ауысуы түсінда да байкалды. Сондай-ақ толық нұскада жок, тек қыскада бар бір шумакты, яғни: “Түйе боздап келеді ботасына” - деп басталатын шумакты окиға өрбүіне, сөз ретіне, кисынына қарап, алпыс тоғыздан кейін жетпісінші шумак ретінде орналастырық. Себебі толықтағы алпыс тоғызынша: “Ботасын қасқыр жеген катындікі” - деген жол орын алса, біз алған жетпісінші шумак сол қасқыр жеуіне байланысты ойды өрбітүге арналған. Осы орайда толықтын алпыс тоғызындағы: “Ботасын” сөзін қыскадағы - “бұқасын” сөзімен алмастыру дұрыс деп талттық. Бұл арада қыска нұсқа соңында берілген: “Бұрынғы уақытта бір бұқасы, түйесі бар қатынның үйіне бір конак конса, бұқасын қасқыр жеп койыпты. Сонда бұқасын жоктап: “Қонақтың батасы тук пайдасы тимеді!” - деп айтқаныңдай болды”, - деген ескертуде желинген бота емес, бұқа екендігі қайталанып ескертілгенін басшылыққа алдық.

**Фашық жіліт сөзі.** Жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхана колжазба корындағы Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы: 1171 папка, 188 (221)- 196(225) беттері бойынша енгізілді. Басқа да біраз туындылары тәрізді бұл шығармасына да акын атамыз ат коймаган екен, өлеңнің идеялық- тақырыптық негізіне қарап, “Фашық жіліт сөзі” –деп атауды жөн көрдік. Шығарма сонында автордың мынадай ескертуі орын алған: “1874 жылында жазылған өлең. Тағы бір жерде ж...м бар. Мәшһүр-Иосифтің балалық, жастық, бойында маstryқ бар күнінде сөйлеген сөздері екен. Әлімбайдың Қожахметінде жұлдыз как санама там-түм қалған екен. Соңан жазып алғаны. Өз көnlіне: “Он екіден бір[и] жок”, - дегендей көрінеді”.

**Мәшһүр-Жұсіптің өлер шағындағы сөзі.** Бұл туындының жалпы көлемі 37 шумак, яғни 148 тармак болса, жоғарыда аталған акын таңда-малысының бірінші томында шығарма “Мәшһүр-Жұсіптің жетпіс үш жасында сөйлеген сөзі” –деген аталыммен үш еседен аса қыскарып, оның 12 шумак, яғни 48 жолы ғана кіргізілген. Өлеңнің 1985-1988 жылдары Коммунистік партия үстемдігі кезінде баспаға әзірленгенін ескерсек, кенес билігінің сойқанды жақтарын біресте тұра, біресте астарлап жеткізген акын ойларының сүзгіге түсіп, қыскарту құрбаны болғаны анық. Сонымен бірге шығарманың үштен бірінен сәл асатын бөлегі: 14 шумак, яғни 56 жолы жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхана колжазба корына 1962-1963 жылдары өткізілсе де, отарышыл билеушілер қаһарын ескеріп, оның басым болігінің : 23 шумак, яғни 92 тармактың өткізілмей, әулеттік мұрагатқа жасырылтуы да туындыны толық жариялау ісін киыннатқаны белгілі. Біз бұл жолы Мәшһүр-Жұсіптің өз қолымен жазылған бүтін шығарманы біріктіріп, тұнғыш рет толық қалпында баспаға ұсынып отырмыз. Атап айтқанда, Орталық ғылыми кітапхананың колжазба корындағы 1645 папкадағы акын жазбасының 209-212 беттері мен әулеттік мұрагаттағы: Мәшһүр, 3-папка, 27 бөлім, 3-4 беттер және 7-12 беттері біріктірілді. 1645-те өлеңнің басы бар да, онда жок “Кұдайым бұла өсірді өзі бастап”, –тармағын мәндайша еткен сегізінші және тоғыз, оныншы шумактар әулеттіктен алғып толықтырылды. Одан әрі: “Кеме кайда, жұрт мінді салын байлап” –тармағымен басталған он бірінші мен он жетінші шумак аралығы 1645 бойынша келтірілсе, 1645-те жок: “Шұқанакта су калды бөлек-бөлек” – тармағымен басталған он сегізінші шумак пен отыз жетінші шумак аралығы, яғни шығарманың соңғы бөлімі, айналасы 20 шумак әулеттік мұрагаттағы Мәшһүр жазбасы (Мәшһүр, 3 папка, 27 бөлім, 7-12 беттер) бойынша енгізілді. Шығарма атының сәл өзгеруіне келсек, 1645 папкадағы өлең мәндайшасында шығарманы колжазба корына өткізуші Куандық Мәшһүр-Жұсіптің қолымен

**“Мәшһүрдің өлер шағындағы сөзі”,** - деп, кезінде 1962-1963 жылдары Мұхаммедфазыл айтуы бойынша жазғанын басшылыққа алды.

**Бес қымбат.** Жоғарыда аталған қолжазба корындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбалары жинақталған 1171 папканың 10(19) бетінен алынды.

**Қиянат.** Бұл әлең де сол қолжазба корындағы 1171 папканың 9(16-17) бетінен алынды.

**Дауасыз дерт.** Бұ да сол 1171 папканың 64(127)- 66(131) беттері бойынша дайындалды.

**Бұлақ көзі.** Бұ да сол 1171 папканың 66(131)- 67(133) беттері бойынша ұсынылды.

**Өнерпаз.** Бұ да сол 1171 папканың 68(134)- 69(136) беттері бойынша беріліп отыр.

**Мешіт зары.** Өлең әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жұсіпұлы көшірмесі: Жолмұрат, 1-папка, 18-жіктелім, 1-2 беттер бойынша әзірленді. Туынды мандашасында Жолмұрат ескертуіжазылған: “Мәшһүр-Жұсіптің өз қолжазбасынан алынды. Қудай рахмат қылсын! Мәшһүр-Жұсіп Көпеев Баянауладағы мешіт, медресенің қорлықта қалғанын көріп, долданып жазған сөзі”. Шығарма мәтіні сонында косымша түсініктеме бар: “Мұны айтқан Баянаула мешіті[нің] имам молдасы- Қүйеу молда, азаншысы- Мысықбайдың Қайыбы. Баянаула болысы – сол күнде Бекжанның Рахметолласы. Баянаулада тұрган нөфай - Фырбан Томашев. Дәл сол күнде осы өленді оқып, естіген -Кұдышырбайдың Әбділласы. Мешітке есік -[қ]ұскы, жұрттан жинаған ет, құрт, нанын коятуғын бір сокыр шал мен Баян- бір тәштек диуана. Медреседе тұратуғын қасапши-Майлтыон: Оразқұл- жалаңдаған екі қатыны бар- Оразқұлдың өзінен өткен. Мал тапқыш саудагерлер мешітті сасытқан. Сокыр шал мен диуаналардың есік- [қ]ұскы киімі мен көгеріп кеткен наны мен мешіт-медресені сасытқан. Оразқұлдың сасыған терігерсегі мен қатындарының [...] Нөгербектің Әміресін шақыртып алып, бәрін айтып, көрсеттім. Мәшһүрді біреу: “Жынды”, біреу: “Диуана: аузына не келсе, соны айтады!”- деген шығар!”

**Көрінбес.** Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы: Мәшһүр, 7 папка, 9 жіктелім, 2-3 беттер бойынша енгізілді. Өлеңнің: “Көміл адам салмақты болар жердей” – деп басталатын жетінші шумагының бастапқы жолы біз сүйенген үшінші бет аяғында бар да, келесі беттердің жоқ екенін, демек шығарманың толық емес екендігін ескертеміз.

**Төрттағандар.** Жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхана қолжазба корындағы Мәшһүр-Жұсіп шығармасы жинақталған 1171 папқадағы белгісіз біреу қолжазбасы (жоғарыда ескерткеніміздей жи кездесетін қолтаңба болғандықтан да Мұхаммедшарафи қолтаңбасы болтуы мүмкін) 384-бет бойынша дайындалды.

**Өлең және қара сөз ғибраты.** Жоғарыда ескерталған Орталық ғылыми кітапхана колжазба корында сакталған Мәшінүр-Жұсіптің 1170 “а” папкасының 479-498 беттеріндегі ақынның өз жазбасы бойынша ұсынылып отыр. Осы шығарма жазылған 481- беттің сол жақ капта-лында мынадай қыстырма ескерту орын алған: “Бұрынғы заманда Шон, Шорман, онан кейін Мұса, Секербай. Олар “Ай мен Күнлей, һаммага бірдей” жақсылар еді. Бұл заманда партиямен сайланып, есектерін жарысқа қосып жүр”. Шығармадағы жеке сөздерге түсніктер:

- 1.Мұнафик - араб тілінде “монтаны, екі жүзді” мағынасын береді.
- 2.Хұсұд- арабша: “қызығашақ, құншыл”, демек “Хұсұдлік”- құншылдық ұтымында қолданылған дәп санаймыз.
- 3.Мәймун- арабша: “маймыл” мағынасын береді.
4. Məhip- арабша: “шебер, маман, әмбебап” ұтымын береді.
- 5.hәмма-арабша: “камкорлық” ұтымын береді.

**Жетпіс бап.** Бұл топтамага кіретін шығармалардың шағын болігі бұрын түрлі атпен жарық көрді. Эйтсе де ақын шығармаларын тақырып үндестігі жағынан бұлай топтастырып, оның бұрын беймәлім туындыларымен салыстыру Мәшінүртануға елеулі үлес косары анық. Топтаманың осылай жүйеленген түрін жинап жеткізген және көптеген құнды мәлімет берген адам- Баян селосының тұргыны, енбек ардагері Төлепберген Алдабергенов (1932 ж. туған) те, Мәшінүр-Жұсіп мұрала-рын асқан ұқыптылықпен жинап, автор негізденген ретпен қағазға түсіруші, кезінде ақын аткосшысы болған, кейін Баянауыл ауданы, Сұлтанмахмұт совхозында тұрып, соңда жерленген Иманғали Мане-нов (1903-1993). Мәшінүр-Жұсіп негізденген ретпен дейтініміз шығар-маны белгілі бір реттік санмен белгілеу Мұхаммедфазыл (акынның кенже ұлы) көшірмелерінде де орын алған. Мәселен, Иманғалидағы бірінші бап тақырыбы: “Бір жастан жігіт болғаниша ор түр сөзі”, - делінсе, Иманғали нұсқасын қазіргі әріпке аударған , әрі онымен кезінде сырлас, пікірлес болған Толепберген Алдабергенов өз көшірмесінін тақырыбын “Мәшінүр-Жұсітің 21 жасында жазғаны”, - дәп белгілеген. Сонымен бірге әулеттік мұрагатта сакталған Мұхам-медфазыл жазбасында тап осы шығарма маңайшасында : “Бір жасы-нан бастап жиырма жасына дейін өлең қызып жазғаны”, - деген ескер-ту бар (Фазыл-1 папка-42 жіктелім-151-152 беттер). Бұл туынды Мәшінүр-Жұсітің карындасы Мәдинадан туған жиен Жолмұрат Жұсітулы көшірмелері арасында да бар (Жолмұрат-3 папка-15 жіктелім) . Айырмашылық: Иманғалида бап реті бірінші болып атынса, Мұхам-медфазыл мен Жолмұратта санлық көрсеткіш белгіленбеген. Оның есесіне Иманғалидың 70 бабының 11 бабы Мұхаммедфазылда да сан-дық ретпен белгіленіп, соның үшінде 9 бап ретінде берілген.

Иманғалидағы 20-бап “Әртүрлі насихат сөздер” –делінсе, Фазылда да тал осы атальммен берілген. Тек Фазылда Иманғалидан сөл өзгеріліп, “22-ші”, - деп көрсетілген. Ал Иманғалидағы 40-бап “Әбуһарирадан айтылған: жанның ھем өлімінің хикаясы”, - деп аталса, Фазылда соңғы сөз ғана “рауаяты”, -деп өзгеріліп, реттік сан “48-інші” делінген.

Иманғалида елу бірінші бап: “Ан хазіретінің Мігражда көргені” – деп аталса, Фазылда бұл “55-інші” болып белгіленіп, тақырыбы: “Ан хазіретінің мігражы дұр”, - делінген. Иманғалидағы 57-бап тақырыбына үксас Фазылдағы материалда да рет саны бар (65). Иманғалида 58 –бап “Фазірейл періштенің жанын алатын баяны”, - делінсе, Фазылда бұл “61-інші ретпен” өрнектеліп; “Фазірейлінің жанын алатын баяны”, - деп ескертілген. Иманғалида 62-бап : “Әбуһайырдан бір руаят: Шаян Құрайыш туралы”, - делінсе, Фазылда бұл “65-ші” болып (екінші рет) есептеліп, сол атау қайталанады. Иманғалида 63-бап “Мақатілден руаят: он хайуан жұмаққа кіреді”-такырыбын мәндайша етсе, Фазылда сол тақырып қайталанып, тағы да реттік санмен (бұл жолы “алтыс алтыншы”) есептелген. Иманғалида 64-бап: “Файша ана-мыздың пайғамбардан сұраған сөзі”, -айдарымен көрінсе, Фазылда тек тақырыптың соңғы “сөзі” дегені “сұрағы” түрінде өзгеріліп, рет саны сәл бөлекtenіп, “67-інші”, - деп аталған. Иманғалидағы 68-бап пен 69,70-бап Фазылда біріктіріліп алынып, тек бап реті “67-інші” болып алынған. Көріп отырғанымыздай , Иманғалида 70 бап топтас-тырылса, Фазылда тек сонын 9-ы сақталып жеткен.

Сонымен бірге Жолмұрат сақтауымен жеткен Мұхаммедсадық көшірмесінде (бұл нұсқаның тек аяғы жоқ) үшінші балтан бастап он бірінші бапқа дейін Иманғалида қойылған реттік сандар қайталанған. Мәселен: “Үшінші. Фаршы –күрсінің баяны”; Төртінші -“Серіз ұжмақ, төрт періште баяны”, “Бесінші- Жеті тозақтың баяны”; “Алтыншы- Жеті кат көктің баяны” т.с.с.. Мұның бәрі Мәшін-Жұсіл шығармаларын сан ретімен белгілеу болғанын, тек бәрі бірдей жинақталып бітпегенін, яғни бізге жетпегенін дәлелдей алады. Осыған сүйеніп, рет санын қоюды бастаушы Иманғали, Мұхаммедсадық, Фазыл да емес, Мәшін-Жұсіптің өзі болу керек деген тоқтамға келдік. Олай дейтініміз: бастапқы бап ақын өміріне арналып, кіріспе іспетті болса, одан кейінгілерінің бәрін үндестіретін идея бірлігі бар. Ол әділдік, ақиқат ізлеу жолы мен Аллаға мойын сұну, Аллаға құлшылық етудін бір арнаға түйісіп отыратыны.

Осы орайда Иманғалидағы 2-14 баптар аралығы яғни 70 балтын 13 бабы бұған дейін Жолмұрат Жұсіпұлы және Мұхаммедсадық көшірмелері бойынша әзірленіп, “Абай” журналының 1997 жылғы 4-санында Мәшін-Жұсіптің “Жер мен көк” дастаны ретінде жарияланғаны (материалды әзірлеп, тусінктеме жазған- Гүлназ Жұсіпова) мәлім.

Дастанды жариялаған автор кейін Жолмұрат Жұсіпұлы жазбаларына сүйеніп, мынадай пікір айтады : “Онда Мәшһүр-Жұсіптің бұл киссаны 35 жасында, яғни 1894 жылы жазғаны көрсетілген. (Қараныз: Жұсіпова Г.К. Мәшһүр-Жұсіп киссаларындағы Мұхаммед бейнеси. // Павлодар, 2000, 14 бет.)”

Жолмұрат Жұсіпұлының осы дастанның маңдайшасы ретінде жазған мына ескертпесі көңіл бөлерлік: “Жер мен көк: сегіз ұжмак, жеті тозақ” киссасы- “Мәшһүр-Жұсіп сөзі”.

Осы орайда әuletтік мұрағатта сақталған материал шіндегі Жолмұратта жок яғни “Орнына салтанатты патша болды”, -жолынан басталып, “Көкте бар жетінші кат түп ағашы”, - тармағына дейінгі 14 шумакты, яғни 56 жолды Гүлназ Жұсіпованың дастанды баспаға өзірлегенде, Мұхаммедсадықтан алып толықтырығанын және сол тұста біраз үзіндінің өзінде жок екендігін көзінде Жолмұраттың өзі де ескерткенине көңіл бөлгіміз келеді. Ал, сол Жолмұратта жок 14 шумактың Иманғалида кездесуі, Мұхаммедсадық қошірмесі бағасын арттыраса, Иманғали жазбасында жок 67 шумак, яғни 268 жолдың яғни: “Хадиша-бай Қабылдың жалғызы қызы”, - деп, басталатын тармақ пен “Жараган Мұхаммедтің нұрдан “жесімі”, -деген жол аралығындағы көлемді үзіндінің Жолмұратта болуы Мәшһүр-Жұсіп мұрасын жанжакты саралау үшін көзінде әр жағдайда әр қалыпта қошірілген нұскалады салыстыра зерттеу ғана тиімді нәтижеле беретінін дәлелдесе керек. Иманғали мен Жолмұрат т.б. қошірмелеріндегі үндестік: кайталау, бірін-бірі толықтырулар мұнымен де бітпейді. Мәселен, Фазыл мен Жолмұрат қошірмелері бойынша өзірленген Мәшһүр-Жұсіптің “Мірграж” дастаны КР ҰФА хабарлары, тіл-әдебиет сериясының 1994 жылғы үшінші санында басылды (қажет түсініктемен баспаға өзірлеген-Гүлназ Жұсіпова). Ол Иманғалида 15, 16- баптар ретінде берілген.

Жолмұрат нұсқасы бойынша өзірленіп жарияланған Мәшһүр-Жұсіптің “Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы” дастанындағы: (“Жұлдыз” журналы, 2, 1996, 113-128 беттер. Түсініктеме беріп баспаға өзірлеген- Гүлназ Жұсіпова) “Бұл күні патшалықта әділдік жок” - деп басталатын сонғы он шумактың Иманғалида да 19-бап басында орын алуды (Иманғали-2 папка-66 б.) және одан кейінгі журналға ұсынылған, сол дастанның жалғасы ретінде берілген Жолмұрат қошірмесінің “Сағымнан пайда болған Шыңғыс хан-ды” жолымен басталып, “Қынға кас-өткір пышак түпкен жеткен” - тармағымен аяқталатын 23 шумағы, яғни 92 жолдың Иманғалида да келтіріліп, оның жалғасы ретінде берілу тегін емес. Сондай-ақ осыдан кейін берілген Иманғалидағы 10 тармактың Жолмұратта жоқ болып, ол келтірілсімен, Жолмұраттағы: “Тұрсынбай Айдаболда бай болыпты”-деп басталатын тармақ пен “Өлүге, алмаса деп, іші қимай”, - жолы аралығындағы 24 шумактың Иман-

ғалида болмауы- тағы да көп нұскаларды салыстыра пайдалану керектігін айқындауды.

Мәшһүр-Жүсіптің діни такырыптағы рауаяттарындағы тарихи фактілер мен аныздар арасалмағын, қазақ халқы дүниетанымын, өмір сүру жағдайын ескеріп, автор қосқандарын межелеу де- алдағы үлкен, жауапты міндеттін бірі. Жоғары айтып өткениміздей, бұл шығармалардың бәрін біріктіретін ортақ идея бар. Ол аз күндік пайдаға т.б. малданбауды, әділдік, адалдық көзін іздеуді, ақиқатқа, Аллаға, имандылықта барап жолға түсуді, ізгілік, кайырымдылықты насиҳаттау т.б.

Енді “Жетпіс бап” айдарымен топтастырылған өр бап, әр рауаяттың, жеке жағдайда әр шумактың осы кітапқа енгізілгенде, кайдан, кімнен алынғанын, мәтін нұскаларын салыстыру, сұрыптау ісі қалай жүргенін ежіктеп келтіреміз.

### Бірінші бап: Мәшһүр-Жүсіптің 21 жасында жазғаны.

Бүгінге дейін бізде жинақталған мәліметтерге сүйенсек, бұл шығарманың 7 көшірме нұсқасы бар. Оның біріншісі- жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп туындылары жинақталған 1171 папканың 82-84 беттерінде орын алған белгісіз біреу көшірмесі болса, екіншісі- сол папканың 326-327 беттеріндегі Мұхаммедәмем қолымен жазылған, тек толық сакталмаған нұска. Бұл жеті нұсканың бесеуі әuletтік мұрагатта сактаулы. Олар: Жолмұрат Жүсіпұлы, Мұхаммедфазыл, Иманғали Маненов, Төлепберген Алдабергенов (Иманғалидан көшірген), Жұкаш Кәрібаев (1917 жылы туған) көшірмелері. Бұлардың ішіндегі ең толығы – 1171 папкадағы көшірушісі белгісіз қолжазба. Онда жалпы көлемі 69 шумак, 276 тармақ мәтіннің тек: “Аспанның дәл ортасы – темірқазық”-тармағын бетке ұстаған 38-шумағы ғана жок. Екінші неғұрлым толық нұсканың: Иманғали Маненов, 2-папка, 1-8 беттер көшірмесінің, жалпы көлемі – 64 шумак. Мұнда жоғарыда аталған 38- шумак және “Құдайым өнер берген он жасымнан- жолымен басталған-11, “Әзәзіл, шайтан малғұн тіліне ерме”- дегенді ту еткен- 34; “Ах, дүние, қалса жетіп ата-анаң”- делиңген- 54 және соған ілескен 55- шумак, яғни айналасы 20 жол ғана енбей калған.

Жолмұрат Жүсіпұлы мәтіні толық емес: ол алдында сөз болған 38-шумакпен аяқталған (Жолмұрат, 3 папка, 15 жіктелім, 1-3 беттер). Жолмұратта сонымен бірге ара-тұра 4 шумақ жок: “Жетіге енді шықтым желе шауып” жолын алға ұстаған -7; “Құдайым өнер берген он жасымнан”-11 (бұл шумактың Иманғалида да сырт қалғанын ескерттік, Е.Ж.); “Әзәзіл, шайтан малғұн тіліне ерме” тармағымен басталған- 34 (бұл Иманғалиға да кірмеген), оған ілескен 35-шумак.

Мұхаммедфазыл көшірмесі де толық емес. Мұнда (Фазыл, 1-папка, 151-152 беттер) Жолмұраттағыдай 7,11,34,35- шумақтар жок

бодумен қатар Жолмұратта өз орында көлтірілмесең, тек кейін қыстырма ретінде берілген: “Жігітке жиырма екен- жастың шеті”, -деп басталатын 25-шумак, сондай-ақ “Сүннат бар: мұстахаббен, атаб, хәйә” (32); “Көңілінде тұт жаратқан Құдайыңды ”(36) жоңе оған жапсарлас 37-шумак жок. Фазыл қөшірмесі де тап Жолмұраттағыдаи 38-шумак-пен аяқталатынын және ара-тұра онда 8 шумак жок екенин ескерсек, Фазыл қөшірмесінің жалпы қолемі 30 шумак, 120 жол екенине көз жеткіземіз.

Біз сөз етіп отырган 7 нұсқаның бесеуі араб әрімен қопыртсе, екеуі- казірті колданылып жүрген әріппен жазылған: Жұкаш, Толеп-берген нұскалары. Кейінгі үлгілерде қолем шағындығымен бірге жеке шумак, тармақтардың түсіп қатуы, сөз колданым ерекшеліктері көзлеседі.

### Екінші-он тәртінші балтар: “Жер мен көк” қиссасы.

Бұл туындыны ұсынғанда, алдымен әүлеттік мұрагаттагы Иманғали Маненов (2-папка, 9-46 беттер) жазбасына иек артумен бірге осы балтарды топтастырып, оны “Жер мен көк”-деген атальммен жеке дастан ретінде қарастырган Жолмұрат Жүсіпұлы (3-папка, 4-жіктелім, 2-34 беттер) және басқалардың жазбалары бар екенин де ескерлік. “Жер мен көк” дастанының жалпы қолемі – 363 шумак, яғни 1452 тармак. Иманғали, Жолмұратта және осы шығарма қөшірілген дәптер мұқабасында: “Жолмұратка- Мұхаммедсадықтан”- деген ескерту орын алған Мұхаммедсадық қөшірмесінде бұл туынды осы ұсынылып отырган калыптағыдай: “Алланың өзі жалғыз, құдіреті кен” - жолымен басталған. Сонымен қатар жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхананың колжазба корындағы Мәшіһұр-Жүсіп шығармалары топтастырылған 1171 папканың 57(179)- 32(194)- беттерінде орын алған тап осы туындының басы : “Серік жок, кемшілік жок, Аллада айып” - жолын майдай еткен 6-шумактен басталып, оған үлескен 8 шумак, демек айналасы 9 шумақты камтыған 6-14-шумактар Жолмұрат қолымен жазылған да. 15-шумактан, яғни: “Кезгендер хакикатты қөп сойледен”- тармағынан кейінгілері белгісіз біреу жазбасымен берілген. Осы орайда Мәшіһұр-Жүсіп шығармалары жинақталған папкалар шінде жиекіздесетін екі белгісіз қолтанбаның біріншісін: “белгісіз бірінші”, екіншісін: “белгісіз екінші”, ал түрлі мәтіндерді салыстыру кезінде : “1171 папка материалы ” не “1171”-деп қыскартып атауды жөн көрдік. 1171 папкада тек бұл шығарма емес, осының алдындаған берілген: “Мәшіһұр-Жүсіптің 21 жасында жазғаны”, бұдан кейін осы топтамала сөз болмак: “Миграж”, басқа кітаптарға қырған, кірмек: “Пайғамбардың дүниеден өтуі, “Шайхы ІІскак”, “Мәшіһұр-Жүсіптің карғамен айтысы”- туындыларының бәрі осы “белгісіз бірінші” қолтанбасымен жазылған. Бұл тұста 1171 папкадағы басқа біраз материалдар тәрізді осы шығарма беттерінің орналасу тәртібінде жүйесіздік барын, әр бет

шекелеріне кемі 2, не 3 сандық белгі қойылғанын, көлемі кішірек сандық белгілер қалыпты жағдайдағыдай, төмennен жоғарылау орнына, яғни алдымен бірінші, сонынан екінші бет келу орнына, керісінше жүретінін, атап айтканда, алдымен “57-бет”- деп беріліп, одан соң бірте-бірте шегініп, 32-бетке тірелгенде, шыгарма аяқталатынын ескертеміз. Бет ретін белгілеудегі алалық: бірінде алдымен жоғарғы сан, кейін- төмөнгі сан, екіншісінде алдымен-төмөнгі, кейін-жоғарғы алынып, түрлі сандар жарыстырылып қойыла салуы қолжазба қорында әр кезде әр сипаттағы қызметкерлер істегенін, бірінің араб әрпін түсініп, бірінің мұлде парықтамағанын, ең сонында бет шекесіндегі 2 не 3 санды қатар белгілеу қалдырылып, қолжазба беттерін ғылыми талапқа сай жүйелеу, сактау, қадағалау жүзеге аспағанын байқатады. Біздін айтпағымыз: Мәшһүр-Жүсін шыгармасымен бұрын таныс емес адам көне араб жазуын қанша менгерсе де, мұндай сақталымға кезіккенде, шыгарманың басы қайсы, жалғасы қайда екенін табуда көп киналары, бөгелері, тіпті түрлі ауытқуларға жол берері анық. 1171 мөтінінде алғашкы 5 шумак болмауымен қатар түсіп қалған жеке шумак, тармақтар да барышылық. Атап айтканда: “Көтеріп ол Farshыны суға койды” – тармағымен басталған 34- шумактың соңғы екі жолы және оған ілескен 35-шумактың бастапкы екі тармағы; сонымен бірге: “Fазап бар, заһар, закым- бәрі де анық” – дегенді алға шыгарған 70-шумактың соңғы екі жолы жок. Сондай-ақ: “Біткені алты күнде белгілі анық” – дегенді ту еткен 79-шумак (бұл Жолмұратта да, Мұхаммедәменле де жок), “Құданын құдіретімен біткен екен” – жолын майдайша еткен 115-шумак (бұл да Жолмұрат, Мұхаммедәменде жок) тұтасымен орын алмаған. Сөйтіп, 1171-де айналасы 8,5 шумак, яғни 34 тармақ қірмей қалған. Оның есесіне: “Көп сөз бар мұнан кейін, тұра тұрсын”-тармағын бетке ұстаған 22-шумақ Иманғали, Мұхаммедсадықта жок болса, мұнда және Жолмұрат, Мұхаммедәменде бар. 1171 жазбасы 1418 тармаққа ие болса, көлем жағынан оған тетелестері: 1380 жолдан тұратын Жолмұрат пен 1166 тармақты еншилеген Иманғали көшірмелері.

Жолмұратта жок үзіндіге көніл бөлсек, ол өз жазбасында мұны ескерткен: “Осы жерден қалған сөз болу керек” (Жолмұрат, 3 папка, 4 жіктелім, 5-бет). Жолмұрат ол жок мөтіннің бастапкы тармағын да дұрыс атап көрсеткен: “Біткені алты күнде- белгілі анық” ( 79-шумактың 1-жолы. Е.Ж). Бұл енбекен үзінді 15 шумакты құраса, ара-тұра тағы 2 шумак жок. Оның бірінші, алдында аталған 1171-дегідей, 79-шумак болса, екінші де соnda ескертілгендей –115-шумак.

Иманғали жазбасын дәйектесек, алдында ескертілген 22-шумак жоқтығына қоса : “Көзіне жан кірген соң өзін көрді”- деп басталатын 151-шумак ұшыраспайды (бұл сонымен бірге Мұхаммедсадықта да

жок). Сондай-ак Иманғалида ара-тұра түсіп қалған 18 тармак бар. Мұндан жол-жөнекей қалып қойған жеке тармак, шумактарды коса есептегенде, олар айналасы 26-жолдығана құраса, ең көлемді түсіп қалу, яғни 260 тармақты қамтитын үзліс: “Хадиша-бай Қабылдың жалғызының жынысы” - дегенмен жол ашқан 283-шумактан басталады, Бұл ұзак қілріс 1171 папка және Жолмұрат жазбалары бойынша толыктырылды.

Әuletтік мұрагатта сакталған басқа да мәтіндерде: Мұхаммедәмен, Мұхаммедсадықта да жекелеген қалып қоюлар баршылық. Мұхаммедәмен көшірмесі: “Рахматта тоғыз мың жыл харар етіп” – дегенді бетке ұстаған 30-шумактың: “Керемет мансилатта он үш мың жыл” – деген үшінші тармағымен (оған дейінгі 1 парак сакталмаған, Е.Ж.) басталады да: “Еркектен азғырылды катын бұрын” жолын алға шығарған 197-шумакпен аяқталады (шығарма соны да бізге жетпеген – Е.Ж.). Мұхаммедсадықта жекелеген шумак, тармактардың орын алмауымен катар: “Төртінші- жұмакта мен жүргенімде” - деп басталатын 247-шумактан кейінгілері мулде жок.

### Он бес-он алтыншы баптар. “Миграж” дастаны.

Жалпы көлемі 140 шумактан, яғни 560 жолдан тұратын бұл туындының 6 көшірме нұсқасы сакталған. Соның ішінде ен комактысы- 132 шумакты, яғни 528 тармақты құрайтын Жолмұрат (3 папка, 5-жіктелім, 1-9 б.) жазбасы. Бұдан кейінгі көлемдісі- 124,5 шумакты, яғни 498 жолды қамтитын Иманғалидың (2 папка, 46-61 беттеріндегі) көшірмесі. Үшінші толығырағы- 121 шумакты, яғни 484 тармақты еншілеген Мұхаммедфазыл нұсқасы. Төртінші нұска- 106,5 шумак, яғни 426 тармақты меншіктеген- жоғарыда аталған қолжазба корындағы 1171 папканың 32(195)-20(209) беттері аралығындағы “белгісіз бірінші” жазбасы. Мұнда да бет ретін белгілеген кіші санлардың керісінше танбаланып отыруы қолжазба сактаушылардың арабша сауатсыздығынан болар деп шамалаймыз. Бесінші мәтін – 93 шумакты, яғни 372 жолды мирас еткен Мұхаммедәмен көшірмесі болса, алтыншы ен шағындауы-Карағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің 1991 жылды 25 шілдесінде жарияланған, 90,5 шумакты, яғни 362 жолды меншіктеген үлті. Бұл дастанды Ешмагамбетұлы Әлімшайхыдан алып, баспаға әзірлеген: “ карт ақын Махмет Назарұлы” - екендей газете ескертілген.

Жолмұратта жок 8 шумактың алғашқысы: “Жасына кейін қалған кайта бардым” - деп басталатын 3- шумак та, екіншісі: “Осындай мазмұнына аят түсти”-жолын бетке ұстаған 22-шумак Иманғалида, 1171-де және Әлімшайхыда да жок. Мұндан әрі Иманғалида, әрі Әлімшайхыда жок ілкестестікті: “Сарқырап екі бұлақ ағады, біл” - дегенді жалау еткен 36-шумак; “Әр жерде бас та қалды, аяқ қалды” - дегенді алға ұстаган 45-шумак туралы да айтуга болады. Ал: “Пайғамбар мұны тауып айтқанында” - дегенді бастауғып орналасқан 53-шумак тек Иманғалида

ұшырасып, қалған бесеуінде де кездеспеуімен ерекшеленеді. Сондай-ақ: “Арытты бұрынғыдан Расул түрі”-деп, шаңырақ көтерген 122-шумак пен оған ілескен 123 шумак та тек бір адамда, Мұхаммедфазылдаған шан беріп, қалғандарының бәрінде қамтылмауымен көзге түседі. Шығарма соны болып есептелетін: “Тәубені қылатұғын осы кезім” - дегенді маңдайша еткен 140-шумак та тек Иманғали мен 1171-де орын алған.

Иманғалида сырт қалған 15,5 шумак, яғни 62 жолға назар аударасақ, оның: 22, 36, 45, 122, 123-шумактарының Жолмұраттағыздай жок екені осының алдындаған ескертілді. Сонымен бірге Иманғалида бастапқы шумак және: “Тындармай сөзін оның жүре бердім” - дегенмен басталатын 12-шумак пен 16-шумак аралығы ысырылса, тап осындай түсіп қалудын Әлімшайхыда да орын тебуі кейінгінің алдынғыдан көшіру мүмкіндігіне жарық түсірсе керек деп санаймыз. Сондай-ақ Иманғалида: “Мұхаммед, ұмбетің көп, уайымың жок” - дегенді бетке ұстаган 33-шумактың алғашкы 2 жолы, “Көтерген ол төсекті және кейін” - дегенді алға тартқан 38-шумактың соңғы 2-тармағы жок. Бұған қоса: “Ингे қуанғаннан сонда міндім” - айдарымен шықкан 40-шумак; “Топаннан Нух нәбиге бердін фидих”, - деген 60-шумактың соңғы 2 жолы; “Данаға жас та болса, тен едім ғой” - деп басталған 120-ның соңғы 2 тармағы сырт қалған. Одан әрі Мұхаммедфазылдан басқаның бәрінде жок 122, 123 шумактан кейін орналасқан 124-шумактың басқаларға тегіс орын алып, тек Иманғалида кездеспеуін ділтеу де өткен ғасыр ақындарының әр нұсқасын ізерлеп салыстыру кажеттігін дәлелдейді.

Мұхаммедфазылда жоғарыда ескертілген 53-шумак орын алмауымен қатар: “Алдынан келген қатын, ол кім?” - деп, басталған 16-шумакқа қоса: “Алдынан сәлем берген ислам мен дін” - дегенді қалқалаған 21-шумак коныс теппеген. Мұхаммедфазыл нұсқасын шөмейтіп тұрған жайт - оның: “Жад қылдым әуел Ҳақты сөз басында” - дегенді маңдайша еткен 124-шумакпен тамамдалып, соңғы 16 шумактың, 64 тармақтың енбей қалуы.

1171 папка мәтініне үнілсек, жоғарыда аталған: 22, 53, 122, 123-шумактардың ығысуымен қатар қолжазбаның тұтас 1 парагы, яғни 2 беті түсіп қалып, жоғалуына орай: “Сонда не деп пайғамбар жауап айтты” - жолымен қадам ашқан 57-шумакқа ілескен айналасы 118 тармақтың енбеуі орын алған.

Мұхаммедәмен нұсқасын сараптасақ, алдымен оның бастапқы 1 парагы мен соңғы парагы сакталмауына орай - 1-10-шумактар мен “Олай болса Құдайым сені сүйсін” - деп басталатын 113-шумакқа ілескен 28 шумак, яғни 112 жол жок. Ара-тұра сырт қалған үзіктерді зерделесек: “Мен міндім Мекаиілдің енді үстіне” - деп жол ашқан 27-

шумакка тіркескең 28-29 шумактар шет қалумек бірге: "Көтгрегі ол төсекті және кейін"- легенді алға қойған 38-шумак (тап осының соңы 2 жолы Иманғалида жоқ екені жогарыда айтылы) орын алмған. Сондай-ақ "Жоқ қылған Ибріһимге нимард отын" (66-шумак), "Берінен артық саган бердім, өні" (72-шумак), "Солайша шұласады тамам хорлар" (92-шумак), "Қадамды тақсыр Былғат басқын екен" (97-шумак), -деп бастанатын үшкір Мұхаммедоменде кірмей қойған

Осы ойда басқа да көшірмелер тәрхіл мұнда да шумак шешінеуі гана емес, жеке сөз аудысулары т.б. барыштық екенін, кітап азірлелегенде, сөз қисынын, үйқас тәртібін т.б. басшылықта алып, саралау, сұрыптау жүргенін еске саламып Дұламал жағдайда ақын мұрасын ен үзак уақыт (1977 жылға дейін) көшіріп, жинаған Жолмұрат жақбасы алымен ескеріш отырып. Екінші жағдайда жақна шине екінші нұсқа ретінде жеке сөз, сөз орамдарын беру де орын алғанын осы тұста ескерте кеткіміз келеді.

Он жетінші, он сегізінші бап.

Иманғалидың 2-папка, 61-66 беттердегі жақбасы және жогарыда аталған 1171 палкандың 22(104)- 20(105) беттеріндегі "белгісті бірнеші" көшірмесі бойынша сараланып ұсынылды. Екі нұскада ара-тұра айырмашылық, сойкеспег болған жағдайда сөз қисыны, үйқас тәртібі басшылықта алыны. Мәселен, Иманғалидагы 8-шумак

Фамал қыл ақыретін үшін арнап,

Дүниеде өлшеп өзін тұрганынша.

Фамал қыл Алтан үшін онша-мұнша,

Сонша қыл Хакқа қызметін болса канша!-деп, кеттірілсе, 1171 – де бұл бытай өрітген:

Фамал қыл ақыретін үшін болғанынша,

Дүниеде өлшеп өзін тұрганынша!

Фамал қыл ақыретін үшін арнап,

Жеткендей қып Махшарда өз халінше! (халынша!)

Біздіңше, үйқас заны, сөз реті 1171-дің негұрлым дұрысырақ екенін дәлелдеп тұр. Сондай-ақ Иманғалида келесі 9-шумак:

Қажетін болмаса, ғамал тіпті қытма,

Бұл дүние өті шығар ойланғанша!

Мұнда қинал, өтгенде қиналғанша,

Сүм дүние өтіп кетер көз жұмғанша!- деген турде келсе, 1171-де бұл кенейіп, 2 шумак қалпында берілген:

Фамал қыл Алтан үшін онша-мұнша,

Сонша қыл Хакта қажетін болса канша!

Қажетін болмаса, ғамал қытма,

Бұл дүние өтіп кетер жиналғанша !

Мұнда кинал, өлгенде қиналғанша,  
Сүм дүние өтіп кетер жиналғанша!-  
Тамұқтың оты үшін қылғыл амал,  
Өзіннің отқа шыдар сырын қанша?!

Біз бұл тұста да сөз орнына, мағынасына қарап, 1171-дегіні таңдап алдық. Иманғалидағы жекелеген үйкас селкеуліктері, сөз түсіп қалуладар, сөз орны ауысулары т.б. себебі: көбінесе жазба нұскадан емес, ауызша айтылғандардан қағазға түсіру нәтижесі деп санаймыз. Белгілі бір жыр, өлең үлпілері ауызша айтылғанда, жеке тармак, сөздерді ұмыту, шатастыру жиі орын алатыны белгілі. Сонымен бірге: “Қызығы бұл дүниесін ойын-құлқі” -деп басталатын 35-шумактың Иманғалида орын алып, 1171-де кездеспеуі қөшірмелерді салыстыра дәйектеу орын-дышығын дәлелдей түседі.

Он тоғызынышы бап: “Басқа да патшалар, жомарттар, әулиелер”. Айналасы 65,5 шумактан, яғни 262 тармақтан тұратын бұл туындының 3 нұскасы сақталған. Оның бірі- жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1171 папканың 9(110)- 5(112) беттері аралығындағы “белгісіз бірінші” қөшірмесі болса, екінші, үшіншісі- әuletтік мұрагаттағы: Жолмұрат, Иманғали жазбалары. Бұл шығарма Иманғалида (2-папка, 66-71 б.). өз такырыбымен жеке отау тіксе, Жолмұратта және 1171-де бұл Мәшһүр-Жұсіптің “Пайғамбардың дүниеден өті туралы” –дастанының жалғасы ретінде берілген. Тап осы мәтінді “Пайғамбардың дүниеден өті туралы” дастаны ішіне кіргізу ынғайсыздығын ескергендіктен де, аталған шығарманы алғаш баспа бетіне ұсынғанда, “Бұл күнгі патшалықта жок ғаділдік” (журналда: “жок ғаділдік” орнына - “өділдік жок”, - деп берілген) –тармағымен басталған 10 шумактығана тіркеп, қалғанын енгізбеу жүзеге асқан екен (караңыз: Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы. Пайғамбардың дүниеден өті туралы // “Жұлдыз” журналы, 2, 1996 ж., 128 б. Шығарманы әзірлеген –Гүлназ Жұсіпова). Біз бұл жолы сол еңбек сонында орын алған 10 шумактың өзін кері кайтарып, әрі шығарма тақырыбы ауқымын, дастан жанры талабын, әрі Иманғали бөлүін ескеріп, бәрін басы бүтін өзге туынды ретінде алуды жөн көрдік. Осы орайда 1171-мен Жолмұрат мәтінінің енбей қалған тұстары орайлас болғандықтан да, көлемі де бірдей екенине назар аудартқымыз келеді. 1171-де соңғы 5 шумак, яғни: “Кайғы ойлап, тәні тітіреп, жаны қорқар”- дегенді ту еткен 62—шумакқа ілескен 20 жол жок болса, бұл Жолмұратта да төн. Сонымен бірге 1171- мен Жолмұраттағы ара-тұра енбей қалған 12 тармақ түзілімінде бірін-бірі кайталау орын алған. Олар: “Құлболды сол бабамыз әулие өткен”- дегенді алға қойған 22-шумактың соңғы 2 жолы; “Арына өткір пышак түпкө жеткен”- дегенді мандайша еткен 35- шумактан басталған 10 тармак. 1171- мен Жолмұратта жок осындаи 32 тармактың тек

Иманғали бойынша берілгенін атап өте отырып, оның есесіне кейінгідегі түсіп қалулар саны 110 тармақ, яғни алғашқыларда жоқ кірістен бұл шығыстың 3 еседен көп екенин де ескерген жөн.

Иманғали мәтінін сарапасақ, онда: “Тұрсынбай Айдаболда бай болыпты” - дегенді бетке ұстаған 38-шумактан кейінгі, айналасы 24 шумак, яғни 96 тармақ сырт қалған. Сонымен бірге ара-тұра енбей қалған 14 тармакты дәйектейміз. Мәселен: “Сахаба өтіп кетті отыз үш мың” – деп басталған 3-шумактың соңғы 2 жолы; “Баһадүр Рұstem, Зымак, Сахып қыран” – деп, жол ашқан 7-шумак; “Қуандықтың баласы алтау болған” - дегенді мандашта еткен 20-шумак; “Жанболды Құлболдыны көп ренжіткен” – жолын бетке ұстаған 23-шумактың алғашкы 2 тармагы; “Есім хан жалғыз барып Ташкентті алған” – деп басталған 29-шумактың бастапкы 2 жолы Иманғалида сырт қалуымен ерекшелінді.

1171 мен Жолмұратта жоқ шумактар орайластығы болумен кatar оларда жеке тармақ, сөз түзіліміндегі өзгешелік те орын алған. “Шон би соңда ақылмен білді дейлі” - дегенді алға тартқан 60-шумактың екінші жолы Жолмұратта: “Ақылмен анықталар жері келді”, - делинсе, 1171-де: “Факыт нұры болар жарық енді дейді” – деп өрілген. Жоғарыда ескертілген: сөз кисыны т.с.с. талаптарды меже етсек, кейінгінің неғұрлым тиімді екені анықталады.

**Жиырмасынши бап.** Иманғали: 2- папка, 71-73 беттер және Мұхаммедфазыл: 5-папка, 2-жіктелім, 1-бет бойынша ұсынылды.

**Жиырма бірінші-отыз тоғызынши бантар.** Иманғали: 2- папка, 72-124 беттері бойынша берілді.

**Қыркынши бап .**Мұхаммедфазыл: 5-папка, 2-жіктелім, 6-бет және Иманғали: 2-папка, 124-125 беттер бойынша салыстырыла әзірленді.

**Қырық бірінші-елуінші бантар.** Иманғали: 2-папка, 126-149 беттер беттерінен алынды.

**Ету бірінші бап.** Иманғали: 2-папка, 149-155 беттер және Мұхаммедфазыл: 5-папка, 2-жіктелім, 2-бет бойынша әзірленді.

**Елу екінші бап.** Иманғали: 2-папка, 156-187 беттерінен алынды.

**Елу үш-елу төртінші бантар:** “Киямет ахуалы” кіссасы. Жалпы көлемі-310,5 шумак, яғни 1242 жол осы туындының бізге жеткен 6 көшірмесінін ен аукымлысы - әулеттік мұрагаттагы Мәкішев Рахым жан жазбасы (219 шумак, яғни 876 тармақ) және осыған молшері де денгейлес (14 жолы ғана кем), түсіп қалған шумактар жағынаң да орайлас, үксасы- Паклюдарда шықкан “Дауа” газетінің (редакторы Женіс Тілеke) 1991 жылғы маусым-желтоқсан (ғ 10-16) айлары сандарында “Киямет күн” тақырыбымен жарияланған нұсқа (арабшадан өзірлестен- Жұматай Әкбарұлы). Сөз болып отырын кіссаның аумагы тұрмысынан үшинші орын алатыны- әулеттік мұрагаттагы Жолмұрат Жүспұлы (1-папка, 1 жіктелім, 1-7 беттер) жазбасы 113,5 шумактан, яғни 454 тар-

мақтан тұралы. Бұл шығарманың көлем жағынан төртінші орын алатыны- жоғарыда атапған Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорындағы Мәшіүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1171 папкадағы : 412(292)-425(318) беттер аралығындағы белгісіз “екінші біреу” колымен (олай дейтініміз: бұл қолтаңба да ақын шығармалары арасында жиңі кездеседі, тек біз алдында сөз еткен: “Жер мен көк”, “Миғраж” т.с.с. таңбасына үқсамайды) жазылған нұсқа 107 шумакты, яғни 428 жолды иеленген.

Осы орайда бұл жазбалардың бәрін Иманғалидың “70 бап: 53-54-баптар” ( 2-папка, 187-197 б.) көшірмесімен үйлестіре отырып, көп баптар тұсында жетекші болса да, тап осы жолы баскалардан едәүір кем екенин де ескертеміз: 80 шумақ, яғни 320 жол. Ең соңғы алтыншы шағын жазбаны дәйектесек, біріншіден, оның бастапқы жазылған нұсқасы біздегіден кең болғаны анық: себебі біраз беттері сакталмаған. Екіншіден, бұл үлгінің қолтаңбасы 1171 папкадағымен бірдей, яғни Мәшіүр-Жүсіпті көп көшірген, демек, ақынмен жақын, аралас адам болуы мүмкін. Бұл шағынымыз 33,5 шумақ, яғни 134 жолды құрайды.

Енді осы ұсынылып отырған шығарманың қай тұсы кімдерден, қалай алынғанын нақты көрсетуге көшеміз. Мәкішев Рақымжан жазба-сында: “Болу хак және наңбақ қиямет күн”, - дегенді ту еткен 8-шумактан басталып, 18-шумакпен аяқталған –айналасы 11 шумак шет қалса, тап мұндай олқыланудың тек осында емес, Иманғалидан басканың бәрінде де орын алғанын ескерген жөн. Бұдан кейінгі ұзак енбей қалу: “Айтыңыз Мұхаммедке салауат көп” –дегенді маңдайша еткен 58-шумакка ілесіп, 75- шумакпен аяқталып, айналасы 18 шумакты құраса, тап осы қалыппен шетінеу Жұматай Экбарұлында қайталантынына, соңғы 4 шумактың ғана Рақымжанда басқа тұста кездессе, Жұматайда мұлде ұшырамауына назар аударамыз. Осы орайда 58-шумактың жеке өзі болғанымен, 59-79-шумактар арасы Иманғалида да жоқ екенин, ал 1171 мен Жолмұратта бар екенин еске саламыз. Рақымжандағы бұдан кейінгі ойсырау: “Еңесі түсіп жерге енсерілген” - жолын алға ұстаган 89-шумакпен (тап осы 89-ыншы Жолмұратта да жоқ) басталып, 136-шумакпен тамамдалып, айналасы 48 шумакты қамтиды. Мұндай кірмей қалудың екінші рет Жұматайда да ұшырасуы, екі нұсқа төркіндестіпн тағы да дәлелдейді. Осы тәрізді орайластықты: “Сондай күнді көрген жан естен танар” (41 шумак); “Токтатар Хак Мұхаммед қарсы келіп” (55-шумак); “Фата-а-тун, афуажан-келген аят” (81-шумак); “Дүниеде бой бакпаған, тілін тартын” (85-шумақ және оған ілескен 86,87- шумактар)- тармактарын бетке ұстаган шумактар туралы да айтуда болады. Ал: “Өткізген ғаппілдікпен ерте-кешін” –дегенді алға тартқан 31-шумактың тек бұл екеуінде ғана емес, Жолмұратта да қоныс тептегенін, Иманғали мен 1171 бойынша енгізілгенін атап өтеміз. Сондай-ақ шығарма

аяқталымындағы: “Шаригат сөзін күп, өнеге айтамыз”, - деп басталған 304- шумак пен оған ілескен ең сонғы 7 шумак орын алмауы тек екеуіне (Рақымжан мен Жұматайға) тән емес, Иманғалида да далиған кетіктің (120-310-шумактар аралығының) ішінде бірге жұтылса, ал 1171-де сол үзікке кіретін: “Айтамын мен ойымның жеткен жерін” – дегенді мәндайша қылған 307-шумак пен оған ілескен 308-дің болмауы- бәрі жоғарыда аталған екі жазба төркіндестігін бұза алмайды деп санаймыз. Осы тұста Жұматайда жок екі шумактын Рақымжанда бар екенине көніл бөлеміз : “Жұзінде жалған дүние көп сөйлемдім” (6-шумак), “Бір басын үмбет үшін отқа тастап” (50-шумак). Міне, бұл Жұматайдын Рақымжаннан көшіру мүмкінділін (керісінше емес) де дәлелдейді.

Жолмұраттағы ығысқан шумактарды діттесек, жоғарыда сөз болған 8-18-шумактар аралығы және 31-шумак сусуы үстінен шыгарма басталымындағы алғашкы 4 шумактың тек мұнда емес, 1171-де де, тап сол қолтаңбамен жазылған өулеттік мұрағаттағы шағын үлгіде де, Иманғалида да омсырайған 1-7 шумактар аралығында орын алмай, тек Рақымжан, Жұматайда үшырауымен ерекшеленеді. Сонымен катар мұнда: “Жігітер, тіршілкте азық айла”-деп басталған 76-шумак пен 77,78,79-шумактар (Рақымжанда бұл ең сонғы бетте көлтірілген) кірмеген. Сондай-ақ: “Бір басын үмбет үшін отқа тастап” –деп басталатын 50-шумак (бұл Жұматайды да жок); Рақымжан, Жұматайдығы салқар үзіліс арасында енбей калған 89-шумак мұнда да шет калған. Сол тәрізді: “Бар екен кияметте мұндай құйлар” (93-шумак), “Ол қунде жан құтылmas қылып сылтау”(95-шумак)- тек Жолмұрат емес, Иманғалида да орын алмаған. Сондай-ақ: “Көп сұрап - тамамдайын қайсыбірін”-деп басталған 122-шумакпен оған ілескен 123-шумак басқаларда үзак шетінеудін (Иманғалида 120-310, Рақымжан, Жұматайда 89-136 шумактар аралығы) ішінде енбесе, бұл шет калғаның бәрі, яғни: 93,95,122,123-шумактар 1171 папка мәтіні бойынша орналастырылғанын ескертеміз. Сонымен бірге: “Бұл адам намаз оқып, ораза тұтқан”- жолдарын мәндай еткен 119-шумактың Жолмұратта сырт қалумен катар Рақымжан, Жұматайдығы 89-113 шумактар аралығындағы шоғырмен бірге кірмеуімен, 1171-де де түспі қалып, тек Иманғалида шанырак көтеруімен көзге түседі. Осы орайда: “Алтыншы нұрлы орамал қолына алып”-деп басталатын 115-шумак пен оған ілескен 116 шумактың бар нұсқада үшыраспай, тек алтыншы ең шағын жазбада (бұл жолдардың тап сол қолтаңбамен жазылған 1171-де де болмауы да көніл бөлерлік) орын тепкенін ескертеміз. Сол тәрізді: “Бұл адам намаз оқып, ораза тұтқан”- дегенді бетке ұстаған 119-шумак та Жолмұратпен бірге 1171-де жеке өзі сырт қалғанын, ал Рақымжан мен Жұматайда 89-136 шумактар аралығындағы шет қалу түйдегі ішінде жүргендіктен де, біз ұсынған

мәтінге тек Иманғали бойынша берілгенін ескерген жөн. Жолмұратта жок ең дегендең үзінді: “Махшарда барлық халық болар жыны” - дегенді бетке ұстаған 137-шумак пен 303-шумак аралығы болса, мұндай тоқырау 1171-де де шан беріп, ал Иманғалида ол шашау шыққан 120-310 шумақтар ішіне кіргендіктен де, мұнын бәрі тек Ракымжан, Жұматай көшірмелері бойынша ұсынылып отыр. Басқалардың бәрінде ірге тепкен, тек Жолмұратта тұрақтамаған шумак бар ма десек: “Әр бүйда шығыршықтың жетпіс мындан”-деп басталған 33-шумақтыға (әүлеттік мұрагаттағы ең шағын 6-ұлғіде бұл 28-89 шумақтар аралығындағы ұзак олқылану арасында орын алмаса, ол көшіруші жазбауынан емес, біраз парактың бізге жетпей жоғалуынан деп есептейміз) атайдар едік.

1171 папка мәтініне үнілсек, онда алдында сөз болған 1-4,8-18,137-303- шумақтар аралығы сырт қалумен бірге: “Ел конар су ішем деп шалқар көлге” – дегенді алға ұстаған 67-шумақпен басталып, 79-шумакпен тамамдалған 13 шумак қамтылмаған. Осы орайда мұндай ойсырау Ракымжанда соңғы 4 шумағынан басқасы 76-79 шумақтар аралығындағы көп жоқтың ішінде, яғни 58-75 шумақтар аралығында орын алғанын; Жұматайда, Иманғалида да 58-79 аралығында шетінеген тізбек ішінде бірге жұтылғанын , бұл үзіндінің 67-75 шумак белдеуді Жолмұрат бойынша, 76-79-түйдегі Ракымжанға сүйене енгізілгенін еске саламыз. Ал, 115-116 және 119-шумактың жолы болмағанын бұдан бұрын Жолмұратқа және басқаларға байланысты атап өттік. 1171-деға жоқ жеке шумақтар аз екенін атап өтіміз: “Таба алмас алақандай қашарға жер”(26-шумак), “Келеді енді бір топ ізіменен”(90-шумак).

Енді көлемі шағындау болса да, осы “70 бап” айдарына негіз болған Иманғали нұсқасына көніл бөлеміз. Иманғалида жоғарыда айтылғандай: 1-7, 59-79,89,93,95,98,101,108, 115-118-шумақтардың табан тіремеуінен басқа, соңғы 120-310 шумак (120-шумак: “Қылғаны- ізгіғамал, ол жақсылық”-деп басталады) сырт қалғаны да алдында ескертілді.

Жоғарыда талданған түсіп қалулар үндестігі, біріндегі жоқты екіншілердің толықтыруы нені көрсетеді? Мұнын бәрі бастапқыда жазбаша қағазға түссе де, отаршылдық саясат қыспағы салдарынан кезінде баспа бетінде жарияланбағандықтан да, түрлі көшірулер, немесе жаттап айтулар кезінде жекелеген шумак, тармақтардың ұмытылуы, бұрмалануы, қожырауы орын алғанын дәлелдейді. Түпнұсқа сакталмаған жағдайда түрлі нұскаларды салыстыра отырып сұрыптауға шығармалының бастапқы қалпын неғұрлым толық жеткізуге мүмкіндік беретінін есте ұстаған жөн.

**Елу бес –елу алтыншы баптар.** Иманғали 2-папка, 197-205 беттері бойынша ұсынылды.

**Елу жеті-елу сегізінші баптар.** Иманғали 2-папка, 206-209 беттері және Мұхаммедфазыл 5-папка, 8-11 беттері салыстырылып дайындалды.

**Елу тоғыз-алпыс бірінші баптар.** Иманғали: 2-папка, 209-221 беттері бойынша әзірленді.

**Алпыс екі-алпыс төртінші баптар.** Иманғали: 2-папка, 221-223 беттері және Мұхаммедфазыл 5-папка, 7-8 беттері бойынша сараланды.

**Алпыс бесінші- алпыс жетінші баптар.** Иманғали: 2-папка, 224-229 беттері бойынша енгізілді.

**Алпыс сегізінші-жетінші баптар.** Иманғали: 2-папка, 229-231 беттер және Мұхаммедфазыл 5-папка, 11-12 беттері бойынша кірітілді.

## **“Жетпіс бапта” кездесетін араб-парсы сөздеріне түсіндірме:**

1. Ағузу- сыйынамын.
2. Бисмилла-Алланың атымен.
3. Ла иләһа Илла алла- Бір Алладан басқа Тәнір жок.
4. Хабиб- сүйікті, хабибім-сүйіктім.
5. hy-hy(hya)- ол (Ол Алла).
6. Кәлам-сөз.
7. Шарх кітап- түсіндірме кітап.
8. Панаҳ- пана, камкор.
9. Фылым Сарф- грамматика, морфология.
- 10.Мұхтасар- қыскартылған, тұжырымдалған.
- 11.Наху- грамматика, синтаксис.
- 12.Таухид-Алланың бірлігі (Алла біреу деп білу).
- 13.Мантық - тіл, логика.
- 14.Расул- елші.
- 15.Хадис- Пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с. айтқан өснег сөздері.
- 16.Тәпсір- түсіндірме, талқылау.
- 17.Ғұсыл- Құрғак жер тастамай, дененін барлық жерін жуу.
- 18.Таһарат- тазалану; белгілі бір мүшелерді тәсіліне қарай жуу және масих тарту арқылы жасалатын тазалық.
- 19.Таям- су жокта топырақпен дәрет алу, таям соғу.
- 20.Нифас- әйелдердің босанғаннан кейінгі жағдайы.
- 21.Хайыз- етеккір жағдайы.
- 22.Әмір мағруф- білгенді үйрету.
- 23.Нәһі мұнқір- жамандықтан тыйылу.
- 24.Уәжіп- мұсылмандар орындауы міндет болған амалдар.
- 25.Асани-женілдік.

26. Сұннәт- Пайғамбарымыздың сөздері, іс-кимылдары, шығарған шешімдері.
27. Мұстахаб- істесе(орындаса) сауап, іstemесе күнәсі жок амалдар.
28. Адаб-әдел.
29. Хәйә- мәңгі, өлмейтін.
30. Харам- мұсылмандарға тыйым етілген амалдар (нәрселер).
31. Макруһ- мұсылмандарға өздерін тежеуді талап ететін амалдар.
32. Мұстән-мас, маstryқ.
33. Мубах-мұсылмандардың орындауга ерікті амалдары.
34. Рия- екіжүзді (адам).
35. Файбат-өсек.
36. Руза- ораза.
37. Фибадат-құлшылық.
38. Жаббар-құлдіретті, күшті. (Алла Тағала есімдерінің бірі).
39. Багзы- кейбіреуі
40. Мұнкүр-Нәнкүр- қабірде тергейтін періштелер.
41. Ман рәббик-Раббың кім?
42. Нидаят- тұра жолға (дұрыс жолға) салу (түсіру).
43. Сағадат-бакыт.
44. Faғур- кешіруші, кешіргіші (Алла Тағала есімдерінің бірі).
45. Рахым- ерекше мейірімді.
46. Шарик-серік, ла шарик- серігі жок.
47. Хамид-мактаулы.
48. Куфуан ахад- тен келетін ешкім.
49. Файыбы шарикни- серіпнің жоктығы.
50. Хаири-жақсытық, кайырлы, иглік.
51. Лә хаула- тен келетін қуаттылық жок.
52. Занияр- корінетін, айқын, ақиқат.
53. Сират- көшір (тозақтың үстіне құрылған көшір).
54. Нәби-пайғамбар, хабаршы; әнбия- сонын көлине түрі.
55. Мазнаб- діни ағым, діни мектеп, бағыт.
56. Мілләт- қауым.
57. Файри-басқа.
58. Қаңдал- шам, майшам.
59. Залил-көленкелі, каранғы.
60. Жалил- ұлы, данкты.
61. Файннама кауқаб- шындығында жүлдіз.
62. Көлам шариф- Қасиетті сөз.
63. Машрик- шығыс.
64. Мағриб –батыс.
65. Мазкур-атақты, данкты.
66. Фали, али- ұлы, биік, жоғары, сәулетті.

67. Мұғжиза- керемет.
68. Фаршы- қек әлемі.
69. Күрсі- орындық, так.
70. Рахмат- мейірімділік.
71. Минат- әлемдегі мекен атауы.
72. Хажат—қажеттілік.
73. Манзилат (манзил)-үй, тұрғын жай.
74. Набаат- әлемдегі мекен атауы.
75. Рахигат- әлемдегі мекен атауы.
76. Һибат- әлемдегі мекен атауы.
77. Тахит-әлемдегі мекен атауы.
78. Лаухи-такта.
79. Хисаб-есеп, хисапсыз-есепсіз.
80. Хасил- салдар, нәтиже.
81. Мажат-атакты, данкты.
82. Бахыр-теніз.
83. Субхан Алла- Алла кемшилікпен пәк.
84. Калима-сөз.
85. Зәбіржат- хризолит гасы.
86. Рауан- жан, рух, өмір.
87. Фадін- жұмактың бірі.
88. Нығымет- шапағат, қайырым.
89. Дарис салам- жұмактың бірі.
90. Дарыл қырар- жұмактың бірі.
91. Фирдаус- жұмактың бірі.
92. Жаннат алмауди- жұмактың бірі.
93. Жаннат нагим- жұмак.
94. Дарыл карар- жұмактың бірі.
95. Маски- мускус шәбі.
96. Фанбер- амбра, хош иіс.
97. Салсабил- мөлдір аккан су, жұмак бұлағы.
98. Кафур- бір хош иісті ағаштың шайыры.
99. Зәңжабил-имбир, жанжәбіл (занзәбіл).
100. Фанна- бізден.
101. Фина тусамма- онда аталалы.
102. Дағыл-дәлел.
103. Жаһаннам- тозақ атауы.
104. Жаһим-тозақ атауы.
105. Сакыр-тозақ, тамүк (жеті тамүқтың түбі деген мағынада).
106. Сижжил- қызылрылған балшық (тас).
107. Һадылазад- тозақ атауы.
108. Хатм-соны.

109. Ууқуд һаннас уалхажара- жаналы зұлым жан (шайтан) және тас.
110. Палақ-тамұқтағы шүнкүр атаяу.
111. Уайлт- қайғы.
112. Халак- жойылған, жок болған.
113. Иншалла-Алла қаласа.
114. Фан саиа-ти-аиамин-(алдағы) келетін күндерден.
115. Қадым-ескі, көне.
116. Сахт-(саҳит)- катты, киын, катал.
117. Мағун-қайырымдылық.
118. Рафға (рафф)-көтермелеу, мадактау.
119. Фарифа (ғариф)- бітүші, түсінуші, дана.
120. Астагфирулла- Алла кешір.
121. Рих ғақым-Фақым желі.
122. Мәлік- перштенің аты.
123. Захар-у.
124. Фасыл-бөлік.
125. Уасыл-коылған.
126. Паруар- тәрбиеші.
127. Жанил- надан, надандық.
128. Аһлу хикмет- білім иелері, даналық иелері.
129. Руат (рауиа)-ереже, нұсқау, қагида.
130. Бахыр лахият-Лахият теңізі.
131. Байтул магмур- Көктегі перштегердің құбыласы.
132. Паруардігер- Жаратушы, Құдай.
133. Тәсбих-Алланы құрметтеу, ұлылау.
134. Таһлил-Бір Алладан басқа Тәнір жок деп айту.
135. Қала инси ағламу уа ма ла тағламун-айтты: адам сендердің

білмегендерінді биледі.

136. Халиқ (халикин)- жаратушы.
137. Минох-одан.
138. Құнту-махфиан- болдым құпия (жұмбак).
139. Хамд-мактау, мадак.
140. Элхамдулила-Барлық мактау Аллага тән.
141. Қамар- белдік.
142. Пырак-ат.
143. Фамама- сәлде.
144. Уа галламал адама ал-асма-у- үйретті адамға есімдерді.
145. Фасжуду лиадама- адамға сәждे етіндер.
146. Наумыз- макрүм.
147. Дөргаң- сарай.
148. Ағузу биллах- сыйынамын Аллага.
149. Қәрім-жомарт.

150. Рахман-Алланың бір аты.
151. Ахлу ағлам-білім иелері, білімлілер.
152. Минаш-шайтан- шайтанинан.
153. Mahop, моһр- күн, махабbat, сүйкімлі.
154. Кулли жәди ләзиз- Барлық.... төтті- пайғамбарымыздың хадисі.
155. Фарағат- тыныштық, демалыс.
156. Наумид-ұмітсіз.
157. Малғұн- қарғыс аткан.
158. Сөрөндіт- Цейлон аралындағы Адам ата токтаған таудың аты.
159. Аспомен-Испания.
160. Faфу-кешірім.
161. Памдат- тан намазы.
162. Fарағат (арағат)-Меккедегі тау.
163. Шаһриар-патша, монарх, ел билеуші.
164. Табигин- ізбасарлар, ізін ұстануышылар.
165. Уали- ел басқарушы.
166. Мумин-иман келтіргендер.
167. Fариб- бөтөн (шетелдік).
168. Хұкім- үкім, жарлық.
169. Xалак-жаратылған.
170. Шаһадат-куәлік, шаһадина- куәлігіміз.
171. Алмасақ уаҳуал ахидул- Әлмисақтан және ол уәде беруші.
172. Xалал-адал.
173. Намард-зұлым, зұлымдық.
174. Laғын-қарғыс атқыры.
175. Құдауанд- Құдай, Тәнір.
176. Арз- құрмет, сый.
177. Уа ма дүния fайруha- дүниеден баска.
178. Mурсал- жіберілген елші.
179. Mәкан- мекен.
180. Kулли, куллият- барлық, барша.
181. Рахиб-монах.
182. Bәни Xашим-Хашиматтар, Xашим ұлдары.
183. Садық-дос.
184. Fакд-келісім.
185. Мехнат- киыншылық, қайғы.
186. Алху- иесі (иелері); тұрғын, ел-жүрт.
187. hamma-барлық.
188. Уахи- Алладан түскен.
189. Жисім-дene.
190. Иа аиухал мудасир- Құрандағы аят.

191. Икра бисми-Окы, Алланың атымен.
192. Фали акбар- Биік, ұлы.
193. Тара кәм ракага сужуда-көр қанша рет сәждे қылғанын.
194. Иад-есте (еске алу).
195. Миғраж-Пайғамбарымыздың көкке көтерілтүі.
196. Қадим диуар- ескі қабырға.
197. Хилл-дос, жан жолдас.
198. Кудус Шаріп- Иерусалим.
199. Насара- христиан.
200. Махшар- киямет күні адамдардың жиналатын орны.
201. Саруар-көсем.
202. həftə замин- жеті жер.
203. Сиратул (Мунтаһа)- соңғы (көпір).
204. Сыдира(Сыдр)- ағаш (жетінші қабат көктеге өсетін, одан әрі перштегелер де, пайғамбарлар да өте алмайтын ағаш).
205. Сумма дана фатадаллаху- содан кейін жақын болады есінен тануға.
206. Факаана каба хаусаин аудадна-Күран аяты.
207. Әт-тахияту лилләhi уассалауату уат таибат- Сәлем Аллаға және салауаттар, жақсылықтар.
208. Ассаләму-Алланың сәлемі.
209. Ғаләйка- саған (сізге), ғаләйна- бізге.
210. Рахматулла-Алланың аты.
211. Әшһаду әллә иләһи иллалла, уа әшһаду әннә Мұхаммәдәр расулулла-Күәлік етемін Алладан басқа Тәңірдің жоқтығына және күәлік етемін Мұхаммед ғ.с. Алланың елшісі екеніне.
212. Самиғна уа атағна - бізді естиді және бізге береді.
213. Раббана уа ла тахмил ғалайна асран-Раббымыз, бізге тұтындықтан шектеу қойма.
214. Фидих-өтеу.
215. Илләһ- Құдай, Тәңір.
216. Мұхаммад расулулла- Мұхаммәд- Алланың елшісі.
217. Зарр- кішкене бөлік.
218. Нәпіл- мұсылмандардың өз еркімен (саяп үшін) орындастын амалдары.
219. Мунтаһа- соны, ақыры.
220. Иләһи- шын.
221. Махбұд-/мағбұд- құлышылық ететін нәрсе; Тәңір, пұт.
222. Мунтазар-күткен.
223. Таж ләуләк- ләуләк тәжі.
224. Акбар-ұлы.
225. Нияз-ниет.

226. Мұхдис-құрастырған, ойлап тапкан.
227. Бәдгүл-өтпік уәде.
228. Саллиалла-Алла жар болсын (жарылқасын).
229. Фалайхис саләм- оған сәлем.
230. Самагия (самага)-естіп.
231. Сахаба-дос, жолдас.
232. Инсан-адам, аннас-адамлар.
233. Fayam- қарапайым халық.
234. Сахар-тан.
235. Заңыр батын- сыртқы, ішкі; айқын (ашық), жасырын.
236. Санат-жыл.
237. Хаяс- сезім.
238. Шаһбаз- сабаз.
239. Уа иакумус салату- намазға тұрындар.
240. Қыраат- намазда кемі үш қысқа аят оқу.
241. Рукуғ- енкею, илту (намазда қолды тізеге тіреп, илту).
242. Уа ин кунтум жунубан фатаһири- егер жүніп болсаңдар, тазаланындар.
243. Масих-сұрту.
244. Қул hya Алла-айт, ол Алла.
245. Жасим-ұлық, ұлken.
246. Фариз- туа біткен касиет.
247. Қайум- мәңгі.
248. Саміғ-естуші.
249. Ради-кен, кеңпейіл.
250. Тоулид, тоулидин-тұтызу.
251. Уа каллама Аллаху Муса.....- сөйлесті Алла Mұса f.c.
252. Ахмад- мактаулы.
253. Фаһим- түсіну (түсінік).
254. Мәни- ұрық (сұзы).
255. Ағза- дене мүшелері.
256. Кәміл-толық.
257. Рахман- қайырымды.
258. Фазиз-қадірлі.
259. Fapасат- орын, мекен.
260. Уасуас-азғырушы.
261. Саһил-жәніл.
262. Аһл- тұрарлық, лайықты.
263. Харап- бұзылған; ренжіген.
264. Ағымал- істер, амалдар.
265. Занит- сахаба: дос, жолдас.
266. Мурид- шәкірт.

267. Ирада-ниет, тілек.
268. Фалиб- женетін; жаулап алатын.
269. Хафиз- сактаушы, сактағышы.
270. Салих- жақсы, салиқалы.
271. Таһлил- Бір Алладан басқа Тәңір жоқ деп айту.
272. Бахс-талас, тартыс.
273. Мубарак- мейірімді, бақытты.
274. Қадари-болашақ.
275. Фариад-айғай.
276. Мажрух-жаралы.
277. Шубха-күмәнді.
278. Махар- акы (неке ақысы).
279. Тақлид- ізімен жұру, еліктеу.
280. Тахкик- зерттеу.
281. Хауариж- (шкі).
282. Мәжуси-шоқынушы.
283. Тахт-асты.
284. Зайахор-пайдакунем.
285. Мақабир- көр, қабір.
286. Мунафік- екіжүзді, өтірікші.
287. Қадір маула- Құдіретті демеуші (корғаушы).
288. Мамур- бүйрық келген.
289. Куллу мин ғалайha- барлыктарың одан.
290. Нахи- тыйым, тыйым салынған.
291. һәман- әрқашан.
292. Ауаз-дауыс.
293. Нуҳе- жоктау, еніреу.
294. Иннәмә аиубус сабиран әжрахум бахир хисаб—Аюб ғ.с. са-  
бырлығының дәрежесінін есебі теңізге тен.
295. Назғы- соңғы дем (соңғы дем алғанда).
296. Муәккал- сенимді.
297. Луқма- бөлік (тагам), бір тілім.
298. Ұшал- қосылатын жан.
299. Зил- жауапкершілік.
300. Лажан- корлау.
301. Фасы- күнәкар.
302. Жамғи Асхаб- барлық достар.
303. Махкам- мықты, берік.
304. Мұһр-мәр.
305. Әшінаду Алла- күәлік етемін Аллаға.
306. Холла- сәнді кейлек.
307. Зумра-орта.

308. Міскін- бейшара.  
309. Аиұхан-нас-Ей, адамдар.  
310. Култу нафси заикатул маут- Әрбір жан өлімді сезінеді.  
311. Ағла- көк, биш.  
312. Феган- жылау, өкіру.  
313. Жуда-бөлек, бөлінген.  
314. Иауми алжазра- қаһарлы, акырғы сот күні.  
315. Пакыр (факир)-кедей.  
316. Ла иастахирана сағат уа ла иатақаддимун- үнемі мазак қыл-  
мандар (кулмендер) және карсы шықпандар.  
317. Сажин- тозактың терен түбі.  
318. Буғаз- ашу-ыза, кек.  
319. Уәхи- Алланың пайғамбарға жаңалық сыры.  
320. Жаһит- жағымсыз, сенімсіз.  
321. Халифа- патша.  
322. Малакат- патшалық.  
323. Шаһид-шайт, Алла жолында каза болу.  
324. Дақақ- ұсақ-түйек.  
325. Макам-орын, тұрак.  
326. Тахкиқ- Ақиқат іздеу сыры.  
327. Мазлум- жапа шеккен.  
328. Кабир- үлкен.  
329. Назғы- өшірілген, шектелген, айрылған.  
330. Ишарат- белгі.  
331. Махсус- ерекше.  
332. Фанафис- жалған өмір.  
333. Фасылту- айқай, ұрыс.  
334. Мубада- бастапқы (жаратылыш).  
335. Сам-тозак.  
336. Кател- өлтіретін, өлім өкелетін.  
337. Хали- бос.  
338. Мазкуп- зекет.  
339. Натипа- ұрық.  
340. Азимұн нас- ұлық адамдар.  
341. Ала сиратал мустаким- тура жолмен.  
342. Забани- тозакта күнәкарларды азаптайтын перштегелер.  
343. Аңылы- халкы.  
344. Нар-ана.  
345. Камалан-толық.  
346. Хатб-окиға, іс.  
347. Зарап-алтын.  
348. Қадор- бағалы.

349. Халас- құтқар.
350. Фамқін- қайғылы, мұнды.
351. Ғақубат- азап, жаза.
352. Хауиа лази хатим- хауиа (тозақтың бірі) соңғысы.
353. Намахрам- бөтен ер адам.
354. Фана- құрту, жою, өлім.
355. Әбу бәшир-Адамзат әкесі (Адам ата).
356. Таукіл- бұғау.
357. Мардуд- карғыс атқан, теріс айналған.
358. Фам- қайғы, қасірет, реніш.
359. Магрур- алданған, (сокыр болып).
360. Бәлгі- істердің (нәрселердің) дәлелі.
361. Паруаз- ұшу (ұшып).
362. Сур-сұр, керней.
363. Мурда- кайтыс болған, өлген.
364. Иаржиғу кулли ша-ин- Оралады (кайтады) барлық нәрсе.
365. Қағиз- өлшем (үтілген денениң өлшемі).
366. Мұкарраб- жақын.
367. Әлham-Алладан бүйірек (белгі, нышан) келуі.
368. Ахмал- (хамл) — жук.
369. Хорсанда- көnlі ток.
370. Муштак- құштар.
371. Ахуал- жағдайы, хали.
372. Жамиғ (жұмла)- барлық.
373. Ибн адам- Адам ұлы (баласы) .
374. Хауыз көусар- көусар құдығы.
375. Қарамал катибин- жазушы перштегер (адамның иығына отырып, істеген жақсы, жаман амалдарын жазғушы перштегер).
376. Хежеләт- үят.
377. Нама- хат.
378. Ахир- соңы, соңында.
379. Фамнак-ренішті, өкпелі.
380. Монасеб-сәйкес.
381. Фажир- күнәкар.
382. Әууал- өуелі, басында,
383. Гериан- жылау, өкіру.
384. Файыб- жасырын.
385. Саттар- бәрін кешіруші.
386. Сахи- кенпейл, жомарт.
387. Даҳил- кіретін.
388. Уагил- уәкіл.
389. Кумра- белдік.

390. Мұддаға-дау, айтыс.
391. Зол-кәте.
392. Жәлал- данқы арта берсін.
393. Муси- кате, күнә.
394. Шафиг- имам Шафиг.
395. Сана- мақтау, мадактау.
396. Даурит- өділ сот.
397. Файд- айт күндері (айт мерекесі).
398. Мұдда- ұзак.
399. Хурулайн-хорлар (хорлар көздерімен).
400. Жафи-зұлым.
401. һамад- тыныштық.
402. Фишрату-достық, жақындық; араласу.
403. Шарм, шармак- маскара, үят.
404. Уасил- амал.
405. Хосусан- әсіресе.
406. Салауат- Пайғамбарды мадақтау.
407. Рахмат әлғаламин- әлемге рахмат.
408. Фата-а-туна афуажан- жөне келеді топ тобымен.
409. Маймұн- маймыл.
410. Зина- опасыздық.
411. Әлғам уарасатан- Құрандағы аят.
412. Байтулла- Алланың үйі.
413. Шаих- діни көсем, ғалым, оқытушы.
414. Инна алтаңу назигу максунун- Құрандағы аят.
415. Усы уақұфұйұм аннағүсем машуа лұдере- Құрандағы аят.
416. Лә иллөһе алхамид- Алладан басқа мактауға лайық ешкім жок.
417. Мұкаллаф- жауапты.
418. Лағыз Алла- Алланың сөзі.
419. Ҳамар- арак.
420. Тахт- так, диван.
421. Куллу нағси заикатул маут- Әрбір жан өлімді сезінеді.
422. Ҳауна- тозактың бір есігі.
423. Таксим- болу, бөлік.
424. Лаха сажатун абуабу ликули бабин-есіктердің әрқайсысында  
есіктер бар.
425. Тағин-анықтау, орнына қойды.
426. Фаһим- түсіну.
427. Қатра- тамшы.
428. Махфуз- сакталған.
429. Махсият- күнө іс.
430. Фикру бадым- жаман пікір, ой.

431. Уалиману ла иабигу тамаман- иман барлығын сатып алмайды.
432. Бадбахит- бакытсыз.
433. Заккум- Құранда аты аталған, дәмі өте ашы, тозактағы ағаш.
434. Хилаф- карсылық (карсы).
435. Риба- өсім (процент), рибакор- өсімкор.
436. Муси- күнәкар, зұлым.
437. Иаума тубаддалул арда ғайру ән радиа- (сол) күнде жерді ауыстырады, басқалары разы болады.
438. Култу ша-ин халак- барлық нәрсе жоқ болады (жойылады).
439. Билсаһара- сахарамен.

## Мазмуны

I. Аңыз өлеңдер	
Сүлеймен мен Ібліс .....	3
Ықылас сүресі .....	7
II. Тұспал өлеңдер	
Соқыр, санырау және жалаңаш .....	12
Нәпсі аждаһа .....	19
Толқын .....	20
Күндіз бен түннің айырмасы .....	21
III. Сапар өлеңдері .....	28
Ташкент сапары .....	28
“Той” - деген соң .....	31
IV. Арнау-жоқтаулар .....	34
Миркамаладин ишанға .....	34
Мәшһүр-Жұсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы .....	36
Мұқыш Жұпарұлы .....	61
V. Сырласу үлгілері .....	74
Фашық жігіт сөзі .....	74
Мәшһүр- Жұсіптің өлер шағындағы сөзі .....	78
VI. Накыл өлеңдер .....	83
Бес кымбат .....	83
Киянат .....	83
Дауасыз дерт .....	85
Бұлак көй .....	87
Өнерпаз .....	88
Мешіт зары .....	88
Көрінбесс .....	90
Төрттагандар .....	91
VII. Жетпіс бап	
Бірінші бап .....	
Мәшһүр Жұсіптің 21 жасында жазғаны .....	96
Екінші- он төртінші баптар:	
“Жер мен көк” киссасы .....	104

Алла тағаланың көп сипаты барлығы .....	104
Үшінші бап.	
Фаршы, Күрсінің баяны .....	108
Төртінші бап	
Сегіз жұмак, төрт перште баяны .....	109
Бесінші бап	
Жеті тозақ баяны .....	111
Алтыншы бап	
Жеті қат көк баяны .....	113
Жетінші бап	
Жеті қат жердің баяны .....	114
Сегізінші бап	
Қап тауының баяны .....	116
Тогызыншы бап	
Фаршы, курсі жаратпағы .....	117
Оныншы бап	
Адам атаның жаралып, дуниеге келгені .....	119
Он бірінші бап	
Жиырма сегіз әнбиенің баяны .....	133
Он екінші бап	
Мұхаммед ғалайссаламның туғаны .....	135
Он үшінші бап	
Расуллімізге пайғамбарлық келгені .....	144
Он төртінші бап	
Хадишадан соң Файшаны алғаны .....	145
Он бес- он алтыншы баптар:	
“Миграж” дастаны .....	146
Он алтыншы бап	
Ан хазіретті мадақтағаны .....	160
Он жетінші бап	
Пайғамбардың хадис сөзі .....	162
Он сегізінші бап	
Фабдолла Ғұмарұғлынан насиҳат .....	164
Он тогызыншы бап	
Басқа патшалар, жомарттар, әулиелер .....	167
Жиырмасыншы бап	

Әр түрлі насиҳат сөздер .....	174
Жиырма бірінші бап	
Кырық парыз баяны .....	176
Жиырма екінші бап	
Бір жаратқан Алланың – сегіз сипат[ын] бірлан танымақ.	178
Жиырма үшінші бап	
Дакайық Ал- Ахбардан-адамның суреті .....	180
Жиырма төртінші бап	
Пенделер жарапып, жан бергені .....	181
Жиырма бесінші бап	
Фазірейіл періште жан алғалы келгенде, жанның айтканы.	182
Жиырма алтыншы бап	
Жан шығарында тәнмен коштасқаны .....	184
Жиырма жетінші бап	
Шайтан(ның) өлер халде(гі) пендені андығаны .....	186
Жиырма сегізінші бап	
Фықия Мансұрдан рауаят .....	187
Жиырма тогызыншы бап	
Әбу Зәкәрияның рауаяты .....	188
Отызыншы бап	
Жан тәсілім болғанда, көктен үш мәртебе дауыс болгай!	190
Отыз бірінші бап	
Күнінде барып жататын жеріміз бес мәртебе дауыс бергей!	192
Отыз екінші бап	
Әлім халинен Файша анамыз илан Пайғамбардың бақас (бахис) қылғаны .....	192
Отыз үшінші бап	
Әбу Халабадан рауаят .....	202
Отыз төртінші бап	
Әлім халинде болған пендениң халі .....	204
Отыз бесінші бап	
Сүлеймен ғалайссалам мәселесі дүр .....	206
Отыз алтыншы бап	
Әбулайыстан рауаят .....	208
Отыз жетінші бап	

Өлер халде періштегер келгені .....	209
Отыз сегізінші бап	
Зұман періштенің сұрауы .....	214
Отыз тоғызыншы бап	
Мұхаммед ғалайссаламның хадисі- өлгендеге, жан тәнге барғаны .....	220
Қырқыншы бап	
Әбунарирадан айтылған : жан һем өлімнің рауаяты .....	222
Қырық бірінші бап	
Өлімнің хикаясы .....	224
Қырық екінші бап	
Өлер халде пендеге дүниенің сөйлегені .....	227
Қырық үшінші бап	
Әуелден жараптан өлімнің сипаттары .....	229
Қырық төртінші бап	
Төрт Мұкараб періштенің сипаты .....	230
Қырық бесінші бап	
Рұхтың хикаясы .....	232
Қырық алтыншы бап	
Әлген соң жанның барып тұратын орны .....	236
Қырық жетінші бап	
Дүниенің адамға зияны .....	238
Қырық сегізінші бап	
Құрбан шалмақтың сауабы .....	239
Қырық тоғызыншы бап	
Дүниеде оттың бар болғаны .....	242
Елуінші бап	
Пайғамбарға Жебіреілдің жеті тозакты баян қылғаны.....	244
Елу бірінші бап	
Ан хазіретінің Мигражы дүр .....	246
Елу екінші бап	
Жан иесі өліп, гарасатқа қайта тіріліп, Фазазіл ан хазірет илан үмбеттеріне таласып, имам Ағзам илан имам Шафқа жүгінгені .....	252
Елу үшінші -елу төртінші баптар:	
“Киямет ахуалы” қиссасы .....	280
Елу төртінші бап	

Он тұрлі боп адамның тірілмегі .....	289
Елу бесінші бап	
Барша Маклұқты беске бөлгені .....	315
Елу алтыншы бап	
Жұмактың аты, һем сипаты .....	319
Елу жетінші бап	
Ібіліс ғылламы лагынның жаңын алатын баяны .....	323
Елу сегізінші бап	
Fazíreyil періштенің жаңын алатын баяны .....	324
Елу тоғызыншы бап	
Жеті тозақ баяны .....	326
Алпысыншы бап	
Аби Фаббас бір рауаят қылған жаһаннам(нан) .....	329
Алпыс бірінші бап	
Имансыздың сипаты .....	330
Алпыс екінші бап	
Әбунарирадан бір рауаят: Шаян Құрайыш туралы .....	336
Алпыс үшінші бап	
Мақатылдан рауаят: “ Он хайуан жұмаққа кіреді...н .....	337
Алпыс төртінші бап	
Файша анамыздың пайғамбардан сұраған сөзі .....	338
Алпыс бесінші бап	
Исрафил ғалайссаламның сорын үргені .....	339
Алпыс алтыншы бап	
Арак ішушілердің қабірден тұрғаны .....	340
Алпыс жетінші бап	
Арак туралы Опай үғлы Кағибадан рауаят .....	341
Алпыс сегізінші бап .....	344
Алпыс тоғызыншы бап .....	345
Жетпісінші бап .....	345
Түсініктер .....	346

**Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы.  
Шығармалары.  
2 том.**

Сдано в набор 15.05.03 г. Подписано в печать 17.07.03 г. Формат 84x60 1/16. Бумага  
офсетная. Гарнитура Times. Объем в усл. печ. лист. 22,3.  
Объем в уч. изд. лист. 19,3. Тираж 1000 экз.

Отпечатано в ТОО НПФ "ЭКО".  
637000, Республика Казахстан, г. Павлодар,  
ул. 29 Ноября, 2, тел. (3182) 32-16-08